



Тәжібаев оқулары



Tazhibaev readings

Тәжібаевские чтения

**«БІЛІМ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ:
ЖҮЙЕЛІЛІК, САБАҚТАСТЫҚ, ИННОВАЦИЯ»
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
«ОБРАЗОВАНИЕ И ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА:
СИСТЕМНОСТЬ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ, ИННОВАЦИОННОСТЬ»**

MATERIALS

**International Scientific and Practical Conference
«EDUCATION AND PSYCHOLOGICAL, PEDAGOGICAL
SCIENCE: SYSTEM, CONTINUITY, INNOVATION»**

23.02.2023

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Т. ТӘЖІБАЕВ ОҚУЛАРЫ

«БІЛІМ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ:
ЖҮЙЕЛІЛІК, САБАҚТАСТЫҚ, ИННОВАЦИЯ»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

ТАЖИБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«ОБРАЗОВАНИЕ И ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА:
СИСТЕМНОСТЬ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ, ИННОВАЦИОННОСТЬ»

TAZHIBAEV READINGS

MATERIALS

International Scientific and Practical Conference
«EDUCATION AND PSYCHOLOGICAL, PEDAGOGICAL SCIENCE:
SYSTEM, CONTINUITY, INNOVATION»

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

Бас редакторы:

Түймебаев Ж.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Айдосов Н.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректор;

Мейрбаев Б.Б. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Редакциялық ұжым:

Мыңбаева А.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Алчимбаева А.Б. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Садвақасова З.М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет пен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ташимова Ф.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы;

Бердибаева С.К. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы;

Жұбаназарова Н.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты;

Баймолдина Л.О. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор;

Сейтнұр Ж.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;

Адилова Э.Т. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының доценті міндетін атқарушы, PhD доктор;

Закарьянова Ш.Н. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;

Кудайбергенова С.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;

Қайратова І.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының аға оқытушысы;

Сайлинова К.К. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;

Молбасынова Ж.М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;

Лимашева Л.А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;

Ғабдрахман Ә.С. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;

Дүйсенбаева А.О. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты;

Кудайбергенова А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының докторанты

«Білім және психологиялық-педагогикалық ғылым: жүйелілік, сабақтастық, инновация» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т. Тәжібаев оқулары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 593 б.

ISBN 978-601-04-6282-3

Конференция материалдары авторлық редакциямен шығарылды.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ
ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ
PLENARY SESSION REPORTS

АКАДЕМИК ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ МӘҢГІ ЕСІМДЕ
(Академик Төлеген Тәжібаев туралы естелік)

Түрікпен-Ұлы Жолмұхан
профессор Т.Тәжібаевтың шәкірті
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақала автор еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, психолог-педагог академик Т.Тәжібаев туралы естеліктерімен таныстырады.

Кілттік сөздер: Т.Тәжібаев, ғалым, ғылыми мұра, психология ғылымы,

В статье отражены воспоминания об академике Т.Тажихбаеве, известном государственном и общественном деятеле, ученом-психологе и педагоге, внесшем неоценимый вклад в развития страны.

Ключевые слова: Т.Тажихбаев, ученый, научное наследие, психологическая наука

The authors of the article presented memoirs and biographical data about Academician T. Tazhibaev, a well-known statesman and public figure, psychologist and teacher, who made an invaluable contribution to the development of the country.

Keywords: T. Tazhibaev, scientist, scientific heritage, psychological science

Әлі есімде. Өткен ғасырдың елу бірінші жылы Қазақ мемлекеттік университетінің физика математика факультетіне оқуға түстім. Соғыстан кейінгі кез. Ел езілген еңсесін енді-енді көтеріп жатқан. Студенттерге жатахана жетіспейді. Туып – өскен жерім Алматыдан 70 шақырым қашықтықтағы Еңбекшіқазақ ауданының Шыбыл ауылы. Жатаханадан орын беретін кісі: «Біз алыс жақтардан келгендерді жатар орынмен қамтамасыз ете алмаудамыз. Сен осы обылыстан екенсің ғой, бірдеме қылып күніңді көрерсің», - деді. Қалада тұратын туыстарымның жоғын қанша айтсам да құлақ аспады. Күнде соншалық қашықтықтағы ауылға барып – келіп оқу оңай ма. Ол кезде бүгінгідей ерсілі-қарсылы ағылып жатқан көліктер қайда. Өкпесі сырылдаған жалғыз автобустың жүргенінен тұрғаны көп. Оның үстіне қартайған әке-шешемнің түрі анау. Аз ғана зейнетақыларымен күн кешуде. Бірге оқитын студенттерге тез бауыр басып, алғашқы бір айда солардың жанында жатып жүрдім. Қанша дегенмен керуерт екі адамға тарлық етеді екен. Жоғарғы курста оқитын жерлесім бар еді. Сабақ арасында кездесіп қалдық. Жағдайыма қаныққан ол: «Жолмұқан, бұлай жүре берме. Университеттің ректоры Төлеген Тәжібаевқа бар. Жас кезінде қиыншылықты өте көп көрген жан деп естігенмін. Жағдайыңды айтсаң түсінер», - деді. Бұрын ректорды сыртынан көргенмін. Орта бойлы, дөңгелік жүзді, қою қасты, келбетті кісі. Алдына баруға жүрексініп, тағы біраз күнді өткіздім. Боз қырау түсіп, күздің салқыны күш айналған сайын әбіржіте бастады. Ақыры төзімім таусылып, нар тәуекелмен Совет және Ленин көшелерінің қиылысындағы ректоратқа қарай тарттым. Ескі Верныйдың тұрысында бұл үй гимназия болған деседі. Онда Жандосов пен Фрунзе оқыпты. Төлеген аға жылы шыраймен қабылдады. Өрепкі соққан жүрегімді басып, жағдайымды баяндадым. Ол зер салып тыңдады. Сабақ үлгеріміме көңіл қойды. Сосын қоңырқай үнмен: «Ел есін енді жиып жатыр. Қашан экономикамыз көтерілгенше, қиыншылықтар болады. Бірақ бәріне де төзіп, бастаған істі аяқтау керек. Бәрімізде аспанан осылай салбырап түсе салғанымыз жоқ. Небір ауыр кезеңдерді бастан өткіздік», - деп өз тағдыр талайын қысқаша хабардар етті. Тыңдап отырсам менің қиналғаным оның қасында түк те емес екен. Әжептәуір жігерленіп,

рухтанып қалдым. Ол сөзінің соңында: «Оқимын деген жаннан көмегімді аянып қалмаспын, - деп өтінішіме бұрыштама жазды да – Мынаны комендантқа бер», - деді. Ертеңіне жатахқанаға орналастым. Төлеген ағаны содан кейін жиналыстарда көріп жүрдім. Сөзі қандай! Білімі қандай! Жүйе-жүйесімен айтып, тереңінен қозғағанда, құлақ құрышың қанады. Ауық-ауық жатақханаларды аралап, студенттердің жай – күйін біліп, жағдайларын жасайтын.

Бес жылдан соң университетті ойдағыдай бітірдім. Қарағандының пед.институтына оқытушы етіп жіберді. Сонда доцент Сәлкен Балаубаевпен таныстым. Алпысты алқымдап қалған ол педагогика және психология кафедрасын басқарады екен. Тағдыры күрделі жан. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің алғашқы түлектерінің бірі. Алматыдағы Қазақ педагогика институтында декан болған. Сол кездегі педалогия ғылымы бойынша әр баланың тумысынан өз ерекшеліктері мен қарым-қабілеттерін дөп басып танып, жасөспірімдерді өз бейімдеріне қарай тәрбиелеу керек. Бұл кісі сол салада көп еңбектеніпті. Ал кеңес идеологиясын ұстанғандардың бұл ғылымға көзқарастары кереғар келді. Отызыншы жылдарда-ақ олар мұны буржуазиялық ғылым, марксизм-ленинизм қағидаларына мүлдем жат деп байбалам салған: «Адам тумысынан бәрі бірдей. Тек болашақта кім болып шығатындары мектептен алған біліміне, тәлім-тәрбиесіне байланысты», - дейтін. Бұған Балаубаев та басқы бағытынан қайтпай, өзінің ғылыми тұжырымдарын дәлелдеп жанталасса керек. Ақыры отыз жетінің зобалаңында сол ғылыми көзқарасы өзіне пәле болып жабысыпты. Буржуазиялық ғылымды дәріптеуші деген жаламен итжеккенге айдалады. Бір жолы оңаша сәтте мен одан осы мәселе жөнінен суыртпақтап сыр тарттым. Ол сол бойда ішіндегісін ағыл-тегіл ақтара салған жоқ. Қыртысы көп маңдайын жиырып, ілкім сәт үнсіз отырып, іркіле сөйледі.

- Е-е, шырағым, - деді күрсініп. – Біздің қазақта күншілдік деген жазылмайтын әлеуметтік ауру бар емес пе. Үстімнен үш адам мені бұрынғыны көксейтін ғалым деп жоғарыға арыз жазыпты. Ту сыртымнан біреулер солай тас атады деп ойлаппын ба? Айтысармыз, пікір таластырармыз, сөйтіп жүріп, түбі бір мәмілеге келерміз деуші едім. Қателесіппін. Бар зұлымдығын іштеріне бүккен жау болып шықты.

- Олардың кім екендерін білесіз бе?

- Білемін. Жер басып жүр ғой. Кейде Алматыдағы үлкен ғылыми жиындарда сырттарынан көріп те қаламын.

- Кімдер екенін ашып айтпайсыз ба?

- Қайтесің шырағым ... Мен олардың аттарын аузыма алуға жиренемін. Сен естімей-ақ қой. Ер жеткен ұл-қыздарынан ұят. Тек итжеккенде босқа өткен жиырма жыл уақытты айтсайшы. Қазір жастық шағындағыдай қайрат қайда? Қаншама ғылыми еңбектер жазылмай қалды. Соған өкінемін. – Ол әлдене есіне түскендей маған жалт қарап. – Жолмұқан, сенің ойлау жүйең қазақша екен. Сөзің өте жатық. Психология ғылымында өзіндей тілді жетік білетін ұлттық мамандар өте аз. Бұл – адамның жан дүниесін тану ғылымы. Қазақ халқының ерекшелік болмыстары енді-енді зерттелініп жатыр. Бізде физиктер мен математиктер саны біршама өсті ғой. Сен осы психология ғылымын қолға алсаң қайтеді. ҚазМУ-дың ректоры, психолог Төлеген Тәжібаевпен өзім таныстырар едім. Құдай қазақтың бағына берген жігіт қой ол. Ондай ғалыммен дүниені төңкеруге болады, - деді.

- Ойланып көрейін, Сәке, - дедім мен.

Балаубаевтың ұсынған бірнеше кітаптарын оқып шықтым. Уақыт тауып, дәрістерін тыңдадым. Барған сайын психологияға қызығушылығым артты. Шынында да менің қолайыма келетін, жаныма жақын ғылым секілді. Арада біраз уақыт өткен соң мен ол кісінің ұсынысымен келістім. Сәлкен аға мені Төлеген Тәжібаевқа алып барды. Төлеген аға күлімсіреген көздерінен ұшқын шашып: «Сәлке, сіздің шәкірт таңдауынан қателеспейтініңізді білемін», - деді.

Сынақтарды ойдағыдай тапсырып, аспирантураға қабылдандым. ғылыми жетекші Төлеген Тәжібаев «Балаларды еңбекке тәрбиелеудің психологиялық негіздері» деген

тақырыпты бекітіп берді. Сол кезде қоғамда мектептерді өндіріспен байланыстырып, сабақпен ұштастыра жүргізу қызу өріс алған. Өкінішке орай бұл тақырыпты қорғаудың сәті келіп түсті. Аспирантураның екінші курсы бітірерде Төлеген аға кенеттен қайтыс болды. Мен ғылыми жетекшісіз қалдым. Содан аспирантураны тастауыма тура келді. Жоғары білім министрлігіне қызметке ауыстым. Оған сол кездегі министр ардақты азамат, талантты ғалым, ұйымдастыру қабілеті ерен күшті Біләлов Қали аға қол ұшын берді.

Академик Төлеген Тәжібаев – күрделі тұлға. Ол өмірден өткен соң көп жылдар бойына атаусыз қалды. Тіптен ұмыт бола бастады. Артына қалдырған мұраларын шаң басып жатты. Ал, ол ұмытуға болмайтын, кейінгі жастарға өнеге тұтатын жан еді. Осыдан қырық жыл бұрын профессор Құбығұл Жарықбаев екеуміз оның өмірін, ғылыми еңбектерін жинастырдық. Жұмыстарын кітап етіп шығардық. 2002 жылы менің «Академик Төлеген Тәжібаев» деген үлкен кітабым жарық көрді.

Төлеген Тәжібаев 1910 жылы Оңтүстік Қазақстан обылысындағы Арыс ауданының Сүткент ауылында туылған. Ол жеті жасқа толғанда ата-анасы мен өзінен үлкен бауырлары аштық пен жұқпалы аурудан қайтыс болады. Ал Төлеген босқан жұртқа ілесіп, Арыс қаласына жетеді. Көше жиегінде бұратылып хал үстінде жатқан баланы теміржол бойында істейтін Иван Кабанов көріп, жаны ашығаннан үйіне көтеріп алып келеді. Кебірсіген таңдайына қайнатылған күріштің суын тамызып, есін жиғызады. Бертінде Кабановтың үлкен қызы Клавдиямен кездескенімізде ол туралы талай қызықты жайға қанықтық. «Біз азып-тозған баладан қазақшалап атын және кімнің баласы екенін сұрадық. Ол өзін Төлегенмін, тесіле қарап тұрып, Тәжібайдың баласы екенін, тұл жетім қалғанын айтты. Күйеуге шыққан әпкесі барын, бірақ одан бейхабар екенін тағы ескертті. Бала өте зерек, айтқаныңды тез қағып алады. Орыс тілін де лезде меңгерді. Әкеме қолқанат болды. Әкем 1917 жылғы төңкеріске дейін жол бойының байланыс саласында істеген. Оған ұры-қары, қаракшылардан қорғануға қару берілген еді. Қалаға бірде қызылдар, бірде ақтар кіріп, тұрғындардың есін шығарып жатқан аласапыран шақ. Бір күні үйге түсі суық кісілер баса-көктей келіп, қару-жарақ іздеп, тінти бастады. Бәрімізде ішкі бөлмеге қамап жатқанда Төлеген сыртқа шығып бара жатты. Оның түр-басы бізге ұқсамайтын болған соң ба, жоқ әлде көрші үйдің баласы деп қалды ма, едіреген аналар оған аса мән бермеді. Бөлмелерді ақтарып, ештеңе таппаған соң шатырға көтеріліп, астан-кестенін шығарып жатқанда, әкем: «пистолетімді сонда тыққан едім. Енді бәрі де бітті. Мені жазалайды», - деді шарасыз сыңаймен ұнжырғасы түсіп. Үрейіміз ұшып, біз тұрмыз. Аналар қайтып келді. Елірген мұрттысы қабаған иттей әкеме төніп: «Қаруыңды жасырып, бізге қарсы тұратын болсаң...» деп кіжініп, сұқ саусағын безенді. Олар үйден шығып кеткенде ғана бәріміз демімізді бір-ақ алдық. Әкемнің өңі қашып, тұл бойы қара терге шомыпты. Таңданып тұрып: «Оңай жерге-ақ қойған секілді едім. Иттер қалай таба алмады, ә?», - деді бізге аңтарыла қарап. Сол кезде сырттан еңтігіп Төлеген кірді. Аналар үй ішін тінтіп жатқанда, шатырға шығып, пистолетті алыстау бір жерге көміп тастапты. Шынашақтай баладан мұндай істі кім күткен? Әкем оны жерден көтеріп, құшағына қысты. «Сен мені бір өлімнен құтқардың, балам,» - деп бетінен сүйді. Содан кейін біз оны тіптен де жақсы көріп кеттік. Оның музыкалық әуестігі де күшті еді. Аз уақыттың ішінде бірнеше аспаптарда ойнауды үйреніп алды. Әкем оның алғырлығына, зеректігіне сүйсініп: «Төлегенді оқыту керек. Одан үлкен азамат шығады» дейтін. Арыста жетім балалар үйі ашылғанда Төлегенді соған тапсырды. Ол жексенбі сайын үйге келіп, бізбен бірге болатын. Кейін үлкен қызметкер болғанда ай сайын бізге өз қалтасынан мың сом салып тұрушы еді...»

Ол балалар үйінде озат оқушы атанды. Ұстаздары Шымкенттегі педтехникумға жіберген. Оның директоры «Алаш» партиясының мүшесі, жазушы Жүсіпбек Аймауытов психология пәнінен сабақ береді. Кейіндеу Тәжібаевтың: «Менің болашақ мамандығым сол педтехникум қабырғасында жүргенде-ақ анықталды», дегеніне қарағанда оған Аймауытовтың ерекше ықпалы болған секілді. Педтехникумды үздік бітірген оны сонда оқытушылық жұмысқа қалдырған да сол асыл ағамыз.

1931 жылы Өлкелік комсомол комитеті оған Мәскеудің Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына оқуға жолдама береді. Бір жылдан соң бұл оқу орны Ленинградқа ауыстырылады. Студенттік шақтарын бірге өткізген М.Бутин мен Г.Чадиаровтың «Жерлестер ай сайын кездесіп, мәдени шаралар өткізгенбіз. Төлеген сонда бауырмалдығымен, ұйымдастырғыш қабілетімен еркешеленіп, құрметімізге бөленді. Өзі оқитын академияда комсомол комитетінің хатшысы болып, қоғамдық өмірге белсене араласты. Сол жағынан да ол біз үшін мақтаныш еді», - дегендері оның жастық шағының жалындап өткенін танытса керек.

Академияны өте жақсы тәмамдаған Төлегенді ұстаздары аспирантураға алып қалады. Ол үш жылда психолог А.В.Веденовтың жетекшілігімен орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің тамаша психолог болғанын дәлелдеп, диссертация қорғағанда, белгілі ғалым, профессор Ш.Ганелин мен Б.Ананьев зерттеу жұмысын өте жоғары бағалап, ғылымға қосылған зор жаңалық депті. Веденов осы қалада ғылыми жұмыстарын жалғастыруды ұсынғанда ол: «Жоқ мұнда қала алмаймын. Ұстазыма берген уәдем бар. Қазақстанға барып, халқыма қызмет етуім керек», - дейді. Ол содан аз ғана уақыт бұрын «халық жауы» атанып, өлім жазасына кесілген ұстазы Аймауытовқа берген уәдесіне осылай тұрып, 1938 жылы елге оралды. Алматының Абай атындағы педагогикалық институтына доцент болып орналасқан. Сол кезде институт аса қиын жағдайды бастан кешіп жатты. Өткен жылдардағы зобалаңнан маңдай алды оқытушылардың біразы жаладан атылып, біразы Сібірге айдалып, мамандар жетіспеді. Төлеген мұнда педагогика және психология кафедрасын меңгеріп қана қойған жоқ, институттағы ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары қызметін қоса атқарды. Коммунистік партияға мүше болып қабылданды. Республикалық «Халық мұғалімі» журналына жиі-жиі мақалалар жариялап, онда психология ғылымының теориялық көкейкесті мәселелері, оның классикалық тарихы және дамуы мен қалыптасуы жөнінде жан-жақты талдау жасап, қазақ психологиясының іргетасын қалауға үлес қосты.

Атақты психолог Л.С.Выготский: «Ең бірінші ана тілін білу керек. Сол арқылы басқа да шет тілдерін игерген ләзім. Егер де баланы әуелі өз ана тілінен емес, басқа жат тілдердің бірінде оқытатын болсақ, онда ұрпақ мәңгүрт болып қалады», - дегенін Тәжібаев түбегейлі қолдады. Оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық ерекшеліктермен ұштастыра жүргізді. Дәрістерін қазақ жастарына қазақша, орыс тілдерге орысша оқыды. Елде орыстандыру саясаты өріс алып тұрғанда, оның бұл ісі қоғам ағысына қарсы жүзумен бірдей еді. Ол ұлтының жастары үшін соған тәуекел етті. Төлегеннің өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі жеті жасында тұл жетім атанып, орыстардың отбасында өсіп, Ресейдің жоғарғы оқу орындарында тәрбие алса да, ана тілін өте жетік білетінен анық көрінуші еді. Қазір арамызда әке-шешесінің қамқорлығында өссе де, қағынан жиренген, ана тілінен мақұрым қаншама оқытушылар жүр.

Үкімет басшылары алғыр жасты пединститутта көп ұстамады. Екі жылдаң соң-ақ оны мемлекеттік қызметтерге тартты. 1940 жылы отыз жастағы Төлегенді Қазақстанның Оқу Ағарту Халық Комиссарының бірінші орынбасары, келер жылы Оқу Ағарту Комиссары етіп тағайындады. Тағы бір жылды артқа тастап, Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасырлығына көтерілді. Ал 1944 жылдың тамызында оған Қазақ республикасының Сыртқы істер Халық Комиссариатын құрып, жұмысын жолға қою тапсырылды. Жаңа Халқымды ұйымдастыру барысында, сол кездегі СССР Сыртқы істер Халық Комиссары Молотовпен танысып, талай түйінді мәселелерді бірге шешті, Молотов оның ақыл-парасатына тәнті болып, ерекше дарындылығын жоғары бағалады. Ол Ленинградта оқып жүргенде-ақ, ағылшын тілін үйреніп, еркін сөйлегені белгілі.

Ұлы Отан Соғысынан кейін 1947 жылы төрт ұлы держава: СССР, АҚШ, Ұлыбритания, Франция талқандалған Германия тағдырын талқыға салғанда, Совет үкіметі атынан эксперт-кеңесші болып Подстамға барған Төлеген Тәжібаев сөз сөйлеп, маңызды пікірлер айтқан екен. Санаулы жылдардың ішінде Сыртқы істер министрлігін аяғынан тік тұрғызып, қалыптастырған соң, оған 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің

ректоры қызметін қоса атқаруды жүктейді. Оның үстіне педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып, оқытушылық жұмыстарымен де айналысады. 1945 жылдың басында Төлеген Тәжібаевты Қазақстан ҒА-сы академик етіп сайлайды. Сол жылдың қазан айында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары және Мәдинет министрі қызметтеріне тағайындалды. 1955 жылдан 1958 жылға дейін дипломатиялық қызметке ауыстырылып, БҰҰ-да Советтер Одағы делегациясы басшысының орынбасары ретінде халықаралық мәселелерді шешуге атсалысқан болатын. Ондағы дамушы Азия, Африка және Латын Америкасы елдері жөніндегі комитетті басқарып, 1956-57 жылдары Нью-Йорктегі үлкен мінберден төрт баяндама жасағаны белгілі. Содан кейінгі бес жылда Үндістандағы Советтер Одағы елшісінің кеңесшісі болды. 1961 жылы елге оралған соң, өз қалауымен ұстаздық қызметін жалғастырып, ұлттық психология ғылымын дамытуға үлесін қосты.

Тәжібаевтың жоғарыдағы өмір белестеріне қарап, басына бақ қонған жан дерсің. Ол рас. Басқа мемлекеттік қызметтерін былай қойғанда, мұхиттың арғы жағындағы Америкаға барып, БҰҰ-да Советтер Одағы атынан сөз сөйлеп, оның бір үлкен комитетін басқару сол кезде одан басқа қай қазақтың пешенесіне жазылыпты. Бұл бүкіл ұлтымыз үшін абырой, мақтаныш емес пе? Алайда оның елдегі өмір жолының кейбір кезеңдері күреспен өткенінен, тағдырының талай рет тәлкекке түскенін көзі көргендер болмаса былайғы жұрт біле бермейді. Білікті ұстаздың қаламынан бірнеше монографиялар, жүзге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. Сол жылдары Тәжібаевтың ғылыми еңбектерінің бір шоғыры, халқымыздың ардақты ғұлама перзенттері Шоқан, Абай, Ыбырайдың психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналды. Солардың бірі абайтанудың соңы соқпағы «Абайдың философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарастары» деп аталынады.

Тәжібаев осы тақырыпта докторлық диссертациясын қорғамақшы да болған. Бұған пікірін жазған М.Әуезов: «Бұл Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан тануда тың ой-пікірлерге негізделген өте құнды еңбек» деген екен. Өкінішке орай Тәжібаевқа осы тақырыпта қорғаудың сәті түспеді. Абайдың үстем тап өкілі деушілердің айқай – шуы көбейіп, Әуезовтың өзін қуғынға ұшыратты.

Орыстандыру саясаты күшейіп тұрған сол бір кездерде психология пәнінен ұлттық тілде кітап жазып, баспадан шығару мүмкін емес еді. Бұл пән туралы еңбектер жоғары жақтың қатаң қадағалауында болатын. Сондықтан да Тәжібаев еңбектерін орыс тілінде жазды. Бірақ филология факультетіне дәрісті ана тілінде оқыды. Дәріс оқып тұрғанда бір ауыз орысша сөз қоспайтын еді.

Тәжібаевтың жұмыс істеу тәсілі де өзгеше еді. Кафедраның, ректораттың, ғылыми кеңестің отырыстары мен мәжілістерінде жұрттың бәрі сөйлеп болмай, пікірін ашып айтпайтын. Және өзгелерді мұқият тыңдап отырған тәкаппар пішінінен, іштей кімді мақұлдайтынын сезу мүмкін емес. Қандай да бір кереғар пікірлер айтылып жатқанда, тосынан киіп кетпей, шыдамдылық, сабырлылық танытатын. Ол университетке ең білікті ғалымдарды жинап, олардың бастарына қиыншылық туған шақта жанын салып қорғады. Сол кезде тарихшы Ермұхан Бекмаханбетовтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы ғалымдар арасында кереғар пікірлер тудырған да еді. 1949 жылы 28 ақпанда СССР Жоғарғы білім министрлігі бұйрығымен Бекмахановтың буржуазиялық-ұлтшылдық концепциясын әшкерлегенде, университет ректоры Төлеген Тәжібаев: «СССР Білім министрі Бекмахановты жөнсіз кінәлаған», - деп, оның әділ, әрі асқан білімдар ғалым екенін дәлелдеп жауап жазған. Алайда іс мұнымен бітпеді. Келесі жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетіне «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген көлемді мақала жарияланып, онда Е.Бекмахановтың Кеңесары Қасымов ханның феодалдық-монархиялық реакцияшыл көтерілісін ғылыми тұрғыдан бағалауда саяси қателіктер жібергені сөз болды. 1951 жылы 10 сәуірде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті (ҚКПОК) сол мақаланы талқылап, газет Бекмахановтың қатесін дұрыс ашқан деп тапты.

Қазақстан К(б)П ОК-нің Пленумында Қазақ университетінің ректоры Т.Тәжібаев буржуазиялық-ұлтшыл бағытты дәріптеуші деп жарияланған Бекмахановты қорғап, оны айыптаушыларға құр босқа дәйексіз байбалам сала бергеннен гөрі, аталмыш кітабын ғылыми тұғыдан талдап, сергек қарауға шақырды. Сол үшін ОК оған қатаң сөгіс жариялайды. Бекмахановты жақтаушы ғалымдар: Ысмайылов, Жұмалиев, Мұхамеджанов, Сүлейменов, Кеңесбаев, Жұбанов қуғын – сүргінге ұшырап, зардап шекті. Сәтбаев пен Әуезов амалсыз Мәскеуге ауысып, жан сауғалады. Ал, Тәжібаевты бұл зобалаңнан қорғап қалған Молотов еді.

Тәжібаевқа шабуыл мұнымен тынған жоқ. 1952 жылы 22 қарашада «Правда» газетіне Марковтың (В казахском университете зажимают критику) атты сын мақаласы жарық көрді. Автор мақаласында ҚК(б)п ОК шешімдеріне арқа сүйей отырып, Тәжібаевты университетке іскерлігі мен саяси сапасы жағынан жарамсыз мамандарды және туған-туыстарын, жақындарын жинап алған деп айыптаған болатын. Марковтың мұнысы қыпқызыл өтірік еді. Тәжібаев университетке қай жағынан да күшті, лайықты мамандарды жинады. Ал жақындарына келетін болсақ, сол кезде педагогика және психология кафедрасында бірге істеген оқытушы Рашида Хабибуллаевна Хисматулина: «Жалғыз апасы Қарақыз Оңтүстік Қазақстан облысының Сарығаш ауданында тұрады. Жасы ұлғайған қарапайым колхозшы. Баласы Ерлік ол кезде мектепте еді. Биофакта әйелі Әзиза Шамұхамедқызының інісі оқитыны рас. Бірақ ол университетке Тәжібаев ректор болып келгенге дейін түскен. Оқуды бітірісімен партия шешімдерін қолдап, ауылға аттанды. Әзиза апай педагогика ғылымдарының кандидаты. Ол ұзақ науқастан тәуір болған кезде мен: «Төлеген Тәжібайұлы, Әзиза апайды бәлкім біздің кафедраға қызметке алатын шығарсыз?»,- деп сұрадым. Ол ілкім сәт үнсіз тұрды да: «Жоқ, Рашида ханым. Олай істеуге болмайды. Дене тәрбиесі институтында бір бос орын бар деп естіп едім. Кафедра меңгерушісі менің шәкіртім екен. Онымен сіз сөйлесуге қалай қарайсыз?» - деді. Мен мақұл көрдім. Әзиза апай сол институттан зейнетке шықты. Ұстазым доцент Блюменфельд пен оқытушы Рубиновадан дәріс алған студенттер қатарында космополит атанғаным анық. Университетті «өте жақсы» бітіргендердің дипломдарын Тәжібаев өз қолынан таратты. Алдына бармағанда ол: « ал, Рашида ханым, аналардың айтуынша мен марксизмнен ауытқышпын, сен космополит атандың. Екеуіміз университеттің «жақсы» атын солай шығардық. Енді не істемекшісіз? - деді. Мен Мәскеудегі әлем әдебиеттері институтының аспирантурасына тәуекел етейін деп тұрғанымды жасырмадым. Ол ойланып отырды да аспирантураға осында қалуымды өтініп, ғылыми жетекші өзі болатынын айтқанда, таңданғаннан жағамды ұстадым. Мұндай батыл қадамға Тәжібаевтан басқа кімнің жүрегі дауалар еді.?»

Тәжібаев қолына алған қай іске де батыл кірісетін. Ол ректорлық қызметке тағайындалғанға дейін университетте ұлттық мамандар санының басқалармен салыстырғандағы үлесі айтуға да тұрмайтын. Сондай – ақ қазақ студенттерінің саны да мүлдем аз еді. Өзі басқарған бес жыл ішінде ұлттық мамандар санын өзгелермен теңестіріп, қазақ студенттерінің санын жоғары көтерді. Олар қайта – қайта арызданып жүріп ақыры 1953 жылы ректорлық қызметінен босаттырды.

Оның бес жыл өмірі Үндістандағы Совет елшілігінде өтті. Жат жерде де ол ғылымнан қол үзген жоқ. Мерзімдік басылымдарға ағылшын тілінде мақалаларын жариялап, үнді ғалымдары мен қоғам қайраткеріне тез танылды. Қолы жұмыстан қалт еткен шақта, фотосуретке түсірумен де айналысты. Үндістаннан оралған соң біраз айлар жұмыссыз жүріп қалған болатын. Осыдан бес – алты жыл бұрын Михаил Есеналиев: «Қонаев Тәжібаевқа Үндістаннан келгенде, жұмыс бермей қойды», - деп жүрді. Бос сөз Қонаев пен Тәжібаев өмірде бірін – бірі өте сыйлап өткен жандар. Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабын оқығандардың көздері оған анық жетері хақ. Төлеген ағаның жұмыссыз жүрген кезінде маған былай дегені бар еді: «Жолмұхан, мемлекеттік қызметтерден бас тартып отырмын. Енді жасым ұлғайған шақта қалған өмірімді ғылымға арнасам ба деймін. Ұлттық психология ғылымын жолға қою үшін әлі қаншама жұмыстар істеуіміз керек».

Ардақты ұстаз 1961 жылы Қазақ университетінің педагогика және психология кафедрасына қайта меңгеруші болды. Сол жылы ол лауазымы жоғары қызметке де шақырылды. Бірақ ОК – ке «Тәжібаев докторлық диссертациясын қорғамаған деген қитұрқы пыш – пыш сөздер жетіпті. Академикке докторлық атақ мансап емес еді. Оның үстіне мемлекеттік қызметтен саналы түрде бас тартып жүрген. Сонда да әлгі сөз намысын қамшылады ма! 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми кеңесінде «XXI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой – пікірдің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады».

«Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу және соған сүйене отырып, оның одан да жақсы болуына көмектесу», - Төлеген Тәжібаев ұстанымы. Басқалардың өзіне деген көзқарасы қандай тұрғыда болса да, көмек беруден тартынбайтын. Бұл екінші бірінің қолынан келе бермейтін ізгі қасиет. Оқытушы Рашида Хисматуллинаның әлі жарияланбаған естелігінен мына бір жайды келтіре кеткен асылық етпес. «Кезінде ғылыми атақ атауларына Тәжібаевтың көп көмегі тиген екі кісіні білетінмін. Олар бұл кезде Саратовтан келген психолог И.С.Стычинский жөнінде лайықсыз сөз қозғап оны қолданған Тәжібаевтың үстінен арыз жазып газетке мақала ұйымдастырған. Бұл жәйт Төкеңе ауыр болды. Бір жолы кафедраға бас сұқсам, Тәжібаев жалғыз отыр екен. Қолында әлгі екеуінің ғылыми мақаласы жарияланған басылым. Ол менен оқыдың ба деп сұрады. Мен мақалаға жирене қарап, басымды изедім. Сол кезде Тәжібаев қатқылдау үнмен; «Мұның тәп – тәуір еңбегін мойындағыңыз келмейді, ә ... Мен Үндістанда жүргенде олар жақсы көретіндерін айтып, хат жазған еді», - деді. «Сіз соған сенесіз бе?» - деп жүзіне тура қарадым. Ол жымыды да қойды. Мен: «Сіз үшін олар жақсы жандар екен. Ықыластары да ерекше жандар сияқты. Ал неге кафедраңызға қызметке шақырмайсыз?» - дедім өршеленіп. Ол маған барлай көз тастап: «Рашида ханым, мен біздің адамдарды жазған ғылыми еңбектеріне қарап сыйлағаныңызды жөн дер едім», - деді. Мен жұлып алғандай: «олардың адамгершілікке жат істерін елемей ме?.. Кешіріңіз, мен олай ете алмаймын», - дедім. Тәжібаев басын шайқап: «Амал қанша... Өкінішті...» - деді. Тәжібаев көп ұзамай, сол екеуінің пәтер алуларына да көмектесті. Ал ол кезде пәтер алу деген өте қиын еді. Иә, жамандыққа жақсылық жасау ер адамның ісі ғой!

1964 жылдың наурызында Тәжібаевтың денсаулығы сыр беріп, «жедел жәрдемді» шақыртады әдепкіде сасып қалған Әзиза апай оған ескертпей университетке телефон шалып, зембілді көтеруге студенттер жіберуін өтінеді. Тәжібаев ашуланып: «Қайдағы бір профессор үшін студенттерді сабағынан босату кімнің ойына келді екен?» - сыртта тұрған көлікке өзі жүріп барады. Машинаға отырғанда ғана есінен айырылып қалса керек. Содан 10–шы мамырда ауруханадан шығып, емін Мәскеуде жалғастырмақшы болған. Алыс жолға жүрер алдында кафедрасына соғып, ғалымдармен кеңес өткізеді. Мәскеуден келген соң шопандар психологиясын зерттеу үшін кафедраның барлық қызметкерлерімен жайлауға шығатындарын ескерткен екен. Бірақ ол сол арманына жете алмады. 1964 жылдың 14 маусым күні Мәскеу ауруханасында мәңгілікке көз жұмды.

Қазір менде Төлеген Тәжібаевтың әлі жарық көрмеген 10 томдық ғылыми еңбектері бар, соны баспадан шығарсақ, ұлттық психология ғылымының мәні оның құнды ойлармен тереңдей түсер еді.

Ұлағатты ұстаз профессор Төлеген Тәжібайұлының шәкірті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Түрікпен – Ұлы Жолмұхан.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Шульга Т.И.

*ФГБОУ ВО «Московский государственный областной педагогический университет»
Москва, Россия*

Мақаланың мақсаты- К. Д. Ушинскийдің білім берудегі идеяларының заманауи қолданылуын ашу; әдістері: теориялық талдау, салыстырмалы талдау К.Д. Ушинский және білім берудегі заманауи тәсілдер; нәтиже – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді дамыту тәсілдерін анықтау және сипаттау; теориялық және практикалық маңыздылығы: ұсынылған материалдар қызметкерлерге заманауи білім беру мәселелерін түсінуге көмектеседі.

Кілт сөздер: К.Д.Ушинский, қолжетімді және сапалы білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды дамыту

Цель статьи – раскрыть современное применение идей К.Д. Ушинского в образовании. Процедура и методики: теоретический анализ, сравнительный анализ идей К.Д. Ушинского и современных подходов в образовании. Результатом является выделение и описание подходов к развитию обучающихся с особыми образовательными потребностями. Теоретическая и практическая значимость: предложенные материалы могут помочь сотрудникам в понимании проблем современного образования.

Ключевые слова: К.Д.Ушинский, развитие обучающихся с особыми образовательными потребностями для получения доступного и качественного образования

The purpose of the article is to reveal the modern application of K.D. Ushinsky's ideas in education. Procedure and methods: theoretical analysis, comparative analysis of K.D. Ushinsky and modern approaches to education. The result is the identification and description of approaches to the development of students with special educational needs. Theoretical and practical significance: the proposed materials can help employees in understanding the problems of modern education.

Keywords: K.D.Ushinsky, development of students with special educational needs to obtain affordable and high-quality education

Проблема организации подходов к развитию обучающихся с особыми образовательными потребностями для получения доступного и качественного образования, нуждающихся в особом внимании государства, актуальна во всем мире. Эта проблема была рассмотрена в учении К.Д. Ушинского, в Собрании сочинений. "Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии» том 1 и том 2. Ученый выделял три сферы, в которых живет человек.

Первая из этих сфер дает человеку умственную или теоретическую жизнь; вторая — жизнь чувства, или, как обычно говорят, дает жизнь сердца, а третья — жизнь действия, или жизнь практическую, воля, которая помогает преодолевать трудности. «Как для того, чтобы образовать обширный и сильный ум, должно много наблюдать и думать, т. е. жить умственно, то так же для того, чтобы накопить обильный материал для сильного характера, нужно как можно более чувствовать, желать и действовать, то есть, другими словами, жить практически. Теоретическая жизнь ума образует ум; но только практическая жизнь сердца и воли образует характер. Эту простую и очевидную истину часто забывают родители, воспитатели и наставники, думающие моральными наставлениями образовать сердце и волю дитяти. Эти наставления вносят только свою долю образования в развитие ума; но могут быть так усвоены умом, что не окажут ни малейшего влияния на сердце и волю дитяти, в которых могут образоваться в то же время задатки, крайне противоположные смыслу моральных сентенций» [7, 1том, с. 138]

В современном образовании учет всех сфер способствует решению многих проблем, но особенно востребовано при работе с группами детей, не имеющих статуса в образовательных организациях. К их числу относятся дети с синдромом дефицита внимания и гиперактивности (далее – СДВГ), дислексией, дисграфией дети из семей иностранных граждан (мигранты), дети с двойной исключительностью, дезадаптированные дети, неуспевающие и трудно усваивающие учебные предметы. В школе, где обучаются эти

разные по своим психологическим характеристикам дети, должны быть созданы специальные образовательные условия, обеспечивающие индивидуальный подход и учет образовательных потребностей таких обучающихся [2; 4; 5]. Представляется важным рассмотреть несколько подходов к обучению детей со специальными образовательными потребностями в современном образовании.

Первый подход это ориентация на потребности всех участников образовательного процесса.

- Ориентация на ребенка – создание условий для развития детей через содействие участию во всех аспектах школьной жизни; действовать в интересах ребенка, раскрывать его потенциал, заботится о разных аспектах жизни ребенка (включая его здоровье, питание и эмоциональное благополучие);

- Ориентация на семью — работа над укреплением семей как основных опекунов и воспитателей ребенка, а также помощь детям, родителям и учителям в установлении гармоничных отношений не только с детьми, но и с коллективами классов и групп[6];

- На уровне сообщества – поощрение местного партнерства в сфере образования, действия в сообществе на благо детей и работа с другими участниками для обеспечения соблюдения прав детей.

Второй подход - учет внешних и внутренних факторов, которые дифференцируются в зависимости: от возраста, пола, психического здоровья, национальности, этнической принадлежности, специфики поведения детей в определенном возрасте, нормативных потребностей их удовлетворения, критериев дружелюбной среды.

Внешние факторы, влияющие на достижение результатов социокультурной адаптации в создании образовательной среды – местоположение школы (район), её статус, концепция, стиль управления и педагогического общения, наличие дополнительных программ работы с детьми с особыми образовательными потребностями, создание некоторых особых условий образовательной среды, система воспитательной работы, традиции школы, количество классов с разным контингентом детей, наличие системы дополнительного образования в школе, расположение рядом со школой учреждений культуры (кинотеатр, музеи, торговый центр, спортивные сооружения, сельский клуб, парки и скверы и т.д) и возможности сотрудничества. [1; 3; 4]

Внутренние факторы дружелюбной среды к детям с особыми образовательными потребностями -это система межличностных отношений всех участников образовательного процесса, которая строится на доверии, взаимодействии, межличностных отношениях, психологическом климате, воздействии, установках и ценностях и их особенностях в каждом возрастном периоде.

Третий подход – учет факторов для педагогов- психологов, социальных педагогов, (с учетом возраста детей, пола, психологических особенностей, проблем в обучении, длительности нахождения ребенка в группе или классе целевой группы) необходимо учитывать следующие факторы:

- 1 фактор- информированность семьи, детей с определенными потребностями, например, для мигрантов, количество информации о стране миграции, о ее культуре, доступность, полезность информации, соответствие информации цели миграции;

- 2 фактор - социальные навыки - развитость у детей с особыми потребностями разного возраста навыков восприятия и построения взаимоотношений с окружающими;

- 3 фактор - "культурной дистанции" (отдаленности или близости культур) - общие характеристики новой культуры, быта, например, особенности пищи, одежды, жилища, экономики, транспортной системы, личных семейных и деловых взаимоотношений, в т. ч. с учетом половозрастной специфики.

- 4 фактор - темпы адаптации детей из разных семей граждан:

- 1) тип культуры (традиционный или инновационный). Носители традиционных культур медленно проходят адаптацию к новой среде или вовсе игнорируют адаптацию, осознавая преимущества своей культуры.

2) характер проживания (концентрический или рассеянный). В условиях концентрического проживания темпы адаптации будут медленнее, поскольку сохраняется возможность поддерживать связи с прежней языковой и культурной традицией; [5;6]

Для педагогов, классных руководителей, в классах которых учится разное количество детей с особыми образовательными потребностями необходимо знать, что на каждой возрастной ступени у детей данной категории выражен ряд специфических особенностей. У младших школьников эта проблема недостаточного владения языком и трудности его усвоения, непонимание и неумение общаться на языке. В подростковом и юношеском возрасте резко повышается критичность подростков и они в наиболее подвержены эмоциональному переживанию ситуации социальной нестабильности, испытывают психологический кризис, проявлением которого является дезадаптация, дезориентация в построении Я - концепции, их мировоззрении, вхождении во взрослую жизнь.

Разработка особенностей социокультурной адаптации обучающихся данных целевых групп в пространстве среды образовательной организации, выявление и классификация наиболее важных факторов риска, основанных на межличностных отношениях в образовательных учреждениях для детей целевых групп позволит минимизировать ряд проблем.

Социокультурная адаптация данной целевой группы, например, мигрантов, включает такие виды как языковая, социальная и социокультурная адаптация, которые тесно взаимосвязаны и взаимовлияют друг на друга.

В образовательной организации необходимо учитывать затруднения в решении профессиональных задач, связанных с организацией совместного обучения разных социальных групп детей. Поскольку большинство барьеров в области построения дружелюбной школьной среды возникают в отношениях и коммуникациях обучающихся со сверстниками.

Необходимо учитывать следующие факторы:

Личностные факторы (навык взаимодействия с разными социальными группами: неконфликтное общение, умение договариваться при выполнении или участии в делах, мероприятиях и т.д., навык взаимодействия в межличностном общении). Постоянно находясь в образовательной организации с другими детьми, ребенок легче осваивает язык и культуру, например, другой страны, местности, окружения. Две культуры смешиваются и постепенно преобладающей становится культура образовательной среды и общества, в котором живут семьи с детьми. Происходит развитие психики детей, она более гибкая к изменениям. Обучение происходит быстрее и легче, так как дети открыты к получению нового опыта, но трудности есть.

Семейные факторы (минимизация любых отрицательных явлений, идущих из семьи (педагогическая запущенность, завышенные ожидания родителей от успехов детей данной целевой группы, вмешательство родителей в учебный процесс и во взаимоотношения в классе, коллективе; интолерантность, ксенофобия, национализм, экстремизм).

Литература

1. Дружинина, Л. А. Организация предметно-пространственной среды в группе для детей с разной структурой зрительного дефекта / Л. А. Дружинина, Л. Б. Осипова. // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2017 – № 9. – С. 32-37.
2. Дружинина, Л. А. Тьюторская деятельность как ресурс формирования графомоторного навыка детей с ОВЗ / Л. А. Дружинина, Л. М. Лапшина, Е. В. Рязанова [и др.]. // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2017. – Т. 6. – № 4(21). – С. 227-230
3. Коробинцева, М. С. Организация взаимодействия педагогов и специалистов службы сопровождения образовательной организации в процессе формирования учебной деятельности обучающихся с задержкой психического развития / М. С. Коробинцева. // Дефектология в свете современных нейронаук: теоретические и практические аспекты : Сборник мате-риалов I Международной научной конференции. – Москва: «Когито-Центр», 2021. – С. 739-744.
4. Лебединский, В. В. Нарушение психического развития де-тей: учебное пособие / В. В. Лебединский. – Москва : Издательство Московского университета, 1985 – 208 с.

5. Сорокоумова, С. Н. Специфика работы психолога с деструктивной личностью / С. Н. Сорокоумова, П. А. Егорова. // Психология XXI века: вызовы, поиски, векторы развития : Сборник материалов Всероссийского симпозиума психологов. – Рязань: Академия права и управления Федеральной службы исполнения наказаний, 2019. – С. 427-430.

6. Семья и дети в условиях пандемии: клинические и психологические аспекты: монография / М. Е. Баулина и др.: под ред. Е. В. Куфтяк. – М.: Московский институт психоанализа-Когито-Центр, 2022. – 231 с.

7. Ушинский К. Д. Собрание сочинений. "Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии» I том. (1867), II том (1869) гг.

СТРУКТУРА ВНУТРЕННЕГО МИРА КОЛЛЕКТИВНОГО СУБЪЕКТА КАК ОСНОВА ИНТЕГРАТИВНОЙ ПСИХОЛОГИИ

Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р.

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Мақалада ұжымдық субъектінің ішкі дүниесінің құрылымын, тұлғаның құндылық-мағыналық саласының тұтастығын анықтайтын және әртүрлі көзқарастарды біріктіруге бағытталған көптеген интимдік тұлғалардың бірлесіп жасауының өзара байланысты жүйесі ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Мен-нің ішкі әлемі, Мен бейнесі, интегративті психология

В статье рассматривается структура внутреннего мира коллективного субъекта как взаимосвязанная система сотворчества множества интимных личностей, определяющих целостность ценностно-смысловой сферы человека и ориентирующих на интегрирование разных подходов.

Ключевые слова: внутренний мир Я, образ Я, интегративная психология

The article considers the structure of the inner world of a collective subject as an interconnected system of co-creation of many intimate personalities that determine the integrity of the value-semantic sphere of a person and orient to the integration of different approaches.

Keywords: inner world of I, image of I, integrative psychology

В последние годы в развитии психологической науки наблюдается тенденция к интеграции разных направлений. При всей разности методологических подходов, прикладные аспекты их технологий, часто переплетаются. В связи с этим, мы предлагаем в качестве основы для интегративной психологии рассмотреть структуру внутреннего мира субъекта как коллективного явления.

Одним из первых в советской психологии проблема субъекта как коллективного феномена прописывается в работе «Человек и мир» С.Л.Рубинштейн[1], заложившего основы субъектно-деятельностного подхода (1949).

Исходя из принципа «единства деятельности и сознания», он определяет деятельность не как активность, а как субъект-субъектное и субъект-объектное взаимодействие, в результате которого реализуется то или иное отношение человека к миру и к себе. В этом случае, жизнь рассматривается как сменяющаяся система деятельностей, определяемых системой взаимодействий. Поэтому он определяет субъекта как результат и итог системы взаимодействий. Соответственно, во внутреннем мире будут представлены все субъекты, с которыми он взаимодействует. Исходя из этого, он говорит о том, что нет единичного субъекта. Субъект несет в себе множество других субъектов. «Я как субъект..., это коллектив, содружество субъектов. ... Я – это мы» [1, с. 334]. определяемый способами существования, отражающие его вклад в других и регулирующих взаимоотношения с миром. Однако, какие субъекты представляют собой коллектив – остается открытым. Каковы механизмы их представленности в человеке?

Созвучными идеям Рубинштейна является понимание субъекта как результата системы его жизнедеятельности, определяемое как непосредственными и опосредованными системами взаимодействия в субъектном подходе Х.Й.Лийметса[2]. Им

выделяются значимые и незначимые системы, которые отражают их представленность во внутреннем мире. В связи с этим, теория представленности (жизни других во внутреннем мире человека), разработанная Х.Й.Лийметсом в 1979 г. (несколько раньше теории персонализации А.В. Петровского(1982)) позволяет определить внутренний мир как результат субъективного отражения значимых и незначимых систем, влияющих на становление субъекта. В этом плане, проведены широкие исследования школьников Эстонии, позволившие выявить продуктивность разных систем взаимодействия, начиная с семейной, школьной и системы образования в целом. Таким образом, в данном направлении уже конкретизированы субъекты внутреннего мира, значимые для человека. Помимо субъектов, большое значение придаётся представленности в человеке предметно-вещной окружающей среды, что существенно расширяет понимания внутреннего мира [3]. Х.Й. Лийметсом был предложен способ анализа взаимодействий, позволяющих определить личностный функциональный смысл той или иной деятельности в системе жизнедеятельности. Это анализ того: 1. Какие системы взаимодействуют /непосредственно и опосредованно/?

2. Каковы механизмы их взаимного влияния?

3. Каковы механизмы взаимодействия систем, порождающих новые качества тех или иных взаимодействующих систем?

4. Каков характер внутрисистемного взаимодействия и его роль в порождении новых качеств системы?

5. Какие выводы необходимо сделать относительно системы педагогических знаний и педагогической практики?

Исходя из данного способа анализа, нами было проведено исследование личностного функционального смысла учебной деятельности студентов, который показал, как различные соотношения деятельностей и их значения могут определять функцию каждой из них. Также были определены системы жизнедеятельности, как взаимосвязанные системы деятельностей, дающие более полную и реальную картину особенностей развития личности, нежели ведущая деятельность[4].

Таким образом, в субъектном подходе Х.Й. Лийметса был реализован системный подход к внутреннему миру субъекта как коллективному явлению, на основе анализа системы жизнедеятельности, определяющей личностный функциональный смысл каждого деяния человека, преодолевающий разрыв реального и знакомого смысла. Внутренний мир – это совокупность значимых и незначимых систем взаимодействия.

В системно-структурной концепции А.В. Петровского и В.А. Петровского (1980)[5-6] субъект определяется как «Республика субъектов», «единомножия Я», множества виртуальных субъектов, стимулирующих преодоление хаоса в функционировании различных подсистем человека, заключающих в себе источник своего существования. Зависит от способности воспроизводства себя, от ценностей группы. Определяющим субъекта является персонализация, как жизни другого в субъекте. В связи с этим, субъект – это множество виртуальных субъектов. В исследованиях особый акцент ставится на группу(ЦОЕ) как определяющая субъекта. Представленность множества субъектов не конкретизирована.

И.И. Ветрова отмечает, что механизмы психологической защиты активно участвуют в процессе приобретения опыта восприятия себя и образа другого. Они проявляются в тенденции сохранения привычной мысли о себе, отрицая или искажая информацию, которая расценивается как неблагоприятная, поскольку разрушает первичное представление о себе. Механизмы психологической защиты, которые развиваются в онтогенезе как средства адаптации и решения конфликта, могут при определенных условиях обеспечивать прямо противоположные состояния дезадаптации и перманентного конфликта. В основе этой неоднозначности лежит тот факт, что в большинстве механизмы психологической защиты являются продуктами конфликтов раннего онтогенеза. В зависимости от интенсивности этих конфликтов, они могут быть простыми или сложными, на бессознательном уровне или на сознательном, более или менее интенсивными и адекватными общественно заданным стандартам поведения. В связи с этим они могут мешать, вредить процессу адаптации в новом, расширенном социальном контексте [2].

Как отмечает Г. Тарт, включаясь в психотравмирующие ситуации, психологические защитные механизмы выступают в качестве своеобразных барьеров на пути течения соответствующей информации. В результате взаимодействия с ними тревожная для личности информация либо игнорируется, либо искажается или фальсифицируется. Тем самым у индивида формируется специфическое состояние сознания, которое способствует сохранению гармоничности и уравновешенности структуры личности [1,3].

По мнению А.И. Анисимова, Н.Н. Киреевой, срабатывающая автоматически, психологическая защита снижает напряжение, улучшает самочувствие и тем самым приспособливает человека к той или иной ситуации, так как уменьшается тревожность и страх. Однако, часто это требует очень много от человека и тогда защита создает для него много ограничений, которые приводят к замкнутости и изоляции. Организация психологической защиты и ее способность противостоять внешним пагубным для личности воздействиям у разных людей не одинакова.

У.Е. Грачев выделяет следующие средства психологических защит, которые часто применяются в ходе учебной деятельности студентами:

- установка на негативный результат, в этом случае студент трансформирует в свое сознание определенные негативные образы результатов учебной деятельности и, таким образом способствует их практической реализации;

- тенденция обвинять других в собственных неудачах, в этом случае студент обвиняет во всем других, кроме самого себя, упрекает сокурсников, педагогов, администрацию, родителей и т.п.;

- отрицательная жизненная установка, в этом случае позиция студента выражается в пессимистических оценках, которые распространяются и на окружающих, на межличностное взаимодействие;

- конформная установка при принятии решений, в этом случае студент ориентируется на мнение других, строит свое поведение в зависимости от суждений окружающих, обеспечивая себе своеобразное объяснение относительно не возможности реализации своих идей;

- негативная установка на свою внешность, в этом случае студент считает, что он никому не нравится и поэтому, даже в перспективе, к нему не будут хорошо относиться, эта установка является фикцией самооправдания того, почему у него не складываются отношения с окружающими [2].

По мнению И.Г. Вагина, в критических ситуациях межличностного взаимодействия у индивида могут активизироваться своеобразные ранние (детские) состояния, под влиянием которого он может переносить свои проблемы на окружающих [3].

С.С. Никольский предлагает вовлекать студентов высших образовательных учреждений в активное социально-психологическое обучение с целью оптимизации различных негативных проявлений психологической защиты. Такой подход способствует к самоанализу личностных проблем, их решению, а также позволяет направить психическую

энергию студентов на значительное улучшение процессов взаимодействия с окружающими, в том числе участниками учебной деятельности [4].

Таким образом, исходя из вышеизложенного можно заключить, что напряженность, стрессогенность, коллективный характер учебной деятельности, распространенность фрустрации среди современного студенческого контингента высших образовательных учреждений весьма актуализируют проблему психологической защиты. Большинство исследователей рассматривают данную проблему на феноменологическом уровне. Несмотря на это, остаются малоизученными вопросы, связанные с особенностями функционирования механизмов психологической защиты, характером взаимосвязей на бессознательном и сознательном уровнях регуляции поведения в напряженных, стрессовых, а также в ситуациях оказывающие провоцирующее воздействие на развитие фрустрации в учебной деятельности студента.

В рамках нашего исследования, под психологической защитой целесообразно понимать особые психические процессы, протекающие как на сознательном, так и на бессознательном уровнях, направленные на максимальное снижение эмоциональной напряженности, тревоги, переживаний и пр. путем искажения поступающей информации или соответствующего изменения поведения. При этом негативным аспектом в данном процессе является бессознательный уровень действия, т.е. действия вне сознательного могут проявляться в определенной неадекватности оценивания поступающей информации, само восприятия, а также восприятия и взаимодействия с окружающими. В связи с этим, чрезмерная психологическая защищенность студента может оказывать провоцирующее действие относительно фрустрации. Вместе с тем, в некоторых случаях психологическая защита блокирует действие провоцирующих ситуаций, однако фрустрация сохраняется на глубинном уровне, оказывая негативное влияние как на личностное развитие, учебную деятельность студента, так и на общее его самочувствие. Данные характеристики протекания подчеркивают роль и значимость социально-психологических особенностей, а также важное значение формирования и развития механизмов психологической защиты.

Литература

1. Ветрова И.И. Развитие контроля поведения, совладения и психологических защит в подростковом возрасте: Дис. ... канд. психол. наук: 19.00.13. - Москва, 2011. - 288 с.
2. Грачев У.Е. Механизмы психологической защиты личности студента. / У.Е. Грачев. М.: МГИЭИП, 2006. - 67 с.
3. Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. - М.: «ЧеРо» совместно с издательством «Юрайт», 2000. - 344с.
4. Никольский С.С. Социально-психологическое обучение как фактор оптимизации негативных проявлений психологической защиты студентов / С.С. Никольский // Психология высшей школы. 2007. - №6. - С. 141-148.
5. Тарт Г. Механизмы защиты / Г. Тарт // Самосознание и защитные механизмы личности. Хрестоматия. Самара: Издательский Дом «БАХРАХ-М», 2000. - С. 482-509.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сейітнұр Ж.С.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада бүгінгі таңда тарихи-психологиялық зерттеулердің маңызы ашылады. Еліміздегі психология ғылымы дамуындағы кейбір түйткілді мәселелер талданады.

Кілт сөздер: Отандық психология ғылымы, тарихи-психологиялық зерттеулер әдіснамасы

В этой статье раскрывается значение историко-психологических исследований. Анализируются некоторые проблемные вопросы развития психологической науки в стране.

Ключевые слова: Отечественная психологическая наука, методология историко-психологических исследований.

This article reveals the importance of historical and psychological research. Some problematic issues of the development of psychological science in the country are analyzed

Keywords: Domestic psychological science, methodology of historical and psychological research.

Қазақстан 2022 жылдың қаңтарынан бастап өзінің саяси дамуында жаңа бір кезеңге аяқ басты. Тарих біздің көз алдымызда жасалып жатыр. Бұл қоғамның күллі саласына өз ықпалын тигізуде. Құндылықтарды қайта бағалау, өткеннен сабақ алу өзекті болуда. Әсіресе, идеологияға жақын қоғамдық ғылымдар болып жатқан өзгерістерге өз бағасын беріп, оның себеп-салдарын зерттеуге тырысуда. Осындай жағдайда, ғылыми рефлексияның маңызы арта түседі. Біз «қандаймыз және қайда барамыз?» деген сауал күн тәртібіне қайта шықты. Зерттеушілер білімнің пайда болуы мен қабылдануының әлеуметтік, мәдени, идеологиялық әсерге, яғни қоғамның сұраныстары мен талаптарына тәуелділігі екенін біледі.

Жалпы мемлекеттік саясаттың ғылым дамуына, ғылыми шығармашылыққа тигізетін ықпалын психология ғылымы өз тарихында талай бастан кешті. Мысал ретінде, кенестік дәуірдегі педология мен психотехниканың тарихын айтсақ та жеткілікті. Олардың жойылуы туралы клиникалық психология маманы, психология ғылымдарының докторы Николай Сергеевич Курек арнайы кітап та жазды. [1]. Алысқа ұзамай-ақ қояйық, біздің университеттің тарихында «этникалық және педагогикалық психология» атауы бар кафедраның жойылуы көз алдымызда өтті. Алайда қаншама ғылым докторлары мен кандидаттары этнопсихология бойынша зерттеулер жүргізді. Сонда олардың зерттеулерінің ғылыми құндылығы, эвристикалық әлеуеті болмағаны ма? Шынында да, сапалы теория мен концепциялар одан әрі ғылыми ізденіс үшін жаңа идеяларды ынталандыруы керек еді. Институционалдық өсуге әкелуі тиіс еді. Бірақ олай болмай шықты. Психология тарихынан алған сабақтың бірі жүргізілген және жасалып жатқан ғылыми-зерттеу бағдарламаларының оң және теріс эвристикасын анықтау. Ол үшін арнайы тарихи-психологиялық зерттеулер керек.

Психология тарихшылары келешегі бар идеялармен бірге психологиялық теория мен практиканың дамуындағы қателіктерді, тұйыққа тірелген жайттарды ашып көрсетуі, олардың қайталанбауын болашақ зерттеушілерге ескертуі тиіс. Тарихи-ғылыми зерттеу барысында анықталған қателіктер де маңызды. Тарихтан сабақ алу кемшіліктерді мойындаудан басталады. Ғылымның өз логикасынан бөлек, ғалымның жеке басының рөлі, оның сол ғылымның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өте маңызды болып шықты. Сол себепті өмірбаяндық әдістерді қолдана отыра жеке ғалымдардың ғылыми мұрасын арнайы зерттейміз де. Ол сара жол ма, әлде қара жол ма, нұрлы жол ма әлде улы жол ма, бәрі таразыға түседі. Мұнда жүйенің келтірген залалы да және ғалымның жеке қасиеттері мен позициялары да ескеріледі. Тарихи-ғылыми зерттеулердің бағалау функциясын қаласаң да, қаламасаң да ешкім жоққа шығара алмайды.

Ғылым дамуына түрлі факторлар әсер етеді. Мәселен, әлеуметтік жағдай ғылымның дамуына бірнеше жолмен әсер етуі мүмкін: 1) ол белгілі бір концепция мен теорияның дамуына жағдай жасайды. 2) ғылыми теорияның қоғамның күтуі мен үміттеріне сәйкес келуі осы теориялармен жұмыс істеуге неғұрлым қабілетті зерттеушілерді тартуға ықпал етеді. Мемлекеттің ғылымға қатысты саясаты да көп жайды анықтайды. Мысалға, Қазақстандағы психология ғылымы дамуын тежеген ХХ ғ, 30-40 жылдарындағы саяси қуғын-сүргінді айтсақ болады. Немесе кейде мемлекет тарапынан болып жатқан асығыс, қате шешімдер де ғылым дамуына кері әсер етеді.

Жоғары білікті кадрларды даярлау саясатындағы қателіктер ғылымда тұтас бір жоғалған буынның пайда болуына әкелді. Қазақстанда Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелеріне ұсынылған диссертацияның ғылыми нәтижелерін шетелдік компаниялардың (Томсон Рейтер, Scopus) деректер базасына кіретін, жоғары импакт-факторға ие халықаралық ғылыми журналда жариялау талабы да қазақтілді жастарды ғылымға тартуға кедергі болды. Лингвистикалық теңсіздік орын алды. Ғылыми

диссертация қорғау қарқыны күрт төмендеді. Отандық зерттеулердің халықаралық журналдарда жарияланумен қатаң байланыстыру оңтайлы шешім еместігін мойындауымыз керек. Ғылым саласында Матай (Матфей) эффектісі (ағылш. Matthew effect) байқалды. Яғни, артықшылықтардың біркелкі бөлінбеуі құбылысы, онда оларды иеленуші тарап оларды жинақтауды және көбейтуді жалғастырады, ал екіншісі, бастапқыда шектеулі, одан да қатты айырылады, сондықтан одан әрі табысқа жету мүмкіндігі аз болады. Ғылымды өлшеу саласында ғалымдардың жұмысы танылуындағы теңсіздікті азайту мақсатында кейбір қадамдар жасалып жатыр. Қазір ақырындап сең бізде де қозғала бастаған секілді.

Тағы бір маңызды фактор - белгілі бір психологиялық теорияны жасаушы ғалымның жеке басы, оның құндылық бағдарлары, когнитивтік стилі, ерік-жігері, әріптестерімен қарым-қатынас ерекшеліктері, белгілі бір ғылыми мектепке қатыстылығы және т. б. Ғалымның жеке басын, оның өмірбаянын талдау ғылыми міндеттерді таңдаудың қалай жүретінін, оның сенімдері үшін қалай күресетінін, қоғамдық пікірге қалай қарсы тұра алатынын түсінуге мүмкіндік береді. Негізі ғалымдардың зерттеулері ешкімге керек болмай архивте құр шаң басып жатпауы керек. Немесе бір шектеулі топ қана білетін дүние болмауы тиіс. Ғылыми зерттеу нәтижелерін дәріптеп көпшілікке тарату, танымал ету де керек екен. Зерттеушінің өз басы кішіпейіл әрі қарапайым болса, насихаттау жұмысын тарихшылар қолға алуы тиіс. Ғылым тарихшы солардың ішінен құнын жоғалтпаған идеялар мен мағұлматтарды іріктеп алып оқулыққа енгізуі шарт. Кенді өңдеп ішінен құнды затты екшелеп алғандай.

Психология тарихшылары психология тарихының тәрбиелік функциясына ерекше көңіл бөледі. Зерттеуші В.А. Кольцова психология тарихының тәрбиелік функциясын тек кәсіби мәдениетті ғана емес, сонымен бірге зерттеушінің жеке тұлғасын қалыптастырумен байланыстырады [2]. Тарихты жазған адам болашақты қалыптастырады. Кім оны қалай жазып түсіндіреді, көпшілік солай қабылдайды. Әсіресе, оқулыққа кім қалай кірді, кейінгі ұрпақ сол түсінікті алады. Егер тарихты басқалар жазатын болсақ, өмірге солардың көзімен қараймыз. Тарих - ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруда таптырмас құрал. Бұл жерде біз қазірдің өзінде өзге елдері тарихшылары жазған кітаптардың қазақстандық студенттердің санасына енгізетін көзқарастар мен құндылықтар туралы айтып отырмыз. Психология тарихына қатысты кез келген кітапты алып қарасақ, онда қазақстандық авторлар есімдері, олардың еңбектері жоқ. Бізге көрші Ресейден келген оқулықтардың да ықпалы өте зор. Ол кітаптың авторлары кейде өз көзқарастарын саяси құралға айналдырып отыр. Көрші мемлекеттің тарихшылары біздің елдің өкілдерінің кез келген салаға, соның ішінде ғылымға қосқан үлесі мен маңызына күмән келтіре отырып, тарихи фактілерді өз бетінше түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар оқу орындарының білім беру бағдарламаларына да ықпал ете алды. Бұдан біз төл тарихымызды өзіміз жазудың қажеттілігі айқын көрінеді.

Психология ғылымының бейнесін құрудағы тарихи-психологиялық білімнің рөлі өте зор. Егер психология психикалық болмысты зерттесе, оның тарихы әртүрлі кезеңдердегі психикалық болмыс туралы түсініктердің, көзқарастардың қалыптасуын зерттейді. Психология тарихы студенттерде сол ғылымға қатысты көзқарастары қалыптасуына және оқушының қандай құндылықтарды меңгеретініне үлкен әсер етеді. Ол тек психологиялық білімнің қайнар көзі ғана емес, тұлға дүниетанымын қалыптастыру құралы. Нені оқисың, соны сіңіресің.

Өзге жұрттың білімін үйрену қажеттігі қазақстандық мазмұнды жоққа шығару дегенді білдірмейді. Әдіс пен технология сырттан келсе де (импорттау), материал отандық болуы шарт. Оның үстіне қаншама қарқынды жаһандану болып жатса да адам өзінің туған ұлты мен мемлекетінен бас тартпайды екен. Отаншылдық сезімі, өз еліне бүйрегі бұру кейде табиғи қасиет сияқты. «Ұлттық Мен» сезімі маңызын жоймайды. Геосаяси текетірес кезінде қайта ол асқына түседі. Өзекті бола бастайды. Ғылымдағы ұлттық мүдде маңызды бола бастайды. Ұлттық санасы бар адам сырттай болса да өз ұлтына жанкүйер, тілеулес болады.

Психология ғылымының дамуын анықтайтын маңызды мәселелердің бірі оның әдіснамалық негізі болып табылады. Шетелдік психологияда әдіснамалық негіз зерттеудің қай бағытта жүргізілетініне байланысты анықталады. Олар бихевиористік, когнитивтік, психоаналитикалық, гуманистік тұғырлар және т.б. болып бөлінеді. Осыған байланысты гуманитарлық білімнің әдіснамасын және, атап айтқанда, тарихи-психологиялық зерттеулерді қалай құруға болады?

Тарихи-гуманитарлық білімді зерттеудің кейбір әдіснамалық тұжырымдамаларын қарастырып өтейік. Бірқатар кәсіпқой тарихшылар («тарихи мектептің» өкілдері) позитивизм ықпалына бой алдыра отырып, «эмпирикалық тарихты» нағыз «позитивті» ғылымға айналдыруға тырысты, олардың міндеті оқиғаларды қалай орын алды дәл солай суреттеу деп есептеді. Тарихи дереккөздер олар үшін жаратылыстану ғылымындағы зерттеулердің позитивистік моделіне ұқсастығы бойынша эксперименттік деректер рөлін атқарды. Ал оны субъективті түсіндіруді қате деп есептеді.

Біз ғылым тарихындағы позитивистер мен неокантшылар арасындағы пікір таласты жақсы білеміз. Мәселен, В. Виндельбанд жаратылыстану тұғыры ерекшеліктерін талдай отырып, оның жалпылау (генерализация) әдісіне негізделгенін атап өтті. Жаратылыстану үшін бір ғана жеке оқиға, жағдай қызығушылық тудырмайды, тек табиғатты жалпылама сипаттау ғана мәнге ие болады. Кез келген жеке жағдай теориядан туындауы және заңға бағынуы мүмкін, оның дербес құндылығы жоқ ерекше бір көрініс ретінде қарастырылуы мүмкін. В. Виндельбанд бұл тұғырды номотетикалық деп атады. Ал тарих ғылымы идиографиялық тәсілге жүгінеді, яғни жекелеген жағдайларды талдау әдісіне (мысалы, жеке тарихи оқиға, ел тарихындағы белгілі бір кезең, көрнекті тұлғаның өмірбаяны, т.б.) көңіл бөледі. Сонымен, гуманитарлық ғылымдар әдісінің ерекшелігі жеке феноменді бөліп көрсету болып табылады: жеке және ерекше құбылыстар да мәнді. Неміс ғалымы Генрих Риккерт өз тұжырымдамасында «құндылық принципінің арқасында ғана мәдени процестерді табиғат құбылыстарынан ажыратуға болады» деп атап көрсетті. Болмыстың барлық құбылыстары екі түрлі болуы мүмкін: құндылықтармен байланысты құбылыстар және олармен байланысты емес құбылыстар (құндылық-бейтарап). Неокантшылар көзқарасы бойынша тарих тек мәдениет туралы ғылым бола алады, өйткені оның объектісі құндылықтармен байланысты, тарих бір нәрсені ғана емес, бүкіл адамзат тарихы үшін ең жоғары мәнге ие нәрсені зерттейді. Ал белгілі бір халықтың мәдениеті сол халықтың ішкі құндылықтарын білдіргенде ғана халықаралық мәнге ие болады. Біреуді қайталау ешкімді қызықтырмайды. Неокантшылар гуманитарлық ғылымдарға құндылықтар факторын енгізді.

В. Дильтей сияқты ғалымдар өз ілімінде түсіну әдісінің басымдық бере отырып, психологиядағы герменевтикалық әдістің негізін қалады. В. Дильтей рух туралы ғылымдар әдісінің ерекшелігін ерекше атап көрсетті (оған психология, тарих, философия, өнер, әдебиет, эстетика, этика, т.б. кірді), оны жаратылыстану ғылымдарының әдістерінен бөледі. Рух ғылымдарының басында ол өзінің көзқарасы бойынша олардың негізін құрайтын сипаттамалық психологияны қойып, түсіну әдісін алға тартты. Түсіну әдісі адамның құндылық бағдарларымен байланысты психикалық өмірдің семантикалық мазмұнына енуді қамтиды. Тұлғаның дамуы құндылықтардың сапалы өзгеруіне байланысты. Дильтей рух туралы ғылым ретінде сипаттамалық психологияны жаратылыстану әдісіне негізделген түсіндірме психологиясына қарсы қойды.

Ресей психологы С. Л. Рубинштейн жаратылыстану білімінің объективті «позитивистік» бағытын талдай отырып, ол жаратылыстану әдісінің гуманитарлық білімге қолданылмайтындығы туралы қорытынды жасады. Гуманитарлық білімнің әдіснамалық негізі ретінде ол субъект идеясын алға тартты. «Бұл субъективтілік емес, субъектілік, оның пікірінше, гуманитарлық әдіснаманың ерекшелігін ашады...» [3].

Тарихшының ғылыми таным үдерісіндегі рөлі мен міндеттері туралы мәселені ерекше маңыздылығын ескере отырып арнайы қарастырайық. Ол "құрғақ" фактілердің пассивті тіркеушісі бола ма, өткен оқиғалардың барынша объективті бейнесін жасайды ма, әлде ол

ішкі (интуитивті) ресурстарды немесе сыртқы (әдістемелік) бағдарларды қолдана отырып, фактілерді таңдап, олардың тізбегін құру арқылы ақпаратты белсенді қабылдайды ма? Жалпы, объективті тарихнама болуы мүмкін бе? Психология тарихы өзі зерттейтін процестерді қайта қалпына келтіреді, сондықтан ол қайта құрушы (реконструкция) пәні болып табылады, ал өткенді психологиялық-тарихи реконструкциялау әдісі оны зерттеудің негізгі әдісі болып табылады. Тарихи - ғылыми таным тарихи дереккөздерге негізделеді және олардың табиғатымен тікелей анықталады, сондықтан ол жанама сипатта болады. Сондай-ақ, тарихи зерттеу барысында біз жай корреляциялық байланыстарды не кездейсоқ оқиғаларды себеп-салдарлық, детерминирленген оқиғалар мен заңдылықтардан ажырата аламыз.

Тарихи-психологиялық зерттеулер құндылық фактордан тыс бола алмайды. Бір ескеретін жай, болашақ ғалымдардың әлеуметтенуі әртүрлі әлеуметтік жағдайларда, әр түрлі әлеуметтену институттарының әсерінен өтеді. Сондықтан олар әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдар да болады. Біреулері шетелге табынуды жөн көрсе, басқалары отандық сабақтастық пен төлтумалық ұстанымын тәуір көреді.

Тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтендіру және кәсібилендіру институттары жүйесінің арасындағы маңызды айырмашылық институттардың түрінде емес, олар жеткізетін әрі тарататын құндылықтарда болды. Және ұлттық сананың өсуі де қоғамдық ғылымдарға әсер етті.

Әлемдік психологиядағы қазақстандық психология бейнесі қандай? Қандай кірпіш боп қаланамыз? Бұл онтологиялық мәселе, біздің дербес психологиямыздың болу проблемасы екен. Тіпті көрші Ресейдің психологтары қазіргі заман жағдайында «отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым біртіндеп шетелдік ғылым жасаған білімді (сонымен қатар гипотезаларды, интерпретацияларды, қате түсініктерді және т.б.) біздің әлеуметтік тәжірибемізге тарату (трансляция) механизміне айналады» деп аяусыз шыншылдықпен жазуда [4, 22].

Біз де Ресей секілді әлемдік ғылымның «енді ғана дамып келе жатқан» провинциясының өкілдері болып табыламыз. Ал ғылымның негізгі міндеті – «жергілікті топыраққа батыстық рецепттерді енгізу». Отандық ғылым саласы жаңа білім өндірушілер ретінде жоғала бастайды. Төлтумалық, «интеллектуалдық егемендік» туралы сөз қозғамасақ та болады.

Бүгінгі таңда жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуы оларды ең алдымен шетелдік психологияның тәжірибесін белсенді игеруге бейімдейді. Отандық ғылымның Батыс психологиясымен бірігуі күшейіп келеді және бұл процесс біржақты сипатқа ие болуда. Отандық ғалымдар шетелдік авторлардың концепциялары мен теорияларын аударады, баяндайды, үзінді және сілтеме келтіреді және университеттердің білім беру бағдарламаларына қосады. Қарсы жүріс, қозғалыс іс жүзінде жоқ.

Бүгінгі таңда отандық кітап нарығы шетел әдебиеттерімен, соның ішінде студенттер де, оқытушылар да оқу процесінде кеңінен қолданылатын тамаша заманауи оқу басылымдарымен толтырылған. Мұның игі жағы болғанымен, екінші астары да бар. Төлтума оқулықтар жазу қажеттігі жоғалады. Қазіргі уақытта отандық ғылымда прагматикалық, қолданбалы бағыттардың басым дамып келе жатқандығына байланысты жағдай тіпті асқынып кетті. Сәйкес шетелдік концепциялар мен теориялар сыни тұрғыдан қабылданбайды. Олардың Қазақстандықтардың менталитетіне келу не келмеу жағы мүлде қарастырылмайды десе де болады.

Жалпы еліміздегі психология ғылымының тарихи тамыры қайда? Түркі ойшылдарының ең атақтысы Әл-Фарабиден бастап Асанқайғы, Шалкиіз, Мұхаммед Хайдар Дулати, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет, т.б. ақын-жыраулар, Абай мен Шәкәрім, Алаш қайраткерлерінің мұраларына негізделе ме? Әлде кеңестік замандағы отандық психологияның институционалдық дамуынан бастаймыз ба? Санақ нүктесін таңдау да оңай болмай тұр.

Қазақстандық психологиялық ғылымның институционалдық құрылуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары басталды. 1946-47 жылдары республиканың екі жетекші жоғары оқу орындарында (КазГУ мен КазПИ) психология кафедрасы мен психология бөлімдерінің ашылуы маңызды оқиға болды. Мәселен, біздің Қазақ университетінде психология бөлімінің ашылуына, сол кездегі университет ректоры Төлеген Тәжібаевтың ықпалы үлкен болды. Еліміздің психологтары жетекші университетті басқара алатынын көрсетті. Басқарудың әкімшілік тұтқалары кімнің және қандай мамандық иесінің қолында болса, сол ғылым саласы жақсы дамитынын байқаймыз. Педагогика және психология кафедралары мен психология бөлімдерінің пайда болуы, мектептерде психология пәні оқытылуы, журналдарды, кітаптарды басып шығару - мұның бәрі мемлекет тарапынан үлкен қолдау мен мүдделік көрсету арқасында ғана орын алды.

Келесі бір аспекті - мемлекеттік қолдау тұрғысынан Қазақстандағы психология ғылымының даму тарихын қарастыру. Бұл үшін отандық психологияның институционалдық дамуын талдау қажет. Ресейде мұндай зертеушілері мұндай зерттеулер жеткілікті. Мәселен, психология тарихшысы Игорь Никитович Семенов ұсынған институционалдық-персонологиялық тәсіл өзінің ойға қонымдылығын көрсетті. Бұл тұғыр әлеуметтік-мәдени және ғылыми талдау парадигмаларының қиылысында дамиды. Психологияның эволюциясын тарихи-ғылыми зерттеу үшін дәстүрлі тәсілдермен қатар (мән-жайларды анықтау, оқиғаларды, идеяларды, концепцияларды, эксперименттер мен заңдылықтарды талдау), психологтардың зерттеу және ұйымдастырушылық қызметі жүзеге асатын институттардың психологияны дамытудағы маңызды рөліне назар аудартады (институционалдық аспекті). Мұндағы басты субъектілер ретінде ғылыми ұжымдар, мектептер, сондай-ақ олардың қатысушылары мен оларды басқарған көрнекті ғалымдар алынады [5].

Қазақстандық психологиялық ғылымның институционалдық құрылысы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары басталды. 1946-47 жылдары республиканың екі жетекші жоғары оқу орындарында психология кафедрасының ашылуы маңызды оқиға. Педагогика және психология кафедралары мен бөлімдерінің пайда болуы, әр мектепте психология пәні оқытылуы, журналдар, конференциялар өткізу - мұның бәрі мемлекет тарапынан үлкен қызығушылықтың, мүдделік көрсету арқасында ғана болуы мүмкін.

Қорыта айтсақ, бүгінгі күні психологияның іргелі, қолданбалы және практикалық мәселелерін шешуде тарихи-психологиялық зерттеулердің қажеттігі еш күмән тудырмайды.

Әдебиеттер

1. Курек Н.С. История ликвидации педологии и психотехники в СССР. — СПб.: Алетейя, 2004 - 330 с.
2. Кольцова, В. А. История психологии. Проблемы методологии / В. А. Кольцова. – Москва : Институт психологии РАН, 2008. – 511 с.
3. Абульханова-Славская К.А. Брушлинский А.В. Философско-психологическая концепция С. Л. Рубинштейна. М., Наука, 1989. - 248 с.
4. Юревич А. В. Социогуманитарная наука в современной России: адаптация к социальному контексту. Препринт WP6/2004/02. — М.: ГУ ВШЭ, 2004. - 28 с.
5. Семенов И.Н. Взаимодействие Б.Ф. Ломова и Я.А. Пономарева в институциональном развитии психологии творчества // История отечественной и мировой психологической мысли: Постигая прошлое, понимать настоящее, предвидеть будущее. М., 2006. - 567 с.

СЕКЦИЯ I

**АКАДЕМИК Т.Т.ТӘЖІБАЕВТЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАҒЫ ТАРИХИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

СЕКЦИЯ I

**ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Т.Т. ТАЖИБАЕВА
В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ И АКТУАЛЬНЫЕ
ВОПРОСЫ ОБРАЗОВАНИЯ**

SECTION I

**HISTORICAL HERITAGE T. T. TAZHIBAEV
IN PSYCHOLOGICAL, PEDAGOGICAL SCIENCE AND CURRENT
ISSUES OF EDUCATION**

ПЕДАГОГ. ҒАЛЫМ. ҚАЙРАТКЕР
(Академик Төлеген Тәжібаев туралы)

Түрікпен-Ұлы Жолмұхан
профессор Т.Тәжібаевтың шәкірті
Жубаназарова Н.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақала авторлары еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, психолог-педагог академик Т.Тәжібаев туралы естеліктер мен өмірбаяндық деректермен таныстырады.

Кілттік сөздер: Т.Тәжібаев, психология тарихы, педагогика тарихы

В статье отражены воспоминания и биографические данные об академике Т.Тажихбаеве, известном государственном и общественном деятеле, ученом-психологе и педагоге, внесшем неоценимый вклад в развития страны.

Ключевые слова: Т.Тажихбаев, история психологии, история педагогики

The authors of the article presented memoirs and biographical data about Academician T. Tazhibae, a well-known statesman and public figure, psychologist and teacher, who made an invaluable contribution to the development of the country.

Keywords: T. Tazhibae, history of psychology, history of pedagogy

Белгілі қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т. Тәжібаев (1910-1964) республикамыздағы халық ағарту ісін ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі болды.

Ол 1910 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданындағы 9 ауылда дүниеге келді. Шымкенттегі педагогика техникумын, Москвадағы Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын үздік дипломмен бітірді, соңғы білім ордасындағы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырып, 1938 жылы «К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологиясы» деген тақырыпта жазған диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғады.

Ұстаздық жолын Абай атындағы Қазақ педагогика институтының педагогика және психология кафедрасынан бастады. Доценті меңгерушісі болды. Ал, одан соң республика Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, бірнеше айдан кейін министрі, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарды.

Төлеген Тәжібайұлына 1949 жылы профессор атағы берілді, бес жыл өткен соң (1954 ж.) Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры міндетін атқарды. 1954 жылдың қазанында Т.Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайта тағайындалды. Ал, 1957 – 1961 жылдары Үндістандағы СССР Елшілігінің кеңесшісі болды. Одан келген соң өмірінің соңғы кезінде дейін Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры және меңгерушісі болды.

Білімдар ғалым 1962 жылы педагогика ғылымдарының докторы атағын алуға жазған монографиялық еңбегін ойдағыдай қорғады. Қазақ ССР Педагогика қоғамының президенті, Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің педагогика және психология саласындағы методикалық советінің председатели сияқты бірсыпыра қоғамдық жұмыстар атқарды. Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен және медальдармен нағратталды. Бірнеше рет Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты болып сайланды (1947-1959 жж).

Т.Тәжібаев алғашқы ғылыми зерттеулерінен бастап–ақ оқыған кітаптарына, назарын аударған ірі психологтарға өзіндік талғаммен, көзқарасымен қарады. Мысалы, «К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологиясы» туралы талдауларын философия ғылымдарының докторы Е.А.Еудилова СССР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, профессор В.Г.Ананьевтың психология тарихына арнаған еңбектер дәрежесінде екенін атап көрсетті. Себебі, «ол еліміздегі және Шығыс Еуропа елдеріндегі психология

ғылыми саласындағы эксперименталдық зерттеулермен жете таныс екенін байқатты», - дейді.

Осыған байланысты студенттерге эксперименталдық курсын оқытуды қажет деп тауып, оқу құралын жазды. Сонын бірі – «К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологиясы» монографиясы еді.

Т.Тәжібаевтың бұл еңбегі бүкіл Россия педагогикасының ғылыми негізін қалаушы К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологиясына арналғандықтан, болашақ ұстаздар мен мұғалімдерді отандық педагогикалық психологиясының өзекті және проблемалық мәселелерімен таныстыруда ерекше рөл атқарды. Екінші жағынан, республикадағы жалпы психология ғылымының ілгерлеуіне, бағытының дұрыс қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Ал, бұл еңбектерді РСФСР Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі профессор В.Г.Ананьев «Т.Тәжібаев психология ғылымының тарихында тұңғыш рет К.Д.Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері жөнінде мәселе көтерді. Ол орыстың ұлы педагогына шынайы сүйіспеншілікпен қарап, оның бай мұрасын асқан мұқияттылықпен зерттей алды», - деп бағалады.

Республикамыздағы педагогика ғылымының дамуына тым кенже қалып жатқан саласы - педагогика тарихы, оқу – ағарту даму проблемалары еді. Осыны түсінген Т.Тәжібаев 1950 жылдардан бастап–ақ Қазақстандағы педагогикалық ой–пікірдің, оқу – ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде 19–шы ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой–пікірдің даму проблемасын сарайлайды. Сондай–ақ, Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «19 ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» деген еңбегі көпшіліктің қолына тиді.

Keң ауқымды ғылыми зерттеулерінде Қазақстандағы мектептер жүйесі дамуының өзіне тән жақтары, түрлі аймақтар мен оқу орындарына бағынған оқу–тәрбие мекемелерінің ерекшеліктері жан–жақты көрсетілген. Сол кездегі бүкіл россиялық мектептер жүйесінің бір тармағы болғанын жан–жақты дәлелденген. Сонымен бірге 19–шы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ арасындағы ағарту ісі қазақ дамығанын, оған орыс ғалымдары қаншалықты әсер етіп, оқу ісі қалай жүргізілгені айтылған.

Профессор Төлеген Тәжібайұлы мол білімін, ақыл–ойын, бай тәжірибесін шәкірттеріне оқыған дәрістерінде де шебер пайдаланған. Сондықтан профессор М.Балақаев «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: «М.О.Әуезов, Т.Т.Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек» деп орынды ескерткен. Ал, осындай еңбектері, творчестволық ізденуі М.Мұқанов, Е.Суфиев, Ә.Асылбеков, К.Қойбағаров, С.Д.Пименов, Г.М.Храпченков сияқты талапты ғалымдарды даярлауға, Орта Азия Республикаларының көптеген мамандарына ғылыми басшылық жасауға жағдай жасады.

Сондықтан үлкен ұстаз һәм қоғам қайраткері, дипломат, академик – ғалым Т.Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сынық, сыпайы, әрі салмақты, білімді мәдениетті болғанын бәріміз де сезінуге, бағалауға міндеттіміз. Қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі Төлеген Тәжібаевтың жарқын өмірі бәрімізге үлгі болуға тиісті.

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННЫХ ЗАРУБЕЖНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ О ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЕПАРАЦИИ ЮНОШЕЙ И ДЕВУШЕК ОТ РОДИТЕЛЕЙ

Храмова Е. А.

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Мақалада ата-анадан психологиялық сепарациялану тақырыбы бойынша соңғы шетелдік зерттеулер талданады, сонымен қатар 17 мен 21 жас аралығындағы жастардың өміріндегі бұл процестің маңыздылығы негізделеді. XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі психологиялық бөліністің зерттелу тарихына қысқаша экскурсия берілген.

Кілт сөздер: психологиялық сепарациялану, мінез-құлқын басқару стилдер

В статье произведен анализ современных зарубежных исследований на тему психологической сепарации от родителей, а также обоснована важность данного процесса в жизни молодых людей в возрасте от 17 до 21 года. Дан краткий экскурс в историю изучения психологической сепарации – от начала XX века до нынешних дней.

Ключевые слова: психологическая сепарация, стили совладания, копинг-стратегии

The article analyzes recent foreign studies on the topic of psychological separation from parents, and substantiates the presence of serious processes in the lives of young people aged 17 to 21 years. A brief excursion into the study of psychological separation is given - from the beginning of the twentieth century to the present day.

Key words: psychological separation, coping-strategies

Введение. Психологическая сепарация была объектом психологических исследований еще со времен начала прошлого века. В своей работе З.Фрейд «Очерки по теории сексуальности» [1] 1905 года впервые упоминает термин «сепарационная тревога», что в дальнейшем побудило многих психологов развить исследования – каждый в своем направлении. Это явление в своих трудах описывали Карл Юнг, Карл Абрахам, Мелани Кляйн, Рональд Фейрберн, Анна Фрейд, Джон Боулби, Маргарет Малер и многие другие.

Изначально термин «сепарация» относился лишь к раннему детскому возрасту и служил скорее для описания таких стадий как рождение (сепарация от тела матери) и отлучения от груди (сепарация от важного объекта в жизни ребенка). Так многие исследования того времени были направлены на изучение именно младенцев и их поведения в связи с данными этапами.

И лишь к концу XX века сепарацию стали рассматривать не только с точки зрения психологической и функциональной зависимости младенца или ребенка раннего возраста от матери, но и отделение людей юношеского возраста, которые уже ощущают себя как полноценную личность от теперь равных ему, по сути, родителей. Если уравнивать многие культуры в возрастной специфике и этапах становления, юноши и девушки в среднем начинают свое отделение от родителей в возрасте 17-18 лет. Большинство в этом возрасте уезжают на учебу в другие города и страны, либо ищут другие пути покинуть дом и окончательно обособиться от родителей обретая тем самым свободу.

Актуальность темы психологической сепарации от родителей обусловлена непосредственным влиянием на качество жизни молодого поколения. Будучи не сепарированными молодые люди не могут сами совладать со стрессовыми ситуациями в жизни, реже создают семьи, чаще разводятся, т.к. функционально и эмоционально место потенциального партнера занимают родители, закрывая тем самым потребность выходить в мир и создавать собственную семью, становясь отдельным членом общества.

В данном обзоре анализ будет произведен с точки зрения исследования Дж. Хоффмана опубликованного в 1984 году [2]. В статье «Psychological separation of late adolescents from their parents» он предлагает тестовую методику, согласно которой сепарация определяется за счет отделения от родителей по нескольким параметрам. Так

чтобы быть полностью сепарированным человеку необходимо пройти эмоциональную, аттитюдную, конфликтную и функциональную сепарации от своих родителей.

Основная часть

Одно из последних исследований, проведенных в 2022 году в Южной Корее, описывает взаимосвязь между тем, как юноши и девушки живут в соответствии с ожиданиями их родителей и их общим уровнем удовлетворенности собственной жизнью в контексте сепарации от родителей. Выборка студентов колледжа составила 343 человек [3]. Результаты оказались неожиданными: жизнь в соответствии с родительскими ожиданиями положительно коррелирует с удовлетворенностью жизнью в целом. Однако данная связь имеет место быть у тех студентов, общая независимость от родителей которых мала. То есть те студенты, которые менее сепарированы, счастливы жить в соответствии с тем, чего от них ожидают родители. Это дает нам возможность предположить, что не пройдя аттитюдную и эмоциональную сепарацию студенты не вывели собственных взглядов на жизнь и приоритетов, полностью удовлетворяясь теми требованиями, которые им выдвигают родители и живя в соответствии с ними, что приносит им удовлетворение.

Еще одно крупное исследование было проведено в Японии в 2022г. Выборка составила 14 428 девушек из пяти возрастных групп в диапазоне от 12 до 25 лет. Исследование было направлено на изучение профилей отношений в связке родители-дети в этом извечном неуловимом балансе – сепарация от родителей и доверие к ним. В ходе исследования было выявлено шесть основных профилей: здоровый-независимый, нездоровый-независимый, сбалансированный, амбивалентный, связанный и отстраненный. Связанный профиль преимущественно демонстрировали ранние подростки, в то время как среди ранних взрослых преобладал здоровый-независимый профиль. Данный профиль показывал прочную связь с идентичностью и удовлетворенностью жизнью, а критерий «спутанность идентичности» был низким так же у здорового-независимого и связанного профилей. По утверждению исследователей данная картина демонстрирует факт контроля над своим процессом сепарации у ранних взрослых – находясь в здоровых, но и независимых отношениях они сохраняют доверительные отношения с родителями, при этом сохраняя собственную идентичность и испытывая удовлетворение от жизни. Эти результаты, к слову, не оправдывают ложных представлений у некоторых людей о том, что это сепарация - есть отказ от родителей.

Что касается европейской части континента, то в 2018 году в сразу нескольких европейских странах - Греции, Норвегии, Польше и Швейцарии - было проведено исследование на тему воспитания поздних подростков [4]. В рамках исследования на тему взаимоотношений с родителями (отдельно мать и отец) было опрошено 745 человек в возрасте от 18 до 20 лет. По его результатам выяснилось, что такие критерии как «автономность» (как со стороны матери, так и со стороны отца) и «отзывчивость» положительно коррелировали с благополучием юношей и девушек во всех четырех странах. Помимо этого, было выявлено общее сходство в стиле воспитания по Европе, т.к. результаты между странами были весьма схожими и одно гендерное различие – с матерью детей больше связывает психологическая и функциональная связь, а с отцами финансовое обеспечение. И именно такие связи влияют на их благополучие. Логично предположить, что именно матери во многих семьях отвечают за психологическую атмосферу в семье и функционально обеспечивают ребенка с точки зрения стирки, готовки и прочих бытовых взаимодействий, а отцы финансово обеспечивают семью.

В 2018 году так же было проведено исследование в University of Ljubljana в Словении [5], где было опрошено 2040 участников в возрасте от 18 до 28 лет. В ходе исследования испытуемые давали отчеты о себе и своих взаимоотношениях отдельно с матерью и отцом. С помощью кластерного анализа было выявлено четыре основных типа взаимоотношений молодых людей со своими родителями. Более половины из них были отнесены к одному из типов – как по отношению к отцу, так и по отношению к матери у испытуемых преобладал индивидуированный-родственный тип. Исследователи отметили

что расценивают индивидуированный-родственный и индивидуированный-независимый типы как здоровые варианты процесса сепарации-индивидуации, хотя и более отстраненные. В то время как тревожный и зависимый типы вызывали сложности с этим процессом. Тип взаимоотношений напрямую зависел от таких параметров как пол и возраст.

Иначе обстоит дело в восточных странах. Исследование было проведено в Турции в 2021 году [6]. В его рамках была изучена связь между психологическим благополучием и уровнем сепарации-индивидуации у 285 студентов университета в возрасте от 18 до 26 лет. В ходе исследования выявилась следующая связь: шкала связи между благополучием и сепарацией была линейной, предсказав 23% сепарации, а корреляция обозначилась как значимая и отрицательная. То есть чем выше уровень психологической сепарации у респондента, тем ниже уровень его психологического благополучия и наоборот. Сепарированные и несепарированные студенты различаются по уровню благополучия, хотя гендерных различий в этом отношении выявлено не было.

Еще одно исследование из Турции, опубликованное в 2020 году, было проведено с участием 488 старшеклассников (17-18 лет) [7]. В данном исследовании была изучена связь между ассертивностью и сепарацией-индивидуацией среди ранних взрослых. Причем процесс сепарации здесь рассматривается с таких точек зрения как сепарационная тревога и страх отвержения родителями. Результаты оказались следующими: чем выше был уровень ассертивности, тем ниже были сепарационная тревога и страх отвержения. При этом ассертивность в данном исследовании предполагалась как предиктор сепарационной тревоги и страха быть отвергнутым родителями. В результате выявилось, что ассертивность является негативным предиктором для данных критериев. По данным результатам исследователи сделали вывод, что развитие такого навыка как ассертивность является отличным подспорьем для развития и становления личности раннего взрослого.

Заключение

Анализ зарубежных исследований явно указывает на то, что отношение к такому важному и сложному процессу как сепарация в мире весьма неоднозначно. Во многом это связано именно с традициями и культурой, которые напрямую влияют на то, как складывается жизнь того или иного человека – принято ли у него жить с семьей по достижению взрослого возраста, как в странах Азии или же уезжать из дома сразу по исполнению 18 лет, как в США? Расценивает ли общество процесс сепарации-индивидуации как негативный процесс или всячески стремится дать своим детям свободу действий и автономию? Все эти различия делают картину весьма неоднозначной и результаты разнятся в зависимости от региона. В Казахстане подобное исследование будет иметь свою специфику. В целом картина довольно воодушевляющая, ведь большинство исследований по уровню сепарации, где бы они не были проведены, указывают на относительно высокий ее уровень у большего числа респондентов, что говорит о том, что человечество в целом стремится к гуманистическому подходу – уважать личность в любом ее возрасте, поддерживать и давать автономию подрастающему поколению.

Литература

1. Sigmund Freud. Drei Abhandlungen zur Sexualtheorie, 1905.
2. Hoffman, J. A. Psychological separation of late adolescents from their parents / Hoffman, J. A. // Journal of Counseling Psychology, 1984, 31, pp.170–178.
3. Living up to Parental Expectations, Psychological Separation, and Life Satisfaction / Soojung Lee, Myung Sun Kim, Dohyung Lee [and etc.] // Emerging Adulthood, 2022.
4. Parenting and Late Adolescents' Well-Being in Greece, Norway, Poland and Switzerland: Associations with Individuation from Parents / Ania Filus, Beate Schwarz, Kostas Mylonas [and etc.] // Journal of Child and Family Studies, 2019, № 28, pp. 560–576.
5. Tina Kavčič. Types of separation-individuation in relation to mothers and fathers among young people entering adulthood / Tina Kavčič, Maja Zupančič // Journal of Youth Studies, 2019, Volume 22, pp. 66–86.
6. İlhan ÇİÇEK. Psychological Well-Being and Separation-Individuation In University Students / İlhan ÇİÇEK // Kastamonu Education Journal, 2021, Vol. 29, №4, pp. 124-133.

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ТРУДАХ ТАЖИБАЕВА ТОЛЕГЕНА ТАЖИБАЕВИЧА

Акажанова А.Т.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

Мақалада Т. Тәжібаевтың Қазақстанның жас және педагогикалық психологиясы саласындағы психологиялық-педагогикалық іс-әрекеті ашылады. Автор Ж.Пиаженің Л.С. Выготскийдің шығармашылығына тигізген әсеріне көңіл аударады, XIX және XX ғасырдың басындағы халықтық білім мен ағарту жағдайына, "Ресейдегі К.Д.Ушинский және педагогикалық психология" диссертациясының маңыздылығы мен мазмұнына ерекше мән беріледі.

Кілт сөздер: жас және педагогикалық психология, білім және ағарту, мектептер, педагогикалық психология

В статье раскрывается психолого-педагогическая деятельность Т. Тажибаева в области возрастной и педагогической психологии Казахстана. Особое значение придается его исследованиям по изучению влияния Ж. Пиаже на творчество Л.С. Выготского, на состояние народного образования и просвещения в XIX начале XX вв., на значимость и содержание диссертации «К.Д.Ушинский и педагогическая психология в России».

Ключевые слова: Возрастная и педагогическая психология, образование и просвещение, школы, педагогическая психология

The article reveals the psychological and pedagogical activity of T. Tazhibaev in the field of developmental and pedagogical psychology of Kazakhstan. Particular importance is attached to his research on the study of the influence of J. Piaget on the work of L.S. Vygotsky, on the state of public education and enlightenment in the 19th and early 20th centuries, on the significance and content of the dissertation "K.D. Ushinsky and pedagogical psychology in Russia.

Keywords: age and pedagogical psychology, education and enlightenment, schools, pedagogical psychology

Неоценимую роль в становлении и развитии возрастной и педагогической психологии в Казахстане сыграла деятельность известного ученого педагога-психолога, общественного деятеля **Толегена Тажибаевича Тажибаева (1910–1964)**. Доктор педагогических наук (1962), профессор (1949), академик Академии наук Казахской ССР (1952) Т. Тажибаев был не только педагогом, но и тонким психологом, глубоко и основательно разбиравшимся во внутреннем мире человека. Он по праву считается основоположником психолого-педагогического направления в казахстанской науке и его работы посвящены изучению идей взаимосвязанности этнопсихологии и этнопедагогики. Опираясь на труды зарубежных психологов и педагогов он умело представлял свои научные положения и выводы по проблемам обучения и воспитания. Особое значение придавал общественно-политическим и философским взглядам К.Д. Ушинского, а также подверг анализу учения Леви-Брюля о первобытном (пралогическом мышлении). Являясь личностью с разносторонним интересом Т. Тажибаев, изучив труды швейцарского буржуазного психолога Ж. Пиаже, сумел показать его влияние на одного из ярких представителей советской психологии Л.С. Выготского. Так, например, схеме Пиаже: очередное аутистическое мышление Выготский противопоставляет свою схему: «социальная речь – эгоцентричная речь – внутренняя речь». Эксперименты ученого показали, «что эгоцентрическая речь ребенка рано начинает выполнять в его деятельности чрезвычайно своеобразную роль». По мнению автора, эгоцентрическая речь не просто умирает, а переходит в школьном возрасте во внутреннюю речь, и что она является «внутренней речью по своей психологической функции и внешней речью по своей физиологической природе» (Выготский Л.С. Мышление и речь. – С.38-46). По данному поводу Т. Тажибаев пишет следующее: «Однако при ближайшем рассмотрении эта схема Выготского совершенно в иной форме, вся ее революционность и на первый

взгляд материалистическая постановка вопроса окажется совершенно ложной. Выготский только словесно противопоставил свою схему схеме Пиаже, на деле, не преодолев идеализм Пиаже, оказался под его влиянием [1, 52-58]. Это пример глубокого анализа и критического мышления самого Т. Тажибаева.

Ключевые слова: интеллектуальное, образование, информация, социальная, информация, экономика, мониторинг, глобализация, духовное, информатор, автор, дидактика, процесс, понятие, классификация, схема, сенсорика, форма, эталон.

There is not and cannot be a ready-made principle of teacher mastery, because every person in society, every person in the profession, every teacher should have several questions that he asks himself throughout his life and is always looking for answers to them. In order to find the answer to this eternal question, a real professional master is something that only a teacher can do. At the world level, both psychologists and educators show how the spiritual, intellectual, professional and creative self-development of each teacher as a person manifests itself at every stage of his life. Among the many professions in society, a profession that requires versatile knowledge, flexibility, skill, exceptional apprenticeship, kindness is a pedagogical profession. The reason is that the teacher's work, firstly, should give knowledge on the foundations of science accumulated in the history of human society, and secondly, constantly communicate with his students and study, one can say, a real specialist who took over the leadership of a child's dream and its mysterious fate. Today's teacher is obliged not only to give his students comprehensive information about the basics of science, but also to teach them to study world knowledge, develop knowledge, receive information and enter the economic space, that is, to live in conditions of fierce competition. He is only capable of becoming a real teacher, every teacher loves his profession, his subject, all students, school, only interest and love for this profession will lead him to difficult deeds, help him boldly start any business.

Key words: intellectual, formation, information, social, data, economy, monitoring, globalization, spiritual, informant, author, didactics, process, concept, classification, scheme, sensory, form, standard.

Кіріспе: Мұғалімнің шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес, себебі, қоғамдағы әр адамның, әр мамандық иесінің, әр ұстаздың өзіне-өзі өмір бойы қоятын және оған әрдайым жауап іздейтін санаулы сұрақтары болуы міндетті. Сол үшін сол мәңгі сұрақтың жауабын іздену, нағыз кәсіби шебер ұстаздың ғана қолынан келетін құбылыс. Әлемдік деңгейде психологтар да, педагогтар да әр ұстаздың адам ретіндегі рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Қоғамдағы көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық ол ұстаздық мамандық. Оған себеп, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған нағыз маманды айтуға болады.

Бүгінгі ұстаз, шәкірттеріне ғылым негіздерінен жан-жақты мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білімді оқып үйренуге, білімін дамытуға, ақпарат алып, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу міндетті. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді, әрбір мұғалім өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін,

мектебін шексіз сүйетін, осы мамандыққа деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, кез-келген іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас ұрпақтың санасында мәңгі ұстаз болып қалады, әрі ұстаздың осыншама қадір-қасиеті, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауынан көрініп тұратындығында. Себебі, оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да үлгі өнеге болары анық.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,- деген[1]. Қай қоғамда да, білім беру жүйесі- барлық мамандықтардың мамандарынан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқаруды, және ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Себебі, қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті, өз еліне аянбай адал қызмет жасайтын ұрпақты тәрбиелеу мектептегі шәкірттердің бойына сіңіру, ол мұғалімнің міндеті. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педагогтік шеберлік дегеніміз - дарынды талант қана емес, үйрену, ізденудің нәтижесі.

Негізгі бөлім: Ұлы педагоктар мен ғалымдардың еңбектерінде мұғалімдік еңбекті былай бағалаған: мәселен А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский т.б. ғалымдардың еңбектерінде, мұғалімдік еңбек - ол адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі , рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан[2-3, 4].

Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі екендігін дәлелдеген. Мұғалім, оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырып дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік, мәдени жағдайларды еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлға болуы заңды. Соған орай, кез-келген мұғалімнен алдындағы шәкіртінің тәрбиелі, білімді болуын мектеп қабырғасынан қалыптастыруын талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік меңгерген, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман мұғалімді айтуға болар.

Қазіргі білім беру саласының қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндет – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Қазіргі таңда жас мамандардың, бірден жаңа ортаға ілесіп кетуі екі талай, себебі жаңа формацияның міндеті жастардың жаңа келген ұстазды қалыптастыру үшін не істеу керек? –деген сұрақтың тууы орынды. Жаһандану дәуірі – әлемдегі барлық елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара қарым-қатынас үрдістерінің жандану дәуірі болғандықтан, кәсібиліктің бірден бола салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс.

«Американдық психологтардың анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз – бұл, тани білу, жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті» -деген.

Шығармашылық жаңа формация мұғалімінің жаңа келген жастардың психологиялық тұрғыдан, жаңа материалдық рухани құнды дүние тудырып тұлғаны қалыптастыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары деңгейі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылық пен

кәсібилікке жету үшін тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісінен қанағат табу сезімі болуы қажет. Осыған орай адам идея, жаңалық аштым деп ойлайды, ал шын мәнінде олар адамды шыңдайды деген ғалымдардың пікірінің дұрыстығына көз жеткізе түсеміз. Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз, ол аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс.

Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір жаңа келген мұғалімге қажет екендігін, әрбір тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, балалардың тек өткенге ғана емес, болашаққа қызығушылығымен, іс-әрекеттерінің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттіліктерімен ерекшеленетіндігін түсінуі қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді.

Неміс ғалымы педагог, философ Ф.А. Сохин, өзінен бұрынғы және өзімен тұстас ғалымдардың жұмыстарына талдау жасай отырып, соның негізінде оқуды меңгерте отырып таным әрекеттерінің қалыптасып дамуында үлкен жетістіктерге жетті [5]. Сабак үстінде оқушылардың материалды меңгеру процесі басты нәрсе болғандықтан оқу процесін талдаудың негізгі мақсаты мұғалімнің іс-әрекетінен көрінетіндігі.

Қазақстандық авторлар мен шет елдік авторлардың дидактикалық оқыту процесіндегі концепциялар классификациясы көбіне ұқсас. Оқыту теориясы мен меңгеру белгісі бойынша, берілген заңдылықтан оқытушының бастаушылық рөлінен оқытуда алатын, оқушылардың саналылығы өз бетімен жұмыс істей алатындығы, әрі белсенділік қасиеттері байқалады.

Ғалымдардың пікірінше, оқу процесіндегі арнайы жүйелілік – психологиялық зерттеуді қажет ететін, оқыту процесі дидактикалық жүйе ретінде танымдық үрдістің психологиялық жүйесіне енгізіледі деді. Психологиялық жүйе ретінде оқыту процесінің тиімділігін айқындайтын фактор оқушылардың танымдық процестерінің қалыптасуы мен дамуына, оқу процесін өз бетінше меңгеруге бейімділігі байқалады. Жүйелі тәсілдің мазмұны мен болмысын біржақты анықтау қиын. Соған орай, жан-жақтылық мақсатпен, оқыту процесін меңгеруде жүйелілік тәсілдің принциптерін пайдалану, әрі оқыту процесінің жүйелі психологиялық талдауын жүргізу тиімді болары сөзсіз.

В.А. Крутецкий, оқытудың түрлері мен методтары жөнінде өзінің «Ұлы дидактика» - деген еңбегінде, жазды: «Ол осы еңбекті оқытудың «сыныптық оқыту» деп аталатын түрі деп көрсетті». Оның бұл еңбегінің маңыздылығы сонша, қазіргі уақыттың өзінде оқыту жүйесінде осы оқыту түрі – «сыныптық оқыту» әлі қолданылып келеді. Бірақ соңғы уақыттарда оқытудың бұл түрінің тиімділігі төмендеп барады. Дидактикалық сан жылғы еңбектері оқыту процесінің тиімділігін арттыруға немесе сол мақсатпен оқытудың жаңа түрін ойлап тапшады[6, б.10].

Сонымен, балалардың дамуының оқыту процесіндегі ең басты және анықтаушы жағы белгілі бір іс-әрекет, әрекет - әдістерін күрделендіруден тұратындығында. Қазіргі кезде көптеген зерттеулер мен оқу процесінде, ең алдымен кеңес психологтары, оқытудың мазмұнын, балаларға берілетін білімді және іс-әрекет әдістерін өзгерте отырып, баланың дамуын елеулі өзгертуге болатынын дәлелдеді.

Көптеген зерттеулерде, оқу процестерінде психолог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарында да нәтижелі зерттеп келеді, әрі оқыту мазмұнына психикалық талдау жасай отырып, сенсорлық дамудағы форма, түс эталондарын, математиканы оқытудағы түрлі үлгілер мен схемалар өлшемдері енгізілді. Балалардың таным әрекеттерінің қалыптасуын зерттей келіп, олардың кезең-кезеңдік қалыптасуының концепциясын талдап шешті. Авторлардың, практикалық, материалдық әрекетінің ішкі жоспарға көшуі, сыртқы әрекеттік заттармен «оралуы» - деп түсіндірілуде.

П.Я.Гальперин, баланың ойлауын әрі оның дамуын, соның ішінде практикалық ойлаудың сөздік ойлауға көшуін зерттеген Л.С.Выготский, бұл көшудің негізгі жолдары мен шарттарын анықтап белгілеп берді, әрі бұл зерттеуді әрі қарай жалғастырған ғалымдарда, ілгері қарай жалғастырып, практикалық әрекет ету, тіпті логикалық тұрғыдан

ең жоғарғы деңгейдегі дәрежесін көрсетті. Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу процестерін, қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекеттерінде қалыптастырып дамытуға болатындығы дәлелденді. Танымдық ұғымның, танымдық іс-әрекеттен айырмашылығы оқушының оқу-тәрбие процесіндегі әрекетінің танымдық іс-әрекетпен тығыз байланыстылығында. Оқу-тәрбие процесімен қатар, танымдық әрекеттері де жүйелі деңгейде дамып жетіліп отыратындығында. [3,4].

Психолог-ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденгендей танымдық іс-әрекеттің оқу процесінде қалыптасуын, оқушының әрекетінен байқауға болады. Оған дәлел ретінде, соңғы кездегі мектептегі жаңа бағдарламаға байланысты, соның ішінде оқыту методикасындағы тікелей оқушының өз іс-әрекеті арқылы әрекетті меңгеруінен көруге болады. Ғалымдардың методикаларынан, бастауыш сынып оқушыларына оқу-тәрбие процесін дамыта отырып, таным процестерінің сатылап дамуы мектепке дейінгі әр жаста және бастауыштың әр сыныптарында қалыптасып, даму дәрежесі анықталынауда. Ауыл мектептеріндегі, бастауыш сыныптағы оқушылардың таным процестерінің қалыптасуы мен бастауыштағы оқу процесі арқылы оқушының ойлауы мен сөйлеу процестерінің қалыптасып, дамуы, жетілуі іс-әрекетті әрекетпен ұштастырып меңгеруі, оқушылардың психологиялық дамуы. Осы қалыптасқан психологиялық оқу-тәрбие процесі, іс-әрекеттің нәтижелілігі яғни оқу-тәрбие арқылы қалыптасқан танымдық және жеке адамдық қасиеттердің көрсеткіштері деуге болады.

Танымдық іс-әрекеттің жалпы танымдық заңдылықтарын анықтау үшін оқушы мен оқытушының өзара әсер етуінің негізгі құралдарын көрсету қажет. Таным процесімен танымдық іс-әрекеттің арасындағы тығыз байланысты, оқыту процесіндегі оқытушының мақсаты, оқу-тәрбие процесі арқылы теориялық, методологиялық талдау жасап, және бастауыш мектеп сыныбындағы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің дамып қалыптасуымен қатар, ана тілі мен басқа тілдерді меңгеруін тәжірибелік жұмыстар арқылы көрсету. Бастауыш сынып оқушылары еліміздің болашақ иелерінің қалыптасу сатысының ең негізгі фундаменті болғандықтан, олардың өз ана тілінде де еркін сөйлеп, басқа тілдерді де меңгерулері тиімді болар еді.

Осы оқу процесі арқылы танымдық процестің қалыптасып, дамуы мен оқушының мектеп талаптарын орындау деңгейінің жоғарылауы, сабақты меңгеруіне мүмкіндік туады. Танымдық процестің жалпы танымдық заңдылықтарын анықтау үшін, оқушы мен оқытушының өзара әсер етуінің негізгі құралдарын көрсету қажет. Таным процесі мен танымдық іс-әрекеттің арасындағы тығыз байланысты өзара әсерді көрсететін көптеген ғылыми еңбектерде. Ауыл мектептеріндегі бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін қалыптастырып дамытуда психолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жүргізу. Мектепке алғаш келген баланың таным процесін қалыптастырудағы жетекші рөл атқаратын зейін процесі.

Бала онтогенетикалық даму барысында көптеген өмір жаңалықтарын кездестіреді, сол себептен өмір жолдарының ең алғашқы кезеңінде өте әлсіз, дәрменсіздігін байқатады. Себебі, бала өзінің даму жолында көптеген жаңалықтарға кездесіп, оны меңгеру барысында қиындықтарды басынан өткізеді. Дүниені тани отырып, соның талаптарына сай икемделіп, бейімделіп жетіледі. Бұл бейімделулер әлеуметтік, биологиялық заңдылықтарға байланысты жетіліп отырады. Баланың танымдық үрдісінің қалыптасып дамуы оның алған білімі мен шеберлігінің өзара байланысына негізделеді.

Оқыту процесінің бірлігін белгілейтін факторлар тек оның жалпы мақсатымен ғана анықталмай оның әдістері, формалары, құралдары арқылы анықталады. Ғалымдардың негізгі мақсаты ортақ байланыстылықты табу.

Бастауыш сыныпта оқушыларға психикалық танымдық процестерді қалыптастыруға, психикалық дамудың маңызды жағы баланың бойындағы психикалық процестер мен сапаларының, қабылдауының, зейінінің, қиялдаудың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің, мінез-құлықтың, психикалық дамуымен тығыз байланысты.

XXI ғасыр ұлттық бәсекеге, ақпараттық сайысқа, инновациялық технологиялар мен күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу- әр мұғалімнің міндеті. Мұғалім, барлық білім беру жүйесінің негізгі, жаны және жүрегі болуы керек. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты - рухани жан дүниесі бай, іздемпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі заманғы жаңа формация мұғалімі информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істей алатын жаңашыл болуы керек. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау, бүгінгі таңдағы жаңа формация мұғалімінің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Мұғалімінің өзі жеке тұлғаға кәсіби маман болуға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жетуі мүмкін емес. Бүгінгі таңда: «Ұстаздықтың алдына қойған міндет өте ауқымды: білім жүйесін іштей қайта құру және сол арқылы бүкіл қоғамдағы ағарту жүйесінің барлық аймағын өзгерту. Ол үшін, әрбір жаңашыл ұстаз, өзін іштей қайта құруы қажет, оған: құрылымдық, қызметтік, құндылықтық, білімділік, практикада қолдана білушілік, жаңа ұрпақтың мұғалімдерінің, андрагогика мен акмеологияның, психологиялық, педагогика мен гуманитарлық педагогиканың міндеті, білім жүйесін әр ұстаз өзіндік қайта құрудың мүмкіндіктерін іздестіру, адами рухани бастаулардың тазалығын тексеру. Мұнда этика мен адамгершілік дүниесін, біртұтас қабылдауға бағытталған философиялық рухани іс, дүние таным мен өзіне шексіз сенімі жатыр. Әр ұстаз өзінің адамгершілік қасиеті мен этикалық парызын орындауға тиіс. Білімді түрлендіруде, білім беру үрдісін реформалауда зерттеуші мұғалім, жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып қалыптасуы маңызды. Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға болуы міндетті. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты деген, мұғалімнің кәсіби біліктілігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады.

Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізділігі: біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықта болуы, оқушылардың бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі міндетті. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеруі тиіс. Білім берудің ұлттық модельіне көшкен қазіргі мектептерге: ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог, педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Қорытынды: Күнделікті іс тәжірибеде мұғалімнің кәсіби тұрғыда білімін көтеруіне мектеп ішінде де жағдай жасау керек. Ол үшін мектепте ғылыми әдістемелік кеңес пен бірлестіктердің және зертханалардың жұмыс істеуі маңызды. Бүгінгі өмір талабына сай ұстаздардың біліктілігі мен білімділігін шыңдап отыратын, жоғарыда атап өткен мәселелермен қатар, әр мектепте интернет жүйесі барлық сыныптарға қосылып жұмыс істеуі тиіс. Сондықтан да белгілі бір әдісті немесе іс- шараларды іске асырмас бұрын мұғалімнің әдістемелік жұмысының мазмұнын анықтаған жөн. Ол үшін мұғалімнің жалпы мәдениеттілік қасиеті, күнделікті сабаққа даярлығы, әдістемелік, зерттеушілік, кәсіптік адамгершілік, тәрбиелік мәдениеті, диагностикалық және басқару мәдениетінің жиынтығы арқылы кәсіптік педагогикалық деңгейін зерттеу қажет.

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда мектептегі жеткіншектерге білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеру жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

XXI ғасыр ұстазының тұлғасы мен іс әрекетін жүйелі ұғыну үшін оған жаңа теориялық методологиялық негізде талап қойылуға тиіс. Осы жолдағы алғашқы қадам, ауыл мұғалімдерін арнайы әлеуметтік кәсіби топ деп қарай отырып, оларды зерттеу бағытында психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік ілімдердің біріктірілуі қажет.

Міне, осындай жағдайларды ескере келіп, оның кәсіптік мәдениетінің өрістеуіне жан - жақты көмек, көңіл бөлу жағдай жасалуын ескерген жөн. Білімді, жан-жақты дамыған мұғалім, бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлғаны айтамыз. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі және солай болуға тиіс.

Білім берудің мақсатын айқындау үшін Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: "Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы»-деген. Сол үшін мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негізін салуы керек, сондықтан да ұстаз алдындағы басты міндет XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық, құжаттық мәдениеті, білімді, жан-жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу, «Ұстаз» атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол, өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам болуы тиіс. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маманды атаймыз.

Әдебиеттер

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую педагогику. Курс лекций. – М.: АСТ: Астрель, 2008.196 б.
2. Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учебное пособие для студ
3. Психологическая диагностика / Под ред. М.К. Акимовой, К.М. Гуревича. – СПб., 2008.
4. Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учебное пособие для студ.
5. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: Дидактический аспект – М. 2009.106 б.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Құлдыбаева М.Б., Джумагулова Г.Ш.

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан*

Психологиялық мәдениеттің феномені жалпы тұлға құрылымында және мұғалімнің кәсіби қызметінде маңызды орындардың бірін алады. Мұғалім өз жұмысын сапалы орындап қана қоймай, педагогикалық қызметте жеке және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға дайын болуы керек. Бұл мәселе әсіресе қазіргі жағдайда, педагогикалық кәсіптің беделі бұзылған, мұғалімнің имиджі өзгерген және мұғалімнің кәсіби сәйкестігінің дағдарысы болған кезде өткір түр. Педагогикалық қызмет мұғалімнің жетілген тұлғасы жүзеге асыратын ерекше қатынасты қажет етеді. Жеке жетілу еп біз психологиялық білімінің жоғары деңгейін, педагогикалық іс-әрекеттің терең мағынасын және оны тиімді жүзеге асыруға дайындықты түсінеміз, бұл, өкінішке орай, қазіргі жас мұғалімдерге жетіспейді. Кәсіби маңызды қасиеттер психологиялық мәдениеттің компоненттерімен өзара байланысты және мұғалімнің жеке басының бүкіл құрылымына енеді. Осы

қасиеттердің құрылымында психологиялық мәдениеттің қасиеттері кәсіби және жеке қасиеттермен тығыз байланысты және бірқатар кәсіби және педагогикалық дағдыларда көрінеді.

Кілттік сөздер: психологиялық мәдениет, психологиялық сауаттылық, психологиялық мәдениеттің функциялары, педагогикалық жағдайлар

Феномен психологической культуры занимает одно из важных мест в структуре личности в целом и в профессиональной деятельности педагога в частности. Педагог должен не просто качественно выполнять свою работу, а быть готовым к личностной и профессиональной самореализации в педагогической деятельности. Особенно остро этот вопрос стоит в современных условиях, когда подорван авторитет педагогической профессии, изменился имидж учительства и наблюдается кризис профессиональной идентичности педагога. Педагогическая деятельность требует к себе особого отношения, осуществляемого зрелой личностью педагога. Под личностной зрелостью, мы понимаем высокий уровень психологических знаний, глубокую осмысленность педагогической деятельности и готовность к эффективному ее осуществлению, чего, к сожалению, не хватает современным молодым педагогам. Профессионально-важные качества взаимосвязаны с компонентами психологической культуры и пронизывают всю структуру личности педагога. В структуре этих качеств, свойства психологической культуры неразрывно связаны с профессионально-личностными свойствами и проявляются в ряде профессионально-педагогических умений.

Ключевые слова: психологическая культура, психологическая грамотность, функции психологической культуры, педагогические ситуации

The phenomenon of psychological culture occupies one of the important places in the structure of personality in general and in the professional activity of a teacher in particular. The teacher should not only do his job with high quality, but be ready for personal and professional self-realization in pedagogical activity. This issue is especially acute in modern conditions, when the authority of the teaching profession has been undermined, the image of teaching has changed, and there is a crisis in the professional identity of the teacher. Pedagogical activity requires a special attitude, carried out by the mature personality of the teacher. Under personal maturity, we mean a high level of psychological knowledge, deep meaningfulness of pedagogical activity and readiness for its effective implementation, which, unfortunately, is not enough for modern young teachers. Professionally important qualities are interconnected with the components of psychological culture and permeate the entire structure of the teacher's personality. In the structure of these qualities, the properties of psychological culture are inextricably linked with professional and personal properties and are manifested in a number of professional and pedagogical skills.

Keywords: psychological culture, psychological literacy, functions of psychological culture, pedagogical situations

Қазіргі уақытта адамның әлеуетін ашу, жетістікке жету мотивациясын, тәуелсіздігін, жауапкершілігін қалыптастыру, әлеуметтену мен мәдениеттің жетекші көзі ретінде мұғалімнің жеке басына және қызметіне жоғары талаптар қояды. Атап айтқанда, балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеудегі антропоцентристік тәсілдің басымдығы және педагогтарға психологиялық жайлы білім беру ортасын жобалауға қойылатын талаптар болашақ педагогтардың психологиялық мәдениетін дамытудың рөлі мен маңыздылығын өзектендіреді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйесі педагогтары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттарына сәйкес қазіргі заманғы мұғалім белгілі бір лауазымдық міндеттерді орындауы тиіс, олардың ішінде: ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету; тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдай жасау оқу-тәрбие процесі кезіндегі ұйымдар; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасау және т.б. [1]. Біздің ойымызша, мұғалімнің психологиялық мәдениетін дамытудың белгілі бір деңгейінсіз жасау өте қиын болар еді. Психологиялық мәдениет, ойлау, құндылықтар мен мағыналар мәдениеті бола отырып, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы қазіргі адамға тұлғааралық және әлеуметтік деңгейлерде сындарлы түрде өзара әрекеттесуге ғана емес, сонымен бірге өзінің белсенділігін, бастамашылығы мен азаматтығын әлеуметтік маңызды ауқымды көрсетуге мүмкіндік береді.

Психологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы студенттік жаста, әлеуметтік өзін-өзі тану және дүниетаным қалыптасқан кезде, болашақ кәсіби қызметке белсенді дайындық жүріп жатқан кезде ерекше өзектілікке ие болады.

Бүгінгі күні психологиялық мәдениеттің әртүрлі аспектілерін, деңгейлерін немесе компоненттерін қарастыратын, сондай-ақ осы құбылыстарды қандай да бір жолмен анықтауға тырысатын көптеген зерттеулер бар. Сонымен, Е.А.Климов психологиялық сауаттылық ұғымын психологиялық мәдениеттің белгілі бір деңгейі ретінде енгізеді және ондағы келесі компоненттерді ажыратады: «ойлаудың жан-жақты бағыты; бөгде адамға қызығушылық; психологиялық танымэлементтерін меңгеру» - және одан әрі ол «ақыл – ойдың психологиялық бағыты адамға жоғары деңгейдегі мәдениетпен үйлесуі маңызды басқа адамдардың жеке бірегейлігіне төзімділік» [2].

О.И.Мотковтың пікірінше, психологиялық мәдениет – «бұл адамның дамыған ерекше қажеттіліктерінің, қабілеттері мен дағдыларының кешені» [3]. Психологиялық мәдениет адамның кез-келген өмірінің өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі реттеуінде, оның негізгі ұмтылыстары мен тенденцияларының әртүрлі түрлерінде, жеке тұлғаның өзіне, жақын және алыс адамдарға, тірі және жансыз табиғатқа, жалпы әлемге қатынасында көрінеді. Оның көмегімен адам психиканың, дененің ішкі талаптарын да, өмірдің сыртқы талаптарын да үйлесімді түрде ескереді. Л.С.Колмогорованың жұмысын психологиялық мәдениетті жүйелі зерттеудің алғашқы әрекеті ретінде тәуелсіз психологиялық құбылыс ретінде атап өткен жөн. Ол жалпы психологиялық мәдениет ұғымын енгізіп, оны кәсіби психологиялық мәдениет ұғымынан бөліп, оған келесі анықтама береді: «бұл адамның өзін-өзі тиімді анықтауға және өмірде өзін-өзі дамытуға және өмірге қанағаттануға ықпал ететін адамның жүйелік сипаттамасы ретінде негізгі мәдениетінің құрамдас бөлігі».

Тұлғаның психологиялық мәдениеті мыналарды қамтиды: жеке тұлға мен даралықты дамыту үшін жалпы мәдениеттің маңыздылығын түсіну; психологияның ғылыми негіздерін білу; әр адамның құндылығы мен бірегейлігін түсіну; өзіне және басқа адамға тән маңызды ерекшеліктерді түсінуге, іс-әрекеттің, көңіл-күйдің шынайы мағынасын анықтауға деген ұмтылыс пен қабілет; ықтимал қайшылықтарға, пікірлердегі, бағалаулардағы сәйкессіздіктерге дұрыс жауап беру қабілеті және олардың қызығушылықтарын, талғамдарын, әдеттерін, көңіл-күйлерін ескере және құрметтей білу, олардың сезімдері мен тәжірибелеріне шын жүректен жауап беру; өзін, мінез-құлқын, сезімдері мен қарым-қатынастарын көрсете білу; жеке қадір-қасиетін сезіну қажеттілігі және басқаның қадір-қасиетін қабылдау адам; сезім мен іс-әрекеттің тектілігі, эмпатия қабілеті және т.б. Мұғалімнің психологиялық мәдениеті – бұл психологиялық білім мен дағдылардың қалыптасқан жүйесі негізінде кәсіби – педагогикалық функцияларды тиімді жүзеге асыруда көрінетін және балаларды тұлғаға бағытталған және тұлғалық-дамытушылық оқыту мен тәрбиелеуді, барабар кәсіби өзін-өзі тану мен жетілдіруді, психологиялық денсаулықты сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін мұғалімнің жеке басының интегралды сапасы.

Психологиялық мәдениеттің функцияларына мыналар жатады: қоғамның психологиялық көзқарастарындағы жетістіктерді сақтау және беру; адамдардың тиімді өзара әрекеттесуін, өзара түсіністігін қамтамасыз ету; адамның сыртқы және ішкі іс-әрекетін интеграциялау; өмірдің өзін-өзі анықтауын, өзіндік өмір жолын саналы түрде құруды анықтау; адамның ішкі әлемін үйлестіру; адам қызметінің әртүрлі салаларында кәсіби маман қалыптастыру.

Психологиялық мәдениет өзін-өзі тануды дамыту, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, өзіне және әлемге қатысты жеке ұстанымды қалыптастыру, эмпатия дағдыларына үйрету, студенттің жеке басының субъективті қасиеттерін дамыту, болашақ кәсіби іс-әрекеттің сипатын, мақсат қою және жауапкершілік қабілеттерін көрсететін құндылықтарды өзектендіру сияқты негізгі компоненттерді қамтуы керек; шығармашылық ойлауды дамыту, саналы өзін-өзі реттеу әдістеріне үйрету, болашақ мұғалімнің жеке басын өзін-өзі басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін өзін-өзі басқарудың, өзін-өзі тәрбиелеудің және өзін-өзі бақылаудың практикалық дағдылары.

Тұлғаның психологиялық мәдениеті іс-әрекетте студенттің – болашақ мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті аспектісі ретінде қалыптасады, оның тікелей

қызметі білім беру субъектілерінің білімі мен дамуының тәсілдерін игеруге бағытталған және белсенді оқу іс-әрекетінде қалыптасады.

Зерттелетін құбылыстың мәнін кәсіби дайындық зерттеулерінде қарастыра отырып, эмоционалды, танымдық және мотивациялық негізгі компоненттер ретінде ерекшеленеді. Кәсіби қызметті психологиялық қамтамасыз ету мұғалімнің мотивациясын, рефлексиясын, бейімделуін зерттеуді және дамытуды қамтиды, ал кәсіби дайындықтың сапалық параметрлері мұғалімнің білімі, дағдылары, тәжірибесі және жеке қасиеттері болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби қызметінің ерекшеліктерін зерттеу кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі ретінде ұсынылатын үш қасиеттер тобын – кәсіби, психологиялық-педагогикалық және жеке тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіби қасиеттерге сабаққа дайындық, әдістерді таңдау, оқу іс-әрекетіне жағдай жасау және т.б. психологиялық-педагогикалық-қозғыштық, әдептілік, талапшылдық, ұйымшылдық, сенімділік, назар аударылды. Жеке тұлғаға – мейірімділік, әділдік, зейінділік, байсалдылық.

Университеттегі оқу қызметі студенттердің танымдық процестеріне, зияткерлік қабілеттеріне де, психологиялық құзыреттілігіне де ерекше талаптар қояды. Университет студенттерінің белсенділігін оқу-зерттеу, ғылыми жұмыс, өзін-өзі тәрбиелеу, оқытушылармен, құрдастарымен қарым-қатынас сияқты қызмет түрлерінде жүзеге асырылады.

Студентті оқытуды біз когнитивтік және әлеуметтік – кәсіби тәжірибені (ең алдымен интеллектуалды операциялар мен теориялық ұғымдар түрінде), шеберлік арқылы жүзеге асырылатын қажетті іс-қимыл тәсілдерін бақыланатын игеру жүзеге асырылатын оқу-кәсіби қызметтің күрделі процесі ретінде қарастырамыз.

Болашақ мұғалімнің психологиялық мәдениетін қалыптастыру педагогикалық жағдайларды талдау және ойнату арқылы жүзеге асырылады, онда әр түрлі проблемалық жағдайларда болашақ мұғалімнің міне-құлық үлгілері пысықталады, ал мұғалім оқушының орнын алады, семинар-практикумдар, тренингтер, іскерлік ойындар және т.б. өткізіледі. Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін болашақ мұғалім білім беру мекемесіндегі әлеуметтік-психологиялық жағдай туралы жеткілікті білімге ие болуы керек, тұтастай ағанда өзінің кәсіби даму перспективаларын анықтай алуы керек. Білім беру мекемесінің ішінде және сыртында әртүрлі құрылымдармен өзара әрекеттесудің оңтайлы стратегияларын таңдай біле маңызды.

Мұғалім оқушылар үшін психологиялық білімнің тасымалдаушысы ғана емес. Ол тиімді психологиялық әдістер мен технологиялар арқылы қол жеткізген оң нәтижелерді өмірге әкелетін адамның идеалды бейнесінің сәйкестігі тұрғысынан бағаланады. Оның білім беру процесіне оқушыларға деген сенімділігі, сондай-ақ жалпы білім беру процесінің тиімділігі мұғалімнің жеке өмірлік, кәсіби жетістігіне байланысты.

Осылайша, мұғалімнің табысты кәсіби қалыптасуының негізі интегративті кәсіби бағдарланған білімді, болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды құндылық бағдарларының жүйесін және кәсіби іс-әрекеттің жүйелі көрінісін, өзінің кәсіби іс-әрекеті тұжырымдамасын құруды және оны дамытуды қамтамасыз ететін шарт болып табылатын психологиялық мәдениеттің дамуының жоғары деңгейі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы // ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы 31.03.2022, № 121.
2. Еңбек психологиясы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Е. А. Климов [және т.б.] ; Е. А. Климова, О. Г. Носковой. — Москва: Юрайт баспанасы, 2022. — 249 с.
3. Мотков О.И. Әдістеме «Тұлғаның психологиялық мәдениеті» //Мектеп психологы. – 1999. – № 15. – Б. 8–9.
4. Колмогорова Л.С. Оқушылардың психологиялық мәдениетін диагностикалау.- Москва: Владос, 2002. – 260б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Кожатаева А.Е.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының психологиялық көзқарастары жайлы толық мағлұматты алумен қатар, аталмыш ақпараттардың әр түрлі педагогикалық тұжырымдамаларымен байланысы туралы айтылған.

Түйін сөздер: психология. көзқарас. білім. педагогика. ақпарат.

В этой статье подробно рассказывается о психологических взглядах Ахмета Байтурсынова, а также рассказывается о связи данных сведений с различными педагогическими концепциями.

Ключевые слова: психология. взгляд. образование. педагогика. информация.

In addition to the fact that you will get a complete picture of the psychological views of Akhmet Baitursynov from this article, you will also learn about the connection of this information with various pedagogical concepts.

Keywords: Psychology. Sight. Education. Pedagogy. Information.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуына өзіндік үлкен үлес қосушы ағартушылардың бірі хәм бірегейі. Ең алғашқы болып ұлттық құндылықтарды дәріштеп, тұңғыш қазақ әліпбиін жасақтап, қазағын оятатын идеологияның қалыптасуын жаны қиналып, тәні абақтыда жатса да бірінші мақсат еткен кемеңгер адам. Сол себепті де, өз заманының жанашыр бауырларымен бірігіп, жапон халқының ізгі руханиятын қазаққа әкелеміз деп жүргенде, бұрмаланып, бұқпаланып, жалған ақпаратпен «жапон тыңшысы» деген күдікке ілінді, ілініп қана қоймай, 1937 жылы жазықсыз жазаланып, кеудесін оққа тосып, мәңгілік сапарына аттана барды...

Ахмет Байтұрсынұлы жан-жақты тұлға ретінде таныс. Оның: ақын, жазушы,ағартушы, ғалым, ұстаз, аудармашы,педагог екенін білеміз. Ал, психология саласындағы мардымды жұмыстары мен еңбектері жайлы кеңінен мағлұмат ала бермейміз.

Ахмет Байтұрсынұлын «балалар атасы» деп бекер айтпаса керек. Ең алдымен ол кісіні педагог-психолог деп таныстырсақ жөн болар. Әрбір жазған шығармасы мен мысалдарында, еңбектерінің астарында адам баласына, балаларға саналы түрде ғибрат берер мол жеміс жатыр. Жануарларға тіл бітіріп, балаларға ой салғаны, қанжардай өткір, қиып түсер сөздерімен қазағына үндеу жасаған әрбір еңбегінен намыс оты оянары сөзсіз. Ахаңның педагогикалық-психологиялық көзқарастарының алғы шарттарының бірінде : «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», -деп басталғаны бекер емес-ті. Бала мейлі орыс, мейлі өзге мектепте оқыса да, бастауыш сыныпта ана тілін міндетті түрде оқуы тиіс деп, Ресейдің орыстандыру саясатына қарсы тұра білген.

«Еңбек жазсам, елім үшін, астары қалың болуы қажет», -деп санап: «Тіл құрал», «Әліппе астары», «Әліпби» сынды кітаптар жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Замандастарға» өлеңі, «Қырық мысал», «Ат пен есек», «Есек пен бұл-бұл», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу шортан хәм шаян», «Бақа мен өгіз», «Қасқыр мен тырна» өлеңдері мен аудармалары ғалымның тікелей психологиялық көзқарастарынан туған, және сол мақсатта аударылып, қазақ балаларына ұсынылған. Көрші елдердің ақын-жазушыларының шығармаларынан жақсылық, ізгілік сынды құнды жерлерін өз еңбектерінде пайдалана отырып, өзекті жұмыс жасаған.

Халықтық пікір мен ұлттық идеологияны қалыптастыруда, Ахметке үлкен ізденіс қажет болды, өзінің толасыз еңбегі мен қайсар мінезінің арқасында діттеген мақсатына қол жеткізіп отырды. Орыстың озбыр саясаты оны қажытса да, қалпын бермеді. Күресті, ізденді, жоспар құрды. Сондықтан да, дәл қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында «Ахмет Байтұрсынұлы» тарауын оны психолог-педагог ретінде жастарға таныстыруды қолға алынып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының психологиялық, педагогикалық, саяси, діни көзқарастары мұнымен шектелмес-ті. Оның: «Әдеиет танытқыш» еңбегі эстетикалық-философиялық танымын, сыншылдық келбетінен көрініс берсе, лириканы толғау деп алып, ұлттық салт-

сананы кеңейтуші, пікір қалдырушы ретінде танытты. Педагогикалық көзқарастары оның әрбір жазған мақаласындағы қанатты сөздері мен мақалдатып сөз тізбектегенінен айқындалды, Ал, Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті саласындағы және жалпы психологиялық көзқарастары оның Пушкинмен дос болып, Крыловқа қызығушылық білдіріп, қазағына бұқпасыз бояу сыйлауында. Ахаңның көзқарасы, халықтың қайнар көзі. Оның мұрасы, қымбат қазына.

Әдебиеттер

1. Қазақ прозасы: Хрестоматия-Алматы: Ғылым, 2001.Т.-2.-672б.
2. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы.- Алматы: Ана тілі, 1992-448б

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУШЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ СТРЕССМЕНЕДЖМЕНТ

**Бердібаева С.Қ., Гарбер А.И., Бейсенова Ж.Ж., Алимжанова А.Ш,
Лимашева Л., Бектеміс Н. Ы.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

*Stichting Euregio University/Hochschule Заманауи университеті
(Нидерланды), (Klinik Reinhardshöhe, Fachklinik Reinhardshöhe)
Нидерланды, Германия*

Каспий университеті.

Алматы, Қазақстан

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы.

Алматы, Қазақстан

Бұл зерттеуде педагогикалық қызметкерлердің психологиялық денсаулығын сақтау мәселесі, педагогтардың кәсіби мотивацияларын ынталандыру сияқты маңызды сұрақтарға арналған әдістемелер мен бағдарламалар талданады. Педагогтарды психологиялық қолдау үшін олардың кәсіби мінез-құлық пен психологиялық денсаулықты қамтуға байланысты салауатты білім ортасын қалыптастыру керек. Зерттеу педагогикалық іс-әрекеттегі стресске деген оқытушының реакциясын психологиялық өлшеуге және стресті жеңу стратегияларына бағдарланады. Осы ұсынылған бағдарламаларды педагогтарға өткізу үлкен тиімділікті камтиды, әрі осы курстарға тұрақты қатысып отыру, білім жүйесіндегі, оқыту процесіндегі денсаулықты сақтаушы технологияларды және стрессменеджментті үйрену педагогикалық іс-әрекет үшін ең оңтайлы шешімдердің бірі болып саналады.

Кілт сөдер: педагогикалық іс-әрекет, стресс, психологиялық денсаулық, психологиялық қолдау, салауатты білім ортасы

В статье проанализированы методы и программы по вопросам сохранения психологического здоровья педагогических кадров, стимулирования профессиональной мотивации педагогов. Для психологической поддержки педагогов необходимо создание здоровой образовательной среды, связанной с их профессиональным поведением и психологическим здоровьем. Исследование направлено на психологическое измерение реакции учителя на стресс в педагогической деятельности и стратегии преодоления стресса.

Применение предлагаемых программ для учителей является эффективным средством для профилактики стресса, а регулярное участие в курсах по обучению здоровьесберегающим технологиям и управлению стрессом в системе образования и учебном процессе считается одним из наиболее оптимальных решений педагогической деятельности.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, стресс, психологическое здоровье, психологическая поддержка, здоровая образовательная среда

This study analyzes methods and programs on such important issues as the problem of maintaining the psychological health of teaching staff, stimulating the professional motivation of teachers. For the psychological support of teachers, it is necessary to create a healthy educational environment related to their professional behavior and psychological health. The study is aimed at the psychological measurement of the teacher's response to stress in teaching activities and strategies for coping with stress.

The communication of these proposed programs to teachers is highly effective, and regular participation in these courses, training in health-saving technologies and stress management in the education system and the learning process is considered one of the most optimal solutions for pedagogical activity.

Key words: pedagogical activity, stress, psychological health, psychological support, healthy educational environment.

Бұл зерттеуде қаралатын маңызды мәселелердің бірегейлері оқыту процесіндегі денсаулықты сақтаушы технологиялар мен стрессменеджмент, педагогикалық ортадағы стрессогенді факторлардың болуы, кәсіби сәттілік, өзінің имиджімен жұмыс жасау және өзінің кәсіби ортасында өз орнын табу, кәсіби іс-әрекетте өз денсаулығын сақтау және стресстерді жеңу сияқты сұрақтар қарастырылады. Жұмыс барысында алған стресстер индивидтің психикалық денсаулығына көп зиян келтіретіні белгілі.

Бұл зерттеуде педагогтардың психологиялық денсаулығын сақтау мәселесі, педагогтардың кәсіби мотивацияларын ынталандыру сияқты маңызды сұрақтарға арналған әдістемелер мен бағдарламалар талданады.

Оқыту процесінде денсаулықты сақтау технологиялары негізінде педагогтарда стресті азайту, эмоциялық реттеуді жасау, жатқызылу рефлексиясы мен идентификацияны қалыптастыру мәселесі стресті басқарудың ресурстары екендігін түсіну және эмоциялық жану симптомдары денсаулыққа қаншалықты әсер ететіні жайлы сияқты сұрақтар өте маңызды болып саналады.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандық ең үлкен дәрежемен «жанып кету» әсеріне көп түседі екен. Бұл жағдай педагогтың кәсіби еңбегі өте жоғарғы эмоциялық жүктемеге ие болуымен байланысты.

Педагогтарды психологиялық қолдау үшін кәсіби мінез-құлық пен психологиялық денсаулықты қамтитын салауатты білім ортасын қалыптастыру керек. Стресс туралы көптеген зерттеулер оның факторларын суреттеуге, стресске деген индивидтің реакциясын психологиялық өлшеуге және стрессті жеңу стратегияларына бағдарланады.

Денсаулық психологиясы адамның жұмысында өте жоғарғы талаптар қойылатын жағдайлар көп болса, психикалық жүктемелер шамадан тыс асып жатса соған қарай жұмыс жасайды, әрине педагогикалық орта осындай жағдайларға жиі ұшырайды. Психикалық денсаулық факторларына алдыңғы уақыттарда болатын оқиғаларға қатысты ішкі дайындықтар мен ішкі күтулер жатады. Оларды жалпылай келе жағымды оқиғаны күтуде көрінетін жағымды (оптимистік) ішкі бағдарланулар және негативті оқиғалар күткенде көрінетін теріс (пессимистік) ішкі бағдарланулар деп екіге бөледі.

Жағымды ішкі бағдарланулар стресті сәтті жеңе алады, себебі қиын жағдайда бастан кешкен эмоциялар іс-әрекетті бекіту механизмі ретінде әрекет жасайды. Ал жағымсыз ішкі бағдарлануларда эмоциялар әрекетті әлсіретеді, эмоциялар деструктивті сипатқа ие болады.

Жағдайға байланысты ішкі күтулер нақты шарттарға байланысты өзгеріп отырады, олар индивидтің не пессимистік не оптимистік ішкі бағдарлануларына және жағдайдың мазмұнына қатысты емес орталықтандырылған күтулерді атауға болады. Индивидтің күту процесі үнемі стресс үшін негізгі орынды алады және оның салдары психикалық жануға (turnout) ұласады.

Индивидтің өз іс-әрекеті бойынша күтетін күтулерін үш топқа бөлінеді: жағымды бекітудің төменгі күтулері; жазалануды жоғарғы күту; іс-әрекет нәтижесіне өзі әсер ететін төменгі күтулер. Өз іс-әрекетінің нәтижелеріне бақылауды жоғалту қорқыныш сезімін шақырады, индивидтің мотивациясын төмендетеді, белгісіздікке апарады соның нәтижесінде кәсіби жану симптомдарын ерте дамытады. Бақылаудан шығып кеткен жағдайлардың салдары енжарлық пен үйренген жігерсіздікті береді.

Іс-әрекетті субъективті бағалаудың мәніне қатысты Селигман «үйренген жігерсіздік» туралы теориясында осы жағдайды нақты белгіледі. Оқиғалардың мәнін қадағалай алмай күткен күтулер теріс эмоцияларды тудырады, ерте негативті тәжірибені жасауға әкеледі соның нәтижесінде ол индивидте орнықты сенімді жасайды.

Өзінің меншікті әрекетінің тиімділігі теориясындағы (А.Бандура) басты жағдай өз мінез-құлықтың перцепциялау болып табылады [1]. Тұлғалық және кәсіби дамуды басқарудың жаңа қазіргі ықпалдары Германияда жасалған тұлғалық потенциалды анализдеудің ресурсты-бағдарлаушы «Synergos» бағдарламасы және коммуникацияны анализдейтін Шульц фон Тунның моделі, АVЕМ бағдарламасы (кәсіби тиімділікті профилактикалау бағдарламасы, сонымен қатар жұмысқа қатысты мінез-құлық типтері мен бастан кешкен күйзелістерге байланысты сұрақнамасы (AVEM-Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster, У. Шааршмидт, А. Фишер) көптеген шет елдік зерттеулердің негізі болып отыр [2], [3].

Германиядағы Потсдам университетінің Психология институты жасаған (Т. Рогинскаяның адаптациясы) зерттеулері психологиялық денсаулық профилактикасы мен кәсіби мотивацияны зерттеді. Кәсіби ортадағы мінез-құлықтың төрт типі мен күйзелістер олардың кәсіби іс-әрекеттің тиімділігіндегі рөлін қарастырды [4,с.39-54].

Жұмыспен байланысты мінез-құлық және күйзеліс типтерінің сауалнамасы (AVEM) келесі сұрақтарды шешуге негіз болады: «Мектеп мұғалімдердің денсаулығына негативті түрде әсер ете ме?». Мұғалімдер басқа мамандық иелеріне қарағанда ұғынымды түрде салауатты өмір салтын ұстайды. Оларда артық салмақ болмайды, алкоголь ішімдіктерді көп пайдаланбайды және спортпен жиі айналысады. Германияда мұғалімдердің 24% зейнет жасына толмай зейнеткерлікке ерте шығады. Олардың 50 % психологиялық мәселелер бойынша ерте кетеді екен.

AVEM сұрақнамасы бойынша мінез-құлықтың үш саласымен және жұмысқа байланысты бастан кешкен күйзелулермен байланысты психологиялық денсаулықтың көрсеткіштері берілген: 1.Кәсіби жұмыс бастылық: өмірдегі алатын орны бойынша жұмыстың субъективті мәні; кәсіби талаптану; энергетикалық шығындарға дайын болу; өзіндік жетілуге ұмтылу; жұмысқа қатысты арақашықтықты сақтауға бейімділік; 2.Психикалық орнықтылық (қарсыласу): сәтсіздік жағдайында жұмыстан бас тарта алу бағыты;мәселені шешудегі белсенді стратегия;ішкі тыныштық пен теңесу; 3. Жұмысқа эмоциялық қатынас: кәсіби іс-әрекеттегі сәттілік сезімі; өмірге қанағаттану; әлеуметтік қолдауды сезіну[3, с.375-394].

Эмоциялық жанып кету тақырыбының өзектілігі мұғалім мамандығы әлеуметтік маңыздылықпен сипатталандықтан қоғам тарапынан педагогтың тұлғасына деген талаптардың өсуімен шарттанып отыр. Бірге қайғыра алуға (эмпатия) қабілеттілік мұғалімнің ең маңызды сапаларының бірі, алайда кәсіби іс-әрекеттегі эмоцияның практикалық рөлі жалпы алғанда қайшылықты бағаланады.

Психологиялық мағынада стресс адамның қоршаған ортамен өзара байланысымен шарттанады. Осы өзара байланыс адамның алдында индивидуумды міндеттер қояды олар адамның ресурстарына сай болуы керек немесе оны күйзелтеді, шаршатады.

Стресстің шарттары мен реакциялары, яғни стресстің психологиялық себептері: стрессорлар: көп жұмыс атқару, әлеуметтік конфликтілер, уақыттың жетіспеуі, әртүрлі ауытқулар- осылардың бәрін сыртқы стресстік факторлар деп атайды; мотивтер мен ішкі дайындықтар: шыдамсыздық, перфекционизм, гипер бақылау осыларды стрессті күшейту деп атаймыз; стресске реакция- физикалық белсенділік олар стресске реакция мен стрессорлардың арасындағы байланыстырушы звено болып саналады; организмнің қалжырауы: психикалық процестерді белсендіру-олар организмнің жүктемеге психикалық және физикалық реакцияларын білдіреді.

Стрессті басқару немесе стрессменеджментті қалай түсінеміз? Осыны түсіну үшін келесі түрлерін айтуға болады. Инструменталды стрессменеджмент (жұмысқа асықпай үлгеру, жоқ деп айтуды үйрену. Когнитивті стрессменеджмент (ешкімді менсінбеуден арылу, жұмыстан арақашықтықты іштей сақтау). Паллиативті-регенеративті стрессменеджмент (релаксация техникалары, спорт, әңгімелесу). Қайтадан жағдайды қадағалай алуға жету. Сәтті бола түсу\ жаңа техникалармен тиімділік алу. Өз мағынаңды табу және өзінді когерентті сезіну.

Стрессті тиімді басқару үшін келесі критерийлерді аламыз. Стрессті басқарудың кең ауқымды, қол жетімді репертуарлары. Инструменталды, когнитивті және паллативті-копинг стратегиялардың арасындағы теңгерім. Стрессті жеңудегі мінез-құлықтың икемділігі (Стивен Хобфолдың ресурстарды сақтау теориясы). Стивен Хобфолдың ресурстарды сақтау теориясына қысқаша шолу жасап өтейік. Автор ресурстардың бірнеше түрін көрсетеді. Объективті ресурстар-үй, автомобиль, материалды құндылықтар, яғни адамдағы барлық бар нәрселер [5].

Әлеуметтік ресурстар-қызметі, шені, тұрмыстық жағдайы, конфецияларға жату яғни әлеуметтік статустар, әлеуметтік стратификация жүйесіндегі индивидтің орны, осылар басқа ресурстарға қол жеткізеді. Жеке бастық ресурстар-персоналды сипаттамалар, атап айтқанда оптимизм, өзіндік тиімділік, локус қадағалау, өмірлік орнықтылық. Энергетикалық ресурстар-уақыт, ақша, білім дұрыс жасалған инвестициялар осылар жоғарыдағы барлық ресурстарды алуды мүмкін етеді. Орта және жеке бастық ресурстар жіктемелері. Орта (әлеуметтік) ресурстары: инструменталды көмек (материалды жәрдем), моральды көмек, эмоциялық көмек, материалды қамтамасыз ету. Жеке бастық (психологиялық) ресурстар: психикалық, кәсіби, физикалық.

Стивен Хобфолдың ресурстарды сақтау теориясы бойынша алуға қарағанда жоғалтуға екпін жасалады, яғни жоғалту процесі алу процесіне қарағанда неғұрлым интенсивті болады, өте үлкен жылдамдықпен өтеді, компенсация жасауға өте қиындық келтіреді. Психологиялық стресстің ресурстық концепциялары адамның бейімделу мүмкіндіктерін және өмірдегі стрессогендік жағдайларға төтеп беруді байланыстырады. С. Хобфолл ресурстар деп адам үшін маңызды болып табылатын және стресстік жағдайларға бейімделу мен оларға төтеп беруге көмектесетіндерді атайды.

Адамдардың көпшілігі алғанды емес жоғалтқанды көп артық бағалайды, алғанның қадірін түсіне бермейді. Бір ресурсты жоғалту басқасын да жоғалтуға әкеледі.

Оқыту процесіндегі денсаулықты сақтаушы технологиялар мен стрессменеджмент мәселесі бойынша ресурстар қорын диагностикалайтын келесі әдістемені ұсынуға болады: М. Штейннің «Cor Evaluation» сауалнамасы орыс тіліндегі адаптациясын Н. Водопьянова жасаған: «Персоналды ресурстарды жоғалту және алу» (ПРЖА). Берілген «ПРЖА» әдістемесі контекстінде ресурс деп маңызды материалдық заттар (материалды табыс, үй, көлік, киім, объективті тұмарлар) және материалдық емес конструкттар (мақсаттар, сенім жүйесі, ойлар, сенімдер), сыртқы (әлеуметтік қолдау, отбасы, достар, жұмыс, әлеуметтік дәреже) және ішкі-интратұлғалық өзгерістер (өзін-өзі құрметтеу, кәсіби білімдер, оптимизм, өзін-өзі ұстау, өмірлік бағалылықтар, сенімдер жүйесі), рухани және физикалық саулықтар, еріктік, эмоционалды және энергетикалық сипаттамаларды жатқызады[5].

С. Хобфоллдың ресурстық концепциясына сәйкес психологиялық стресс және бейімделу тәуекелдері жеке бастық ресурстардың жоғалуы мен алуы арасындағы теңдіктің орын алуы кезінде пайда болады. Психологиялық стресс жағдайдың 3 типінде пайда болады: ресурстардың жоғалуына әкелетін жағдайлар; ресурстардың нақты жоғалуына әкелетін жағдайлар; жоғалған ресурстардың адекватты орын толтырылмауына әкелетін жағдайлар.

Жеке бастық ресурстарды жоғалту және алу сауалнамасы (ПРЖА) С. Хобфоллдың психологиялық стресстің ресурстық концепциясы негізінде жасалған. Оның көмегімен жеке бастық ресурстардың жоғалуы мен алуының динамикалық арақатынасының бағасы ретінде анықталады. Зерттеуші реципиенттің кез-келген жарты жылдан жоғары өмірлік уақытын ала алады.

Әдістеме екі бөлімнен тұрады. Біріншісі - жоғалтуларды бағалау. Соңғы жарты жылдағы өзіңіздің сезімдеріңізді әрбір пункт бойынша бағалаңыз-жоғалтуға байланысты сауалнамада 30 сұрақ берілген және әр сұрақ бойынша алаңдаушылықты бағлайтын 5 шкала берілген: жоқ, орташа, төмен, айтарлықтай, жоғарғы. Екінші бөлігі алуды бағалау ол да 30 сұрақты және жоғарыдағыдай 5 шкаланы қамтиды.

ПРЖА сауалнамасы қолдану үшін келесі нұсқауды басшылыққа аламыз.

Сыналушылардан сауалнаманың екі бөлімін толтыруды сұраймыз. Оның көмегімен сіздің мүмкін болатын жоғалту мен алуларыңызға қатысты алаңдаушылықты анықтауға болады.

Сауалнаманың әрбір сұрағы бойынша жағдайды 5 баллдық шкала бойынша бағалаңыз. Ол үшін қажетті бағаны қойыңыз: 1 балл — «ондай сезім жоқ»; 2 балл — «алаңдаушылық төмен деңгейде»; 3 балл — «алаңдаушылық орта деңгейде»; 4 балл — «алаңдаушылық айтарлықтай деңгейде»; 5 балл — «алаңдаушылық жоғары деңгейде».

Нәтижелерді өңдеу мен интерпретациялау үшін ресурс индексі (РИ) «алу» баллдарының «жоғалту» баллдарына бөліндісі ретінде есептеледі. РИ көп болған сайын өмірлік түңілу мен жетістіктер теңгерілген және тұлғаның бейімделу потенциалы жоғары, стресстік әлсіздік төмен болады. РИ интерпретациясы «ресурстық» деңгейі арқылы жасалуы мүмкін.

Германия мемлекетінде стрессті түсірудің бірнеше бағдарламалары жасалған, іс жүзінде жақсы жұмыс істейтін стрессті басқару бағдарламаларының мысалдары [6].

1. Зейінділікке негізделген стрессті азайту (MBSR) (Кабат-Зин, 1991)
2. Күнделікті күйзеліспен сәтті күресу (Кесслер және Галлен, 1995)
3. «Босаңсып қал» / «Балаларды босаңсу» (АОК балаларына стресстің алдын алу тренингі Бастауыш мектеп жасы) (Klein-Neßling & Lohaus, 2000)
4. Денсаулық және оптимизм GO, жастарға арналған білім беру бағдарламасы (жастар, Ноймер, Манц және Марграф, 2002)
5. Балаларға арналған стресске қарсы тренинг (Гампел және Петерман, 2003)
6. Стресске оң көзқарас (Вагнер-Линк, 1989, 2010)
7. SIT стресске қарсы вакцинация бойынша тренинг (Meichenbaum & Schattenburg, 2003).
8. Стресспен оптимистік күрес (Reschke & Schröder, 2010)
9. Стресс кезінде тыныш және қауіпсіз болу (Калуза, 1996, 2004, 2015)
10. Мульти-модальды стресс құзыреттілік тренингі (MMSK) (Mathesius & Scholz, 2015)

Осы бағдарламаларды оқыту процесінде және білім ортасындағы мәселелерге байланысты психотерапияда және психикалық ауытқуларда қолдану жолдарын атап өтейік:

1. Психобелсенді аппараттарды қолдануға байланысты психика мен мінез-құлықтағы ауытқулар.
2. Көңіл күйдің бұзылуы (аффективті бұзылу).
3. Соматоформды ауытқу мен стресспен невротикалық байланыс.
4. Физиологиялық және физикалық ауытқулармен байланысты мінез-құлықтық синдромдар.
5. Кемел жаста адамның жеке бастық және мінез-құлқындағы ауытқулар.
6. Балалық және жеткіншек жасындағы эмоциялық және мінез-құлықтық ауытқулар.

Сонымен қорыта келе осы бағдарламаларды 40- 65 жас аралығында өткізуге болады, осы курстарға тұрақты қатысып отыру білім жүйесінде, оқыту процесіндегі денсаулықты сақтаушы технологияларды және стрессменеджментті үйрену аса маңызды практикалық сұрақтардың бірі екендігі сөзсіз.

Үнемі позитивті және оптимизмде өмір сүріңіз! Позитивтілік сізге жақсы денсаулықты қамтиды. Стресстеріңізді анализдей біліңіз, эмоциялық реттеуді дамытыңыз, болашақ жақсы өмір үшін осы бастан стресспен күресіп дайындалыңыз, релаксация техникаларын игеріңіз, стресстің когнитивті дерек көздерін біліңіз, өткенге оралу беруге профилактика жасаңыз, болашаққа ұмтылыңыз, үнемі идентификациялануды ұмытпаңыз.

Әдебиеттер:

1. Bandura, A. Self-efficacy: Toward a unifying theory of behavioral change.-USA.1977.-101 pp.
2. Schaarschmidt, U. & Fischer, A. W. AVEM - Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster.- Frankfurt/M.: Swets&Zeitlinger. Computerversion im Rahmen des Wiener Testsystems, Wien/Modling: Schuhfried Ges.m.b.H.-1996.-240 pp.

3. Shaarschmidt, U. & Fischer, A. Diagnostik interindividueller Unterschiede in der psychischen Gesundheit von Lehrerinnen und Lehrern zum Zwecke einer differentiellen Gesundheitsförderung. In E. Bamberg, A. Ducki & A.-M. Metz (Hrsg.). Handbuch Betriebliche Gesundheitsförderung. Göttingen: Verlag für Angewandte Psychologie.-1998.-S.375-394.

4. Oelkers, M. Die Analyse physiologischer Parameter in Stresssituationen bei den AVEM-Typen. In T. Roginska, W. Gaida & U. Schaarschmidt (Hrsg.). Psychische Gesundheit im Lehrerberuf. [Zdrowiepsychiczne w zawodzie nauczycielskim]. Universität Potsdam.-1998.-S.39-54.

5. Reschke K, Schroder H. Optimistisch den Stress meistern. Tübingen, DGVT Verlag.-2010 \ \ Перевод с немецкого Алена Гарбер, Лусина Карапетян- Управляй стрессом с оптимизмом.-изд-во Cuviller Verlag, Göttingen. www.cuviller.de, 2018.-191 стр.

6. Konrad Reschke, Alena Garber, Sveta Berdibayeva. Stress erkennen, verstehen und bewältigen.- Shaker Verlag. Duren.- 2019, pp. 332. ISBN 978-3-8440-6951-8

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОТБАСЫНЫҢ АТА-ӘЖЕЛЕРІНЕ СЫЙЛАСТЫҚПЕН ҚАРАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Куанышева М.А.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті
Орал, Қазақстан*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелеріне деген сыйластық көзқарасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ашылады. Бұл процесті отбасында жүзеге асыру нысандары қарастырылады.

Кілттік сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, сыйластық қарым-қатынас, отбасының ата-әжелері, отбасымен өзара әрекеттесу формалары, шарттары.

В статье раскрываются педагогические условия формирования у дошкольников уважительного отношения к старшему поколению семьи. Рассматриваются формы осуществления этого процесса в семье

Ключевые слова: дошкольник, уважительное отношение, бабушка и дедушка семьи, формы, условия взаимодействия с семьей.

The article reveals the pedagogical conditions for the formation of a respectful attitude towards the older generation of the family in preschool children. The forms of realization of this process in the family are considered.

Key words: preschooler, respectful attitude, the older generation of the family, forms, conditions of interaction with the family.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелеріне деген сыйластықты қалыптастыру мәселесіне ғылыми және қоғамдық қызығушылықтың артуы айқын байқалады. Қазіргі әлемде үстемдік ететін агрессивті көзқарастар отбасына көбірек еніп, оның мүшелерінің арасындағы келіспеушілікке ықпал етуде. Сонымен бірге, баланың рухани бай тұлғасының негізі дәл осы отбасында қаланады, бала Отанды сүйуге, сенуге, құрбан болуға, Отанға қызмет етуге үйренеді. Осының барлығы қазіргі отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру мақсатында рухани сауықтырудың құндылық негіздерін іздеуді оятады, өткендегі отандық педагогикалық мәдениеттің ғылыми-тәжірибелік әлеуетіне жүгінуді көздейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелеріне деген сыйластықты қарым-қатынасты қалыптастыру мәселесіне қатысты дереккөздерді талдау отбасы қоғамның іргелі іргетасы, өзін-өзі тәрбиелеудің ең көне институттарының бірі екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Оның жеке тұлғасының жеке бағдары ашылады, баланың сүйіспеншілікке, құрметке, қамқорлыққа, қарым-қатынасқа, белсенділікке деген қажеттіліктері жүзеге асырылады, баланың мінез-құлқының мотивациясы қалыптасады, алғашқы әлеуметтену жүзеге асады. Сүйіспеншілік, имандылық, пәктік, адалдық, өзара сыйластық, жанқиярлық, бір-біріне қамқорлық, отбасылық қарым-қатынастың жылуы, отбасылық мақсаттардың ортақтығы, жауапкершілік, еңбек, еркіндік, патриоттық сияқты рухани-адамгершілік негізде құрылған отбасы. Өзінің тәрбиелік күш-жігерін басқа

әлеуметтік институттармен біріктіре отырып, отбасы тұтас педагогикалық процестің жетекші буыны ретінде әрекет етеді.

Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік саласындағы дағдарыстың себептерінің бірі - отбасының дәстүрлі негіздерінің бұзылуы болып табылады:

- іс жүзінде отбасылық қатынастардың иерархиясы толығымен жойылды;
- дәстүрлі отбасылық өмір салты жоғалды;
- ұрпақтар арасындағы туыстық және отбасылық байланыстар бұзылған;
- үлкендерге мойынсұну, құрметтеу, құрметтеудің дәстүрлі қатынастары ығыстырылып, ересектердің билігіне белсенді қарсы тұру, ата-аналардың, мұғалімдердің пікірлерін елемеу арқылы ауыстырылды;
- баламен отбасылық өмірдегі оқиғаларды бөлісу дағдыларына ие болмай, ата-аналардың көпшілігі баламен жеке қарым-қатынасты қымбат сыйлықтармен "өтеуге" тырысады, балаларды белсенді қатысудан және қолдаудан айырады;
- отбасындағы педагогикалық дәстүрдің сабақтастығы үзілді.

Педагогтардың, психологтардың, әлеуметтанушылардың зерттеулері көрсеткендей, мектеп жасына дейінгі балалардың отбасының ата-әжелеріне деген сыйластық базасы жеке тұлғаның дамуының алғашқы кезеңдерінде – мектепке дейінгі балалық шақта – баланы қоршаған әлемге таныстыру кезеңінде, оның бастапқы әлеуметтенуінде қалыптасуы керек.

Сондықтан бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балаларда олардың жасын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-әжелерге сыйластықпен қарауды қалыптастыру үшін тиімді педагогикалық жағдайларды анықтау мәселесі өте өзекті болды.

«Шарт» ұғымы жалпы ғылыми болып табылады және қандай да бір объектінің (оның ішінде педагогикалық жүйенің, тұтас педагогикалық процестің) жұмыс істеуі мен дамуына әсер ететін себептердің, жағдайлардың, қандай да бір объектілердің жиынтығын білдіреді.

«Шарт» ұғымын талдап көрейік. Анықтамалық әдебиетте «шарт» келесідей түсініледі:
- бір нәрсе тәуелді болатын жағдай;

Педагогикада бұл жағдай адамның физикалық, адамгершілік, психикалық дамуына, оның мінез-құлқына, тәрбиесі мен біліміне, тұлғаның қалыптасуына әсер ететін өзгермелі табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі әсерлердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық шарттар – оның қызмет етуіне оң немесе теріс әсер ететін оқу және материалдық-кеңістіктік ортаның мүмкіндіктерінің жиынтығы [1, 76 б.].

Ата-әжелерге сыйластықпен қарауды тәрбиелеудің бір шарты – балалармен тікелей тәрбиелік іс-шаралар өткізу, оның мақсаты – балалардың тәжірибесін байыту және отбасы тарихына, оның дәстүрлеріне танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Жұмысты кешенді түрде жүргізу керек. Сабақ – балабақшадағы балаларды тәрбиелеуді ұйымдастырудың негізгі формасы. Оны мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мұғалімі ұйымдастырады және жүзеге асырады, ол таңдалған білім беру және оқыту бағдарламаларына сәйкес сабақтардың мазмұнын, әдістемесін және технологиясын анықтайды [2].

Мектеп жасына дейінгі балаларда ата-әжелерге деген сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыру жұмысы тәрбиеленушілердің отбасыларымен тығыз қарым-қатынасқа негізделген әртүрлі жобалардың кең ауқымын қамтамасыз етеді [3].

Н.Круглова мерекелер арқылы ата-әжелерге сыйластықпен қарауды тәрбиелеуді ұсынады. Өйткені, мереке – қуанышқа, қызыққа толы күн, бәрі бас қосатын күн. «Мереке» сөзінің өзі ескі славян тілінен алынған және сөзбе-сөз «іспен айналыспаған, жұмыстан бос» дегенді білдіреді. Бала үшін мерекенің мәні ерекше.

Балаға арналған отбасы үлгісі - бұл қуаныш пен мұра. Көбінесе балалар өз ата-аналарының тәжірибесінен үйренеді. Міне, сондықтан балаға бала кезінен отбасы қандай болуы керек, оны нығайту үшін не істеу керек екенін көрсету маңызды. Бала бірінші мектепке дейінгі мекеме – балабақшаға барған сәтте ата-ана мекемеде маңызды рөлдік ойындардың болуы туралы алаңдауы керек. Бұл ойын жағдайында баланың психикасын қалыптастыру үшін идеалды ортаны қайта құруға көмектеседі.

Көптеген авторлар (Р.И. Жуковская, А.А. Анцыфирова, В.М. Иванова) балалардың отбасы, оның мүшелері, олардың қарым-қатынасы туралы түсініктерін қалыптастыруда рөлдік ойындардың мүмкіндіктерін зерттеді.

Ойын әрекеттерінде балалар ата-анасының мінез-құлқын, сезімін, тәжірибесін өздері елестеткендей жаңғыртады, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды көрсетеді.

Н.А. Каратаеваның зерттеулерінде отбасының өмір салты, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетінің деңгейі және мектеп жасына дейінгі үлкен жастағы балалардың сыйластық қарым-қатынасы мен тиістілік сезімін дамыту үдерісі арасындағы байланыс анықталды: Отбасындағы қарым-қатынас неғұрлым қолайлы болса және ата-ана үлгісінің, сондай-ақ баланың бүкіл отбасылық өмір салтының ықпалы неғұрлым оң болса, аға ұрпаққа деген құрметті қарым-қатынасты қалыптастыру процесі соғұрлым сәтті жүзеге асады.

Отбасына деген сыйластық қарым-қатынас сыпайылық емес, ол қарым-қатынастан, жұмсақ сөзден, көңіл бөлуден және ризашылық белгілерінен көрінеді. Отбасы әлеуметтік институт ретінде ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар, басқа да туыстар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін нормалардың, санкциялардың және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығымен сипатталады. Отбасылық дәстүрлер мінез-құлық нормалары, үлгілері ретінде әрекет етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелерінесыйластықпен қарауды қалыптастыру үшін дұрыс пәндік ортаны құрудың маңызы зор. Мысалы, отбасылық мұражайларды құру белгілі бір отбасының құндылықтар жүйесін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерін түсінудің тиімді құралы болып табылады. Мұндай мұражайды құруды ересектер (отбасы мүшелері, педагогтар) мен балалардың тек олардың ғана емес, олардың мәдени мұрасын зерттеу мен дамытуға байланысты оқу және шығармашылық мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған бірлескен қызметінің нысаны ретінде қарастыру заңды. [1]. Ата-анасымен бірге балалар экспонаттарды таңдайды, оларды өз қолдарымен жасайды, экспозициялар ұйымдастырады, бұл балалардың танымдық белсенділігін ынталандыруға, ата-аналар мен балаларды жақындастыруға және оларды нағыз серіктес етуге көмектеседі.

Қоғамдық дамудың шағын мұражайында тұрақты және өзгермелі көрмелер бар. Экспозициялар әртүрлі себептермен ұсынылуы мүмкін:

- тақырыбы бойынша: «Отбасы шежіресі», «Отбасының Елтаңбасы»;
- материал бойынша: «Анамның жинақтары», «Біздің хобби»;
- шешілетін тапсырма бойынша: «Отбасы балалар көзімен».

Жүргізіліп жатқан жұмыс балалардың ата-әжелерге деген сүйіспеншілігі мен құрметін сезінуге көмектеседі.

Отбасылық мұражайдың қызмет ету принциптері: көрнекілік, қолжетімділік, сенімділік, мұражай кеңістігіндегі қызметтің психологиялық жайлылығы мен қауіпсіздігі, балабақша мен отбасындағы білім мен тәрбиені үйлестіру және т.б. [1].

Отбасылық шағын мұражайдың педагогикалық функциялары:

- көрнекі және есту арқылы қабылдауды дамытуды, ақпаратты меңгеруді көздейтін білім беру; оқу бағдарламасының аясын кеңейтетін, өз отбасына деген қызығушылықты арттыратын дидактикалық материалдарды пайдалану;

- дамыту, ойлауды белсендіру негізінде интеллектуалдық сезімдерін, есте сақтау, сенсорлық-физиологиялық құрылымдарын дамыту, сөздік қорын байыту;

- білімділік, дағдылар мен алынған ақпаратқа адекватты, мазмұнды қатынасты қалыптастыруға бағытталған;

- білім беру, оның шеңберінде балалардың жеке қасиеттерін, көзқарастарын, сенімдерін қалыптастыру, оның ішінде оларды тек білім ғана емес, сонымен қатар осы саладағы әлеуметтік тәжірибенің басқа элементтерін де меңгеруге бағытталған тәрбиелік қатынастар жүйесіне бағытталған мақсатты іс-шаралар жүзеге асырылады.

Осылайша, отбасының ерекше эмоционалды микроклиматы отбасылық жобалардың ерекшелігі ретінде танылады, соның арқасында баланың өзіне деген көзқарасы қалыптасады, бұл оның өзін-өзі бағалау сезімін, өзіне деген сенімділігін, өзіне және отбасына деген мақтанш сезімін анықтайды.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелерінесыйластықпен қарауды қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары мыналар болып табылады:

- отбасында мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекше даму ортасын құру;
- мектеп жасына дейінгі балаларда отбасының ата-әжелерінесыйластықпен қарауды қалыптастыру бойынша жобалар құрастыру.

Әдебиеттер

1. Буре, Р.С. Дружные ребята. Воспитание гуманных чувств и отношений у дошкольников [Текст] / Р.С. Буре, М.В. Воробьева. – М.: Педагогика, 2014. – 189 с.

2. Овод, С.Ф. Воспитание дошкольников во взаимодействии с семьями посредством преемственности межпоколенных народных традиций // С.Ф. Овод, Г.И. Дядяшева // В сборнике: Региональное образование и культура: история, современность, перспективы материалы XIX Межрегиональной научнопрактической конференции, посвященной 65-летию Белгородчины. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Белгородский государственный национальный исследовательский университет», Старооскольский филиал. 2018. С. 199-200.

3. Детство: Примерная образовательная программа дошкольного образования [Текст] / Т.И. Бабаева, А.Г. Гогоберидзе, О.В. Солнцева и др. – СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2018. – 321 с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ДҰРЫС ЖОЛҒА ҚОЮҒА ПЕДАГОГТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Жунисбекова Ж, Туркестанова З. Д.

*Академик Ә. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті
Шымкент, Қазақстан*

Педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығы, оның нәтижесі психологиялық процестердің маңыздылығын көрсетеді.

Кілттік сөздер: қарым-қатынас, бейімділік, шеберлік, ұстаз

Содержание педагогической деятельности преподавателя опирается на знание психологических процессов личности, умение управлять ими, а также взаимодействовать со студентами.

Ключевые слова: коммуникабельность, предрасположенность, умение, учитель

The tendency to pedagogical activity, the influence of the effectiveness of pedagogical activity, shows the importance of the flow of psychological processes.

Key words: communication, abilities, skill, teacher.

Педагогикалық іс-әрекетке бейімділік, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелілігінің ықпалдылығы, психологиялық процестер ағымының маңыздылығын көрсетеді. Педагогикалық бейімділіктің анализдері зерттеулер қатарынан толығымен көрінеді. Біз үшін өте маңызды, жетекші бейімділікті таба білу, себебі мұғалім онсыз өз ісінің шебері бола алмайды. Егер бас бейімділікті айтатын болсақ, барлық жетекшілерін біріктіретін, онда оны біздің білуімізше Н.В. Кузьмина дәлірек анықтаған: «бұл өсіп келе жатқан адамға, қалыптасып келе жатқан тұлғаға деген сезімталдық. Аталған авторлар мен басқа да зерттеулерге сүйенсек, педагогикалық іс-әрекеттің төмендегідей алты жетекші бейімдігін анықтауға болады.

Өз бейімділігіңді коммуникативтіліктен бастаған жөн сияқты, яғни адамдармен -араласа білуге бейімділік. Жалпы бұндай бейімділік әрбір адамда бар. Бірақ ол әркімде әртүрлі байқалады. Мұғалім үшін төмен деңгейдегі коммуникативтілік кәсіби іс-әрекет ортасын

күйретеді, оқушылармен өзара түсіністік пен қарым - қатынасқа кедергі келтіреді Сонымен жорамалдауыңыз керек, қоғамдық ортада, адамдар арасында болуға деген ынта, қызығушылығыңыз бар ма сізде. (әлеуметтік ағайындылыққа ынталану яғни адамдармен араласуға бейімділік). Бұл жөнінде В.Ф. Ряховскийдің қызықты әдістемелері көмектеседі. Адамдармен қарым-қатынас тек қана араласып қана қоюмен шектелмейді, осы қарым-қатынастан, коммуникация процессінен қанағаттануға бейімділікті сезіну. Жанашырлық және жалпы адамдармен балалармен жұмыс жасаудан алған қанағаттанушылық, жұмысқа жарамдылықты сақтайды, творчестволық көңіл-күйге нәр береді.

Перцептивті бейімділік, қарым-қатынастың дамуына көмектеседі, оның ішінде - кәсіби қырағылық, байқағыштық. Егер мұғалім алдындағы оқушыларының көңіл -күйі, ішкі жандүниесін оның ең елеусіз өзгерістерін байқамаса, ол сабақты шын ықылас назарымен тыңдауда ма, немесе оның ойы басқа жақта, өзі тек тыңдағандай көрініс жасап отыр ма, осылардың бәрін байқамаса, мұғалім қалай ол оқушы туралы оң шешім қабылдауы мүмкін. Байқағыштық- адамдағы күрделі сапа. Ол тек көріп, білуден ғана байқалмайды, ол сіздің назарыңыз бағытталған нәрсеге қызығушылығыңыздан, сонымен қатар алынған ақпаратты ақылмен іске асырудан байқалады. Байқағыштық қалай өркендейді? Біз көргіміз келген нәрсені көреміз, -осыдан бастап шын қызығушылық басталады. Байқағыштық - бұл талдау, зерттеу-осыдан бастап өзіңізге көргендеріңізді сұрыптау туралы сұрақ пайда болады. Байқағыштық пен тәжірибеден түйсікке бейімділіктің негізі дамиды. А.С.Макаренко өзінің «Педагогикалық поэмасында» айтқандай «Менің көзім бұл кезде жеткілікті мөлшерде қаныққан еді, бір көргеннен сыртқы белгілерінен біліне бермейтін бет- пішін өзгерістеріне, даусына, жүрісіне және ең бір біліне бермейтін құйтырқылығынан тіптен ісінен осы шикізаттан әрбір бөлек жағдайда қандай өнім алынатынын дәл айтып бере алатын едім».

Өз ісінің шебері болу- бұл, педагогикалық процесстің әрбір қадамын , болатын қиындықтарды алдын ала білу педагогикалық сезімталдыққа ие болу. Педагог үшін талдау жасай білу логикалық құрылымға ғана сүйеніп емес, сонымен қатар эмпатияға - педагогтың өзін оқушымен салыстыра білуі (шартты қатандық) оның позициясына тұра білуі, қызығушылығы мен біреуге қамқорлығын бөлісу, қуанышы мен ренішін бөлісе білуі өте маңызды. «Бәрінен бұрын бала жүрегінің қимылын түсіне білу керек» деп В.А. Сухомлинский өте орнықты айтқан.

Шебер педагогтың адамды түсінуге бейімділігі оның белсенді ықпал ету бейімділігі мен тығыз байланысты - болуын жеке тұлғаның динамизмі дейміз. Динамизм - бұл сендіруге, иландыруға бейімділік, бұл ішкі энергия, илгіштік және ықпалдың әрқилы болуының ұйытқысы. Осының бәрі бойында жарқын бейімділігі бар жаңашыл педагогтың іс-әрекеті болып табылады. Оның сабағы қуатты, оның оағыты қолдаулы, оның сөзі сана сезімнің тереңіне бойлайтын болады. Осы бейімділіктің мазмұнына үңілу, жеке қасиеттің қалыптасу жолын іздеуге ұйытқы болады. Динамизм, көңіл -күй тұрақтылығымен байланысты, яғни әсер ету сферасы, жақсы педагогтың тартымдылығы бәрінен бұрын мұғалімнен тарайды. Өзін ұстай білу, өзін бірқалыпқа келтіре білуге бейімділік, жеке тұлғаның көңіл-күй тұрақтылығын қалыптастырады, әртүрлі жағдайда өзін ұстай білу мүмкіндігін береді.

Оптимистік жорамалдың, жетекші кәсіби педагогикалық бейімділік екенін ерекшелей отырып, басқа да бейімділіктердің жеке тұлға тәрбиелеуде бір-бірімен байланысты екенін айқын көрсетеміз. «Мұғалім оқушыға «Ешқашан...» деп айтуға қақысы жоқ». Бұл халық оқытушысы Т.И. Гончарованың сөзі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздық қызметтің өзіндік құрамдас бөліктері болады:

а) Ұстаздық қызметтің тұлғаны қалыптастыру жолындағы істін мазмұнын, мақсаты мен міндетін, бағытын, ерекшелігін айқындау.

б) Ұстаз ұрпаққа түрлі ғылыми білім салаларынан мағлұмат беріп, өндіріспен таныстырып, рухани байлықты игертіп, қоғамдық қарым - қатынасқа үйрету және қоғамның жақсы азаматы етіп шығару.

в) Ұстаздың педагогикалық білімділігі, тәрбиеші ретінде өмірден алған тәжірибесі, шеберлігі іштей сезінуі.

г) Ұстаздық қасиеттері: саяси сауаттылығы; жұғымдылығы, көре білу, қызметті ұйымдастыра білуі, байқағыштығы, еңбекқорлығы, шығармашылық қасиеті және эстетикалық, этикалық мәдениеті т.б. ұстаздарға тән Ерекшеліктері.

Ұстаздың негізгі мақсаты - жас ұрпақты өмірге тәрбиелеу, оқыту, үйрету. Бұл педагогикалық мақсаттан туындайды. Педагогикалық мақсат дегеніміз - жас ұрпақты философиялық, экономикалық, саяси, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық, биологиялық тұрғыдан қарап, жан-жақты білім, тәрбие беріп, қоғамға қажетті азамат етіп шығару.

Мұғалімдік шеберлік.

Ұстаздық шеберлік - өз пәнін жетік меңгерген, істің мәнін біліп, балалармен тіл табысып, оқу - тәрбие жұмысын жүргізу болып табылады.

Ұстаздық шеберлік үш қырынан көрінеді.

- Ұйымдастыра білу шеберлігі;
- Қарым - қатынас жасай білу шеберлігі;
- Ықпал ету, баланың іс - әрекетіне керегінше қуат беру немесе тежеу.

« Ұйымдастыра білу шеберлігі - әр ұстаздың өзінің атқаратын іс - шарасының мақсаты болады. Сол мақсатты орындау үшін ұстаз іс - шараның сценарийін жазып, әр қатысушыға рөлдерін бөліп, ойнап шығуы керек. Ол үшін әр шәкірт қалай ойнау керек екенін үйретіп, ақыл кеңес беріп, тапсырманы орындауына қатыстыруы тиіс. Ұстаздың шеберлігі әр оқушыға өзіне лайықты рөл беріп, өзі де солардың ортасынан орын алып, қызмет ету.

Мысалы сенбілікте, еңбек етуде т.б. жағдайда ұстаз бос қарап тұрмауы керек. Ұстаз ең соңында істелінген жұмыс іс - шараларға талдау жасап жетістіктері мен кемшіліктері мен кемшіліктерін сараптайды, болашақ іс-шараны қалай жасау керек екенін болжам жасап, өзінше қорытындылайды.

- Қарым-қатынас жасай білу шеберлігі балалардың іс-әрекеті, қатынасы-тәрбиенің негізгі тетігі. Балалар өзара немесе ересектермен қатынас арқылы білім, тәрбие, үлгі-өнеге алады. Сондықтанда қатынас сауатты, маңызды, мазмұнды, өнегелі, үлгілі болғаны оған қарым-қатынастағы ең бастысы - оның мазмұндылығында.

Ұстаздық қарм-қатынастың элементтері: /-қатынастың мақсаты мен мазмұны; - шәкірттерге сүйкімді болып, олардың сеніміне кіру;

- ақ жарқын, ашық мінез танытып, ыстық суығына күйіну;
- шәкірттердің рухани байлығына атсалысу;
- шәкірттер тындай білу, керек жерінде әдетті сақтай отырып баланы дұрыс жолға бағыттау;

- ұстазда байлығы болу керек, мәнерлеп айту, әңгімешіл, нақты дәлелді сөйлеу;
- пікір сайыс кезінде әдетті сақтай отырып, шындықтың нышанын, әділ баға беру, бұрмалау;

- мәдениетті мінез танытып, соны шәкірттің бойына сіңіру т.б.

- Қарым-қатынас жасай отырып ықпал ету шеберлігі. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етумен шұғылданады. Сонымен қатар, ұстаз баланың іс - әрекетіне саналы түрде ұстаздық әдіс - тәсілдерді, тәрбиенің түрлерін қолдана отырып, бағытты ықпал етіп, жақсы ісін қуаттап, әрекеттерін тежейтін кезеңдері болады.

Енді, педагогикалық шеберлікті анықтау үшін, біз жеке Макаренконың өзінің мінездемесін жасауымызға болады, оның белгілі бір жағдайдағы шеберлігінің негізін бастапқы тобы құрайды. Ең негізгісі-бұл жеке педагогтың гуманистикалық жолдамасы, тек қана ынта-ықыласын ғана ретке келтіру; тәрбиеленушілерге деген ықыласын, қарым-қатынасын өзгерту «ұйымның негізін» сақтау. Сондықтан да осы жағдай көпшіліктің ойына сүйенген жағдайда ғана жүзеге асады. Макаренконың сөзі бойынша, кәсіптік дәрежелі білім толығымен болған емес, себебі сол кезде жаңа педагогика жаратылмаған еді. Педагогика жалпы ғылыми әдістемелік нұсқау және тәжірибе көмектеседі. Тікелей тапсырма бойынша жеңіске жету, жоғары дәрежелі педагогикалық алғырлық және шеберлік: өзін басқару,

жағдайды түсіну, тәрбиеленушінің психикалық жағдайы, үзілді-кесілді айта білуі. Барлық бақылау адамға деген құрметке байланысты «Мен әрқашан өзімнің жеңіс қарсаңымды сезінемін» - деп жазды Макаренко. Біз түсінеміз- бұл шеберлік. Себеп көріп тұрмыз: барлық педагогикалық ізденіс мақсатқа лайықты, ақыл ойға салынған, ретке келтірілген. Ол жағдайды басқарады және орналастыруды біледі және жағдайға байланысты мәселе қорытындысының тиімділігі.

Әдебиеттер

1. Сихынбаева Ж.С., Сикымбай Қ.С., Қоңырбаева Г. Педагогика тарихы-Шымкент-2019ж
2. Құралов Аюбай .Педагогика тарихы. Оқу құралы .Шымкент-2018ж.
3. Шхан Н. Жеке тұлғаны қалыптастыру Астана -2012ж.
4. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы Алматы-2013ж.
5. Каракулов К.Ж. Педагогика Шымкент -2014
6. Абдуалиева Ш.Әлемдік педагогикалық ой –сана.1-2 том, -Алматы, 2010. 400 б.
7. Қ.Т.Әтемова. Педагогика негіздері. А,«Мектеп»,2015ж.
8. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2008.
9. Бахишев С.М.Педагогикалық жобалау:теориясы мен технологиясы.Оқулық,А, 2010.

ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ГРАФОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Джумагулова Г.Ш., Жанибекова Г.О., Ускенбаева А., Бектұрсынова Д.
Орталық Азия Инновациялық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл тақырыпта психологтардың тәжірибесі бойынша адамның психологиялық ерекшеліктерін анықтаудағы психодиагностиканың бір әдісі қарастырылады-адамның жазуы арқылы мінездің ерекшеліктерін зерттеудің тиімділігі.

Түйінді сөздер: мінез ерекшеліктері, графологиясы, жеке ерекшеліктері, жазуы.

В статье рассматривается один из методов психодиагностики – графологический метод для определения психологических особенностей человека.

Ключевые слова: черты характера, графология, индивидуальные особенности, письмо.

This topic discusses one of the methods of psychodiagnostics in determining the psychological characteristics of a person according to the experience of psychologists - the effectiveness of studying character traits through a person's writing.

Key words: character traits, graphology, individual characteristics, writing.

Психология саласында қазіргі таңдағы адамзатты ойландыратын проблемалар қатарына жататын тақырыптардың бірі: педагог- психологтардың адам мінез ерекшелігін анықтаудағы графология әдісін пайдалануы. Яғни бұл тақырыптың маңыздылығы көбінесе психологтардың өз тәжірибелерінде адамның психологиялық ерекшелігін анықтаудағы психодиагностика әдістерінің бірі- адамның жазуы арқылы мінез ерекшелігін зерттеу тиімділігін қарастырамыз.

Осыған байланысты адам мінез ерекшелігін анықтау алдында психологиядағы мінез мәселелерін қарастыру қажет.

Психологияда мінез түсінігі жеке адамның тұрақты индивидуалды ерекшеліктерінің жиынтығы және өзіне тән тәртіп тәсілдерін шарттайды.

Мінез - адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол - көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет.

Мінез - бұл тұлғалық белгілердің тұрақты жиынтығы адамның басқа адамдарға қатынасын, іс-әрекетін анықтайды. Мінез іс - әрекетте, қарым -қатынаста және де темперамент ретінде көрініс береді.

Мінез түсінігінің мазмұнында күрделі ішкі диалектика жатыр. Біз оны адамзат даралығын анықтау үшін, яғни сол берілген адамды ерекшелендіруін, оны уникалды етіп көрсетуін белгілеп анықтау үшін қолданамыз. Олар біз үшін өте қажет және өз рөлін орындауда. Күнделікті қарым - қатынас барысында олардың әрқайсысына жеткілікті тұрғыда белгілі бір нақты мағына қосылып, соның көмегімен біз өзара түсініктерге жетеміз.

XIX ғасырдың соңында мінез проблемасы бойынша қызғылықты жұмыстары пайда болды. Мінез - анық көрінетін және бір -бірімен тығыз байланысты жеке адамның қасиеттері. Дегенмен, мінезді психологтардың барлығы жеке адам құрылымына жатқыза бермейді. АҚШ психологтары мінезді жеке адам компоненттерінің саласына жатқыза бермейді.

Психологияда мінез түсінігі жеке адамның тұрақты индивидуалды ерекшеліктерінің жиынтығы және өзіне тән тәртіп тәсілдерін шарттайды.

Егерде жоғарыда адам мінезінің психологиядағы мәселелерін қарастырсақ, сол мінез ерекшелігін анықтаудағы жазу, қолтаңба арқылы анықтау әдісінің маңыздылығы туралы мәліметті графология әдісін талдау барысында байқаймыз.

Графология (графос және логия) бұл қолтаңба (почерк) туралы ғылым, оның көзқарасы онда көрінетін қабілетті және психикалық күйдізерттейді. Қолтаңба (почерк) - нақты қозғалыстың әртүрлілігі, оның ерекшелігі сол, олар өзіндік құрылым болып табылады, сондықтан әрдайым оқуда табысты. Қолтаңбаға (почеркке) көзқарас адамның антикалықтан өтуін нақты көрсетуі сияқты, Графологияға бірінші тәжірибе - яғни дәуірге қарсылық (1622 К. Бальди итальяндық оқымыстының ойы). Графология тәртіпті арнайы сапалы түрде 21 ғасырдың 2 жартысында Францияда қалыптасты, (Ж. М ишон «Графология» терминін енгізді (1872), Крепье-Жамен) қолтаңба(почерк) осыдан тұрақты графикалық белгі жүйесі ретінде қарастырылды, оның әр біреуіне нақты мінез қасиеті сәйкес келеді. 19 ғасырдың аяғында Графологиялық неміс мектебі құрылды (Графология Мейер, В. Прейер және маңыздысы Л. Клагес) қарама-қарсы бөлек белгілерді оқшаулап талқылау екі мағынаны көрсетіп, сонымен бірге әрбір бөлек графикалық белгіні көп мағына етіп дамытады, нақты мағынасы тек «түтас формалар» ретінде қолтаңбаны талдағанда ғана анықталады (Клагес).

Берілген Графология психологияда адамның индивидуалды ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылады, сонымен бірге медицинада және қылмыстық ол психологиялық және физиологиялық диагностикалық басқада әдістермен қатар болады.

Графология осыдан 300 жыл бұрын дамыған. Ең бірінші графологияға арналған кітап 1630 жылы итальяндық профессор Камилло Бальдоның атына жазылды. Осыдан 200 жыл бұрын жазу тақырыбына Франция елінде Фландрэн Бальдоның кітабын оқыды. Флачдрэн бұл анализдеуді қажет етеді деп түсінді. Ол бір топ құрып адамдардың жазуын тексеруге кірісті. Жаңа ғылымды ұғыну үшін ол екі сөзді қолданды: «Графос» - жазу, «логос» - ғылым. Осылай графология ұғымы пайда болды. Фландрэн оқушысы Мишон өте түсінікті етіп графологияны зерттеп, 1872 жылы «Графология жүйесі» деген кітап шығарды. Осылай графология сөзі бірінші рет қолданылады. 1880 жылы Мишон жұмысы Крепье-Жамане жұмыстарында жалғасын тапты. 20-шы ғасыр басында дәрігер Людвиг Клагес ірі ғылыми жұмыспен айналысып, оның әдістерін зерттеді. Қазіргі заманғы зерттеушілер жазудың атасы -Клагес деген. 19-ші ғасырдан бастап графология орталықтары ашылды. Европа елдерінде графология өте маңызды деп қаралады және психолог пен психиатр жұмыстарында ерекше оры алады. Европа елдерінің университеттерінде программаға кірген.

Жазуды анализдеу қасиеті. Қысқаша айтқанда жазуды анализдеу адамның ішкі мінезін көрсетеді. Яғни әріптерді жазу кезінде. Адамдардың жазуы әр түрлі қолдың ізі сияқты. Біріншіден, жазу ер адамға ма әлде әйелге тән бе, біле алмаймыз. Графолог адам жынысын біле алмайды. Екіншіден, жазу адамның жасын көрсетпейді. Графологтар адам отау құрған ба, құрмаған ба, оны да біле алмайды және де жазу бойынша оның баласы бар ма, ия жоқ

па, екенін де біле алмайды. Міне, осылай айта келе жазу анализі адамның тағдырын айта алмайды. Графолог тек қана адамның өте күшті және әлсіз жақтарын айтады.

Жазу анализін жүргізу. Әдемі жазу бұл ақ бетке жазылады және жолсыз болады. Текст жазу үшін кітаптан немесе газеттен көшіру керек емес, адамға ойына не келеді, соны жазу керек. Осы жағдайда жазу өте ерекше болып шығады. Міндетті түрде адамның қолын қойдырып алу керек, себебі бұл қол басқа тексттерден айырмашылығы бар. Егер мысал үшін хат алынса, көп беттен тұратын назарды ең соңғы бетке аудару керек. Жазу анализі адам жынысына қарамай жүргізіле береді. Мектепте көбінесе бірдей жазуға үйретеді дейді графологтар. Бұл мамандықты адамдардың жазулары бірдей емес. Оған мынадай жауап беріледі: «Жұмыс адамның мінезін көрсетпейді». Мұғалім қырсық, агрессивті болуы мүмкін, бұл сонда ол *мұғалім* болуға жарамайды деген сөз емес. Дәрігер әзілкеш немесе салмақты болуы мүмкін, романтик, рационалист болуы мүмкін, бұл үшін оны біз жақсы дәрігер бола алмайды деп айта алмаймыз. Кейде мынадай жағдайлар болады: адам он қолын ауыртып алып, сол қолмен жазуды үйренді. Сол қолмен жазылған сөз әрине он қолмен жазғаннан айырмашылығы бар.

«Мынау жақсы жазу ма, әлде нашар жазу ма? біз бұған нақты жауап бере алмаймыз. Әр жазуды жақсы жағы да, жаман жағы да бар, біреу үшін мақтаныш, ал біреу үшін әлсіздік.

Жазу анализі. 1. Кім басқарады: ақыл ма әлде жүрек пе?

Жазудың иілуі - оңға, солға графолог үшін өте маңызды. Байланыстық деңгей «эмоция шкаласы» арқылы өлшенеді.

А. Бұл өте ерекше жазу. Ол жылы қарым-қатынасты ашады. Бұл графолог үшін маңызды. Бұлай өз сезімін білдіре алатын адам жазады. Дегенмен, бұл импульсивті табиғат және мұндай адам өзінің сезімдерін бақылай алады. Мұндай иілгіш жазумен жазған адам өзі басқалармен қарым-қатынасқа түсе алады. Және жақсы тіл табылады және де ол жалғыз қалса, өзін бақытсыз сезінеді.

Б. Мұнда мағынасы түсінікті. Егер өзінің сезімдерін көрсеткіш ретінде қолданса, бұл ашық мінезді көрсетеді. Иілгіш «Б» үлкен күшті және жаңа идеяларды білдіреді. Бұл кезде романтикалық импульс өте ыстық. Егер адам осындай жазумен жазса, бұл бір көргеннен ғашық болып қалатын адамдар.

В. Артқа иілгіш жазумен жазса, бұл өзінің эмоциясын бақылай алатындар. Егер сіз артқа иілгіш жазумен жазатын адамның жүрегін жаулап алғыңыз келсе, онда оның жүрегіне оның басы арқылы барасыз. Мұндай адам жақсы көріп қалуға бейім. Иілгіш «В» жазуы егер қолданса, бұлар өздерін үлкен адам сияқты сезінеді, өздерін ақылдымын деп санайды.

Г. Бұлжерде сезім анық көрсетіледі. Иілгіш «Г» арқылы жазатын адам эмоционалды болып келеді.

Д. Жазу вертикальді оңға да, солға да иілмеген болса, ақыл мен жүрек арасында теңдік болады. Мұндай адам ұстамды. Егер адам вертикальды жазса, ол өзінің эмоциясын білдіре алмайды. Кейде бүкіл жолда солға қарай иіліп жазылады.

Оптимиз немесе пессимизм. Дұрыс анализ алу үшін зерттелінуші текстті жолсыз таза қағазға жазу керек. Және жазушы өз жолдарын қай жаққа бағытталғанын біле алады. Жазу тіке жол бойынша жазыла берсе, бұл адам кішкентай нәрсеге бола ренжімейтін адам. Мұндай адам өзінің ісін ойланып істейтін адам. Егер сызық жолдары түзу жолдан қисып кетсе:

Егер жазу сызығы жоғары көтерілсе - бұл оптимизм белгісі.

Мұндай адамдар алға ұмтылғыш болып келеді.

Қарама-қарсы мысал ретінде төмен түскен жазу. Бұл адампессимист. Графолог пессимистпен сөйлесер кезінде ашық түрде «пессимист» диагнозын бірден қоймау керек. Пессимисттің жазуына анализге дейін қарап алу керек.

Үшінші мысалда біз адамның көңіл-күйі ауысып тұратын және әрбір сөздері жоғары я төмен түскенін көреміз. Мұндай адамдарда көңіл-күйі жиі өзгеріп отырады. Адам бір бағытқа бағытталмаса оған жұмысқа үйренісіп кету қиын.

Адам өмірінде графология ерекше орын алады. Бұл басшы мен жұмысшылар арасында, мұғалім мен оқушы арасында, ата-ана мен бала арасында өте пайдалы.

Білімді графологтар анализдеу кезінде тек бір жазуды қолданбайды, бірнешеуін қарастырады. Кейбіреулері жеке әріптерді қарастырады. Барлығын зерттей келе бәрі бір ойға келеді. Графология жеке ғылым ретінде түсіндіріледі, кең дамыған. Графология объективті, оның қағидалары адам көңіл күйіне байланыссыз көрсетіліп отырады, сондықтан графология арқылы жүргізілген тест бұл адам өзін тануда өте жақсы тәсіл. Бұл графологтардың білімдері көптеген жылдар бойы зерттеліп келеді. Біздің кезімізде тек көне әдістерге жана білімді белгі қойылған кезде көшеді. Графологтардың өздерін дамыған ең керекті тесттік әдістер болуға көп мүмкіндіктері бар.

Әдебиеттер

1. Леонтьев Д. А. Внутренний мир личности // Психология личности в трудах отечественных психологов. СПб.: Питер, 2000. С.372-377.

2. А.Қ.Қалдыбекова, Л.С.Ким. Баланың сезімдік әлемін дамыту, - Шымкент, 2015ж.

3. Бекмуратова. Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктері психологиялық тұрғыда зерттеу. Этнопсихология және этнопедагогика, конференциядағы материалдар тезисі. -А.2015 ж.

А.С.МАКАРЕНКО ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Жүнісова А., Ақылбекова Ш.

*Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті
Шымкент, Қазақстан*

Мақалада талантты кеңес педагог-психологы А. С. Макаренконың педагогикалық көзқарастары қарастырылады.

Кілттік сөздер: тәрбие, еңбек тәрбиесі, ұжым, педагогикалық қызмет

В статье рассматриваются педагогические взгляды А.С.Макаренко, талантливого советского педагога-психолога.

Ключевые слова: воспитание, трудовое воспитание, коллектив, педагогическая деятельность.

In this article says about pedagogical views of talantive soviet pedagogic psychology of A.S. Makarenko.

Key words: education, labor education, team, pedagogical activity.

Антон Семенович Макаренко 1888 жылы 13 наурыз күні қазіргі Сумы облысының Белополье қаласында дүниеге келген. Оның педагогикалық қызметінің нағыз қайнаған кезеңі 1920-30 жылдар аралығында алдымен жасөспірімдерге арналған Полтава түбіндегі М.Горький атындағы колонияны, Харьковтағы Ф.Э.Дзержинский атындағы еңбек колониясын басқарған кезеңдер болатын. Оның педагогика тарихында елеулі орны болатынының себебі ол тәрбиенің теориясы мен практикасына үлкен үлес қосып, белгілі мақсатқа бағытталған тәрбиенің зор мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсете алды. Ол тәрбиенің мақсаты қоғам дамуының заңдылығымен, қоғамның тәрбие саласындағы мақсат, міндеттерімен белгіленеді деп санады. Макаренко педагогика ғылымы жаңа қоғам адамын қалай тәрбиелеу керектігін үйретуге тиіс деп санады, ешқандай педагогикалық тәсіл барлық жағдайда бірдей ықпал ете алмайтынын және ешқандай педагогикалық жүйенің мәңгі еместігін өзінің педагогикалық тәжірибесі арқылы дәлелдеді.

А.С.Макаренко педагогикалық қызметте табысқа жетудің бірінші қолайлы шарты болып табылатын нәрсе, ол тәрбиенің мақсатын анық та айқын елестете білу деп түсінді және онсыз ешқандай да тәрбие жұмысы мүмкін емес деп тұжырымдады. Оның айтуынша, қабілетсіз немесе «бұзылған» бала «сәтсіз педагогтардың» ойлап тапқандары, барлық бұзылғандық, тәртіпсіздік және балалардың қылмыскерлігі туа біткен және түзетуге болмайтын сапалар емес». Бүгінгі «бұзылған бала ертең қабілеті жануы мүмкін, Отанының нағыз азаматы, Социалистік Еңбек ері болып шығады», сондықтан да педагог оптимист

болуға тиіс, алдағы бақытты балалық шақты көре білуі керек, адамның болашағына оптимизммен қарауы керек».-деп өзінің тәрбиеленушілеріне сеніммен қарады. Макаренко адамның шығармашылық күштеріне, оның үлкен мүмкіншіліктеріне терең сене білді. Оның гуманизмі оптимизммен тығыз ұстасады, әрбір тәрбиеленушінің жағымды жақтарын көре білді.

Макаренко педагогикалық теория тәрбиенің практикалық тәжірибесін жинақтауға құрылуы тиіс деп есептеді. Ол оқу пәндерін біржүйелі оқытудың жақтаушысы болды, оқыту үрдісін кез-келген бұрмалаушылыққа, «Дальтон-жоспарға», «жобалау әдісіне қарсы болды.

А.С.Макаренко буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық педагогиканы қатты сынға алды. Буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық педагогика құрғақ жаттауға және баланың жеке басын басып-жаншуға, соқыр бағынуға негізделген авторитарлық педагогикадан «еркін тәрбие» анархистік теориясына негізделді. «Еркін тәрбие» теориясы балаларда эгоизмді, тәртіпсіздікті және тағы да басқа жағымсыз қылықтарды тәрбиелейді деп түсінді.

Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу-Макаренконың жүйесінде ең негізгі орталық идея, оның бүкіл педагогикалық қызметі мен барлық педагогикалық қағидаларының өзекті мәселесі болып табылады. негізгі орталық идея, оның бүкіл педагогикалық қызметі мен барлық «Біздің тәрбиенің міндеті ұжымшылдықты тәрбиелеу болып табылады», -деп жазды А.С.Макаренко өзінің «Менің педагогикалық тәжірибемнің кейбір қортындылары» атты мақаласында.

Макаренконың айтуынша, ұжым дегеніміз адамдардың жай ғана жиынтығы, немесе кездейсоқ топтаса салуы емес, ол жалпы мақсатқа жетуді алға міндет етіп қойған, қоғамға пайда тигізуге ұмтылушылардың тобы.

Макаренконың түсіндіруінше, әрбір жеке тұлғаға әсер ету үшін ұжымға әсер ете отырып, оның әрбір мүшесі болып табылатын жеке тұлғаға әсер етуге болады. Бұл қағиданы «параллельді әсер ету қағидалары» деп атады. Бұл қағида бойынша ұжымның талаптары іске асырылады. «Параллельді әсер ету қағидасы» дара әсер ету қағидасын қолдануды, педагогтың жекеленген тәрбиеленушілерге тікелей және жанама әсер етуін жоққа шығармайды.

Ұжымның негізгі заңдарының бірін Макаренко «ұжымның қозғалыс заңы» деп атады. Егер ұжым алдына қойған мақсатты орындаса, бірақ ол болашаққа жаңа мақсаттар қоймайтын болса, онда ұжым мүшелерін жігерлендіретін ұмтылыс болмайды, қол жеткен табыстарға тоқмейілу басталады, ондай ұжымның болашағы болмайды. Ондай жағдайда ұжымның дамуы тоқталады. Ұжым әруақытта да қызу өмір сүруі, белгілі бір мақсатқа ұмтылып отыруы қажет.

Осыған сәйкес Макаренко алғаш рет «Болашақ жолдар жүйесі» қағидасын педагогикаға ұсынып, ол ұсынысты жан-жақты талқылады. «Алдында ешқандай қуанышы болмаса, адам жарық дүниеде тіршілік етіп жүре алмайды. Адам өмірінің ең жақсы атышулы қозғаушысы ертеңгі қуаныш», - деп жазды Макаренко.

Балалар ұжымның дамуы, Макаренко бойынша, әруақытта да жүріп отыруға тиісті, дамуды педагогикалық ұжым бағаттап отырады, ал оның алға қозғалысының өте тиімді жолдарын шығармашылықпен іздестіреді.

Ұжымның өмір сүруінің ең негізгі заңын Макаренко ұжымның қозғалысы, өсуі және дамуы деп атады. Оның пікірінше, онсыз біздің қоғамның өміршең бөлігі ретінде ұжымды елестету мүмкін емес. Горький атындағы колония мен Дзержинский атындағы коммунадағы өзінің педагогикалық тәжірибесінде осы ережені қатаң сақтады, колонистер мен коммуналардың ұмтылысын ешуақытта тоқтатуға болмайтынын дәлелдеу арқылы олардың әр уақытта алға жүріп отыру ептілігін орынды тәрбиелеуге пайдалана білді, сонымен қатар, оларда алға мақсат қоя білу қабілеттілігін дамытты және сол қабілеттіктерді қойылған мақсатты орындауға бағындыра білді.

Макаренко балалар ұжымы өмірінде берік ұйымдасқан активке ерекше мән берді, оны педагогтың ең жақын тірегі деп қарады. Ол колония тәрбиеленушілерінің ішінен актив

ядросының бөлінуіне қуанды,оның толығына қуанды және оны тәрбиелеуге көп қамқорлық жасады.

Колонистер өздерін тең құқылы колонияның иегерлері ретінде сезінді.

Олар колониядағы дербестіктен және белсенділіктен қуаныш сезіміне бөленді,ал сонымен қатар тапсырылған іске деген міндеттілік және жауапкершілік сезімдерін де мойындады және іске асырды.

Балалар ұжымын кұруды, оны тәрбиелеуді Макаренко колонияда жұмыс істейтін педагогтар ұжымына тапсырды, үйткені оларсыз балалар ұжымын тәрбиелеу және әрбір жекеленген баладан ұжымшылдықты талап ету мүмкін емес деп есептеді.

Макаренконың педагогикалық жүйесінде тәрбиенің қажетті факторы еңбек болып табылады. Тәрбие жұмысында еңбек негізгі элементтердің бірі болуы қажет.Макаренконың басқарған мекемелерінде тәрбиеленушілердің еңбек іс-әрекеті үлкен орын алды,ол әруақытта да дамып және жетілдіріліп отырылды.

Макаренко Горький атындағы колонияда, негізінен өз ұжымының негізгі қажеттілігі үшін, колонистерді ауылшаруашылығы еңбегінің ең қарапайым түрлерінен бастап, Дзержинский атындағы коммунада коммуналарға еңбектің жоғары түрін үйретуге көшті. Онда тәрбиеленушілер орта мектепте оқыды және жоғары мамандықты еңбекті талап ететін күрделі техникамен өндірісте жұмыс істеді.

Еңбекке тәрбиелеуге ерекше мән бере отырып, Макаренко оқушылардың бұлшық ет энергиясының тәрбие жұмысымен байланыссыз, өнімсіз шығынына қарсы болды. Макаренко кейбір педагогтардың сол кездегі америкалық прагматистік педагогикасынан алынған «Еңбек-бүкіл мектеп жұмысының орталығы» деп аталатын ұранға қарсы болды. Бұл ұран бойынша, мектеп өмірінде еңбек дағдыларына ерекше мән беріліп,жүйелі білім алуға зиян келтіретін жағы көп болатын.

Макаренко еңбек тәрбиесі туралы көптеген құнды ұсыныстар енгізді. Балалардың еңбек әрекеті үрдісінде жұмысты бағдарлау, жоспарлау ептілігін дамыту, уақытқа, өндіріс құралдарына, материалдарға ұқыпты қарау, жұмыстың жоғары сапасына қол жеткізу.

Коммуна жағдайында оқытуды өнімді еңбекпен ұштастырудың нәтижелі тәжірибесін А.С.Макаренко жалпы білім беретін мектептерде қолдануды қиялдады.

Макаренко тамаша психолог ретінде бала психологиясын,оның жан дүниесін жақсы түсіне білді. Ол педагогикалық психологияның, оның ішінде тәрбие психологиясы мен ұстаз психологиясының, мәселелерін жан-жақты талдады. Әсіресе, оның ерекше мән берген мәселелері балалардың борыш және намыс,ерік-жігер,қайрат,мінез-құлық және сапалы тәртіпті тәрбиелеу мәселелері.

Макаренко «Балаларды тәрбиелеу туралы лекцияларында» былай деп жазды: «Біз әрбір азаматтан өмірінің әрбір минуты сайын ешқандай да ескерту мен бұйрықты күтпестен өзінің борышын орындауға дайын болуын талап етеміз, ол ынталылықты және шығармашылық ерікті меңгеруі тиіс». Әрбір ұжымның мүшесі ұжым алдындағы борышын ұжымнан бастап,Отанымен аяқтап сезіне білуге міндетті. Әрбір ұжымның мүшесі намыс сезімін меңгере білуі қажет, әруақытта да өз ұжымымен, өз Отанымен мақтана білуі керек.

А.С.Макаренко Горький атындағы колония, Дзержинский атындағы коммуна ұжымдарында намыс,мақтаныш сезімдерін қалыптастыруға көп күш жұмсады және әр коммуна мүшелеріне жақсы түсіндіре білді. Коммунарлар өз ұжымының намысы үшін, ары үшін аянбай еңбек етті. Олар әруақытта да өз ұжымын мақтан етіп отырды.

Қорыта айтқанда, Макаренконың түсінігі бойынша тәртіп-бұл тек қана тежелу тәртібі ғана емес, сонымен қатар ұмтылу, белсенділік, жауапкершілік тәртібі, намыс тәртібі,өз ұжымына,Отанына деген сүйіспеншілік, мақтаныш, қызмет ете білу тәртібі.

Әдебиеттер

- 1.Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы,1975
- 2.Беспалько В.П.Слагаемые педагогической технологии.М:«Педагогика» 1989
- 3.Жанпейсова М.М. Технология модульного обучения.-Ақтөбе: РИПК, 1999

СТУДЕНТТЕРГЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Асылбекова Г.С., Нуридинова Ж.Р

*Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті
Шымкент, Қазақстан*

Мақалада студенттерді этнопсихологиялық тәрбиелеудің әдіснамалық әдістері негіз болып табылады. Педагогтің кәсіби қызметі адамның барша іс-әрекетіндей мақсат қоюдан басталады.

Кілттік сөздер: білім, бақсат, практика, білім беру заңдары, мұғалімнің кәсіби қызметі.

В статье рассматриваются методологические методы этнопсихологического воспитания студентов. Профессиональная деятельность педагога начинается с постановки целей, как и вся деятельность человека.

Ключевые слова: образование, цель, практика, законы образования, профессиональная деятельность учителя.

The article discusses methodological methods of ethnopsychological education of students. The professional activity of a teacher begins with setting goals, as does all human activity.

Keywords: education, purpose, practice, laws of education, professional activity of a teacher.

Тәрбие түсінігі мағыналық жағынан кең ауқымды категория. Мысалы, жоғарыда тәрбиені өсіп келе жатқан әулетті тұрмысқа дайындау деп анықтағанбыз. Ал, бұл дайындықты ұйымдастырылған тәрбие қызметінің барысында іске асыруға болады, сонымен бірге ол балалардың күнделікті үлкендермен араласа жүріп, тұрмыстық іс-әрекетке үйрену мен де орындалуы мүмкін. Бірақ аталған екі жағдайдағы тәрбиелік әрекеттер әртүрлі мағынаға ие болатыны сөзсіз. «Қоршаған орта тәрбиеледі», «Отбасының тәрбие жемісі», «Мектеп тәрбиесі адам қылды» деп нақтылып айтатын болсақ, онда бұл бір мақсатты сияқты әрекеттердің өзара теңгерілмейтінін байқаймыз. «Қоршаған орта тәрбиеледі» немесе «Отбасы тұрмысы тәрбиеледі» деумен жеке адм дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік - экономикалық және тұрмыстық жағдайлардың күнделікті жоспарсыз, мақсатты бағдар болмаған ықпалын түсінеміз. Ал енді «мектеп тәрбиесі» десек, әңгіме басқаша, бұл ретте арнайы ұйымдастырылған және саналы іске асырылатын тәрбиелік қызметті білеміз.

К.Д.Ушинский «Педагогикадағы тәрбие-алдын-ала ниеттелген және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс» деп тұжырымдаған.

Арнайы ұйымдастырылған тәрбиенің мән-мағынасы.

Тәрбие мәнін дәлірек топшылау мақсатымен американ психологы және педагогы Эдвард Ли Торндайк былай деген еді: «Тәрбие сөзіне әркім әртүрлі мағына береді, бірақ ол қашанда өзгеріс дегенді аңдатады. Егер біреуді өзгеріске келтіре алмасақ, біз оны тәрбиелемегеніміз». Ал енді осы өзгерістер жеке адам дамуында қалай көрінеді? Бұл сұраққа жауап бере, К.Маркс «Адамның қоғамдық тұлға ретінде дамуымен қалыптасуымен азаматтық болмысты игеру жолымен іске асды»- деген еді. Бұл тұрғыдан тәрбиені өсіп келе жатқан әулеттің азаматтық болмысты игеруге пайдаланатын құрал- жабдығы деп білі қажет.

Ал енді осы болмыстың өзі не және оны игеру қалай өтеді? Адамзаттық болмыс дегеніміз адамдардың көптеген ұрпағының еңбегі және жасампаздық ұмтылысынан туындаған қоғамдық тәжірибе. Бұл тәжірибе өз ішінде келесі құрылым бірліктерін қамтиды:

1. Адамдардың табиғат және қоғам жөнінде жасаған білімдерінің жиынтығы,
2. Еңбектің әр қилы саласында қажет ептілік-тер мен дағдылар және шығармашылық іс-әрекет әдістері,

3. Әлеуметтік, рухани қатынастар.

Аталған тәжірибе көп ұрпақтың еңбегі және шығармашылық күшімен жасалатындықтан білімдер де, тұрмыстық ептіліктер мен дағдыларда да сон-дай-ақ ғылыми және көркемдік туындылар мен рухани-әлеуметтік қатынастар да адамдардың әртүрлі танымдық, көркем шығармашылық, әлеуметтік және рухани қызметінің нәтижелерінен қалыптасады. Енді осы тәжірибені өз «игілігіне» айналдырып, «меншіктеп» алу үшін жаңа әулет қайтадан бұл «затты» ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетика-лық) шығармашылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыданда дамыңқыраған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізуге борышты. Тек өз қызметінің күшімен, шығармашылық ұмтылысымен ғана адам қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін игеруі мүмкін. Осыдан тәрбиенің негізгі қызметі – жас адамды қоғамдық тәжірибенің әр тарапын заттықтан саналылыққа айналдыру ісіне жұмылдырып, өткен тәжірибені өзі қайтадан жаңғыртып, осылайша өз бойына қоғамдық сапалар мен қасиеттерді өзі баулына, яғни оның жеке адамдық сатыға көтерілуіне көмектесу. Бұдан тәрбие-нің терең астарлы күші үгіт-насихаттық құрғақ жас адам іске бағдарлауға емес, ал оның өзін жеке адамдық қасиеттерін қалыптастыратын қоғамдық тәжірибе-нің әр түрлі тарапынан игеруге, пайдалы қызметке қосуда.

Педагогика үшін және бір маңыздысы - жеке адамдық даму тұлғаны тәжірибе игеру қызметіне қосумен ғана шектелмейді, ең бастысы, оның сол сәттегі істе белсенділігіне, оның бағыт - бағдарына, яғни еңбекке деген қатынасына байланысты.

Жеке адамның дамуы үшін оның ұйымдастырылған іс-әрекеттегі белсенділігінің бағыт-бағдар сипаты да біршама маңызға ие. Мысалы, сынып пен мектептің жалпы табысы еңбектегі белсенділіпен өзара байланысқан көмек болуы мүмкін.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрдайым оқушылардың белсенділігіне жол бере отырып, оларда сол қызметке деген ұнамды және шынайы адамгершілік қатынас қалыптастыру қажет.

Келтірілген пікірлер, біздіңше, тәрбиенің мәнін жеткілікті әрі түсінікті де ашып, оған ғылыми анықтама беруге негіз болуы мүмкін. Сонымен, тәрбие-бұл жеке адамның қоғамдық тәжірибені (білімді, ептіліктер мен дағдыларды шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін, әлеуметтік және рухани қатынастарды) игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттанушы әрі ұйымдас-тырушы мақсат бағдарлы әрі сапалы орындалатын педагогикалық процесс.

К.Д. Ушинский ескерткендей, тәрбие заңдылықтарын ғылыми тырғыдан тану өте қажет. Себебі, оның айтуынша, педагогикалық ережелерді қара дүрсін жаттау ешбір пайда бермейді. Сол ережелерді туындататын ғылыми негіздерді зерттеу міндетті іс.

Ұлы педагогтың кеңесі: басқарылуы қажет болған психикалық құбылыстардың заңдарын ашып, өз іс -әрекетінді сол заңдарға және оларды қолданатын жағдайларға орайластырған жөн. Тәрбиенің астарлы терең заңдылықтарын білместен, оны жетілдіруге ұмтылудың өзі бос әрекет. Өмір шындығы заңдылықтары мен жеке адамның дамуы және кемелденуіндегі қайшылықтарды тану ғана белгілі дәір тәрбиесіндегі күнделікті шараларды іске асырудың және сол процесті ғылыми тұрғыдан басқарудың теориялық-әдіснамалық негізін бере алады.

Сонымен, тәрбие заңдылықтары деген не? Бұл түсініктің мәні: орындалуы жеке адам дамуы мен қалыптасуында тиімді нәтижеге жеткізетін тәрбиелік процестегі орнықты, қайталап отыратын қажетті байланыстар. Мұндай заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын-ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады.

Тәрбиенің жалпы заңдылықтары. 1. Барша тарих кезеңдерінде тәрбие объективтік - қоғамдық қажеттіліктен туындайды және ол қоғамға қызмет етеді. 2. Тәрбиенің мақсаты, мазмұны және тәсілдері біртұтас байланыста, бір-бірінен нәтиже бермейді. 3. Біртұтас педагогикалық процестегі оқу мен тәрбие (тарма-ғынадағы) өзара кіріге ұштасқан.

Келтірілген заңдылықтар тәрбиені ұйымдастырудың жалпы негіздерін құрайды, ал енді сөз болатын заңдылықтар тікелей тәрбиелік процесті іске асырудағы педагогикалық құрал ретінде танылуы тиіс. Олардың қатарына кіре-тіндер:

1. Дамушы жеке адамның тәрбиесі сол адамды тікелей іс әрекетке қосу барысында орындалады.

2. Тәрбие- ұйымдастырылған іс-әрекеттегі жеке адамның белсенділігін арттыруға ықпал етуші фактор.

3. Тәрбие барысында тәрбиеленушіге деген жоғары гуманизм мен сый-құрмет орынды талаппен ұштасуға міндетті.

4. Тәрбие барысында оқушыға алдағы жетістіктерін көрсете отырып, табыс қуанышына ере білуге көмектесу.

5. Тәрбие барысында оқушылардың ұнамды сапаларын тану мен оларды орынды пайдалану қажет.

6. Тәрбиелеуде оқушылардың жастық және даралық ерешеліктерін ескеру орынды.

7. Тәрбие ұжымда жүргізіліп, ұжым арқылы іске асырылуы қажет.

8. Тәрбие барысында мұғалімнің, мектептің, отбасының және қоғамдық мекемелердің педагогикалық ұмтылыстарының бірлігі мен келісімі қажет.

Мектептегі оқу жұмысы да, оқушылардағы жеке адамдық сапаларды тәрбиелеу де осы заңдылықтарды ескеру негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Тәрбие мақсаты- педагогика ғылымының өзекті категориясы. Оны нақтылау, жобалау, дайындау – педагогикалық тұжырымдар жасаудың арқауы.

Кейде педагог балалармен оқу-тәрбие жұмыстрын нақты айқындалған мақсатсыз-ақ орындаған сияқты болады. Бірақ сол бағыт-бағдарсыз бастаған ісінде қаншалықты сарсаңға түсіп, оңды- солды ұрынғанын, нәтижеге жете алмай шаршап - шалдыққанында бір-ақ түсінеді.

Педагогтің кәсіби қызметі адамның барша іс-әрекетіндей мақсат қоюдан басталады. Педагогтің балалармен жүргізіп жатқан ісінде мақсат болмаса, ол істі кәсіпқой маманның жұмысы деп бағалауға болмайды, оны әншейін бір әрекет, тәрбиелік процеспен ешбір байланысы жоқ, жәй белсенділік деп түсіну керек. Мақсатты сезіну әрқандай іс-әрекетке қуат береді. Ұлы да шапағатты мақсат адамның бар шығармашылық күшіне қанат беріп, оны өрістетіп түседі. Мақсатқажету адам бағытының негізгі болған тереңде толық қанағаттану-шылық тудырады.

Тәрбие мақсаты-педагогика ғылымының өзекті категориясы. Оны нақтылау, жобалау, дайындау - педагогикалық тұжырымдар жасаудың арқауы.

Кейде педагог балалармен оқу-тәрбие жұмыстрын нақты айқындалған мақсатсыз-ақ орындаған сияқты болады. Бірақ сол бағыт-бағдарсыз бастаған ісінде қаншалықты сарсаңға түсіп, оңды - солды ұрынғанын, нәтижеге жете алмай шаршап – шалдыққанында бір-ақ түсінеді. Егер түсінсе! Шынында да, күнделікті мектептегі педагогикалық тәрбиеде болмыс көрсеткендей, мақсат проблемасы өте нашар шешілуде, кейде ол мәселе тіпті естен шығарылады, осыдан «мақсатсыз тәрбие», яғни жол- жөнекей тәлім етек алған құбылыс. Осының салдарынан педагогтің кәсіби қызметінің өнімі жоқтың қасы, балалармен ұстаздардың шығармашылық мүмкіншіліктері іске қосылмайды, ал кәсіптік іскер не істерін білмей, ақырында түңіледі, жұмысынан қанағаттану-шылық рахат көрмейді.

Тәрбиелік істің мұндай келеңсіз жағдайларының объективті себептері мақсаттың әлеуметтік-психологиялық табиғатынан туындайтынын түсіне білу қажет.

Мақсат – субъект санасында оның қоршаған ортамен өзара ықпал байланысынан туындайтын әрекеттің нәтижесі туралы ой болжамы. Демек, мақсат-жағдайлар себепті пайда болуынан, нақты болмыстан алынатындықтан - ол объективтік те категория, себебі ол сана туындысы, ол адам ойында пайда болып әр нақты тұлғаның сана –сезімдік ерекшеліктерінің көрінісін береді. Ертедегі латындар айтқандай: «Екі адам зат жөнінде бір әңгіме айтуы мүмкін, бірақ бәрінің әңгімесі екіншісіне ұқсасмас». Бір мақсатты жалау еткен педагогтар, сол мақсаттың өзін әртүрлі баламада түсінеді, себебі олардың әрқай-сысы кәсіби әрекеттің нәтижесінде өз сана деңгейінен баға береді. Сондықтан, мақсат болжау проблемасы- тәрбиелі адамның идеалды образының дараланған саналардағы көптеген баламаларын қамтыған мақсаттың мүмкіндігінше – нұсқасын анықтау-байсалды зердемен

қоса, көп уақытта, мамандық күш салуды талап етеді. Адам өзіне ықпал етуші объективті және субъективті әсерлердің нәтижесінде өмір бойы қалыптасады. Бірақ педагогикалық жүйелер (мектепке дейінгі, мектептік, мектептен соңғы) жеке адамның қалыптасу деңгейі мен сапаларын нақты көрсететін өзінің уақыттық шектеріне ие болғандықтан, әр саты аяғындағы тәрбиелік нәтижелер жөнінде сөз қозғауы мүмкін.

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсаты –кең әлеумет пен ғылымның араласуымен мемлекет белгілейтін педагогикалық саясаттың басты құрылым бірлігі. Жарияланатын тәрбиелік мақсаттардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру шарттарын қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті. Былайша айтқанда құқық негізінде бекіген тәрбие мақсатының іске асуына қоғамның бар мүмкіндіктері бағытталуы қажет, әлбетте, бұған да тиісті бақылау қажет.

Тәрбие мақсатының мазмұны неде, ол қалай айқындалады?

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатының мазмұны қоғамның өркениеттілігіне, оның демократиялық сипатына, экономикалық мүмкіндігіне, педагогикалық жүйелер дамуын болжастыратын және нақты жағдайларды үйлестіріп отыратын мекемелеріне байланысты.

Мақсаттың жалпыланған сипаты жағдайлардың әртүрлі көрініске енуіне тәуелсіз, оның іске асып отыруын қамтамасыз етеді. Мақсат әрекеті адамның саналық өнімі болғандықтан өте құбылмалы, тез өзгеріске түседі, себебі ол үздіксіз ауыспалы дүниемен, сонымен бірге өзгеріс-тегі тұлғамен де әрекеттік – қозғалмалы байланыста болады. Тәжірибе, білім, оқиға т.б. Адамды байытып отырады, бірақ құбылмалы сана иесі – субъект сол байлыққа жету жолында өзінің де өзгеріп жатқанын байқай бермейді, не оған тіпті мән бермейді. Мысалы, педагог «кеше» де, «бүгін» де өзін бір мақсат ұстағандай сезінеді, ал сырттан қарағанға, оның кәсіби педагогикалық ісінде өзгерістердің болғаны айдан анық байқалады. өмірдің өтпелі –ауыспалалығы мақсаттың да бір қалыпты өзгеріссіз қалмауына ықпал жасайды.

Әдебиеттер

- 1 Ешмұратова Д, Елікбаев Н. Ұлттық психология мен ұлттық тәрбие хақында// Ақиқат.-2004ж. №190б.
- 2 Голустова О.В. Этнопсихология. – Москва. 2005г. 38с.
- 3 Ниязова Ж. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауда танымдық қыз-метінің психологиялық ерекшеліктері// Бастауыш мектеп, 2007ж, №1. 11б.
- 4 НиязоваЖ. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауда танымдық қыз-метінің психологиялық ерекшеліктері// Бастауыш мектеп, 2007ж, №1.16б.
- 5 Ниязова Ж Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауда танымдық қызметінің психологиялық ерекшеліктері// Бастауыш мектеп, 2007ж, №1.11б.
- 6 Қалиұлы С.Қазақ этнопсихологиясының теориялық негіздері мен тарихы.Алматы «Білім»2003ж. 28б.
- 7 Байтабанова А. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру жолдары//Бастауыш білім,2004ж. 27б.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мунашова Ж.Б., Тұрсынбаева А.З., Жанысбаева А.Т.

Орталық Азия инновациялық университеті

Шымкент, Қазақстан

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнерді оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың тәрбиелік мүмкіндіктері.

Кілттік сөздер: сәндік- қолданбалы өнер, дүниетаным, көк тәңір, мифология, таң, жаңа ай, ескі ай.

В статье раскрыто значение прикладного искусства и его использование при формировании мировоззрения школьников начальных классов.

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, мировоззрение, голубое божество, мифология, рассвет, новолуние, старая Луна.

The article reveals the importance of applied art and its use in the formation of the worldview of primary school students.

Keywords: decorative and applied art, worldview, blue deity, mythology, dawn, new moon, old moon.

Қазіргі таңда жалпы орта білім беретін мектептердің алдында тұрған басты міндет оқу - тәрбие процесінде оқушыларды қазіргі қоғам талаптарына сай кәсіптік білім алуға даярлау, оқушыларды қазіргі қоғам талаптарына сай кәсіптік білім алуға даярлау, оқушы дүниетанымын белгілі бір салада жан- жақты қалыптастыру. Өйткені қоғам сұранысына сай тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда, халқымыздың салт -дәстүрлері мен әдет - ғұрыптарын, халық ауыз әдебиеті материалдарын қолдану арқылы оқушыларды еңбек тәрбиесіне тәрбиелеуді тереңдете түсу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі болып табылады.

Осы тұрғыдан қарастырғанда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап зерделеу, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы саналады. Сондықтан да мектептерде оқу процесін дидактикалық тұрғыдан қайта қарастыру жергілікті халықтың ерекшеліктері мен дәстүрлерін тиімді қолдануды жетілдіру, оқушыларды ұлттық мәдениетке баулу маңыздылығы жөніндегі мәселелердің де көкейкестілігі арта түседі. Бұл мәселе білім берудің түрлері мен әдістерін жаңарту, әрбір оқушының шығармашылық қабілетін барынша дамыту, ұлттық өнердің түрлі жанрларын, сайып келгенде, жалпы ұлттық мәдениетке баулу арқылы шешімін табуы тиіс. Әрбір оқушының шығармашылық қабілеттері тек оның жеке басының туа біткен қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ оны тәрбиелеп отырған қоғамдық ортасының тарихи қалыптасқан дәстүрлі ұлтының дүниетанымына да байланысты. Ал қазақтың ұлттық дүниетанымы ежелден келе жатқан дәстүрге айналған рухани қазынасы арқылы қалыптасатыны анық. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақты өз халқының ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрімен неғұрлым тереңірек таныстыру қажет.

Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері-өзінің бай тарихи, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктерімен, халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп біте қайнасқан өміршең өнер. Сондықтан оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге оқыту, олардың қазіргі өндірістің ғылыми-техникалық негізін түсінуге, ауқымды дүниетанымының қалыптасуына кең тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсетіні сөзсіз. Жалпы дүниетанымның қалыптасуына адамның адам, табиғат, қоғам жайлы білімдері тірек болады. Адам, табиғат, қоғам - біртұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және олардың бірлікте дамитынын оқушыларға өнер арқылы түсіндірген дұрыс. Өйткені дүниетанымды өнер арқылы білу барысында оқушының таным процесі дамиды. Дүниені біртұтас бірлікте сезініп қабылдау нәтижесінде оның санасында білім қоры жиналып, ой-өрісі кеңейеді.

Оқушыларға өз ұлтының мәдениетін меңгерту халықтың қол өнері мен ауыз әдебиеті арқылы жүзеге асады. Баланың дүниетанымын қалыптастыруда, олардың арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды қарапайым да тұжырымды етіп ұғындыруда, бала табиғаты мен түсінігіне тән құнарлы қазынаны қол өнерінен табуға болады.

Оны нәтижелі шешуде жеткіншек ұрпақты өз ұлтының өнерімен, салт дәстүрімен, әдет-ғұрыпмен таныстыру қажет болды. Ал мұның өзі халықтық педагогика саласында терең мазмұнды зерттеулер жүргізуді талап етті. Осы мәселелер бойынша Қ.Б.Жарықбаев, С.Калиев, С.Ұзақбаева, Қ.Қожахметова, М.Балтабаев, З.Әбілова, Е.Асылханов, Қ.Болатбаев, Е.Сағындықов, т.б. еңбектері жарық көре бастады. Олар қазақтың халықтық педагогикасындағы құнды ой-пікірлерге талдау беріп, халықтық тәрбие саласында қалыптасқан дәстүрлер мазмұнына ондағы еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің жекеленген әдістері мен амал-жолдарын баяндап, жеткіншектер дүниетанымын қалыптастырудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетті.

Сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалса; сәндік-

қолданбалы өнер құралдары арқылы сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі жасалса; қолөнер туындылары оқушылардың сезімталдығын ояту және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталса, тәрбие үрдісінде сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы оқушылар дүниетанымын қалыптастырудың тиімділігін арттыруға болады.

Дүниетаным адам ойы кеңістігіндегі негізгі және аса күрделі түсініктердің бірі. Дүниетаным негізін салуда көне грек философтары Демокрит, Платон, Аристотель үлкен роль атқарды. Олар дүниетанымның негізі ретінде “ақылды” пайдаланды. Өйткені адам баласы қоршаған дүниесін сана арқылы қабылдайтыны мәлім.

Қоғамдық ойдың жаңа мыңжылдықтың қарсаңында даму үрдісі қазақ халқында алғашқы рухани бастауларына қайтып оралта бастады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы оның бойын қуат, ойына айқындық беріп, ілгері мақсатқа жігерлендіре түсті.

Дүниетанымның қалыптасуында ұлттық мәдениет үлкен роль атқарады. Өйткені адамның жеке көзқарасы, айналаны қабылдауы тарихи қалыптасқан дәстүрлі ұлтының дүниетанымына да байланысты болып тұрады.

Қазақ халқының тұрмыс тарихында мұндай ақпараттар көп кездеседі. Оларды келтіріп отырған себебіміз адамның қоршаған әлемге көзқарасы, дүниетанымының қалыптасуы ежелгі танымдық құбылыстармен байланысты болды. Ертеде түркі халықтарының «Тәңірге сыйынғанын Күлтегін, Білге қағандарға арналған балбал тастардағы қашап жазылған жазулардан анық білеміз» Қазірге дейін Тәңір сөзінің этимологиясын іздеушілердің пікірлері әртүрлі болып, олар «Тәңірдің » не себепті «Тәңір» атануын ашып, дәлелдеп бере алмауда. Бірқатар зерттеушілер «Тәңір», «аспан», «көк аспан » деген ұғымды білдіреді дегенді айтады. Мифтік аңыздар бойынша « Таң » және Іңір деген екі періште кезектесіп, жердегі тіршілікті күзетеді екен, «Таң» күн ұйықтар орынға кеткенде «іңір» оның орнына күзетке тұрады деген ұғым қалыптасқан. Соған орай «Тәңір» делінген дейді. Біреулер Тәңір «Таң» «Ра» сөздерінің қосындысы, таңның атауы, ал «ра» ертедегі күннің Египеттегі діни атауы. Тәңірдің дінекенін, оның «Таң» мен «іңір» сөзінен (құралғанын) тұратынын, әрі оның біздің аталарымыз түрік, прото түріктердің діни болғанын ашып айтқым келеді. «Тәңір» сөзі, қазақ тілінде әліге дейін өзгеріссіз қолданылатын, түрік прототүрік сөзі болып есептелетін «Таң» және «Іңір» сөзінің қосылып, біріктіріліп айтылуы. Таң Іңір деп айтылғандағы, «Іңір » сөзіндегі жіңішке дыбыстың себебінен « Тәңір» болып айтылып кеткен. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрік» деген түрік сөздігінде - Таң- таң - таң:таң атар шақ, таң атты . - Іңір -іңір -іңір . Жарық пен қараңғылықтың өзара шарпылысып астасуы , деп берілген . Демек, « Таң »- бұл таң атуы ,ол күннің шығуы емес ,оның бірінші сәулесінің, жарығының, нұрының көріне бастауы, аңғарыла басталуы. «Таң» сөзі жарықтың көтерілуі, шығуы дегенді білдіреді. Міне осылайша ,жарықты қараңғыға, қараңғыны жарыққа айналдырушы таңмен іңірді тіршілік пен өлімді реттейтін, жаратушы-ұлы күш «Тәңір» деп сыйынған. Бұл тұрғыдан алғанда олар әлемді көлденең космологиялық дүниетанымды төртбұрышты жазық кеңістік ретінде таныды. Кеңістікті «Туған жер» , «ата жұрт» «ата қоныс» ұғымдарында Отанын сүю, қастерлеу, табиғатты қорғау, оған деген жауапкершілік сезімдері айқындалады. Сондай -ақ, түркілер үйдің, шаңырақтың, ошақтың қамқоршысы Ұмай анаға да табынған . Тоныкөк ескерткіштеріндегі «Тәңірі», Ұмай. Қасиетті жер- су, жеңіс берген екен деген жолдардан жауынгерлерге жеңіс сыйлаған құдай ретінде көрініс береді.

Осыдан адамның дүниетанымы қалыптасуында ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар көп жағдайда әсер еткендігін көреміз. Мысалы, Ұлыстың ұлы күнінде, яғни, Наурызда кең киелі рәсім - көк жиектен шапақ шашып, шашырып шығып келе жатқан күнді қарсы алу дәстүрі. Мұндайда ақ жаулықты аналар тостағанға ақ құйып алып шығып, күн көзіне қарата шашып, үш мәрте тізе бүгіп тағзым ететін. «Атар таңға, шығар күнге тәу-тәу, басымызға амандық, малымызға береке дарыта көр» деп тілек тілейді. Қазақтың қариялары ай жаңа туғанда оған қарап тағзым етеді. Содан соң қолын көтере, алақанын жайып: «Ай көрдік, аман көрдік. Бақытты байлық заман көрдік. Амандықпен осынша жасқа келдік. Ескі

айда есіркедің! Жаңа айда – жарылқа!»-деп бетін сипап тілек етеді. Үлкендер «Көкте тәңір бар, жерде әулие бар»-балалардың аяғын аспанға көтертпейді. Жазда алғаш жаңбыр жауса: «Дерт-дербезден басымды аман сақта»деп, жалаңбастанып жаңбырға басын төсейді. Жазғытұрым найзағай алғаш күркірегенде: «Алла, ырыздығымды молынан бер. Малымыздың желінін сау, сүтін мол қыл» - деп ақ айран немесе сүт алып шығып оны босағаға төгіп және үйдің жабығына жағады. Әйелдер қолдарына шөміш немесе сүзгі алып үйді айнала жүгіріп «Сүт көп, көмір аз» деп киіз үйдің үзігін төмпештейді. Бұл сүт көп, ақ мол төл аман болсын жаратқанға жасалған ақ тілеу, мінажат. Көмір аз дегені отқа табыну, отты құрметтеу. От құдайдың адамға жіберген сыйы деп түсінген. Қазақ тұрмысында үй ішіндегі пірлері: Шопан ата (қойдың), Зеңгі баба (сиырдың), Қамбар ата (жылқының), Ойсыл қара (түйенің), Сексек ата (ешкінің) болып келуі, малға ауру-індет келгенде әр түліктің иелеріне арнап мал сойып, тасаттық беріп иелеріне жалбарынып отырған, Қарапайым халық мал басының көп болуы осы түлік аталарының мал иелеріне деген көңіл күйіне байланысты деп білген.

Қазақтар әрбір маусымды өз ішінде үшке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы, т.б. Төрт маусымның әрқайсысын үшке бөліп қарастыру және соған қарай шаруашылық жайын бейімдеу арқылы көшпелілер жыл бойынан он екі бөлікті, яғни он екі айды саралап шығара білген. Қазақтар дүниенің төрт жағын күн көзінің күндізгі қозғалысына қарап «Күншығыс», «Күнбатыс», «Оңтүстік», «Солтүстік» деп атаған. Біз мұны жоғарыда «Күлтегін» ескерткішіндегі жазбалардан кеңістіктегі ориентирде белгіленгенін көрсеткенбіз.

Ата-бабамыз бес саусақ арқылы бес тұзды: сор, жоса, мүсәтір, ашудас, ас тұзды бейнелеп, тұжырым жасап отырған. Міне, бұдан ата-бабаларымыздың дүниеге деген көз қарасының шексіздігін көреміз. Сонымен бірге қазақ халқының тұрмысымен байланысты жағдайлары, оның ерекше дүниетанымын қалыптастырғаны да анық.

Абай өнер туралы пікірлерінде қазақтың қолы өнерлі адамын әулие санайды. "Мал-бір жұттық, ал өнер мәңгілік"-дейді. "Егерде мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды" деп дәлелдеп, сол жолда жастарға таза өнер адамына жат қасиеттерге әуестенбеуін, насихаттай отырып, қазақтың өнерлі жандарының, кертартпа кеселдері бар, - деп сынап береді. Олар талапсыздық, еріншектік, тамыршылдыққа керенаулық бой ұратынын қынжылу арқылы түсіндіреді. Абай өнерлі жандарға сүйсіне отырып, "Алдау қоспай адал еңбегін сатқан өнерлі-қазақтың әулиесі сол" дейді.

Адам баласы дүниетанымының қалыптасуына ерекше әсер еткен – өнер. **Өнер дегеніміз** – адам болмысының бағыттылығы және күрделілігі бойынша әр алуан сұрақтарының туатын және шешілетін саласы, сондықтан оның мазмұндық-мағыналық мәніне күмәндану - әлемнің шексіз, ұшы-қиыры жоқ кеңістігінде өтіп жатқан өз өміріңнің шындығына күмәндану деген сөз. Өнердің құндылық-мағыналық маңызы – оның құрамында адам субъективтілігінің ішкі дүниесінің терең антологиясы, оның құндылық қатынастарына негізделген талпынысы, адам болмысының әр түрлі дүниетанымдық түсініктерінің болуында. Осының арқасында дүниеге қатынас рухани-өнегелік бағытқа ие болады.

Дүниетанымдық түсінікке негізгі бағыт беретін қоғамдық өмір тұрғысында суреттейтін адам өмірінің айнасы сәндік-қолданбалы өнер. Сәндік-қолданбалы өнер қоғамдық формациядағы халықтың тұрмысын, саяси хал-жағдайын, іс-әрекетін, мінез-құлқын тереңірек көркем түрде білуге жол ашады. Міне, сондықтан сәндік қолданбалы өнер адам баласын алуан түрлі біліммен қаруландырады, адам жанын нәзік сезімдерге бөлейді.

Сәндік-қолданбалы өнер (сәнді қолданбалы өнер) латынша, әшекейлеу адамдардың көркем іс-әрекетінің ерекше саласы, практикалық мақсат үшін арналған өнімдері эстетикалық мақсаты пішінді шешіммен органикалық үйлесімдікке негізделген .

XX ғасырда өнеркәсіптің қарқынды дамуы, адамдардың жаппай қоғамдық еңбекке араласа бастауы, қолөнер кәсіпшілігіне сұраныстың азаюы бұл өнерге көзқарасты біршама салқындатқанымен, ұлттық сана-сезімнің өрлеуіне байланысты көне мұраға құрметпен

қарауға, халқымызбен сан ғасырлар бірге жасап келе жатқан өнерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік туды.

Сонымен, сәндік-қолданбалы өнер, біздің рухани-мәдени дамуымызда ежелгі дәуірден бері тамыры үзілмей, жалғасын тауып келе жатқан құбылыс. Сәндік өнер арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыруда музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін жинақтауға болады.

Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық, тарихи - географиялық жағдайларының, халықтың көшпелі өмір салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес өскелең ұрпақты үйретуге және тәрбиелеуге, атап айтқанда, эстетикалық тәрбие беруге деген ерекше талаптары қалыптасты.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Шеберлердің қолынан шыққан қолөнер туындыларын халықтың өмірінен, тұрмысынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Өйткені, бұл заттар ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген. Қолөнер дүние жүзінің әр халқына тән, бұл халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Соған орай әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, табиғат ерекшелігі мен эстетик талғамына байланысты қолөнері өзіндік ерекшелігімен халық өмірінде өшпес із қалдырып отырған Көне заманнан келе жатқан қолөнері де өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі табылған әр кезеңде жасалған қолөнер бұйымдары соны дәлелдейді.

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезеңде ең алдымен қолға алар мәселелеріміздің бірі де бірегейі де ертеңін ойлаған елдің негізгі нысанасы, өкше басар ұрпақтың саналы тәрбиесі. Ұрпаққа берер тәрбие, дарытар ұлағат, әрине, ұлттық мектептердің санымен емес, сапасымен өлшенуге тиіс. Жан-жақты мәдениетті тұлға барынша айқын көркемдік сананың ұшқыр қиялымен, күштарлықпен, әдемілікті бағалай білетін талғаммен өнер туындыларын түсіне алатын қабілеттің иесі болуға тиіс.

Ойымызды түйіндей келгенде, сәндік-қолданбалы өнер арқылы дүниетанымдық құндылықтарды енгізу үш түрлі жағынан қарастырылуда: біріншіден ұлттық ой мен танымды жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан пайымдау; екіншіден өнер мен халқымыздың кемелденуін тұтас бір құбылыс, даму ретінде қарастыру; үшіншіден, сәндік-қолданбалы өнер арқылы дүниетанымын қарастыруды зерттеу мен оқыту мәселелерін өзара үйлестіру мен ұштастыру және бастауыш сынып оқушыларының өмірлік көзқарасын, оның саналы тіршілігін жетілдіру, ой санасын бойға күш-жігер ретінде ендіру. Тарихи сан ғасырлық мәдениет үлгісін сақтап, дамып, оның ұлттық қадір -қасиетін жоймай, бойына сіңіріп келе жатқан қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнері күнделікті өмірімізде кеңінен қолданылып өзінің тек сипатымен емес, сұлулық сырымен, сәнімен ерекше көзге түсіп, өз мағынасын жоймай жас ұрпақ арасында өзектілігін жоғалтпайды.

Әдебиеттер

1. Қалиев М., Оразаев, Смайлова М., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 2014. – 221 б.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – А: Білім, 1995. - 213 б.
3. Күнпейіс Ж.Қ.Бастауыш сыныптарда этнопедагогика материалдары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру.-А, Дарын,-2017.-182б

ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ УЗБЕКИСТАНА

Абдурахмонов Х.И.

Ташкентский фармацевтический институт

Ташкент, Узбекистан

Бул мақала студент жастардың инновациялық қабілеттерін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі ретінде университеттің Инновациялық бағытталған ортасын ашады. Университеттің инновациялық ортасы инновацияларды құру, дамыту және пайдалану бойынша ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылатын рухани және материалдық ортаны қамтиды. Бул білім беру мекемесінің инновациялық бағдарланған ортасының теориялық негіздері мыналар болып табылады: ашықтық (өмірге көзқарас; прогрессивті теориялар, тұжырымдамалар мен идеялар; тұлға мен қоғам арасындағы қатынастардағы тұрақтылық); жүйелілік; кәсіби, Әлеуметтік және жеке қажеттіліктердің жедел дамуы; мектеп ішінде де, одан тыс жерлерде де ынтымақтастықты дәйекті түрде орнату; өзін-өзі дамыту және өзін-өзі басқарудың инновациялық жүйесін қамтамасыз ететін қызметті тиімді ұйымдастыру; үздіксіз білім беру; педагогикалық ұжымның корпоративтік сипаты; дәстүрлі және инновациялық синтезді есепке алу.

Түйінді сөздер: инновация, синтез, өзектілік, тұжырымдама, жаһандану, білім, ойлау, қиял, қызығушылық

Данная статья раскрывает инновационно-ориентированную среду университета как на одно из главных условий формирования инновационных способностей студенческой молодежи. Инновационная среда университета включает в себя духовную и материальную среду, в которой осуществляется обширная деятельность по созданию, развитию и использованию инноваций. Теоретическими основами инновационно-ориентированной среды образовательного учреждения являются следующие: открытость (взгляд на жизнь; прогрессивные теории, концепции и идеи; стабильность во взаимоотношениях личности и общества); последовательность; быстрое развитие профессиональных, социальных и личностных потребностей; последовательное установление сотрудничества как внутри школы, так и за ее пределами; эффективная организация деятельности, обеспечивающая инновационную систему с саморазвитием и самоуправлением; непрерывное образование; корпоративный характер педагогического коллектива; учет традиционного и инновационного синтеза и т.д.

Ключевые слова: инновация, синтез, актуальность, концепция, глобализация, образование, мышление, воображение, любознательность

This article reveals the innovation-oriented environment of the university as one of the main conditions for the formation of innovative abilities of students. The innovative environment of the university includes a spiritual and material environment in which extensive activities are carried out to create, develop and use innovations. The theoretical foundations of the innovation-oriented environment of this educational institution are the following: openness (outlook on life; progressive theories, concepts and ideas; stability in the relationship between the individual and society); consistency; rapid development of professional, social and personal needs; consistent establishment of cooperation both inside and outside the school; effective organization activities that provide an innovative system with self-development and self-management; continuing education; corporate character of the teaching staff; consideration of traditional and innovative synthesis.

Keywords: innovation, synthesis, relevance, concept, globalization, education, thinking, imagination, curiosity.

Одной из главных задач инновационного развития Узбекистана является создание подходящих условий для формирования инновационных способностей у молодежи. Инновационное мышление требует выработки соответствующего отношения к инновациям, неизвестной ситуации, быстрой реакции в таких условиях. С этой точки зрения, "...в настоящее время, из-за стремления к инновациям в мире, удовлетворения потребностей, которые улучшаются за счет внедрения инноваций, создание различных сфер обслуживания приобрело непрерывный характер процесса, социальное обновление, его теоретические и практические вопросы становятся предмет исследования. Это, в свою очередь, привело к формированию идеи инновационного мышления"[1].

Основными инновационными компетенциями, присущими молодым людям, являются: желание и готовность получать непрерывное образование, постоянная работа над собой, способность форсировать и переучивать самообразование, профессиональная мобильность, способность стремиться к новому, критическое мышление, креативность и

бизнес, формирование способности работать самостоятельно и с командой, готовность работать в конкурентной среде и т.д.

Для формирования инновационных способностей молодежи можно создать определенные организационные и педагогические условия даже на университетском уровне. Для этого сначала необходимо будет принять во внимание внешние и (или) внутренние условия. Такие организационно-педагогические условия представляют собой совокупность объективных возможностей, обеспечивающих успешное решение задач по развитию инновационного мышления. Поэтому важно изучить проблемы инновационного образования в системе высшего образования, выявить внешние условия (реформировать образовательный процесс с целью создания инновационной среды, изменить инновационный фон, наполнить его содержанием духовными ценностями) и внутренние условия (рост) для повышения "уровня творческой свободы" личности, гармонизировать духовный и практический опыт, эффективно организовать творческий процесс. Только в этом случае происходит процесс осознания ценности инновационной деятельности, творческих и научных исследований, самопознания, самореализации.

В исследовании мы укажем на инновационно-ориентированную среду университета как на одно из главных условий формирования инновационных способностей студенческой молодежи. Инновационная среда университета включает в себя духовную и материальную среду, в которой осуществляется обширная деятельность по созданию, развитию и использованию инноваций. Теоретическими основами инновационно-ориентированной среды этого образовательного учреждения являются следующие: открытость (взгляд на жизнь; прогрессивные теории, концепции и идеи; стабильность во взаимоотношениях личности и общества); последовательность; быстрое развитие профессиональных, социальных и личностных потребностей; последовательное установление сотрудничества как внутри школы, так и за ее пределами; эффективная организация деятельности, обеспечивающая инновационную систему с саморазвитием и самоуправлением; непрерывное образование; корпоративный характер педагогического коллектива; учет традиционного и инновационного синтеза и т.д.

Важная особенность инновационной среды обусловлена еще и тем, что каждый студент-юноша представляет собой синтез творческого потенциала и факторов, направленных на развитие инновационного мышления - жизни, воспитания, самообразования и самовоспитания. Такая среда является комплексной формой разработки и внедрения основных принципов инновационной педагогики и является единственным образовательным пространством образовательного учреждения, позволяющим специалистам в будущем координировать усилия объектов, заинтересованных в получении качественных знаний.

Важным показателем инновационной образовательной среды является то, что она должна в первую очередь иметь личностную и социальную значимость для подрастающего поколения. Личностный смысл инновационной образовательной среды состоит в том, чтобы создать подходящие условия для развития творческого потенциала "всех необходимых сил", особенно молодежи, и на этой основе заложить фундамент для профессионального обучения и карьеры.

Социальный смысл инновационной образовательной среды заключается в подготовке конкурентоспособного специалиста. Основываясь на деятельностном подходе, мы считаем, что успех молодых людей в формировании инновационного мышления зависит от их интеграции в важные формы профессионально ориентированной инновационной деятельности. Для этого в нашем университете эффективно работают организации, которые воспитывают инновационное мышление. Мы можем включить в это предложение Центр молодежных инициатив (педагогические и волонтерские группы), Совет молодых ученых и студентов, лаборатории технического дизайна, студии и мастерские, дискуссионные клубы и т.д. Эти ассоциации способствуют формированию инновационного мышления. Следовательно, "в психологической основе инновационного мышления лежит

добровольное объединение образов, значений и суждений, смысловое воздействие друг на друга, в результате чего происходит формирование новых образов и видений в рамках правил, законов языка и мышления"[2].

Она выводит студентов-молодых людей, овладевших методами творческого самоуправления в обществе, на научный уровень. Например, заседания дискуссионных клубов предлагают квалифицированные профессора и преподаватели, обладающие способностью к инновационному мышлению, создающие инновационные модели педагогического процесса, к которым привлекаются ученые, решающие актуальные вопросы образования, а также из учреждений общего или дополнительного образования. Формы таких кружковых встреч следующие: среди них образовательные сессии, посвященные освещению идей создания устных, журнальных, деловых игр, социально-педагогических проектов, образовательные конференции по образованию и его модернизации в современных условиях, проблемные лекции и беседы, проекты, представленные студентами для улучшения образовательной практики. Участие в таких клубах привлекает внимание студентов и молодых ученых к острым проблемам науки и образования, повышает их профессиональные навыки, стимулирует их потребность в самообразовании, обучает публичным выступлениям, учит отстаивать свою позицию рационально и вдумчиво.

Важным условием развития инновационного мышления студентов является их участие в научно-исследовательской работе. Потому что такое научное исследование позволяет им постоянно выходить из проблемной ситуации, видеть противоречия в изучаемых объектах, чувствовать проблемы. Также развивает в них мышление, воображение, любознательность, творческую активность, развивает потребность в углубленном изучении профессиональной литературы, способность к самовыражению.

Одной из приоритетных форм научно-исследовательской деятельности студентов вузов и молодых ученых характеризуется участие в различных проектах, в рамках которых разрабатываются и реализуются социально-педагогические и инновационные проекты. Актуальность таких проектов заключается в том, что, во-первых, они предлагают нестандартные решения; во-вторых, они направляют полученные знания на практику, всегда побуждают к действиям с учетом конкретных потребностей; в-третьих, повышают познавательную, социальную активность подрастающего поколения; в-четвертых, развивают инновационные способности у молодых людей; в-пятых, повышает инновационную активность молодежи, формирует целостные представления о содержании и механизмах инновационного цикла.

Проекты, организованные на разных уровнях на основе инновационных форм, методов и средств профессиональной деятельности студенческой молодежи; получение личных достижений, готовых к самоорганизации, сотрудничеству, общению; возрастает потребность в самопознании. Важным результатом лабораторной деятельности является победа студентов в различных конкурсах республики.

Особое место в формировании инновационной и социальной активности студентов занимает деятельность центров поддержки молодежных инициатив. Потому что студенты-молодые люди занимаются в этих центрах научно-исследовательской работой (подготовка проектов, конференций, конкурсов, выставок и т.д.); участием студентов в молодежных педагогических акциях (работа в клубах по месту жительства, помощь в общественных объединениях); социально-педагогической деятельностью (работа с детьми-инвалидами, сироты); среди них организация медицинских компаний (работа в детских оздоровительных лагерях) и другие.

В заключение отметим, что интеграция исследовательского и образовательного компонентов служит формированию компетенций инновационного мышления студенческой молодежи. В университете ежегодно проводятся соревнования по стимулированию инновационной активности студенческой молодежи: конкурс на лучшую научную работу студентов, конкурс инновационных проектов, Межвузовские научные

олимпиады "Инновационное предпринимательство молодежи" и др. Таким образом, инновационно-ориентированная среда университета является важнейшими условиями формирования инновационных компетенций студентов, поскольку они позволяют каждому студенту вступать во взаимоотношения через создание, внедрение и отражение инноваций, осознавать себя творческой личностью на публике.

Литература

1. Кубаева Ш.Т. Ыйин ва инновацион тафаккур (онтологик ва гносеологик тахлил). Фалсафа фанлари бўйича фалсафа доктори (PhD) диссертацияси автореферати. – Самарқанд 2019. –Б.20.
2. Кубаева Ш.Т. Ыйин ва инновацион тафаккур (онтологик ва гносеологик тахлил). Фалсафа фанлари бўйича фалсафа доктори (PhD) диссертацияси автореферати. – Самарқанд 2019. –Б.17.

ВКЛАД Т.Т. ТАЖИБАЕВА В РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

Аймаганбетова О.Х., Адилова Э.Т.

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Бұл мақала профессор Т.Т. Тәжібаевтың шығармашылығы мен ғылыми мұрасын және оның психология ғылымының дамуына қосқан үлесі зерттеуге арналған. Мақалада Т.Т. Тәжібаевтің Л.Леви-Брюльдің алғашқы ойлау концепциясына қатысты, Л.С. Выготскийдің балалық шақтағы сөздердің мағынасының дамуы туралы, атап айтқанда, мектеп жасына дейінгі баланың эгоцентрилік сөйлеуінің ішкі сөйлеуге ауысуы туралы маңызды және ерекше назар аударуға лайық сыни пікірлері берілген. Мақала Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің «Полиграф арқылы радикалды көңіл-күйге бейімділігін психофизиологиялық зерттеу және студенттердің радикалдануының алдын алу» (ИРН-АРО 9261155) жобасы аясында жазылған.

Кілт сөздер: ғылым, психология ғылымы, ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми мақалалар және т.б.

Статья посвящена изучению творческого и научного наследия профессора Т.Т. Тажibaева и его вклада в развитие психологической науки. В статье приводятся его критические замечания на концепцию Л. Леви-Брюля о первобытном мышлении, дается анализ идей Л.С. Выготского, в частности, о развитии значения слов в детском возрасте, о переходе эгоцентрической речи дошкольника во внутреннюю речь в школьном возрасте, которые, по мнению Т.Т. Тажibaева являются значительными и заслуживают самого серьезного внимания. Статья написана в рамках Проекта Министерства науки высшего образования Республики Казахстан: «Психофизиологическое исследование подверженности радикалистским настроениям с помощью полиграфа и первичная профилактика радикализации студентов» (ИРН-АРО 9261155).

Ключевые слова: ученый, психологическая наука, научно-исследовательская деятельность, научные статьи и др.

This article is devoted to the study of the creative and scientific heritage of Professor T.T. Tazhibaev and his contribution to the development of psychological science. The article presents his critical remarks on L. Levy-Bruhl's concept of primitive thinking, analyzes the ideas of L.S. Vygotsky, in particular, about the development of the meaning of words in childhood, about the transition of a preschooler's egocentric speech into inner speech at school age, which, according to T.T. Tazhibaev are significant and deserve the most serious attention. The article was written within the framework of the Project of the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan: "Psychophysiological study of susceptibility to radicalist moods using a polygraph and primary prevention of students' radicalization" (IRN-APO 9261155).

Keywords: scientist, psychological science, research activity, scientific articles, etc.

Введение

Среди всей плеяды ученых, составивших славу Казахскому национальному университету, особое место принадлежит академику, доктору педагогических наук, профессору Толегену Тажибаевичу Тажибаеву, сто тринадцатый юбилей которого мы отмечаем в этом году.

Имя Т.Т. Тажибаева – государственного деятеля, ученого, педагога, внесшего большой вклад в развитие всей системы высшего образования Казахстана, по праву занимает достойное место в истории Казахского национального университета.

С именем Т.Т. Тажибаева связано становление казахстанской психолого-педагогической науки. Он стал первым ученым-казахом, защитившим кандидатскую диссертацию по специальности психология. Он также первым в Казахстане, получил степень доктора педагогических наук. Короткая, но очень яркая жизнь академика Т.Т. Тажибаева была тем факелом, зажегшим свет в мир психологии многим поколениям казахстанцев. Вся его биография, насыщенная различными событиями, стала настоящим образцом трудного, порой тернистого труда ученого, избравшего стезю педагога-психолога, служению ее Величеству Науке. Она может быть по-настоящему понята и творчески осмыслена именно сейчас, когда казахстанская психология, как когда-то мечтал Т.Т. Тажибаев, превратилась в современную востребованную отрасль научного знания.

С отличием окончив педтехникум и проработав здесь несколько лет в качестве преподавателя, в 1931 году Т.Т. Тажибаев как самый способный и молодой педагог был направлен для продолжения учебы в Академию коммунистического воспитания им. Н.К. Крупской, которая была в тот период настоящей кузницей кадров для новой советской школы и всей системы народного образования страны.

В те годы в Академии начинали свою трудовую и научно-исследовательскую деятельность молодые ученые - психологи Л.С. Выготский, П.П. Блонский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин и др.

Именно здесь в стенах этого высшего учебного заведения молодой Л.С. Выготский презентовал своим студентам теорию культурно – исторического развития, А.Н. Леонтьев проводил эксперименты по проблеме памяти, а А.Р. Лурия – создавал базу для своей будущей лаборатории.

Т.Т. Тажибаев с огромным удовольствием посещал лекции этих выдающихся ученых, знакомился с их научными исследованиями. Он буквально запоем читал научные труды М.Я. Басова, Л.С. Выготского, П.П. Блонского, А.Н. Леонтьева, А.Р. Лурии, С.Л. Рубинштейна и других советских психологов. Вместе с тем, именно здесь он получил возможность ознакомиться с оригинальными исследованиями зарубежных психологов, впервые переведенными на русский язык. Особый интерес у него вызвали исследования Л. Леви-Брюля, Ж. Пиаже, уважение и внимание к творчеству которых он пронес через всю свою жизнь.

Основная часть

Екінші кезекте орта жастағы әйелдердің әл-ауқатына әсер етуші фактор – ерлі-зайыптылық қарым-қатынас және неке мәртебесі болып отыр. Орта жастағы әйелдердің неке мәртебесі үш сипатта, яғни, некеде, ажырасқан және мүлдем тұрмыс құрмаған болып келеді. Зерттеу негізінде бірінші және екінші неке мәртебесіндегі орта жастағы әйелдердің психологиялық әл-ауқат деңгейі шамамен бірдей дәрежеде, алайда, үшінші неке мәртебесіндегі әйелдерде бұл көрсеткіш белгіленген норманың жоғары шегінде. Сонымен бірге, жеке өсу шкаласы бойынша өсу тенденциясы да байқалды, бірақ, үшінші неке мәртебесіндегі орта жастағы әйелдерде басқалармен салыстырғанда бұл көрсеткіш тағы да жоғары. Одан бөлек, орта жастағы ажырасқан әйелдер әл-ауқатының психологиялық ерекшеліктері бастапқы топтармен салыстырғанда біршама өзгеше, олар өмірді шынайы қабылдайды, нақты не болып жатқандығын түсінеді әрі толық көре алады, өз қателіктерінен сабақ алып, алдыңғы орын алған оқиғалардан тәжірибе жинайды. Алайда, жеке өсу, даму сияқты бағыттары біршама төмен, яғни, олар өмірге қанағаттанудан гөрі оны жалпы қабылдауға тырысады. Ал, орта жастағы мүлдем тұрмыс құрмаған әйелдер әл-ауқатының психологиялық деңгейі қазіргі таңда некеде тұрған әйелдерге қарағанда өте төмен. Зерттеулер нәтижесінде некенің кез келген адамға сенімділік беріп, өзін-өзі қабылдауға мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл топтағы әйелдер сыртқы ортаға өздерін мықты, бақытты қылып көрсеткісі келсе де, олардың психологиялық әл-ауқаты жағдайдың шын мәнінде олай емес екендігін дәлелдейді, өйткені олардың түпкі жан-дүниесінде жалғыздық, өз-өзіне деген сенімсіздік секілді қасиеттер жатады. Осылайша, некеге тұру деп аталатын қарапайым фактордың әйелдердің психологиялық әл-ауқатына әсер ететіндігін көруге болады, тиісінше некенің болмауы, жалғызбастылық психологиялық әл-ауқатқа теріс әсерін береді.

Орта жастағы әйелдер әл-ауқатының психологиялық ерекшеліктері қарым-қатынастың сапасына қарамастан олардың неке мәртебесімен тікелей байланысты екендігі анықталған. Олардың неке мәртебесі тұрмыс құрған, ажырасқан және мүлдем тұрмыс құрмаған әйелдер ретінде көрініс табады. Орта жастағы некеде тұрған әйелдер дәл осындай орта жастағы мүлдем неке құрмаған әйелдерге қарағанда өз өмірлеріне қанағаттанарлық деңгейде, ал орта жастағы ажырасқан әйелдер психологиялық әл-ауқат деңгейі бойынша аралық дәрежеде екендігі зерттелген. Сонымен бірге, үшінші некедегі әйелдердің психологиялық әл-ауқаты бірінші, екінші некедегі орта жасты әйелдерге қарағанда біршама жоғары болатындығы және мүлдем тұрмыс құрмаған әйелдер некедегі әйелдерге қарағанда ата-анасынан аз бөлінетіндігі (сепарация) анықталды. Тұтастай алғанда, орта жастағы әйелдер әл-ауқатының психологиялық ерекшеліктері мен мәселелері олардың неке және ата-ана қарым-қатынастарымен, сонымен бірге отбасындағы әлеуметтік жағдайларға да тікелей байланысты болды.

Қорытындылай келе, орта жастағы әйелдер әл-ауқатының психологиялық ерекшеліктері ерлі-зайыптылық және ата-анамен қарым-қатынасқа, әлеуметтік жағдайларға тікелей байланысты. Бұл факторлардың барлығы бір-бірін жалғастырушы, байланыстырушы элементтер ретінде қызмет атқарады. Яғни, аталып өткен үш фактор өз уақытында әрі қанағаттанарлық деңгейде орындалса, орта жастағы әйелдердің де әл-ауқат жағдайлары қалыпты әрі жоғары болады.

Әдебиеттер

1. Отбасы Мазмұндама, Samga. – 2020, 184 б.
2. Батюта М.Б., Пепеляева С.В. (2015) Исследование жизненных смыслов и ценностных ориентаций зрелых людей. Современные проблемы науки и образования, 1-1. С. 1550.
3. Прохоренко Ю.И. (2017) Институт брака: проблемы трансформации. Ученые заметки ТОГУ, Т. 8, С. 334-338.
4. Gove, W. R., Style, C. B., & Hughes, M. (1990). The effect of marriage on the well-being of adults: A theoretical analysis. Journal of Family Issues, 11(1), 4–35.
5. Hoffman J.A. (1984) Psychological separation of late adolescents from their parents. Journal of Counseling Psychology, 31, 170–178.

ЖАСӨСПІМДІК ЖАСТАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аскарова Ж.К., Садыкова Н.М.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан*

Мақалада жасөспірімдік жастағы мектеп оқушыларының психикалық ерекшеліктері қарастырылған. Жасөспірімдік жастағы негізгі тұлғалық өзгерістер сипатталған. Жасөспірімдік жастағы (14-15 жас) мектеп оқушыларының психикалық күйлерін зерттеу нәтижелері берілген. Жағымсыз психикалық күйлерді (мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік, ригидтілік) коррекциялау жолдары баяндалған.

Кілт сөздер: жасөспірімдік жас, жасөспірімдер, жасөспірімдік жастағы мектеп оқушылары, психикалық ерекшеліктер, психикалық күйлер, мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік, ригидтілік.

В статье рассматриваются психические особенности школьников подросткового возраста. Описаны основные изменения личности в подростковом возрасте. Приведены результаты исследования психических состояний школьников подросткового возраста (14-15 лет). Описаны способы коррекции негативных психических состояний (тревоги, фрустрации, агрессивности, ригидности).

Ключевые слова: подростковый возраст, подростки, школьники подросткового возраста, психические особенности, психические состояния, тревожность, фрустрация, агрессивность, ригидность.

The article describes the mental characteristics of teenage school students. The main personality changes in teenage years are mentioned. The results of a study of the mental states of teenage school students (14-15 years old) are presented. Methods for correcting negative mental states (anxiety, frustration, aggressiveness, rigidity) are described.

Key words: teenage years, teenagers, teenage school students, mental characteristics, mental states, anxiety, frustration, aggressiveness, rigidity.

Кіріспе

Адамның өмірлік даму кезеңдері арасында дағдарыстар мен қарама-қайшылықтарға толы, өтпелі, өзгермелі кезеңдердің бірі – жасөспірімдік шақ. Осы кезеңде орын алған кез-келген оқиға, құбылыс, жайт күшті эмоционалды қарқынмен өтеді, жасөспірімнің психикалық күйіне, әлемге деген көзқарасына, тұлғааралық қарым-қатынастарына орасан зор әсер етеді.

Қазіргі таңдағы заманауи жалпы білім беру жүйесі күрделі болуымен ерекшеленеді және ол білім алушылардың психикалық күйлеріне ықпал етеді. Осының салдарынан оларда мазасыздық, агрессивтілік, психоэмоционалды күйзеліс деңгейлері жоғарылайды, денсаулықтары нашарлайды, көңіл-күйі, танымдық белсенділігі төмендейді. Әсіресе, жыныстық жетілу процесі қарқынды түрде өтіп жатқан жасөспірімдерде бұл ықпал аса айқын көрінеді. Өзінің психофизиологиялық мүмкіндіктері мен мектеп қоятын талаптардың арасындағы сәйкессіздік жасөспірімдердің басым бөлігіне тән.

Негізгі бөлім

Жасөспірімдік шақ әртүрлі эмоционалды толқуларға, қиындықтарға, дағдарыстарға бай кезең болып табылады. Бұл кезеңде мінез-құлықтың тұрақты формалары, мінездің ерекшеліктері, эмоционалды жауап берудің үйреншікті жолдары қалыптасады және тұрақталады. Жасөспірімдік шақ алғашқы жетістіктер мен жеңістердің пайда болатын, білім мен дағдылардың қарқынды және белсенді жинақталатын уақыты. Сонымен қатар, өзіндік «Меннің» қалыптасуы, жаңа әлеуметтік ұстанымдарға ие болу да осы кезеңде жүзеге асады.

Жасөспірімдік шақтағы ерекше белгілердің бірі - тұлғалық тұрақсыздық. Мысалы, Л.С.Выготский жасөспірім тұлғасының құрылымында тұрақты, түпкілікті, өзгермейтін ештеңе жоқ екенін атап көрсеткен. [1] Сондықтан, екінші жағынан, бұл уақыт балалық дүниетанымның жоғалуы да, алаңдаушылық пен жоғары дәрежедегі психологиялық жайсыздық та тән кезең екенін естен шығармауымыз қажет. Осы себепті, жасөспірімдік шақ мазасыздық пен психоэмоционалды күйзеліс деңгейлері тұрғысынан аса критикалық кезең болып табылады. 12-14 жас аралығындағы жасөспірімдерде басқа ешбір жаста байқалмайтын жоғары мазасыздық деңгейі көрінеді, ал эмоциялардың басым бөлігі жағымсыз болады.

Бұл көрсеткіштердің жоғары деңгейі психосоматикалық ауытқулардың, невроздардың, интеллектуалдық қызметтегі қиындықтардың, оқудағы сәтсіздіктердің және қарым-қатынастағы қиындықтардың дамуына ықпал етеді. Бұл кезеңде, Х.Ремшмидт атап өткендей, түбегейлі соматикалық өзгерістер, көптеген психикалық өзгерістер, қоғаммен және оның институттарымен (отбасы, мектеп, т.б.) күшті қақтығыстар, түсініспеушіліктер орын алады. [2, б. 115-117]

Жағымсыз психоэмоционалды күйлерді диагностикалау күйзеліске бейім жасөспірімдік жастағы мектеп оқушыларын дер кезінде анықтау, оларға өзін-өзі реттеу мен релаксацияның қажетті дағдыларын үйрету үшін қажет.

Мен жүргізген зерттеудің мақсаты жасөспірімдік жастағы мектеп оқушыларының психикалық күйлерінің ерекшеліктерін анықтау болды.

Зерттеу Алматы қаласы білім басқармасының «Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі базасында жүзеге асырылды. Зерттеу 14-15 жастағы 53 жасөспірімге жүргізілді (27 ұл бала және 26 қыз бала).

Жасөспірімдік жастағы мектеп оқушыларының психикалық күйлерін зерттеу үшін Г.Айзенктің «Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалау әдістемесі» қолданылды.

«Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалау әдістемесі» Г.Айзенк XX ғасырдың 60-80 жылдары жасаған тұлғалық сауалнамаларының бірі болып табылады. Г.Айзенктің сауалнамалары оның тұлғаны зерттеуге жаңа типологиялық көзқарасты әзірлеуі негізінде жасалған. Г.Айзенк әдістемелерін әзірлеуде К.Юнг, Р.Вудвортс, И.П. Павлов, Э.Кречмер,

басқа да атақты психологтар, психиатрлар, физиологтардың теоретикалық көзқарастарын және өзінің де ауқымды эксперименттік зерттеулерінің деректерін пайдаланды. Г.Айзенктің тұлғалық сауалнамалары жеткілікті жоғары валидтілік және сенімділік коэффициенттеріне ие және практикалық психодиагностикада кеңінен қолданылады. [3, б. 211]

«Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалау әдістемесі» арқылы жасөспірімдік жастағы мектеп оқушыларының мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік, ригидтілік сияқты психикалық күйлерінің деңгейлерін анықтадым.

Зерттеу нәтижелері бойынша 14-15 жастағы 53 мектеп оқушыларының 37-сінде, яғни 70 %-ында зерттелініп отырған психикалық күйлердің жоғары деңгейлері анықталды. Олар жағдайлардың жағымсыз эмоционалды тәжірибелерімен сипатталады.

Нақтырақ айтатын болсақ, 9 % -ында мазасыздықтың, 19 %-ында фрустрацияның, 19 % -ында агрессивтіліктің, 23 % -ында ригидтіліктің жоғары деңгейлері анықталды.

Мектептегі ересектермен қарым-қатынастың жалпы жағымсыз эмоционалды фоны жасөспірімнің оқудағы жетістігін төмендетеді және оның табысқа, жоғары нәтижеге жетуге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері бойынша жасөспірімдердегі психикалық күйлердің жағымсыз көріністерін байқауға болады. Соның салдарынан бұл жағдайды түзету және реттеу қажеттілігі туындайды.

Анықталған психикалық күйлердің жоғарғы деңгейлерімен релаксациялық жаттығулар, арт-терапия, визуализация, өзін-өзі реттеу техникалары, әлеуметтік психологиялық тренингтер арқылы коррекциялық жұмыс жүргізуге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жасөспірімдік жас адам өміріндегі өтпелі кезең бола отырып, психикалық күйлердің тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Білім беру мекемелерінде жасөспірімдердің психикалық ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасау қажеттілігі ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Сонымен қатар, жағымсыз психикалық күйлерді анықтауға бағытталған диагностикалық шараларды жиі өткізу де аса маңызды. Жасөспірімдерде анықталған мазасыздық, фрустрация, агрессивтілік, ригидтілік деңгейлерін төмендету үшін олардың өмірінің барлық аспектілерін қамтитын күрделі, жүйелі психологиялық түзету қажет.

Әдебиеттер

1. Выготский Л. С. Психология развития человека. - М.: Смысл; Эксмо, 2004.
2. Алферов А.П. Психология развития школьников. - Ростов н/Д.: Феникс, 2000. - 383 с.
3. Методики диагностики эмоциональной сферы: психологический практикум / сост. О.В. Барканова. - серия: Библиотека актуальной психологии. – Вып.2. – Красноярск: Литера-принт, 2009. – 237 с.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛІНІҢ ЖАСӨСПІРІМНІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Кенжебайқызы Д., Болтаева А.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада отбасылық қарым-қатынас стилдерінің жасөспірімдердің өзіндік бағалауының қалыптасуына әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: отбасы, қарым-қатынас стильдер, өзін-өзі бағалау.

В данной статье рассматривается влияние стилей семейного общения на формирование самооценки подростков.

Ключевые слова: семья, стили общения, самооценка.

This article examines the influence of family communication styles on the formation of adolescent self-esteem.

Keywords: family, communication styles, self –esteem.

Бүгінгі таңда жасөспірімдердің ата-анасымен қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануына, өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады.

Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысалы, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді. Сонымен бірге, жасөспірім шақта ата-ана мен жасөспірім арасында бірін-бірі түсінбеу көптен-көп кездесіп жатады. Өйткені, осы шақта жасөспірімнің физиологиялық жетілуіне байланысты, оның тұлғасында психологиялық ерекшеліктер пайда бола бастайды.

Қазіргі таңда, жасөспірімдердің отбасындағы ата-анасымен қарым-қатынасы ерекшеліктері бірқатар ғалымдар мен психолог мамандар тарапынан зерттеліп жүргенін көруге болады. Мысалы, К.Н. Поливанова [1] психологияға дамудың дағдарыстық кезеңі ретіндегі жасөспірімдік шақ туралы ұғым енгізеді. Жасөспірімлік шақтың дағдарыстық, жағымсыз құбылыстарын берілген кезеңнің онтогенездегі өтпелілігімен, аралық кезең болуымен байланыстырды. Ол жасөспірімдік шақтағы даму үдерістерінің биологиялық шарттылығы туралы түсінікті негізге алған. Сонымен қатар, Г.А. Цукерман, Л.С.Выготский, Д.Б. Эльконин атты ғалымдар зерттеген. М.И. Лисина зерттеуіне сүйенсек, жасөспірімдер 14 -15 жасқа өткенде ата-аналарына деген қарым-қатынасы өзгере бастайды. Көбіне агрессиялық мінез-құлық пайда болады, ата-аналарының сөзіне құлақ аспау көптеп білінеді деген қорытынды жасаған болатын.

Отбасы тәрбие стилінің жасөспірім дамуына әсері әлеуметтік қауіпсіздік немесе қорғансыздық сезімі, мейірімділік немесе қатыгездік, гиперактивтілік және т.б. әсері болуы мүмкін. Жалпы отбасындағы қарым-қатынас стилдерін төмендегідей топтастыруға болады:

1. Демократиялық стиль – жасөспірім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста вербалды қатынастың жоғары болуы; жасөспірімнің отбасылық мәселелерге араласып, өз ойын білдіруі мен оны үлкендердің ескеруі; қажет болған жағдайда ата-ананың көмекке келуге дайын болуы және жасөспірімнің өз бетімен жетістікке жететіндігіне деген сенім; жасөспірімді қарастырған кезде, өзіндік субъективтілікті шектеу. Демократиялық стильдегі отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер көшбасшылыққа деген қабілеттілік пен агрессивтілік, басқа жасөспірімдерді бақылауға деген құштарлықпен сипатталады, бірақ ол жасөспірімдердің өздері сырттай бақылауға әрең көнеді. Ол жасөспірімдер дене дамуы тұрғысынан жақсы дамыған және өз қатарластарымен тез тіл табысып кететіндігімен ерекшеленеді.

2. Бақылаушы стиль – жасөспірімнің іс-қимылына шектеу қою; жасөспірімге шектеу сөзінің мағынасын айқындап түсіндіру; тәртіп мәселесі бойынша ата-ана мен жасөспірім арасында келіспеушіліктің болмауы. Тәрбиенің бақылаушы стилі түрінде жасөспірімдер тәртіпті, ұғымтал, қорқақ, өз мақсаттарына жетуде табандылық көрсетпейді, агрессивті емес. Тәрбиенің аралас түрінде жасөспірімдер ұғымтал, тәртіпті, эмоционалды сезімталдық, агрессивті емес, жаңа нәрсені білуге деген қызығушылықтың болмауы, ойлаудың бірегейлігі, ой ұшқырлығының жұтаңдығы.

3. Авторитарлық стиль — жасөспірімдер мен ата-ана арасында қарым-қатынас мүлде жоқ, оны қатал тәртіп пен ережелер алмастырады. Ата-аналар көбінесе бұйрық беріп, оның нақты орындалатынына, талқыланбайтынына сенімді болады. Мұндай отбасыларда жасөспірімдердің оқшау, тұйық, қорқақ, жалтақ болатыны заңды. Бойжеткен шаққа дейін қыз жасөспірімдер әдетте пассивті және бағынышты болып өседі. Ұл жасөспірімдер керісінше, басқаруға келмейтін агрессивті, шектеу қоятын талаптарға бірден қарсы шығатын қызу қанды болып өседі.

4. Либералды стиль — жасөспірімдермен қарым-қатынастағы ашықтық. Ата-аналар жасөспірімдердің іс- әрекетіне тиым салмайды десек те болады. Ата-ана тарапынан аздаған басқару жүргізіліп, жасөспірімдерға толық еркіндік берілген. Ешқандай шектеу қоймау құлықсыздық пен агрессивтілікке алып келеді, жасөспірімдер адамдардың көзінше өздерін көбінесе дұрыс ұстамайды, өздерінің қабілетсіздіктерін алға тартып, импульсивті болып келеді. Отбасындағы жағдай жақсы болса, мұндай отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер белсенді, сенімді шығармашыл тұлға болып өседі. Егер де жасалған бассыздыққа ата-ана тарапынан ашық түрде қарсылық болса, жасөспірімнің ең бұзық ойларын жүзеге асыруына ешнәрсе кедергі болмайды.

5. Оқшаулану стилі— ата-аналар өздерінің ашық немесе жасырын іс-әрекеттерімен жасөспірімді қабылдамауын көрсетеді. Мысалы, ата-ананың жасөспірімнің дүниеге келуін немесе қыз жасөспірім болғанын қалап, ұл жасөспірімнің дүниеге келуін қаламауы. Жасөспірім басынан бастап ата-ананың қалауына сәйкес келмейді. Кей жағдайда жасөспірім ата-ананың қалауымен дүниеге келіп, оны мұқият қарап, оны бағып-қағады, бірақ та оның ата-анасымен рухани байланысы жоқ. Мұндай отбасындағы жасөспірімдер агрессивті немесе, тұйық, жасқаншақ, ренжігіш болып келеді. Мұндай қабылдамаушылық жасөспірімде наразылық сезімін тудырады. Оның әсіресе үлкендермен қарым- қатынастағы мінез-құлқында тұрақсыздық, негативтілік байқалады.

6. Индифферентті стиль — ата-аналар жасөспірімдерға ешқандай шектеу қоймайды, оларға немқұрайлылықпен қарайды, қарым-қатынасқа түспейді. Көбінесе олардың өз мәселелерімен бастары қатып, жасөспірімдерын тәрбиелеуге уақыты болмайды. Егер ата-ананың немқұрайлылығы өшпенділікке үйлессе, жасөспірім бейсоциалды қылықтарға бейімділік танытуы мүмкін.

7. Гиперсоциалды стиль — ата-аналар «үлгілі» тәрбиелеуде барлық нұсқауларды тәптіштеп орындауға ұмтылады. Мұндай отбасындағы жасөспірімдер өте тәрбиелі және ұқыпты болып келеді. Олар үнемі өздерінің эмоцияларын және қалауларын тежеуге мәжбүр болады. Осындай тәрбиелеу нәтижесі қатты қарсылыққа, жасөспірімнің өзін агрессивті ұстауына, кейде аутоагрессияға алып келеді.

8. Эгоцентрикалық стилі -отбасындағы жалғыз немесе зарығып көрген жасөспірімде көбінесе өзін өте бағалы адам деп санау пікірі қалыптасады. Ол ата-ананың табынушысына және «өмірінің мағынасына» айналады. Сонымен қатар, оның айналасындағылардың қызығушылықтары назардан тыс қалып, жасөспірімнің жолында құрбандық болады. Нәтижесінде ол жасөспірім басқалардың ой-пікірімен санаспайды, назарға алмайды, ешқандай шектеуді қабылдамайды, кез-келген шектеуді агрессивті түрде қабылдайтын болады. Мұндай жасөспірім кертартпа, тұрақсыз, мазасыз болып өседі.

9. Беделдік стиль — жасөспірімнің үйлесімді тұлғасын дамытудағы ең тиімді, әрі жақсы тәрбиелеу стилі. Ата-аналар жасөспірімдерінің өсіп келе жатқан дербестігін қабылдап, қолдайды. Белгіленген тәртіп бойынша жасөспірімдермен ашық түрде өздерінің талаптарын талқылайды, шешімдерін саналы деңгейге дейін өзгерте алады. Мұндай отбасындағы жасөспірімдер өте жақсы бейімделген, өздеріне сенімді, оларда өзін- өзі бақылауы және әлеуметтік дағдылары қалыптасқан, олар мектепте жақсы оқиды және өз-өздерін жоғары бағалайды. Қарастырылған ата-аналық қарым-қатынас түрлері жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне көп ықпал етеді.

Отбасылық жағымды қарым-қатынас стилі орнаған отбасыларда жасөспірімдермен бірігіп жұмыс жасау, ол махаббат, құрмет және отбасының басқа мүшелері сияқты оларға деген талаптармен теңестірілуі анық байқалады. Отбасы, басқа әлеуметтік институттар сияқты, дәстүрлерді жасап шығару арқылы, нақты іс- әрекет үлгілерін қайталай отыра өмір сүреді, оларсыз отбасының өзіндік дамуы мүмкін емес.

Жасөспірімдік шақта кейбір ата-аналар жасөспірімдерінің мінездері тым ауыр, агрессивті болып кеткеніне шағымданады. Жасөспірімдерде “мен өзім білем, өзім шешім қабылдаймын”- деген сөздерді де көп айтып жатады. Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас тең емес. Көптеген ата-аналар өз жасөспірімдерын басқаруға

үйреніп, жасөспірімдерінің өз ойы пайда болып, ата-аналарының сөзіне қарсы шыға бастағанда, ата-аналарының бойсұнуы қиындай түседі. Бұндағы, ата-аналарының үлкен қателігіне жасөспірімдерін өздеріне бағындырып ұстағысы келетінінде екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ата-ана мен жасөспірімдік шақтағы жасөспірім арасыдағы қарым-қатынаста конфликті жағдайдар көбіне ата-анасының шектен тыс бақылауы мен сабағының нашарлауынан, дос тандаудағы ата-анасының қарсы келуінен болып тұрады. Ата-ананың шектен тыс жасөспірімге авторитарлы тәрби беруі- жасөспірімнің ары қарай психологиялық және әлеуметтік жетілуіне кедергісін келтіреді. Ал, егерде жасөспірімге тым қатыгездік танытып не болмаса көңіл бөлінбесе, жасөспірімдік шақта оның бәрі жасөспірімге ауыр тиеді. Ол өзін артық сезінуі немесе өзін тек жамандық алып келемін деген ой қалыптасу мүмкін.

Жасөспірім шақта өзін бағалау ең алдымен, адамға басқалардың беретін бағасына қарай қалыптасады. Адам өзін айналасындағылар қалай бағалайтынына қарай өзін-өзі бағалауға бейім келеді. Өзіндік бағалау тұлғаның өзіне ғана тән жеке құндылығы. Яғни өзіндік бағалау дегеніміз адамның өзін-өзі құрметтеу сезімінің дамуы, жеке құндылығын сезу. Өзін-өзі бағалау ойлауға, еске сақтауға, мінез-құлықтың қалыптасуына, өзге білік пен дағдылардың жетілуіне ықпал етеді. Ол адамның қажеттіліктері мен өзіндік санасына, кәсіптік тұрғыда өзін-өзі айқындауына, тәрбие үрдісі мен мақсатарына, оның нәтижелеріне, әлеуметтік және эмоционалдық жағдайында, адамның өз-өзіне және өзге жандарға қатынасына әсер етеді. Өзіндік бағалау өз әрекетін бағалауда маңызды роль атқарады, онсыз өмірде өзін анықтау мүмкін емес. Нақты бағалау адамға рухани қанағат пен адамгершілік қасиеттеріне қолдау көрсетеді. Жасөспірімнің өзіндік бағалауының қалыптасуының алғы шарты ретінде сенім, құрмет, түсіністік, махаббат – жасөспірімдермен қарым-қатынаста басты назарда болу керек.

Ата- ана мен жасөспірім арасындағы қарым-қатынастағы қиын мәселенің бірі - ата-анасы жасөспірімнің ішкі жан дүниесін түсінбеуі де осы отбасылық қарым-қатынас жағымды стилдерінің жетіспеушілігінен болады. Дәл осы жасөспірімдік шақта ата-ана мен жасөспірім арасында жаңжалдар туындайды. Бұл жас кезеңінде - ата-анаға да, жасөспірімге да оңай тимейді. Ата-аналар мен жасөспірімдер арасында туындайтын шиеленіс-ересектердің жасөспіріммен қарым-қатынас дұрыс орната алмауынан болып тұрады. Бұл сұрақ алғаш рет жасөспірім кезеңінде байыпты түрде туындайды және ата-аналар мен жасөспірімдер арасында қақтығыстар болуына алып келеді. Сондықтан да қазіргі ақпараттар ғасырында да ата-ана мен жасөспірім арасындағы қарым- қатынас қазіргі таңда психологияда аса көңіл бөлерлік жағдай болып отыр.

Әдебиеттер

1. Поливанова К.Н. Психологическое содержание подросткового возраста // Вопр.психол.1996. №1.
2. Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов.- М.,1990.
3. Эльконин Б.Д. Введение в психологию развития.-М, 1994.
4. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка.-М, 1996.
5. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы.- Қазақ университеті, 2013.

СМАРТФОНҒА ТӘУЛДІЛІК АДАМНЫҢ СУБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ АУҚАТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС: ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ

Лимашева Л.А., Бердибаева С.К.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Ұялы телефондар бізбен үнемі бірге жүретін ең таңдаулы цифрлық құрылғылардың бір болып табылады. Смартфондарды қолдану ыңғайлы, бірақ олар көптеген адамдарға «номофобия» деп аталатын тәуелділікке алып келеді, бұл құрылғыны шамадан тыс пайдаланудан туындайды. Смартфонға үнемі назар

аударып пайдаланушылар толыққанды оқып, жұмысты ойластырылғандай нәтижелі орындап, басқалармен қарым-қатынас орнатып және тұтастай алғанда-толыққанды өмір сүруі мүмкін емес. Көптеген зерттеулер смартфонға тәуелділік өмірдің көптеген маңызды аспектілеріне зиянды әсер ететінін көрсетеді. Мақаланың мақсаты – смартфонға тәуелділік пен адамның психологиялық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер арасындағы байланыс туралы шетелдік зерттеулерге аналитикалық шолу жасау. Талдау үшін бастапқы деректер ретінде шетелдік зерттеулерді таңдау маңызды, теориялық және практикалық қызығушылық тудыратын эксперименталды түрде дәлелденген нәтижелердің ең көп санын көруге болады. Смартфондарға айтарлықтай жоғары тәуелділік жас буындағы пайдаланушыларға тән.

Кілт сөздер: смартфон, тәуелділік, номофобия, мазасыздық, депрессия, стресс, өзін өзі бақылау, әлеуметтік байланыстар, кибербуллинг.

Сотовые телефоны - одно из самых популярных цифровых устройств, которое мы регулярно используем. Смартфоны удобны, но они вызывают у многих привыкание, называемое «номофобией», которое вызвано чрезмерным использованием устройства. При постоянном внимании к смартфону пользователи не могут полноценно читать, выполнять работу продуктивно, как задумано, налаживать отношения с окружающими и в целом-жить полноценной жизнью. Многочисленные исследования показывают, что зависимость от смартфонов оказывает пагубное влияние на многие важные аспекты жизни. Цель статьи - провести аналитический обзор зарубежных исследований взаимосвязи между зависимостью от смартфона и психологическими и социально-психологическими особенностями человека. Выбор зарубежных исследований в качестве исходных данных для анализа важен, можно увидеть наибольшее количество экспериментально доказанных результатов, представляющих теоретический и практический интерес.

Ключевые слова: смартфон, зависимость, номофобия, тревога, депрессия, стресс, самоконтроль, социальные связи, киберзапугивание.

Cell phones are one of the most popular digital devices that we regularly accompany. Smartphones are convenient to use, but they are addictive for many, called "nomophobia", which is caused by excessive use of the device. With constant attention to the smartphone, users cannot fully read, perform work productively, as intended, establish relationships with others and, in general, live a full life. Numerous studies show that smartphone addiction has a detrimental effect on many important aspects of life. The purpose of the article is to conduct an analytical review of foreign studies of the relationship between smartphone addiction and psychological and socio-psychological characteristics of a person. The choice of foreign studies as initial data for analysis is important, you can see the largest number of experimentally proven results of theoretical and practical interest.

Keywords: smartphone, addiction, nomophobia, anxiety, depression, stress, self-control, social connections, cyberbullying.

Кіріспе. Ұялы телефондар-ең жақсы көретін, бізді үнемі сүйемелдейтін құрылғылардың бірі. Смартфон – байланыс, ойын-сауық және іскерлік көмекші үшін тамаша құрал. Ол қалтаға сыйып кететін толыққанды компьютерге айналды. Смартфондар ыңғайлы екені айқын. Бірақ олар көптеген адамдарда " номофобия "(ағылш. nomophobia, no mobile - phone phobia) - ұялы телефонсыз қалудан немесе одан алыс болудан қорқу: бұл адамда мазасыздық және тіпті дүрбелең күйі немесе басқа себептерден смартфонның қолында болмай қалудан қауіптенуі. Көптеген адамдар, әсіресе жасөспірімдер мен балалар бұл гаджетпен бір минутқа да ажырамайды. Олар өз өмірін смартфонсыз елестете алмайды және үнемі жанында ұстайды. Смартфонға үнемі назар аударудың арқасында мұндай смартфон қолданушылар толықтай жаңаны үйрене, жұмысты ойластыра және нәтижелі орындай алмайды, басқалармен қарым-қатынас орнату қыйындайды және тұтастай алғанда толыққанды өмір сүре алмайды. Жасөспірімдер арасында олардың физикалық және психологиялық денсаулығына зиян келтіретін смартфонға тәуелділіктің белең алуы ерекше алаңдатады.

Смартфонға тәуелділік - бұл жаңа құбылыс, ең көп таралған медициналық емес тәуелділіктердің бірі, ол өзінің бұқаралық сипаты бойынша Интернетке тәуелділік пен құмар ойындарды артта қалдырып, олармен қауіпті конгломерат құрады.

Смартфонға тәуелділіктің кері салдары осы тәуелділіктің құрбандарының психологиялық және мінез-құлық мәселелерін қамтуы мүмкін. Себептері мен салдарын түсіну бұл жаңа құбылыс көптеген жарияланымдардың тақырыбы болып табылады.

Шетелдік зерттеулерді аналитикалық шолуда смартфондарды шамадан тыс пайдаланудың физикалық және психикалық денсаулыққа кері әсерін көруге болады. Смартфонды шамадан тыс пайдалану өзін-өзі реттеудің төмендігін және өзін-өзі

бақылаудың нашарлығына әкелетінін болжайды. Смартфон арқылы шамадан тыс қарым-қатынас жасаудың салдарынан адамдар бір-біріне эмпатияны төмендетеді, бұл эмпатияның жоғалуына және басқалармен эмоционалдық байланысының нашарлауына әкеледі.

Смартфонға тәуелділіктің стресспен байланысы

I. O. Kim және S.H. Shin зерттеулері Сеулдегі орта мектептің 398 оқушысына жүргізілген.

Авторлар жүргізген иерархиялық регрессиялық талдау академиялық стресс пен смартфонға тәуелділік арасындағы айтарлықтай оң байланыстарды анықтады (Kim, Shin, 2016). Зерттеуде M.Y. Sim бірге автор стресстің әсер ету мүмкіндігі тексерді Оңтүстік Кореядағы колледждер арасында депрессия және өзіндік тиімділік арқылы смартфонға тәуелділік анықтау жүрді. Зерттеуден келесі нәтижелер алынды: стресс ол туындаған депрессия және өзіндік тиімділіктің төмендеуі арқылы смартфонға тәуелділікке айтарлықтай екі есе жанама әсер етеді. Сонымен қатар, жоғары стресс смартфонға тәуелділікке айтарлықтай тікелей әсер етеді, осылайша қосарланған делдалдық моделін растайды (Sim et al., 2016).

R.C. King және S. Dong смартфонға тәуелділіктің стресске тәуелділігі мен бірқатар американдық колледждерде, студенттерінің үлгерімін зерттеу барысында өмір бойы стресс сoralар мен смартфонға тәуелділік арасында күшті байланыс бар екенін анықтады (King, Dong, 2017).

G.-S. Seo және S.Y. Bang зерттеулері медициналық колледж студенттерінің смартфонға тәуелділігі, өмірлік стресс және отбасылық қарым-қатынас арасындағы байланысты зерттеді. Бұл зерттеуге барлығына 172 респондент қатысты, деректер құрылымдық сауалнамаларды пайдалана отырып жиналды. Жалпы оқушылардың едәуір бөлігі смартфонға деген тәуелділік деңгейі жоғары болды: тәуелділіктің жоғары тәуекел тобы смартфон 14,0 %, ықтимал тәуекел тобы 29,0% құрады. Топта тәуекел өмірлік стресс бақылау стрессіне қарағанда жоғары болды ($t = 3,15$, $p = 0,002$) топқа. Смартфонға тәуелділік өмірмен оң байланысты ($R = 0,27$, $p < 0,001$) және теріс-отбасылық қарым-қатынас сапасымен: $r = -0,26$, $p = 0,001$ (Seo, Bang, 2017).

Зерттеудің мақсаты. Gligor және I. Mozoš университет студенттерінде смартфонға тәуелділіктің таралуы Румынияда пайдалану қарқындылығы арасындағы байланысты зерттеу ұялы телефонмен стресстің байланысы жоғары болды. Зерттеуге Тимишоараның екі университетінен 150 студент қатысқан. Студенттерге екі сауалнамаға жауап беру ұсынылды: ұялы телефонға тәуелділік сауалнамасы және сауалнама Халықаралық стрессті басқару қауымдастығы (ISMA). Зерттеу смартфонды пайдалану себебінен ауытқуға бейімділігі бар және смартфонға тәуелділік көрсеткіштері мен стресс денелерін көрсету арасында айтарлықтай корреляциясы бар студенттердің салыстырмалы түрде көп саны анықталды. Сонымен қатар, смартфонға тәуелділіктің du көрсеткіштері, оны пайдалану ұзақтығы және студенттердің жасы арасында айтарлықтай корреляция алынды (Gligor, Mozoš, 2019).

M. Samaha және N.S. hawi зерттеуінде университеттің кездейсоқ таңдалған 300 студенті онлайн сауалнама толтырды. Университеттің ақпараттық жүйесінде орналастырылған болатын. Нәтижелер смартфонға тәуелділік қаупі сезілетін стресспен оң байланысты екенін анықтады (Samaha, Hawi, 2016).

Зерттеу мақсаты III. Gökçearslan, Ç. Улуол және С. Шахи болды смартфонға тәуелділік, кибер лаффинг (гаджеттермен демалу), стресс және әлеуметтік арасындағы мүмкін болатын қатынастарды зерттеу қолдау. Зерттеу деректері Түркиядағы мемлекеттік университетте оқитын 885 студенттен онлайн сауалнама арқылы алынды. Нәтижелер отбасылық табыс пен тұрғылықты жер екенін көрсетті смартфонға тәуелділікке, киберлаффингке, стресске және қабылданған әлеуметтік қолдауға айтарлықтай әсер еткен жоқ. Стресс киберлаффингке және смартфонға тәуелділікке айтарлықтай әсер етеді, ал смартфондар кибер лаффинг өз кезегінде тәуелділікке айтарлықтай әсер етеді (Gökçearslan, Uluol, Шахин, 2018).

Смартфонға тәуелділік және ата-аналармен қарым-қатынас

Бірнеше эмпирикалық зерттеулер теріс стильді байланыстырады ата-ана тәрбиесі (яғни ата-анадан бас тарту және қорғану қажеттілігі смартфонға тәуелділіктің жоғары дәрежесі бар. Жасөспірімдердің смартфонға тәуелділігі негізінен отбасылық қиындықтармен байланысты (Ким және басқалар., 2018).

С. Lee және S. J. Lee мақалаларында ата-аналарымен нашар қарым-қатынаста болған балалар смартфонға тәуелді болу ықтималдығы жоғары және өмірден туындаған жағымсыз салдарға осал екендігі көрсетілген (Lee C., LEE S.-J., 2017).

Зерттеу мақсаты J. Lee зерттеулерінде смартфонға тәуелділік қаупі бар жасөспірімдер арасында кең таралуын және смартфонға тәуелділікке байланысты психологиялық факторларды зерттеу болды. Сауалнаманы толтырған 490 орта мектеп оқушыларының 128 (26,61 %) жасөспірімдер смартфонға тәуелділік қаупі жоғары болды. Бұл топ мінез-құлық пен эмоционалдық проблемаларды, өзін-өзі бағалаудың төмендігін және ата-аналарымен қарым-қатынас сапасының төмендігін көрсетті (Lee et al., 2018).

L. Lian, X. You, J. Huang және R. Yang тәрбиелеу стилі мен смартфоғаға тәуелділік арасындағы байланысты зерттеді. 16-25 жас аралығындағы қытайлық колледждерде (N = 742) студенттері арасында смартфонға тәуелділіктің көрсеткіші жоғары болды. Нәтижелер кері бағыттағы ата-ана тәрбиесінің стилі студенттердің смартфонға тәуелділігін айтарлықтай жоғары әсер ететіндігін көруге болады.

N. S. Hawi және M. Samaha университеттің 381 студентінің үлгісіндегі зерттеу онлайн сауалнамаға қатысқан жұмыста авторлар смартфонға тәуелділік пен проблемалық отбасылық қарым- қатынастар арасындағы жағымды байланыс бар екенін көрді. Бұл жағдайда смартфонға тәуелділіктен туындаған мазасыздық себеп болды (Hawi, Samaha, 2017).

G.-S. Seo және S. Y. Bang зерттеуі смартфонға тәуелділік, өмірлік стресс және мейірбике бойынша оқитын студенттердің отбасылық қарым-қатынасы арасындағы байланысты зерттеді (N = 172). Смартфонға тәуелділіктің жоғары тәуекел тобы қатысушылардың 14,0 % құрады, әлеуетті топ тәуекел – 29,0 %, ал тәуелсіздер тобы – 57,0 %. Тәуекел тобында өмірлік стресс жоғары болды ($t = 3,15$, $p = 0,002$) және отбасылық қарым-қатынас жақсы болмады ($t = 2,53$, $p = 0,012$) тәуелсіз топқа қарағанда. Смартфонға тәуелділік өмірлік стресспен оң корреляцияланған ($r = 0,27$, $p < 0,001$) және отбасылық қарым – қатынас ($r = - 0,26$, $p = 0,001$). Смартфонға тәуелділікке әсер ететін факторлар смартфонды пайдалану ұзақтығы болды, өмірлік стресс, смартфондардың өміріндегі маңыздылығы және отбасылық сапа байланыс, және дисперсияға түсіндірілген үлес 31,3% құрады (Seo, Bang, 2017). J. Y. Kwak, J. Y. Kim және Y. W. Yoon зерттеулерінің мақсаты ата-аналармен, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынастың жасөспірімдердің смартфонға тәуелділікке бейімділігіне әсерін, сондай-ақ ата-аналардың немқұрайлылығының смартфонға тәуелділікке әсерін және мектептегі қарым-қатынасқа дұрыс емес көзқарастың жанама әсерін зерттеу болды. Осы мақсатта смартфондарды пайдаланған Оңтүстік Кореяның төрт аймағында 1170 орта және жоғары сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. Мұғалімдермен қарым-қатынасқа дұрыс емес көзқарас ішінара болды ата-аналардың немқұрайлылығы мен смартфонға тәуелділік арасындағы медиаторлық әсер (Kwak et al., 2018).

Смартфонға тәуелділіктің оқудағы үлгеріммен және жұмыстың өнімділігімен байланысы

Смартфонға тәуелділіктің оқу үлгеріміне әсері туралы қарама-қайшы нәтижелер алынды. M. Samaha және N.S. hawi зерттеуі тәуелділік қаупі бар екенін көрсетті смартфон өнімділікке теріс байланысты (Samaha, Hawi, 2016). J.K. Nayak зерттеуі Үндістандағы жоғары оқу орындарының 429 студентінің үлгісінде смартфонға тәуелділіктің әсерін зерттеді ер және әйел оқушылардың үлгерімі алынды. Смартфонды пайдалану қарқындылығы пайдалану уақытының мөлшерімен өлшенді және ай сайынғы смартфон шоты. Нәтижелер: студенттердің арасында смартфонды ер адамдар көбірек қолданғанын

көрсетті. Ер адамдардың оқу үлгеріміне теріс әсер етуі, маңызды оқуға немқұрайлы қарайтын, мазасызданатын және өзін-өзі басқаруды жоғалтатын жыныстар болғандықтан көрсеткіштер осындай нәтиже берген. Студенттердің үлгеріміне смартфондарға деген құштарлық әсер етеді (Nayak, 2018). Жұмыста В. Vukhogi бірге автор. смартфондарға тәуелділіктің үлгеріміне, оқулықтарды оқу жетістіктері мен қарқындылығына әсері зерттелді.

Смартфонға тәуелділікті кибербуллингпен байланыстыру

Кибербуллинг – өзін қорғай алмайтын жәбірленушіге шабуыл жасау үшін электрондық байланыс құралдарын пайдаланатын бір немесе бірнеше адамның қайталанатын, қасақана, агрессивті әрекеті (Смит және т.б., 2008).

Кибербуллинг – интернет, ұялы телефондар және басқа да электронды құрылғылар арқылы жүзеге асырылатын қорлау, қорқыту арқылы жасалатын зорлық-зомбылық түрі. Кибербуллинг виктимизацияның көзі бола отырып, өмір сүру сапасын айтарлықтай нашарлатады оның құрбандары (Шейнов, 2019а,б,в) Дж.Чой және т.б. қарым-қатынасты корейлік жасөспірімдер үлгісінде талдады смартфонға тәуелділік пен киберсексуалдық қылмыс арасындағы байланысты көрді. Жүргізілген сауалнамаға жауаптар негізінде статистикалық талдау жасалды.

Оңтүстік Кореяның әртүрлі аймақтарынан келген 1020 мектеп оқушыларының арасында. Нәтижелер жасөспірімдердің смартфонға тәуелділігі киберсексуалға қол жеткізу ықтималдығына айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Шейнов В.П. Связи зависимости от смартфона с состояниями и свойствами личности // Журнал Белорусского государственного университета. Социология. 2020а. № 4. С. 120–127.
2. Gao T., Xiang Y.-T., Zhang H., Zhang Z., Mei S. Neuroticism and quality of life: Multiple mediating effects of smartphone addiction and depression // Psychiatry research. 2017. Vol. 258. Pp. 457–461.
3. Kim S.-G., Park J., Kim H.-T., Pan Z., Lee Y., McIntyre R. S. The relationship between smartphone addiction and symptoms of depression, anxiety, and attention-deficit/hyperactivity in South Korean adolescents // Annals of General Psychiatry. 2019. Vol. 18. No. 1
4. Nayak J.K. Relationship among smartphone usage, addiction, academic performance and the moderating role of gender: A study of higher education students in India // Computers & Education. August 2018. Vol. 123. Pp. 164–173.
5. Sim M.Y., Lee D.N., Kim E.H. A study on influential relations between stress and smartphone addiction among college students: with a focus on the mediating effects of depression and self-efficacy // Journal of the Korea Academia-Industrial Cooperation Society. 2016. Vol. 17. No. 5. Pp. 227–236.
6. Lee C., Lee S.-J. Prevalence and predictors of smartphone addiction proneness among Korean adolescents // Children and Youth Services Review. 2017. Vol. 77. Pp. 10–17
7. Albusan I.S., Al Qudah M.F., Dutton E., Hassan E.M.A.H., Bakhiet S.F.A., Alfnan A.A., ... Hammad H.I. National, Sex and Academic Discipline Difference in Smartphone Addiction: A Study of Students in Jordan, Saudi Arabia, Yemen and Sudan // Community Mental Health Journal. 2019. Vol. 55. Pp. 825–830.

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ФОРМИРОВАНИЕ СТАНДАРТОВ КРАСОТЫ И САМООЦЕНКИ У ДЕВУШЕК

Жанибек А., Хусаинова И.Р.

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Мақала әлеуметтік медианың жас әйелдің өзін-өзі бағалауы мен сұлулық стандарттарының қалыптасуына әсері туралы. Талдау барысында алынған нақты деректерге сәйкес әлеуметтік нормалар адамның сыртқы келбеті туралы ой-түйіндердің қалыптасуына айтарлықтай түзетулер енгізетіні дәлелденді, бұл оған деген тым жоғары қатынасты қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның мінез-құлқына әсер етеді және жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес өзгеруге деген ұмтылысты тудырады.

Кілт сөздер: өзін-өзі бағалау, әлеуметтік желі, сыртқы келбет, Сұлулық, фото сүзгілер, Инстаграм, БАҚ, сұлулық стандарттары.

Статья посвящена влиянию социальных сетей на самооценку молодой женщины и на формирование стандартов красоты. В процессе анализа полученных фактических данных доказано, что социальные нормы вносят существенные коррективы в формирование представлений человека о своей внешности, что формирует сверхценное отношение к нему, влияет на поведение личности и вызывает стремление к изменению внешнего вида соответствуя общепринятым стандартам.

Ключевые слова: самооценка, социальная сеть, внешность, красота, фото фильтры, Инстаграмм, СМИ, стандарты красоты.

The article is devoted to the influence of social networks on the self-esteem of a young woman and on the formation of beauty standards. In the process of analyzing the obtained factual data, it is proved that social norms make significant adjustments to the formation of a person's ideas about his appearance, which forms a super-valuable attitude towards him, affects personality behavior and causes a desire to change the appearance corresponds to generally accepted standards.

Keywords: self-esteem, social network, appearance, beauty, photo filters, Instagram, mass media, beauty standards.

Социальные сети — это онлайн платформа или интреактивный веб-сайт, приложение для создания контента и обмена им, а также для участия в групповых обсуждениях [1]. Развитие технологий привело к появлению различных гаджетов, включая смартфонов, планшетов и ноутбуков, а также роботов. В эпоху цифровых технологий общение стало проще и быстрее с появлением различных социальных приложений, доступных одним нажатием кнопки. Следует признать, что социальные сети объединяют людей со всего мира, они также используются для установления стандартов красоты для мужчин, женщин и представителей третьего пола. Известно, что это, в свою очередь, влияет на самооценку людей, когда речь идет об образе тела, модификации тела и о том, как они воспринимают себя в обществе. Чтобы быть принятыми в обществе, девушки должны бороться с проблемами образа тела с юных лет, где стройное телосложение считается идеальным типом телосложения.

Сегодня социальные сети являются одним из важнейших факторов, способствующих психическому, эмоциональному, физическому и духовному состоянию человека. Поскольку средства массовой информации довольно часто сравнивают идеальную красоту и образ тела, выбор красоты девушек оказывает глобальное влияние.

Целью исследования является изучить влияние социальной сети на самооценку молодых женщин.

Помимо традиционных СМИ, социальные сети с каждым годом усиливают свое влияние на формирование разного рода взглядов у пользователей, в том числе и относительно внешности. Следует отметить, что количество эмпирических исследований роли социальных сетей в жизни пользователей в настоящее время ограничено. Понимая специфику Instagram, который, по данным маркетологов блога, на конец мая 2022 года насчитывает 566,5 тыс. Instagram-аккаунтов в Казахстане, число подписчиков которых варьируется от 1 тыс. до 1 млн [4], можно предположить активное влияние на восприятие пользователей красоты и своей привлекательности, так как основная информация этой сети - фотографии людей.

Следует отметить, что Instagram является социальной медиа-платформой, где можно делиться фотографиями, видео и сообщениями для людей всего мира в открытом доступе. То есть эта социальная сеть отличается от других тем, что пользователи размещают здесь свои фото или короткие видеоролики, чтобы получить «лайки» — одобрение и знаки внимания от своих подписчиков [5]. Принимая во внимание такую специфику Instagram, можно предположить, что использование этой социальной сети не может не сказываться на самооценке пользователя, в том числе на самооценке своей внешности.

Понятие красоты пробуждает в каждом человеке множество представлений, поэтому однозначно определить это понятие невозможно. Однако на протяжении всего человеческого существования сформировалось несколько паттернов, отражающих аспекты, которые общество чаще всего считает красивыми и достойными восхищения. Все

больше и больше людей отождествляют себя с так называемыми идеалами красоты, обычно связанными с культурными, религиозными или географическими особенностями.

Самооценка – это уровень восприятия человеком самого себя, своих внутренних качеств, внешних данных. Она начинает формироваться в детстве и корректируется на протяжении всей жизни в зависимости от внешней среды. Для женщин внешний вид имеет особое значение в формировании нормальной самооценки [3].

Влияние социальных сетей на психическое здоровье нельзя недооценивать, особенно среди молодежи. Зачастую выстроенная идеальная картина в социальной сети Instagram может привести к падению самооценки и уверенности в себе у молодежи.

Социальные сети позволили практике ретуши фото и видео стать обычным явлением, а вместе с ней и фильтров, которые должны сублимировать, разглаживать кожу, уменьшать размер носа, улучшать внешний вид или улучшать цвет лица. Это явление имеет несколько последствий у молодежи как непринятие реальности, стремление соответствовать псевдообразу, которые создаются с помощью ретуши, что напрямую влияет в первую очередь на самооценку и принятию собственного Я.

Для анализа влияния социальных сетей на самооценку и формирования стандартов красоты, мы провели опрос среди девушек в возрасте от 17 до 25 лет случайно в социальной сети Инстаграмм среди наших подписчиков. В опросе приняли участие 32 молодых девушек. Они ответили на вопросы о том, что они думают о своей коже и о роли социальных сетей в соблюдении стандартов красоты. И результаты довольно впечатляющие.

Согласно исследованию, девушки считают, что фильтры социальных сетей создают стандарты красоты и влияют на внутреннюю самооценку которые (далеко) далеки от реальности (см. рисунок 1).




Рисунок 1 - Влияние социальной сети Instagram на формирование самооценки и стандартов красоты.

64 % девушек считают, что фото-фильтры в социальных сетях создают стандарты красоты, далекие от реальности.

В наше время образ идеальной женщины в социальных сетях подвергаются колоссальной обработке, что создается ощущение, «красота» становится все менее и менее достижимой. Уже не секрет, что социальные сети часто становятся объектом обвинений в пропаганде нереалистичных идеалов красоты. Проблема в том, что они могут повлиять на нашу уверенность и самооценку. Наше отражение в фотографии при использовании фильтра часто сильно отличается от отражения в зеркале, особенно на уровне кожи. 27% этих девушек признают, что фильтры искажают реальность. Фильтры меняющие внешность и в правду могут понизить самооценку и даже привести к неврозу в связи с искажением восприятия себя.

33% считают крайне важным иметь идеальную кожу, чтобы размещать фотографии в своих профилях.

Лишь каждая третья женщина довольствуется своей кожей, ощущая себя комфортно. И эта доля снижается для девушек в возрасте от 18 до 25 лет, возрастной группы, которая чаще использует социальные сети. Из них 48% сказали, что «чрезвычайно важно», чтобы их кожа выглядела идеально, когда они публикуют фотографии в социальных сетях. 64% опрошенных молодых женщин считают, что фото-фильтры задают высокие стандарты и ожидания в отношении красоты. С положительной стороны, несмотря ни на что, почти половина опрошенных молодых женщин не избегают социальных контактов, несмотря на свои недостатки, а это уже небольшой прогресс.

55% признают, что большую часть времени у них есть недостатки кожи, а 20% в возрасте от 18 до 25 лет используют фильтры, чтобы скрыть недостатки.

Легче принимать себя и любить, когда нет явных проблем с кожей, в целом с внешностью. 55% уже сделали большую победу признавая, что они имеют недостатки кожей. Современная бьюти-индустрия не стоит на месте и вопросы с проблемами кожи сейчас решаемы. Печалит лишь тот факт, молодые девушки, пытаясь соответствовать идеалу красоты маскируют свои неровности кожи с помощью ретуши в социальных сетях. Образ созданный по критериям общества в социальных сетях вносит значительный вклад не только на самооценку, но и на поведение молодых девушек.

Таким образом, можно выделить, что социальные сети напрямую влияют на формирование самооценки у девушек. Несмотря на то, что некоторые результаты опроса не находятся на критическом уровне, все же стоит отметить, что социальные сети вносят существенные коррективы в процесс формирования самооценки женщины.

Литература

1. Батурина Н.В., Зацепина О.А. Влияние социальной сети Instagram на восприятие образа тела у молодых женщин // Общество: социология, психология, педагогика. 2021. № 7. С. 57–61.
2. Bue, A.C. The looking glass selfie: Instagram use frequency predicts visual attention to high-anxiety body regions in young women // Computer and Human Behavior. 2020. Vol.108 (1).
3. Tiggemann M., Hayden S., Brown Z., Veldhuis J. The effect of Instagram “likes” on women’s social comparison and body dissatisfaction // Body Image. 2018. Vol. 26. P. 90–97.
4. <https://optimism.kz/2022/05/31/skolko-instagram-zarabatyvaet-na-kazahstanczah-fil/>
5. https://spletnik.ru/187000_kak-sotcialnye-seti-vliyayut-na-standarty-krasoty-dlya-podrostkov

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ

Сейдалиева Г.Ш., Нарожная А.

*Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати
Тараз, Казахстан*

Мақалада ақыл-ой әрекетін белсендендіру және сабаққа деген қызығушылықты арттыру үшін ойын әдістерін қолдану жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: ойын, оқыту, тәрбиелеу, дамыту.

В статье раскрывается применение игровых методов для активизации мыслительной деятельности и стимулирования интереса к урокам.

Ключевые слова: игра, обучение, воспитание, развитие.

The article reveals the use of game techniques to increase mental activity and increase interest in classes.

Keywords: game, training, education, development

құштарлықтары, ынталылықтары» екендігін, ал, жасөспірімдік кезеңде оқушы оқу әрекетінің жеке, дара субъектісі ретінде дами бастайтындығын айтуға болады. Бұл кезде студенттің әрекет үстінде жеке тұлға болып қалыптасуы оның шығармашылықты қажетсінуіне тәуелді екендігі түсінікті. Табиғаты жағынан зерттеушінінде, өнер тапқыштыңда және оқушыныңда шығармашылық іс-әрекетіндегі жалпы ортақ нәрсе, олардың барлығы да «заттардың белгісіз байланыстарын» іздеуді жүзеге асырады. Ал, студенттерді белгісіз байланыстарды оқып-үйренуге, не ізденіске баулу – бұлоны болашақтағы еңбек іс-әрекетіне, жалпы шығармашылыққа үйрету болып табылады. Бұл шығармашылықты – білімді ауыстырушылық біліктілігі, салыстыра білуі, қайта құрастыруы; нұсқаларды ауыстыру бейімділігі, шешімдердегі үнемділігі, уақытпен құралды тиімді пайдалануы т.б. әрекеттермен сипаттаудан көрінеді.

«Шығармашылық қабілет» ұғымын талдау бізге мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: шығармашылық қабілетті тек еңбек және құрастырмалы-көркем білім, дағдыларды, үйрететін ұғым ретінде қарастырмай, білім, ептілік пен дағдыны қалыптастыратын тұлғаның тұрлаулы қасиеті ретінде қарастыру керек. Оған берілген анықтамалар сан қилы, сондықтан да шығармашылық анықтамалары күрделі талдауды қажет етеді. Шығармашылық қабілет – өте күрделі психологиялық қасиет. Ол тек адамға ғана тән маңызды жеке қасиеттердің бірі.

Шығармашылық қабілеттің бірқатар ерекшеліктермен сипатталатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті деп айтуға болады:

- жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің болуы;
- шығармашылық қабілеттілікті дамытуға арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашылық қабілеттілікті дамытуға деген қарама-қайшылықтардың болуы.

Жоғарыда айтылған ғалым-зерттеушілердің көзқарастарына талдаулар жасау «шығармашылық қабілет» ұғымының мазмұны «жаңаны ойлап табуға, шығаруға қабілеттілік» деген мағынаны білдіреді, ол адамның белгілі бір мақсатқа бағытталған ізденімпаздығы мен, белсенділігімен, еңбекқорлығымен және шығармашылық табандылығы мен жаңалық ашуға деген қабілеттілігі деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

«Шығармашылық қабілеттер» психологиялық ұғымы өз алдына өмір сүруге құқылы екенін атап көрсету керек. Өйткені, шығармашылық қабілеттер адамның белсенділігінің белгілі бір формасына, әсіресе іс-әрекет ретінде анықталатын шығармашылыққа қатынасы бар, ал іс-әрекеттің өзге түрлерінде өз қабілеттері анықталған. Белгілі бір қабілеттерді анықтау оларды мақсатты түрде дамытудың негізіне айналуы мүмкін. Біздің пікірімізше, шығармашылық қабілеттер тіркесі бұл ұғымды шығармашылыққа қабілеттілік ретіндегі бір түр арқылы анықтайды.

Кең мағынада, шығармашылық қабілеттер – бұл психологиялық функционалдық жүйенің оның шығармашылық үрдісінің тиімділігін анықтайтын жеке қасиеті. Кез-келген шығармашылық үрдіс мәселені қою және шешумен байланысты. Педагогикалық үрдісте шығармашылық қабілеттер интегралды көрініс алады, дегенмен жекелеген кезеңдерінде анағұрлым маңызды қабілеттерді анықтауға болады. Бұл шығармашылық қабілеттерді құрылымға келтіруді негізіне айналады, ал бұл оларды диагностикалау мен дамыту үшін маңызды.

Сонымен, осыған орай, шығармашылықтың қабілетпен байланыстылығын көрсететін ғалымдардың жеке анықтамаларды беруді жөн көрдік:

1. Шығармашылық қабілет – іс-әрекетте жаңабір нәрсені ойлап табуға бағытталған жеке тұлғаның бойындағы танымдық қабілеттіліктер, ізденімпаздық пен шығармашылық сапалар жиынтығы.

2. Шығармашылық қабілет – жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі және танымдық ептілігі мен икемділігін көрсететін маңызды тұрлаулы психикалық қасиет [2].

Анықтамалық-сөздіктерге сәйкес, «Шығармашылық қабілеттер – бұл жеке тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктерінің синтезі, жасалатын іс-әрекеттің жаңалығы мен түпнұсқалығын, оның нәтижелілік деңгейін қамтамасыз ететін белгілі бір қасиеттің болуын

болжайтын оның деңгейлік сипаттамасы» деп қарастырылады. Сонымен, шығармашылық қабілеттер – іс-әрекеттің шығармашылық түрлерінде, яғни материалдық және рухани мәдениеттің жаңа пәндері жасалатын, жаңа идеялар, жаңалықтар, өнертабыстар жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің табыстылығын қамтамасыз етеді. Бұл қабілеттер – ақпараттың жетіспеушілігі, тапшылығы жағдайында көрінеді [3].

Шығармашылық қабілет – бұл студенттердің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерді орындау қабілетінен көрінетін және нақты қызмет өнімдерінде іске асырылатын мүмкіндіктері. Айта кету керек, іскерлік – толығымен саналы түрде жасалатын әрекет қабілеті. Білік әдетте бастапқы кезеңде студент түсінген және ерікті түрде ойнатылуы мүмкін меңгерілген білім нысанында көрінетін деңгеймен арақатынастырылады. Осы білімді практикалық пайдаланудың кейінгі процесінде ол осы ережемен реттелетін дұрыс орындалатын іс-әрекет нысанында сөз сөйлей отырып, кейбір операциялық сипаттамаларға ие болады.

Әлеуметтік тәжірибенің өзгермелі сипаты – қазіргі заманғы адамнан тек шығармашылық қабілеттерді ғана емес, жалпы сипаттағы шығармашылық қабілеттерді дамытуды да талап етеді. Шығармашылық қабілеттерді арнайы және жалпы деп жіктеу – іске асырылатын іс-әрекет түрлерінің ауқымымен айқындалады.

Арнайы шығармашылық қабілеттер – шығармашылық іс-әрекеттің нақты түрлерімен байланысты және шығармашылықтың белгілі бір салаларында табысты болуды қамтамасыз етеді. *Мысалы*, музыкалық, әртістік, хореографиялық, әдеби қабілеттерді, сондай-ақ бейнелеу, техникалық, ғылыми, басқару, педагогикалық және т.б. қабілеттерді бөліп көрсетуге болады. Әрбір жағдайда арнайы қабілеттер белгілі бір ерекше кепілдемелерге сүйенеді және дәл осы қызмет түрінде дамитын өмірлік қалыптасатын тұлғалық қасиеттердің өзіндік жиынтығын дамытуды талап етеді. Арнайы шығармашылық қабілеттер – адамның бейімділігінен, яғни кепілақысы бар шығармашылық іс-әрекеттің дәл сол түрлерін таңдаудан, дәл осы іс-әрекетті орындаудан ләззат алуудан, ондағы тұлғаның барынша толық өзін-өзі көрсетуінен көрінеді [4].

Жалпы шығармашылық қабілеттер арнайы қабілеттерге қарағанда, іс-әрекет түрлерінің кең ауқымында іске асырылады және шығармашылықтың әртүрлі салаларында табысты болуды қамтамасыз етеді. Бұл қабілеттер жеке тұлғаның нақты мазмұнына қарамастан, оның табысты іс-әрекетке дайындығын қамтамасыз етеді. Шығармашылық қабілеттердің бұл түрі – адамға қоршаған әлемді оның елеулі байланыстары мен қарым-қатынастарында барабар көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар қоршаған орта шынайылығымен өзара іс-қимылдың шығармашылық тәсілдерін үйреншікті және орнықты деп таңдауға мүмкіндік береді. Дәл осы қасиеттердің есебінен шығармашылық іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде табысқа қол жеткізіледі [5].

Сонымен, шығармашылық қабілет – бұл тұлғаның деңгейлік сипаттамасы, ол қызметтің әртүрлі түрлерінің жаңалығы мен бірегейлігін, жеңілдігі мен жылдамдығын қамтамасыз ететін белгілі бір қасиеттің болуын көздейді, яғни шығармашылық қабілет – адамның кез келген қабілетінің жоғары даму деңгейі. Шындығында, қабілеттіліктің көрінісі – іс-әрекет өнімінің жаңалығы мен түпнұсқалығын айқындайтын болғандықтан, осы қабілетті шығармашылық деп түсіндіру мүмкіндігі пайда болады. Шетелдік психологияда жалпы шығармашылық қабілеттер мәселесі – жеке тұлғаның креативтілігі мен креативтік қасиеттері мәселесінің аспектісінде жиі қарастырылады.

Әдебиеттер

1. Жақыпов С.М. Жалпы психология. – Алматы, 2014. – 324б.
2. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492б.
3. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192б.
4. Нағымжанова Қ.М., Туребаева К.Ж. Креативті педагогика: Оқу құралы. Ақтөбе, 2020. – 187б.

5. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші, толықт., түзет. және қайта өнд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. – М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б

ҚИЯЛ ТҮРЛЕРІНІҢ КӨРІНІС БЕРУІ ЖӘНЕ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Сыдықов М.Е., Сары Ұ.Б., Турехул Г.С., Тұрапбай Г.П.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада фантазияның даму және көріну мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: шығармашылық қабілеттер, фантазия, тұлғаның дамуы.

В данной статье рассматриваются возможности развития и проявления фантазии.

Ключевые слова: творческие способности, фантазия, развитие личности.

In this article, the considers the possibilities of development and manifestation of fantasy.

Keywords: creativity, fantasy, personality development.

Қиял қызметі әркімнің деңгейде көрінуі мүмкін. Оның көп түрлі болуының басты себебі ең алдымен әр адамның өз қиялын басқаруға деген саналы бағытынан. Әрекет дәрежесіне орай қиял енжар және белсенді болып, екіге бөлінеді. Енжар қиялдан тұрмысқа аспайтын, қажетсіз не болуы мүмкін емес бейнелер қалыптасады. Қиял мұндайда адамды толық баурап, шын әрекет қажеттігінен ажыратады. Бұған мысал ретінде жатып алып, бос қиялмен нәтиже бермес арманға шомған Н.Гогольдің «Өлі жандар» поэмасындағы Манилов бейнесі келтіруге болады. Ш.Айтматовтың «Ақірет» романындағы Авдий Каллистратов та осында кейіпкерге ұқсайды [1].

Енжар қиял ниеттелген не ниетсіз болуы мүмкін. Ниеттелген енжар қиял ерік күшімен байланыспаған бейнелер пайда етеді. Мұндай бейнелер әлі болары не болмасы белгісіз армандаудан келіп шығады, ол жеке адамның қажетсінуіне байланысты. Мысалы, жарысқа түсетін спортшы, емтиханға бара жатқан студент не армандайтыны айтпаса да белгілі. Өлбетте, бірі жеңіс тұғырына көтерілгенін, екіншісі «5» алғанын елестетеді.

Енжар қиялдауда адам, әдетте, тек өзіне жағымды, ұнамды арманға түседі. Ал егер мұндай арманшылдық өнімді іс-әректпен ұштаспай, адамның психикалық өмірінде басымдау келсе, онда тұлға дамуының қандай да кесапатқа ұшырағаны.

Ниетсіз енжар қиял сана қызметінің босаңсып, не зақымдануынан, мүлгіген халде, ұйқыда және т.б жағдайларда белгі береді. Ниетсіз қиялдың аса жарқын көрінісі галлюцинациялық кейіпте, адамның жоқ затты бар етіп, одан шошынып, не қорқып, күйзеліске түскенінен байқауға болады.

Енжар қиялға қарағанда белсенді қиял жасампаз және шығармашылық келеді. Жасампаз қиял негізінде алдын ала берілген көрсетпелерді басшылыққа ұстаумен қандай да бейнелерді түзу жатады. Бұл қиял түрі қалаған оқу жұмысының тірегі ретінде көркем әдебиет оқығанда, географиялық не тарихи карталармен танысқанда, сызылмалар мен іс жобаларын оқығанда өте қажет. Жасампаз қиял бейнелерін жазба не заттық құжаттар күйінде берілген басқа адамдар сөзінен тұрғызуға болады. Қайта жасау барысында адам таңбалық жүйедегі (сөз, сан, сызылма, нота және т.б) іздерді өзінде бұрыннан қорытылған білімдерімен толықтырып отырады. Қандай да бейне, кейіпкерді жасауда автордың көркемдік шеберлігі, образ құрастырудағы әдістері мен тәсіл байлығы үлкен рөл ойнайды.

Сондай-ақ, жасампаздық қиял бейнелерін тұрғызуда адамның көңіл күй жағдайын да ескермесе болмайды. Күшті эмоциональдық кейіп жасампаздыққа кедергі ықпалын тигізеді. Мұндайда адам ойы шашыраңқылыққа түсіп, өзінің не оқып отырғанын түсінбей, мәнін, мазмұнын қабылдамайтын қалыпқа енеді. Сырқаттан, наша не ішімдік әсерінен

болған психикалық ауытқулар да бастапқы мазмұнға сай келмейтін бейнелердің тууына себепші болады [2].

Шығармашылық қиял жаңа, қайталанбас бейнелер мен идеялардың қайнар көзі. Мұндағы «жаңа» түсінігі екі-талай мәнге ие: объективті жаңалық және субъективті жаңалық. Объективті жаңа бейне – бұл заттық не идея күйінде дүниеде бұрын соңды болмаған бейне; ал субъективті жаңа бейне – әрбір жеке адамның оқу, тәрбие, күнделікті тұрмыс жағдайында өз басы үшін ашатын жаңалығы. Қажеттіктерді қанағаттандыру жолында көрнекі елес туындыларын белсенді, мақсат бағдарлы пайдалану – шығармашылық қиялдың негізгі қасиеті.

Шығармашылық қиялдың ерекше сипаты: түзіліп жатқан бейне нақты болмыс дүниеде әлі жоқ, ол енді ғайыптан пайда болған сияқты. Осындай жаңа бейненің жасалуы тек жеке адамға керектілігінен ғана емес, сонымен бірге қоғам мүддесіне, сол қоғамның даму деңгейіне тәуелді келді. Шығармашылық қиялсыз өнер салаларындағы, ғылым мен техникадағы жаңалықтардың болуы мүмкін емес. Шығармашылық қиял өнімі бірдейіне заттасқан күйде бола бермейді, бірақ сол зат бейнесі оның сол уақыт не дәуірде практикалық іске аспауынан саналық қалыпқа сақталады.

Жасампаздық және шығармашылық қиялдар арасындағы айырмашылықты салыстырмалы сипатта деп түсінген жөн. Жасампаз қиялда да шығармашылық қиялдағыдай нысан бейнелері жасалып, жаңаланады. Шынында да, жаңа сана өнімін бермейтін, шығармашылықпен ұштаспаған қиял болмайды. Әр адам – өз Қамар сұлуын, Әйгерімін, Төлегені мен Бекежанын бейнелейді, яғни өмірден көрген, білгендеріне өз сана сезімінің, тұрмыс тәжірибесінің, дүние танымы мен көзқарасы деңгейінен баға беріп, өзінше бейне түзеді. Автордың жасаған кейіпкері мен түзген бейнесі қалың оқырман не көрермен қауымның бәріне бірдей ұнай бермейтіні осыдан. Әр жеке тұлға қиялы жасаған бейнелердің өзара ұқсас болу ықтималдығы өте кем [3].

С.Л. Рубинштейн қиялды нақты және абстрактты түрге бөлуді ұсынады. Қиялға түсетін бейнелер әртүрлі болатыны сөзсіз: бірде ол бейне жалқы, заттасқан, қосалқы бөліктерімен күрделенген, сонымен бірге бейне жалпыланған, қорытынды сызба және барша жағдайда қолданылатын символ кейпінде берілуі мүмкін. Бір-бірінен жалқы мен жалпы мәні ерекшеленген көп санды және сатылы көрнекі бейнелер жүйесінің болуы да ықтимал, осыдан қиялдың нақты, нақтылау, жалпы, әбден дерексізденген түрлері келіп шығады.

Қиялдың ерекше түрі – арман. Армандау – өзімізге ұнаған болашақ бейнелерді қиял ету, әзірге қол жетпес, бірақ келешекте орындалса деген адамның өмірлік мүддесінің қанағаттандыруға қажет зат не әрекет. Арман-адам үшін өзінің шығармашылық күш-қуатын жүзеге асыруға бағыт беретін жұлдыз сипатты. Арманды сөз еткенде оның іске асатыны не аспайтынын ескерген жөн. Болар арман сол арманға жету әрекетінен ажыратылмайды, оның мақсаты анық, мазмұны мен орындау жолдары қиялдаушыға толық түсінімді. Ал болымсыз арманның мазмұны анық болғанымен, іске асу жолдары белгісіз. Көп жағдайда мұндай арман қиял бейнелері дәрежесінен аспай, адамды әрекетке ынталандырмайды.

Шығармашылық іс-әрекетте қиялдың маңызы орасан зор. Шығармашылық жеке адамның барша тұлғаның қасиеттерімен етене қабысып, олардың қандай да бір тарапымен шектелмейді. Жасампаздықтың процестегі қиял шарықтауы адамның біліміне, қабілетіне тәуелді келіп, мақсаттары мен көңіл-күйіне байланысты болады. Іс-әрекеттің қалаған түріндегі шығармашылық қиялдың маңыздылығы жоқтан барды шығару емес, әңгіме – қарапайым, еленбей бөлшектерден құралған дүниені өзгертіп, жаңалауда. Көп жыл патенттік бюрода істеп, кейін ұлы ғалым болған А.Эйнштейн: «Ойлап табушы – бұл бұрыннан белгілі жабдықтардан жаңа құрылым түзуші адам»-деген екен. Сонымен бірге осы ғалымның «Тіл білмей, өлең жаза алмағандай, білімсіз ешнәрсе ойлап табуы мүмкін емес» - қанатты сөзінен шығармашылық қиялдың негізінде не жататынын ұғуға болады [4].

Ағылшын ғалымы Г.Уоллес шығармашылық қиялдың 4 кезеңін бөліп, ұсынады:

Бірінші кезең – дайындық – идеяның пайда болуы;
Екінші кезең – ой жетілуі – қойылған мәселеге орай білімдердің жинақталуы, жетіспеген деректерді іздеу, топтау;

Үшінші кезең – аян болу діттелген нәтижені сезіммен қауып түсу;

Төртінші кезең – тексеру;

Г.С.Альтиулер шығармашылық қиялдың біртұтас теориясын нақтылап, бұл үрдістің 5 деңгейін айырады:

1. Нақты нысанға байланысты бір сұрақ төңірегіндегі мәселені шешу;
2. Сұрақ бір мәселе төңірегінде, бірақ нысан өзгертілген, шешімі көп вариантты;
3. Нысан күрделі өзгеріске түседі, осыған байланысты дұрыс шешім жүздеген қателіктердің арасынан табылуы қажет, қосымша білімдерді қажет етеді.

4. Нысан түгелдей өзгереді. Проблема шешімі терең ғылымдық дайындықты талап етеді, әрі сирек кездесетін құбылыстар арасынан іздестіріледі:

5. Нысанды қамтыған бүкіл жүйе өзгеріске түседі: шешім іздеу барысындағы тәуекел мен қателіктер саны шексіз. Мәселені шешу жолдары бүгінгі ғылым аймағынан тыс болуы мүмкін. Сондықтан, бүгінгі қол жеткен білімдер негізінде жаңалықтар аша отырып, қойылған мәселеге әсте ақырын жақындай түсу қажет.

Қиялдың аналитикалық және синтетикалық сипаты агглютинатив (грек тілінен-жабыстыру) тәсілінде анық көрінеді. Агглютинация дегеніміз – бірнеше заттардың жеке элементтері мен бөліктерінің бір бейнеде қосылуы. Мысалы қазақ ертегілеріндегі су пері, жалғыз көзді дәу, жезтырнақ – адам денесі мен аң, құс мүшелерінің қиялдық бірігуінен жасалған бейнелер. Агглютинация техникалық жаңалықтар табуда кеңінен қолданылады. Осы тәсілдің арқасында жасалған техника көліктері көп-ақ: троллейбус, трамвай, аэромашина, гидро-самолет, танк-амфибия және т.б.

Бейне жасау талдау үрдісінде қолданылатын және бір әдіс – бұл акценттеу, яғни түзіліп жатқан бейнедегі қандай да бір элементтің қалыптан тыс кейпімен көзге түсуі. Осы әдіспен нақты бейненің мәнді де маңызды қыры баса көрсетіліп, ол басқа бөліктерінен ажыралып тұрады. Көбіне акценттеу әдісін эзіл-сықақ суреткерлер жиі қолданады: нұсқаның бір белгілерін шындыққа лайық сақтай отырып, басқа белгілерін қиялды идеяға ұштастырып, өзгеріске ендіреді, мысалы, бөспе адамның бейнесі шұбалған сөз тілімен көзге түссе, ашқарақ – мес қарнымен танылады.

Егер акценттеу айырым элементтерге емес, бүкіл нысанға тұтастай қолданылатын болса, онда ол екі әдісте жалғасын табады: болмыстағы нақ объектіге қарағанда керемет ұлғайтылып (гипербола) не кішірейтіліп (литота) беріледі. Бұл тәсілдер көбіне халық ертегілерінде, дәстан, жырларда көрінген жауды жеңетін алып денелі, тасқын күшті, «бойымен бұлтты тіреген» ғажайып бейнелерді жасау үшін қолданылады: Алпамыс, Ер төстік, Шора батыр т.б. [5].

Қиял елестерін жасау біріктіру жолымен де іске асады. Фантастикалық бейнеге негіз болған елестер бірігіп, айырмашылықтары көмескілеп, ұқсас тараптары алға тартылатын болса, онда сызбатизация әдісінің қолданылғаны. Бұның мысалы ретінде қоршаған орта бедеріне ұқсас жасалған ұлттық оюлар мен өрнектерді келтірген болады. Осы ою-өрнектерді саралай отырып, заты қазақ қолындағы бұйымның қайсысы адайдікі, ұлы жүздікі не кіші жүздікі екенін айырып бере алады. Ал енді, осы заттардың айырмашылығы неде екенін сұрасаңыз, жауабы таба алмай қиналады, себебі ою-өрнек бейнелері әр қазақтың қиял санасында жалпыланған сызба күйінде орын тепкен.

Қиял қызметі әрқилы деңгейде көрінуі мүмкін. Оның көп түрлі болуының басты себебі ең алдымен әр адамның өз қиялын басқаруға деген саналы бағытынан. Әрекет дәрежесіне орай қиял енжар және белсенді болып, екіге бөлінеді. Енжар қиялдан тұрмысқа аспайтын, қажетсіз не болуы мүмкін емес бейнелер қалыптасады. Қиял мұндайда адамды толық баурап, шын әрекет қажеттігінен ажыратады. Оны келесі 1-суреттен көруге болады.



1-сурет. Қиял түрлері

Қиялдың ең жоғары түрі – шығармашылық қиял. Қиялдың бұл түрі арқылы жаңа бейнелер мен образдар жасалады. Шығармашылық жасампаздық қиял қайта жасау қиялы сияқты нақты суреттер мен шартты бейнелерге сүйенеді. Адамның шығармашылығы, ол жасаған туындылар – қоғаммен бірге дамуда рух беріп, жігерлендіріп отыратын күш. Жасампаздық қиял – қоғамдық мәні бар жаңа, соны өнімдер жасап шығаруда жетекші қызмет атқаратын психикалық үрдіс. Машиналардың жаңа түрлерін ойлап табу, бұрынғы машиналарды реконструкциялау, мал тұқымын асылдандыру, өсімдіктердің жаңа түрлері мен сорттарын өсіріп шығару, ғылымда, өнер мен әдебиетте, құрылыс пен халық шаруашылығының басқа салаларында жаңалық ашу – мұның бәрі де шығармашылық қиялға жатады. Мұндағы үрдіске тек қиял ғана емес, тұрақты зейін, әр түрлі ойлау әрекеттері, ерік үрдістері т.б. әрекеттер де қатысады. Дегенмен, ырықты қиял жетекші рөл атқарып, адамның барлық істеріне жол сілтейді.

Шығармашылық қиял арқылы жасалатын жаңа туындылар мен өнімдер әрқилы жорамалдар жасап, көп ізденуді талап етеді. Алға қойған міндеттерді шешуде көпке дейін нәтиже шықпай, іздеген бейне жасалмайды, зат тетіктері үйлеспейді. Шығармашылық қиялдану үстінде адамның іздегені күтпеген жерден, кенеттен тууы да мүмкін.

Жалпы алғанда, ғылым мен техника, өнер мен білім жаңалықтарының ашылуы адамның шығармашылық қиялының жемісі болып табылады. Сондай – ақ, әрқилы құрал – саймандардың да адамның әр алуан іс - әрекеттері нәтижесінде жасалғаны белгілі. Мәселен, тырма – қолдың бес саусағының бірігіп әрекет жасауының, ожау екі қолды қосып сұйықтықты ішудің жемісі деуге болады. Қиялдың аналитикалық және синтетикалық сипаты агглютинатив (грек тілінен – жабыстыру) тәсілінде анық көрінеді. Агглютинация дегеніміз бірнеше заттардың жеке элементтері мен бөлектерінің бір бейнеде қосылуы. Мысалы қазақ ертегілеріндегі су пері, жалғыз көзді дәу, жезтырнақ – адам денесі мен аң, құс мүшелерінің қиялдық бірігуінен жасалған бейнелер. Агглютинация техникалық жаңалықтар табуда кеңінен қолданылады. Осы тәсілдің арқасында жасалған техника көліктері көп-ақ: троллейбус, трамвай, аэромашина, гидросамолет, танк – амфибия және т.б.

Қиялдың адам өміріндегі орны ерекше. Қиял өзінің дараланған күйінде әр жеке адамның өте мәнді, ерекше қасиеттерін айқындайды. Қиял әрбір жеке тұлғада бірнеше белгілерімен дараланады. Фантазия бейнелері жаңалығы, қайталанбастығы және дәлдігімен бөлектенеді. Ең алдымен қиял даралығы бейнелердің жарқындығымен еленеді. Кей адамдардағы қияли бейнелерінің айқындығы соншама, тіпті тікелей қабылданған немесе ес елестеріндегі бейнелерден бірде-бір ажырамайды. Мұндай жағдайларда болмыс шындығы мен қиялдағы бейнелер өздерінің ұқсастығымен ерекшеленеді. Мысалы, Л.Бетховен ән-күй әуенін соншалықты дәл елестете алатындығынан, тас керең болып қалған күнінде де ғажайып музыка туындыларын шығарудан қалмаған[6]. Қиялдың жарқындығы мен қуаты адамның көңіл-күй болмысымен тығыз байланысты. Көрікті суреттер тұлға фантазиясында оның терең сезімталдығының арқасында өрбиді, өріс алады. Қорқыныш сезімі адамға алдағы қатерді сездіреді, керісінше, сол қатерді қиялдаудан адамдағы қорқыныш сезімі ұлғая түседі. Сезім күшті болған сайын, қиял бейнелері де жарқырай түседі. Ал сезімталдығы кем адамдағы қиялы да көмескі, бұлдыр келеді. Әрқандай жеке адамдағы қиял даралығы шындық дүние, болмысқа жақындық дәрежесімен айырылып тұрады. Осыдан кейбір адамдар «өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай» етіп бейнелеуге шебер келеді, ал екінші біреулер көрген, білгенінен асып қиялдауға мақұрым болады. Қиялдың бұл ерекшелігі – жеке адамның болмыс шындығын қайта түзу қабілетінің артық не кем болуынан туындайды. Шынында да, кейбір ойға шорқақ адамдар «мұрын астынан әрідегіні көрмей», қоршаған дүниемен қатынасын шектеп алады да, сүрлеу жолдан шыға алмай, өз фантазиясын өрістетуге шамасы жетпейді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
2. Әбілқасымова А. Қазіргі заман сабақ. –Алматы, 2010.
3. Лозовая В.И. Познавательная активность учеников. – Харьков: Основа, 1990. - 89с.
4. Қожахметова К.Ж., Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.Қ. Педагогика тарихы. – Алматы, 2009.
5. Жұмасова Қ. Психология. – Алматы, 2006.
6. Әбілқасымова А., Омарова Р. Мұғалімдердің когнитивтік ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2010ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Қойшиев Қ.Е., Балажанова Ж.Б., Астаева С.Б.

*Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының позитивті қарым-қатынасын қалыптастырудың психологиялық жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, бастауыш сынып оқушылары, тұлғаның дамуы.

В статье рассматриваются психологические пути формирования позитивных взаимоотношений младших школьников.

Ключевые слова: общение, младшие школьники, развитие личности.

This article discusses the psychological ways of forming the relationships of younger schoolchildren.

Keywords: communication, junior schoolchildren, personality development.

Қарым-қатынас – қоғамдық өмір құбылыстарының бірі. Бұл құбылыс адам өмірінің, іс-әрекет жағдайларының материалдық әсерінен тарихи тұрғыда пайда болады. Бірлескен іс-әрекет еңбек негізінде, адамдардың қарым-қатынас қажеттілігі пайда болады.

А.А. Бодалев, М.И. Лисина, А.А. Леонтьевтердің нақты зерттеу жұмыстарының бірқатары қарым-қатынас пен іс-әрекеттің бірлігін зерттеуге арналған. Алайда, осындай байланыстың сипатын әртүрлі зерттеушілер әрқилы түсінеді [1].

А.А. Леонтьев, қарым-қатынас іс-әрекеті бұл – ең алдымен сөздік іс-әрекет, өйткені онда іс-әрекетке тән элементтердің барлығы бар (әрекеттер, операциялар, мотивтер және т.б.) десе, Б.М. Ломов қарым-қатынас пен іс-әрекеттің бірлігін мойындап, осы процестерді өзара байланыстырмай, адамның әлеуметтік болмысының екі жағы ретінде, оның өмір салты ретінде қарастырады.

Оқушылардың ересектермен қарым-қатынас қажеттілігінің мазмұны, балалардың жетекші іс-әрекетінің сипатымен детерменделеді (М.И. Лисина, А.Н. Леонтьев). Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың ересектермен қарым-қатынасындағы жетекші мотивтері ретінде іскер және жеке мотивтері көрінеді. Қарым-қатынас пен жеке тұлғаның даму мәселелерін зерттеу жұмысы, «қатынас», «өзара қатынас» ұғымдарын пайдалануды болжайды.

В.М. Бехтерев пен А.Ф. Лазурский сияқты ғалымдардың қарым-қатынас мәнін ашудағы орны ерекше. Экспериментальды тұрғыда осы мәселені А.А. Бодалев, оқушылардың адами қасиеттерін тәрбиелеу аспектісінде, Л.И. Божович және Л.С. Славина оқушылардың оқуға қатынасының мінез-құлық мотивациялары мәселерімен тығыз байланыста зерттейді [2].

В.Н. Мясищев адамның қатынастары нақты қажеттіліктерден туындап, тұрақтылыққа жалпылыққа ие болады деген. Адамның қатынастары танымдық, еріктік, эмоционалды компонентердің қатысуымен сипатталады. В.Н. Мясищевтің пікірі бойынша, адамдардың қатынастары әр бір нақты жеке тұлғаның мәнін ашатын әрекет ретінде адамның мінез-құлқын өз бетінше ұйымдастыра алады. Жеке тұлға құрылымында қатынастардың осылайша абсолюттенуі С.Л. Рубинштейннің сынына ұшырайды [3].

С.Л. Рубинштейннің ойынша, психологиялықтың негізі қоршаған әлемге қатынасы арқылы анықталып, адамның басқа адамдармен қатынасын ашуға бағытталған адам өмірінің шынайы психологиясының өзегін құрайды. Адамдардың қоршаған ортаға қатынасы бұл – ең алдымен оның өмірінің жағдайларын құрайтын объективті ақиқатқа қатынасы. Бірақ, адамның тіршілік әрекетінің бірінші міндеті басқа адам. Бастауыш сынып кезеңі бұл – «жеке» тұлғаның мәнді алғышарттарының қалыптасу аралығы болып табылады [4].

В.В. Давыдов бала сыныпке келісімен оқу процесінде жеке тұлғаның теориялық санасының негіздері жасалынатындығын (ғылыми, көркемдік, адамгершілік) нұсқайды [3, 83б.].

Д.Б. Эльконин бойынша, бастауыш сыныптағы оқушы өзінің сыныптегі жұмысын қоғамдық мәнді, қатаң түрде міндетті іс - әрекет ретінде қабылдай бастайды да, оның бойында оқудың жаңа қоғамдық сезімдегі мотивтері көріне бастайды [3, 85б.].

Б.Г. Ананьев, балалардың сыныптегі оқу процесі олардың бүкіл өмірін жаңаша ұйымдастырып, баланың жанұядағы орнын өзгертетіндігіне ерекше көңіл қояды, өйткені онда жанұядан тыс міндеттер, яғни міндетті оқу еңбегі пайда болады [3, 83б.].

Психологтар бастауыш сынып жасындағы оқушының жеке тұлғасының қалыптасуындағы оқу іс-әрекетінің мәніне ерекше көңіл бөліп, «оқушының ішкі позициясын қабыл алу», (Л.И. Божович), «оның танымдық және адамгершілік күштерінің дамуының жаңа көздерін ашатын, мінез – құлық мотивтерінің өзгерісі» (В.В. Давыдов), баланың «сыныпте оқу міндетін» сезінуде қамтылған қоғамдық орнының өзгерісі (Н.Ф. Добрынин) сияқты аспектілерді бөліп көрсетеді. Кенес психологиясында мотивациялық сфера өзінше қарастырылады, ол адамның ақиқатқа, өз-өзіне, басқа адамға белсенді түрде бағытталған қатынасының күрделі жүйесін құрайды, әрі түрткілердің әртүрін қамтиды (Л.И. Божович). Баланың қай мотивті өзіне жетекші мотиві ретінде таңдап алуына қатысты оның адамгершілік позициясы қалыптаса бастайды (Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев). Оқушының мотивациялық сферасы оның эмоционалды-еріктік сферасына,

оның ақыл-ой әрекетіне әсер ететін түрлі қатынастардың қайта құрылуына әсер ететін өте мәнді фактор ретінде көрінетін «педагогикалық бағамен» анықталады. Осы жастағы оқушылардың қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сипаттай келе, Л.И. Божович, В.В.Давыдов, Д.Б. Эльконин балалардың құрдастармен жақындығына қарамастан ересек адам, әсіресе мұғалім олар үшін бедел иесі болып табылатындығын көрсетеді [4, 78б.].

Д.Б. Эльконин, «баланың ересектермен қатынастарының барлық жүйесі жеке қарым-қатынасқа дейін оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады» деген қорытындыға келеді. Баланың оқу іс-әрекетіне енуі ересектің оқушылардың өзіндік сана сезіміне әсер ету мүмкіншілігін ұлғайтады. Осындай көзқарастың негізінде бастауыш сынып жасындағы оқушылардың ересектермен өзара қатынастары бір-біріне қайшы екі тенденциямен сипатталады. Бір жағынан ересектердің талаптарына мойынсыну, бағыну міндеті айқын көрінсе, екінші жағынан өзінің жеке басының дербестілігін, ынтасын, құқығын қорғау мақсатында дербестік пен тәуелсіздік сезімі пайда болады. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың, ересектерге қатысты тәртіп сезімі әлі қалыптаса қоймайды. Дамудың осы сатысындағы балалардың, сана сезімі жаңадан қалыптаса бастайды. Жеке басының жеткілікті дәрежеде жетілмеу себебінен, балалардың ересектермен қатынас қажеттілігі пайда болады. Психологтардың ойынша бастауыш сынып жасындағы балалардың өзара қатынастарының негізгі бет бейнесі, олардың достық қатынастарының сыртқы өмірлік жағдайлары мен кездейсоқ қызығушылықтарының бірігіп кетуінде. Құрдастарының берген бағасы өзіндік бағалаудың қалыптасуына негіз болмайды. Осы жас шамасындағы балалардың жетекші іс-әрекеті оқу іс-әрекеті болып табылады. Қарым-қатынас көбінде өз-өзін және басқа адамдарды тану қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады (М.И. Лисина). Баланың ересектермен қарым-қатынастарының жүйесі жеке қарым-қатынасының өзі оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады (Д.Б. Эльконин) [5, 103б.].

Баланың сыныптегі өзгерістерден кейін өмірлік тәжірибесі пайда болады, құрбыларының арасында өзіне тән нақты орынды иелену ұмтылысы пайда болады. (А.Н.Леонтьев, Л.И. Божович, И.В. Дубровина, Б.Г. Ананьев)[4, 83б.].

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамақорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің тамаша үлгілерінің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын асыл құндылықтар үлкендердің әңгіме желісінен, іс - қимылынан танылып, сезім жіптері арқылы жүректен жылып, сезім жіптері арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан Егеменді Қазақстан жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білу үрдісінің мәні өте зор.

Білім беру саласы қоғамды демографиялау, ізгілендіру үрдісінен сыртта қалуы мүмкін емес. Білім беру ой-өрісі жоғары деңгейде дамыған азаматтарды тәрбиелеуді көздейді. Бірақ, білім беру кең ұғым, бұл ақыл -ойды ғана емес, мінезінде пайда болуы, дамуына мүмкіндік туғызады. Мәдениетті меңгермей оқушы бір жақты, ой-өрісі тар, рухани кедей, өнегесіз адамға айналады.

Қарым-қатынас мәдениетін тек жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыруда тұлғаның шын мағынадағы рухани мәдениетін қалыптастыруға жол бермейді. Бұл жағдайда объективті түрде адамгершіліктің негізі салынған халықтық құндылықтар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптармен оқушыларды тиянақты, терең таныстыруға қажеттілік туады.

Оқушының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық салт-дәстүрлерден пайдалану идеясы педагогикада жаңалық емес. Бірақ қоғамдық әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында бұл мәселе әрқашан күрделі, көкейкесті мәселе болып табылады.

Л.И. Божович бойынша, бастауыш сынып жасында балалардың ересектермен, әсіресе мұғаліммен қарым-қатынастары ерекше мәнге ие болады, өйткені осы жас шамасындағы балада сыныптегі оқуға өтумен байланысты өзінің іс-әрекетіне, ересектермен және құрбылармен жаңа қатынасқа, жаңа өмір салтына өту дайындығымен қатар, білімдерді

меңгеру дайынығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады. Балада сыныпке келісімен оқығысы келу тілегімен қатар осы міндеттерді жүзеге асыра алмаумен байланысты қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтары пайда болады. Ересек адам баланы жаңа іс-әрекеттерді орындауға неғұрлым дұрыс үйрететін болса, оқушының оқуға деген қызығушылығы соғұрлым нығая түседі, оқудың қандайда бір жағымды мотивациясы қалыптасады [36, 88б.].

Соңғысы аса мәнді, өйткені бастауыш сыныптағы оқушының жеке тұлғасының дамуы көбіне оқу іс-әрекетінің мотивтерінің бағыттылығымен анықталады. Баланың жеке тұлғасы оның ересектермен қарым-қатынасында қалыптасатындығы белгілі. Ересек адам балаларға адамзат мәдениетінің жетістіктерін табыс етеді, адамның психикалық дамуын қамтамасыз етеді (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, М.И. Лисина) [6, 104б.].

Балада қарым-қатынас қажеттілігінің пайда болуы оның онтогенездегі дамуының анықтаушы мезеті болып табылады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың ересектермен қарым-қатынасы, олардың жеке тұлғасының қалыптасуының жетекші факторларының бірі болып табылады.

Л.С. Славина мен Э.Л. Фрухтың пікірінше, балалардың ересектермен қарым-қатынасының жетіспеуі, олардың бір-бірімен қарым-қатынастарының мәнін ұлғайтады. 30-шы жылдардың өзінде кейбір балалардың теріс мінез-құлықтарының астарында «психикалық витаминдердің» - әсіресе ересектер тарапынан қарым-қатынастың, мейірімнің, көңілдің жетіспеуі жатыр деген болатын [6, 128б.].

М.И. Лисина, В.С. Мухина, С.Г. Якобсон бойынша, тәрбие мәселесі ғылыми тұрғыда қалай қойылмасын, махаббаттан, мейірімнен, көңілден айырылған баланың жаны да, тәні де қалжырайды. Осындай жағдайдағы баланың жеке тұлғасы толыққанды дами алмайды, өйткені әлеуметтік дағды тәжірибесі бірден жүдеп кетеді, бала өзінің жеке басын дұрыс бағалай алмайды [7, 123б.].

Әдебиеттер

1. Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы. – Алматы, 2015.
2. Рогов Е.И. Общая психология. – М., 2014.
3. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. – М., 1997.
4. Под редакцией Гамезо М.В. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. – М., 1992.
5. Оразбекова А. Отбасы психологиясы. – Алматы, 1997.
2. Тоқсанбаева Н. Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері. Психология және социология сериясы. №1, 2006.
3. Тұрысбаева А. Оқушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Бастауыш сынып №1, 2006.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ

Шевелёва Д.Д., Мадалиева З.Б.

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Бұл мақалада автор психологиялық денсаулық мәселесі бойынша бар отандық және шетелдік әдебиеттерге талдау жасайды. Психологиялық денсаулық мәселесін зерттеуде жинақталған тәжірибені жалпылауға, осы тақырып бойынша зерттеудің негізгі бағыттарын белгілеуге талпыныс жасалады.

Кілт сөздер: психологиялық денсаулық, психологиялық салауаттылық, өмір сапасы, адам денсаулығы.

В статье проведен анализ отечественной и зарубежной литературы, посвященной проблеме психологического здоровья. Делается попытка обобщить накопленный опыт в изучении проблемы психологического здоровья, наметить основные направления исследований данной темы.

Ключевые слова: психологическое здоровье, психологическое благополучие, качество жизни, здоровье человека.

In this article, the author analyzes the existing domestic and foreign literature on the problem of psychological health. An attempt is made to generalize the accumulated experience in the study of the problem of psychological health, to outline the main directions of research on this topic.

Key words: psychological health, psychological well-being, quality of life, human health.

Здоровье человека – приоритетная проблема человечества. И в нынешних реалиях, в связи с тотальным ухудшением здоровья подрастающего поколения, изучение данного феномена привлекает ученых, относящихся к разным областям и направлениям науки. Благодаря уже существующим исследованиям стало понятно, что здоровье человека нельзя рассматривать лишь с позиции отсутствия или наличия болезней. Здоровье – многомерное явление, куда входят очень многие характеристики, в том числе и душевное благополучие. Сам термин «психологическое здоровье» возник в научной литературе не так давно и используется преимущественно отечественными авторами, однако, в английском языке можно обнаружить аналогичное понятие «psychological well-being» что свидетельствует о том, что и зарубежные и отечественные психологи считают необходимым введение нового обозначения, которое бы отражало душевное здоровье человека не только с позиции патологии, но и включало бы в себя личностную структуру человека во всем ее многообразии, с присущими ему ценностями, взглядами, поведением и т.п. Многие авторы, стараясь уйти от медицинской трактовки, которая рассматривала душевное здоровье человека лишь как отсутствие патологии, стремились привести в науку новое определение и выработать критерии, которые могли бы в полной мере отразить многообразие процессов, в первую очередь влияющих на благополучие жизни человека. Так, А.Н. Леонтьев писал: «... человек может быть вполне психически здоровым (хорошо запоминать и мыслить, ставить сложные цели, быть деятельным, руководствоваться осознанными мотивами, достигать успехов, избегать неудач и т.п.) и одновременно быть личностно ущербным, больным (не координировать, не направлять свою жизнь к достижению человеческой сущности, разобщаться с ней, удовлетворяться суррогатами и т.п.)» [1, с.59]

Стоит отметить, что вопрос о взаимовлиянии телесного и психического занимал умы врачей и целителей еще в далекой древности. Так, Г.К. Ушаков, проводя исторический обзор формирования медико-психологических взглядов, пишет о том, что египетские врачи в арсенале медицинских инструментов имели не только химические, биологические и физические, но также и психологические способы влияния на больного (мимику, жесты, а также определенное словесное воздействие) [2, с.10]. В эпоху механистического мышления, многие врачи стали видеть главной причиной возникновения болезней человека лишь физиологические причины, отрицая влияние переживаемых душевных потрясений на физическое самочувствие больного. Тем не менее, это не мешало приверженцам обоих мнений вести десятилетние споры о том, что же в большей степени влияет на здоровье человека. Вскоре представители зарубежной и отечественной медицины снова стали обращать внимание не только на физическое состояние больного, но и на его «душевные» переживания, что было связано с постепенным угасанием влияния механицизма. В русской медицине XVIII-XIX веков акцент на психологическом состоянии пациентов можно увидеть очень отчетливо. Так, русский врач М.Я. Мудров говорил о происхождении болезней следующее: «Одни люди заболевают от телесных причин, другие – от душевных возмущений» [2, с.18]. Немалый вклад в развитие вопроса о влиянии психики на здоровье человека внесла и психиатрия. Основатель петербургской школы психиатров И. М. Балинский в своих лекциях обращал внимание на подростковый возраст и юность. Он отмечал, что в это время для молодых людей особенно важна роль правильного воспитания и обучения, правильного психического влияния для охраны здоровья молодежи [2, с.18]. Неудивительно, что и идея о том, чтобы изучать не только болезни, но и здоровых людей тоже возникла в сфере медицины. Одним из первых, кто решил, что надо изучать здоровых людей для повышения качества жизни и удовлетворенности населения, был заведующий кафедрой гигиены Гарвардского университета Арли Бок (1938) [3]. Исследования начатые Арли Бок и продолжаемые его

последователями помогли установить, что для душевного и физического благополучия помимо занятий спортом и ведения здорового образа жизни человеку также необходимы общение и любовь. В последующем многие авторы останавливались на этом свое внимание, когда рассуждали о психологическом здоровье человека (А. Маслоу [4], К. Роджерс [5], К. Штайнер [6], Л.С. Рубинштейн [1] и др).

Мы согласны с мнением И.А. Джидарьян [7] о том, что психологическое благополучие должно входить в определение психологического здоровья ввиду его четко выраженного позитивно-оздоровительного значения для жизнедеятельности человека, кроме того, если проанализировать другие работы, посвященные психологическому благополучию (А. Маслоу [4], Э. Фромм [5], Э. Эриксон [5], К. Роджерс [8], К. Рифф [9,10,11] и др), можно отметить, что многие критерии, которые они включают в понятие психологического благополучия соотносятся с теми характеристиками, которые отечественные авторы приписывают психологическому здоровью (Т.Д. Шевеленкова, В.П. Фесенко [12], А.Е. Созонтов [13], А.В. Козлов [14], И.В. Дубровина [15, 16]). Потому мы не можем обойти вниманием работы, посвященные психологическому благополучию, так как оно рассматривается нами как важная составляющая психологического здоровья.

Термин «психологическое благополучие» (psychological well-being) был введен американским психологом Н. Брэдберном в 1969 г. (тогда вышла его книга «Структура психологического благополучия») [17]. Он считал, что «счастье» человека (благополучие) определяется балансом между негативным и позитивным аффектом его жизни. Сам автор относил свою концепцию к старым моделям, которым был присущ дихотомический подход (удовольствие - боль, здоровье - болезнь). Позднее концепции благополучия человека активно стали развиваться приверженцами гуманистической психологии. Много работ в русле гуманистического направления было посвящено этой теме в период с 1960 по 1970-е годы. Остановимся на самых известных представителях. А. Маслоу - один из ярких представителей гуманистического направления, которого занимали вопросы о благополучии личности. Свои исследования он проводил в студенческой среде, что бесспорно дало ему большое количество испытуемых. Такая выборка позволила ему сделать предположение о существенных различиях в поведении «здоровых» людей. Их он называл «самоактуализирующимися» людьми. Степень удовлетворения потребностей организма играла основополагающую роль в его концепции. Согласно его взглядам, только удовлетворенный организм свободен для самоактуализации, тогда как организм, страдающий неврозом из-за того, что базовые потребности не удовлетворены, ищет помощи со стороны других людей, а потому менее автономен и самостоятелен. Таким образом, А. Маслоу вывел следующие характеристики самоактуализирующихся людей: автономия, правильное восприятие реальности, принятие, спонтанность, центрирование на проблеме, склонность к уединению, свежесть восприятия, пиковые переживания, человеческое родство, скромность и уважение к окружающим, межличностные отношения, этика, средства и цели, чувство юмора, креативность, сопротивление приобщению к культурным нормам, несовершенства, ценности и разрешение противоречий [4, с - 189-211]. Также им были выделены ценности, которые присущи здоровым людям и которые они вырабатывают самостоятельно, а не под влиянием культуры или религии: истина, креативность, доброта, целостность, красота, любовь к жизни, уникальность, справедливость, непритязательность и самодостаточность [4, с. 37-39]. Отсутствие таких ценностей, по А. Маслоу - «метапатология».

А. Маслоу не единственный, кто рассматривал благополучие как состояние удовлетворения (или счастья) и наделял человека позитивной тенденцией к внутреннему стремлению к дальнейшему самосовершенствованию. Сходных взглядов также придерживались Эрих Фромм и Эрик Эриксон [5]. А вот Г. Олпорт здоровье человека рассматривал через призму введенного им понятия «проприума» или «самости» человека [18]. Согласно его взглядам, естественное и своевременное развитие семи аспектов самости становится основой для развития зрелости личности, а также обеспечивает и ее здоровье:

ощущение своего тела (телесная основа самосознания); самоидентичность, ощущение себя собой; любовь к себе, а также самоуважение и признание собственной успешности в достижении различных целей; расширение эго – осознание внешних объектов как «моих» или «связанных со мной», отождествление себя с какой-либо группой; рациональность – согласование внутренних потребностей и внешней реальности; образ себя – способность размышлять о собственной личности, строить притязания к себе; личное стремление – стремление к самосовершенствованию и саморазвитию [18].

Вслед за А. Маслоу Г. Олпорт также говорил о наличии у здорового человека основополагающих жизненных ценностей – смысла бытия (философии жизни). Он выделил шесть ценностей, которые так или иначе присущи всем людям, однако, ни один человек не может быть отнесен исключительно к одной ценности:

1. Теоретическая ценность – желание постичь истинное устройство бытия.
2. Экономическая ценность – нахождение ценным того, что полезно и выгодно.
3. Эстетическая ценность – нахождение прекрасного в форме и гармонии.
4. Социальная ценность – любовь людей, общение и помощь.
5. Политическая ценность – ценится власть.
6. Религиозная ценность – желание познавать и понимать мир как единое целое [18].

К.Роджерс большую значимость придавал самоактуализации, а также способности человека быть конгруэнтным и открытым новому опыту [8, с. 233-251.]. Он также делал попытки описать «хорошую» жизнь, отмечая важность таких процессов, как: открытость новому опыту; постепенный переход к жизни в настоящем; большее доверие к собственному организму; полноценное функционирование; открытие новой перспективы отношения свободы и необходимости; включение творчества; выработка основополагающего доверия к человеческой природе, а также способность жить более полной жизнью.

Благодаря гуманистической психологии тема психологического благополучия набрала довольно большую популярность на рубеже 1980-1990-х годов. В отечественной психологии работы по данной проблеме стали появляться лишь в начале XXI века. Многие авторы стали делать попытки в уточнении содержания и критериев психологического благополучия. Наиболее большой известностью в данной теме пользуются работы К.Рифф [9,10,11]. Она включила в структуру психологического благополучия три важных, как она сама писала, составляющих жизни человека, которые позволяют ему чувствовать себя удовлетворенным: само-принятие (self acceptance), личностный рост (personal growth), автономия (autonomy), компетентность в управлении средой (environmental mastery), позитивные и близкие отношения с другими (positive relationships), наличие жизненных целей (purpose in life). Как мы видим, идеи гуманистов отразились и в работе К. Рифф. Согласно ее теории, психологическое благополучие – это синтез многих факторов, который отражает внутреннюю оценку личности своей жизни с точки зрения раскрытия своего внутреннего потенциала. И.А. Джидарьян отметила, что именно саморазвитие является ведущей шкалой в определении психологического здоровья, так как отражает переживание человеком своего развития как процесса совершенствования себя и своих личных качеств [7].

Как мы уже сказали, в отечественной психологии вместо психологического благополучия используется понятие «психологическое здоровье». Уже в трудах советских психологов А.Н. Леонтьева [19] и Л.С. Рубинштейна [20]. можно встретить рассуждения о психологическом здоровье и критериях, которые могли бы входить в это понятие. К наиболее ранним работам о психологическом здоровье человека можно отнести и работу Б.С. Братуся [1, 21]. К примеру, в книге «Аномалии личности» он критикует подходы гуманистов, психоаналитиков, бихевиористов к определению здоровой личности, так как, по его мнению, они не дают убедительного ответа на этот вопрос. Сам же он пишет, что признаком нормального развития человека является обретение им родовой человеческой сущности (бережное отношение к другим людям, способность к самоотдаче и любви);

свободное волепроявление; творческий и «целетворящий» характер жизнедеятельности; ответственность перед собой и окружающими, стремление к обретению общего смысла жизни.

В начале XXI века появились работы, посвященные психологическому здоровью детей (Е.А.Панько, Е.П. Чеснокова [22], И.В. Дубровина [15,16]). И Е.А. Панько и И.В. Дубровина сходятся во мнении, что психологическое здоровье ребенка зависит как от внешних (постепенное ускорение темпа современной жизни и, как результат, дефицит времени; недостаточные условия для снятия эмоционального напряжения и расслабления; неудовлетворительные жилищно-бытовые условия; дисфункциональная семья; нарушения в сфере детско-родительских отношений), так и от внутренних факторов (личностные, эмоциональные, волевые, индивидуально-типологические особенности и др.). Важными элементами психологического здоровья ребенка авторы отметили: отношение ребенка к своему «Я»; его способность самостоятельно определять жизненные цели, прогнозировать и самопроецировать себя в будущее. Е.А. Панько также была отмечена роль мотивационно-потребностной сферы, уровень самоуважения, самооценка ребенка, эмоциональная грамотность.

Известностью также пользуются работы А.В. Шувалова [23, 24]. В одной из статей они вместе с В.И. Слободчиковым предприняли попытку выделить в системе психологического здоровья три структурных компонента: аксиологический, инструментальный и потребностно-мотивационный. Позднее Н.А.Жесткова [25] для каждого структурного компонента выделила соответствующие критерии оценки и основные диагностируемые признаки:

1. Аксиологический компонент: позитивное отношение к себе и окружающим людям, оптимистическое отношение к миру;
2. Инструментальный компонент: внутренний самоконтроль, коммуникативная компетентность, личностная самоэффективность;
3. Потребностно-мотивационный компонент: самодостаточность личности, стремление к саморазвитию, активная позиция личности.

Существуют также разные объяснения того, почему участие родителей важно для успеха учащихся. Одним из них является экологический подход У.Бронфенбреннера. По У.Бронфенбреннеру, должно быть двустороннее взаимодействие, единство целей, устойчивое доверие и баланс сил между средами или институтами, в которых живет человек для своего развития. Два основных института, в которых учащиеся проводят свою жизнь, — это школа и семья. Таким образом, двустороннее взаимодействие между школой и семьей, единство целей, устойчивый баланс доверия и власти, а также качество участия родителей являются определяющими факторами успеха учащихся [6, с.844].

Эпштейн также объясняет, почему участие родителей важно для успеха учащихся, обращая внимание на тот факт, что семьи в какой-то мере тоже являются педагогами и их следует рассматривать как партнеров в обучении и развитии учащихся. Когда учителя просят родителей стать партнерами в учебе учеников, они обращают внимание родителей на жизнь своих детей в школе, на владение ими навыками и способностями к обучению. Таким образом, взаимодействие между школой и семьей усиливается, и через это усиление взаимодействия увеличивается положительное влияние семьи на воспитание ребенка. Это растущее взаимодействие создает «школы, подобные семьям» и «семьи, подобные школам» [7, с. 462].

Кроме того, Эпштейн в своем лонгитюдном исследовании, посвященном влиянию участия родителей на успеваемость учащихся по математике и чтению, обнаружил, что участие родителей оказывает положительное влияние на общую успеваемость [8, с. 261]. Джейнс в своих исследованиях показал, что участие родителей повышает успеваемость [9, с. 82]. Аналогичные результаты были получены и в других исследованиях [10; 11; 12].

В.Губбинс и Г.Отеро в 2016 году в исследовании «Влияние стиля участия родителей, воспринимаемого учащимися начальной школы на успеваемость по языку и математике в чилийских школах» предоставили данные о том, как участие родителей повышает успеваемость учащихся. Например, участие родителей повышает показатели домашних заданий учащихся, улучшает языковые навыки, сокращение пропусков [13; 14]. Семьи могут повысить уровень выполнения домашних заданий, помогая детям с выполнением домашних заданий и создавая режим выполнения домашних заданий. Кроме того, дети могут повысить свою академическую успеваемость, посещая центры интенсивного обучения, библиотеки и музеи, читая, просматривая научные передачи и рассказывая о них, а также просматривая фильмы на иностранных языках.

Согласно Румбергеру «семейное происхождение ребенка широко признается как самый важный фактор успеха в школе». Исследования Румбергера подтвердили выводы

более ранних исследователей, которые утверждали, что семья и качество взаимоотношений в домашней среде учащихся имеет большое влияние на школьные успехи учеников [15, с. 583]. Многие переменные в семейном окружении имеют прочные (прямые и косвенные) связи с успехами учащихся в школе, а также в возможной учебе и обучении молодых людей. К таким переменным относятся структура семьи (социально-экономический статус и полные/неполные семьи), уровень образования родителей, участие родителей и стиль воспитания. Большинство согласится с тем, что учащиеся из малообеспеченных и неполных семей имеют значительно меньшие успехи в учебе, чем учащиеся из семей с высоким социально-экономическим статусом и полные семьи. Родители в таких условиях сообщали о более низких образовательных ожиданиях, меньшем контроле за школьной работой детей и меньшем общем контроле за общественной деятельностью по сравнению с учащимися из высоко социально-экономических и полных семей.

Исследование «Вовлечение родителей и успеваемость учащихся в среднем образовании: сравнительное исследование семей иммигрантов и не иммигрантов в Нидерландах» проведенное в 2019 году обнаружили, что родители-иммигранты и не иммигранты в Нидерландах играют значительную роль в академической успеваемости своих детей. Исследование показало, что существуют различия в уровне и типе участия между семьями иммигрантов и не иммигрантов, при этом родители-иммигранты больше вовлечены в образование своих детей. Кроме того, выявлено, что участие родителей положительно влияет на успеваемость учащихся, независимо от их иммигрантского статуса [16, с. 10].

В заключении необходимо отметить, что многие исследования показали, что дети из малообеспеченных и неполных семей, как правило, имеют более низкую успеваемость по сравнению с учащимися из семей с высоким социально-экономическим статусом и из полных семей. Более низкий социально-экономический статус часто связан с более низкими ожиданиями в отношении образования, меньшим контролем за школьными занятиями и меньшей вовлеченностью ребенка в образование и социальную деятельность. Эти факторы могут способствовать разрыву в успеваемости между учащимися из разных семей.

Литература

1. Boonk L. et al. "A Review of the Relationship between Parental Involvement Indicators and Academic Achievement." *Educational Research Review*, vol. 24, 2018, pp. 10-30.
2. Adams, K.M., and Forsaith, P.B. "A Review of the Influence of Trust in Urban Elementary Schools." *Journal of Elementary School*, vol. 114, no. 1, 2013, pp. 1-21.
3. Stracova, J., Simonova, J., and Greger, D. "Improving Mathematics Results: Does Academic Optimism of Teachers Matter?" *School Effectiveness and School Improvement*, vol. 29, no. 3, 2018, pp. 446-463.
4. Schnepf S.V., Klinger D.A., Volante L., & Jerrim J. "Cross-National Trends in Addressing Socioeconomic Inequality in Education." In: Volante L., Schnepf S., Jerrim J., Klinger D. (eds) *Socioeconomic Inequality and Student Outcomes. Education Policy & Social Inequality*, Springer, Singapore, 2019.
5. Hill, N. E., Witherspoon, D. P., & Bartz, D. "Parental Involvement in Education During Middle School: Perspectives of Ethnically Diverse Parents, Teachers, and Students." *The Journal of Educational Research*, vol. 111, no. 1, 2018, pp. 12-27.
6. Bronfenbrenner, U. "Contexts of Child Rearing: Problems and Prospects." *American Psychologist*, vol. 34, no. 10, 1979, pp. 844–850.
7. Epstein JL, Galindo CL, & Sheldon SB. "Levels of Leadership: Effects of District and School Leaders on the Quality of School Programs of Family and Community Involvement." *Educational Administration Quarterly*, vol. 47, no. 3, 2011, pp. 462 - 495.
8. Epstein, J. L. "Effects on Student Achievement of Teachers' Practices of Parent Involvement." In S. B. Silvern (Eds), *Advances in reading/language research: A research annual*, vol. 5. Literacy through family, community, and school interaction, Elsevier Science: JAIPress, 1991, pp. 261–276.
9. Jeynes, W. H. "The Relationship between Parental Involvement and Urban Secondary School Student Academic Achievement. A Meta-Analysis." *Urban Education*, vol. 42, no. 1, 2007, pp. 82-110.
10. Chang, M., Choi, N., & Kim, S. "School Involvement of Parents of Linguistic and Racial Minorities and their Children's Mathematics Performance." *Educational Research and Evaluation*, vol. 21, no. 3, 2015, pp. 209-231.
11. Johnson, U. & Hull, D. "Parent Involvement and Science Achievement: A Cross-Classified Multilevel Latent Growth Curve Analysis." *The Journal of Educational Research*, vol. 107, no. 5, 2014, pp. 399-409.

12. Zhang, Y. "The Associations between Parental Involvement and Science Achievement via Children's Perceived Academic Competence and Academic Effort." Unpublished doctoral dissertation, Syracuse University, NY, 2018.
14. Gubbins, V., & Otero, G. (2016). "Effect of the parental involvement style perceived by elementary school students at home on Language and Mathematics performance in Chilean schools." *Educational Studies*, 42(2), 121-136.
15. Benner, A.D., Boyle, A.E., & Sadler, S. (2016). "Parental involvement and adolescents' educational success: The roles of prior achievement and socioeconomic status." *Journal of Youth and Adolescence*, 45(6), 1053-1064.
16. Rumberger R.W. Dropping out of middle school: a multilevel analysis of students and schools / R.W. Rumberger // *American Educational Research Journal*. – 1995. – Vol. 32. – P. 583-625.
17. Rodríguez, E., Cadenas, M., Borges, Á., & Valadez, D. (2019). "Educational responses to students with high abilities from the parental perspective." *Frontiers in Psychology*, 10, 1187.

БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ӘЙЕЛДЕРДЕГІ ДЕПРЕССИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Махаева Д.М.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Мақалада босанғаннан кейінгі әйелдердегі депрессияның ерекшеліктерін зерттеу мәселесіне теориялық талдау берілген. Бұл процестің дамуына әсер ететін ықтимал себептерге және босанғаннан кейінгі невроздың дамуына әсер ететін факторларға баса назар аударылады. Әйелдің босанғаннан кейінгі кезеңде бұл мәселені шешудің мүмкін нұсқалары қарастырылады.

Кілт сөздер: босанғаннан кейінгі депрессия, психологиялық көмек, әйелдер, эмоционалдық күйлер.

В статье представлен теоретический анализ проблемы исследования особенностей послеродовой депрессии у женщин. Сделан акцент на возможные причины, влияющие на развитие этого процесса, и факторы, влияющие на развитие послеродового невроза. Рассмотрены возможные варианты решения данной проблемы в послеродовом периоде.

Ключевые слова: послеродовая депрессия, психологическая помощь, женщины, эмоциональные состояния.

The article presents a theoretical analysis of the problem of studying the features of post partum depression in women. The emphasis is on the possible causes influencing the development of this process, and the factors influencing the development of postpartum neurosis. Possible options for solving this problem in the postpartum period are considered.

Keywords: postpartum depression, psychological help, women, emotional states.

Кіріспе. Босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдердің эмоционалдық жай-күйі ауырлығы мен ұзақтығы бойынша ерекше ерекшеліктерге ие және өмірдің басқа маңызды кезеңдерінен ерекшеленеді. Босануға дайындалу немесе баланы күту процесіне бейімделу барысында әйелдер жеңіл, қысқа мерзімді күйден ауыр депрессиялық жағдайы ұшырауы мүмкін. Осындай жағымсыз эмоционалды жағдайлардың пайда болуы мен дамуы маңызды клиникалық және психологиялық мәнге ие. Босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдердегі депрессиялық эмоционалды жағдайлардың дамуы әйелдің өмір сапасына, оның әлеуметтік және рөлдік жұмысына ғана емес, сонымен бірге баланың соматикалық жағдайы мен денсаулығына да әсер етеді. Бұл өз кезегінде өте өзекті мәселе болып табылады.

Негізгі бөлім

Босанғаннан кейінгі әйелдің күйі – бұл әйелдер өмірінің күрделі, көп қырлы және өте сезімтал күйлерінің бірі. Босанғаннан кейінгі кезең әдетте биологиялық өзгерістер мен әйелдің өміріндегі әлеуметтік рөлдердің өзгеруіне байланысты күрделі эмоционалды жағдай симптомдарының даму қаупінің жоғарылау уақыты болып саналады. «Жүктілік әйелдің тәуелсіз жеке тұлға ретінде өмір сүруінің аяқталуын және ана мен баланың ажырамас және қайтымсыз қарым-қатынасының басталуын білдіреді» [1]. Босанғаннан

кейінгі кезеңде әйелдердің психикалық бұзылыстары үлкен қызығушылық тудырады. Өйткені жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдегі физиологиялық өзгерістерден басқа, психикалық өзгерістер де бар. Әйел қуаныш, жақсы көңіл-күй және бір мезгілде шаршау, күш жоғалту, кейде алаңдаушылық пен депрессиялық эмоцияларды сезінуі мүмкін. Жүкті әйелдің эмоционалдық күйлерінің айқын ауытқуына байланысты жеке қақтығыстар мен босанудан қорқу өзектіленеді.

А.И. Голубых, С.С. Савенышева еңбегінде «баланың дүниеге келуі - өмірлік басымдықтар мен перспективаларды қайта қарау және қайта бағалау кезеңі. Бала өмірінің бірінші жылында аналардың көпшілігі жағымсыз эмоционалдық күйлердің салдарынан өз баласына адекватты қатынас қалыптастыра алмайды» [2].

М.П. Кабакова отбасындағы жағдайларды қарастыра отырып, баланың отбасындағы орны ерекше екенін атап көрсетті.

Демонстристік отбасы – бұл бала өзінің қажеттіліктері мен қиыншылығымен психологиялық тұрғыдан шынымен үстемдік ететін отбасы. Балаға бағдарланған отбасында ата-ананың басты міндеті – «баланың бақытын» қамтамасыз ету. Отбасы тек бала үшін болады. Әсер әдетте төменнен жоғарыға дейін жүзеге асырылады. Нәтижесінде балада жоғары өзін-өзі бағалау, өзінің маңыздылығын сезіну қалыптасады, бірақ отбасынан тыс әлеуметтік ортамен қақтығыс болу ықтималдығы артады. Мұндай отбасынан шыққан баланың бейімделмеу қаупі өте жоғары [3].

Жүктілік және босанғаннан кейінгі кезең (босану) психикалық ауруды қоздырады. Сондықтан көптеген шетелдік авторлар психикалық бұзылыстарды скринингтік тексеру қажеттігін атап көрсетеді. М.Оатс (1990) бойынша жүкті әйелдердің 15-20% психикалық тексеруді қажет етеді. Мазасыздық пен депрессия сияқты белгілі бір жағдайлар мерзімінен бұрын босану қаупімен байланысты болуы мүмкін.

Босанғаннан кейінгі күй - әйел өмірінің күрделі, көп қырлы және өте сезімтал күйлерінің бірі. Босанғаннан кейінгі кезең әдетте әйелдің өміріндегі биологиялық өзгерістер мен әлеуметтік рөлдердің өзгеруіне байланысты күрделі эмоционалдық жағдайдың симптомдарының даму қаупінің жоғарылау уақыты болып саналады. «Жүктілік әйелдің тәуелсіз жеке тұлға ретінде өмір сүруінің аяқталуын және ана мен бала арасындағы таптырмас және қайтымсыз қарым-қатынастың басталуын білдіреді» [4].

Баланың дүниеге келуімен жас ананың өмірінде қызықты және жауапты кезең басталады және бұл кезең психологиялық тұрғыдан өте түсініксіз. Ескі өмірге жаңа сезімдер салынуы керек, бір нәрсе өзгереді, бір нәрсе өзгеріссіз қалады.

Босанғаннан кейінгі бұзылысты тудыратын факторларды сарапшылар шартты түрде төрт негізгі топқа бөледі:

1. аффективтік бұзылыстарға тұқым қуалайтын бейімділік (депрессияға бейімділік туралы анамнестикалық деректер);

2. физикалық және физиологиялық себептер (жүктілік кезіндегі, жүктіліктің босанғаннан кейінгі кезеңінде және босанғаннан кейінгі ағзадағы өзгерістер және т.б.);

3. әлеуметтік факторлар (отбасының ерекшеліктері және әлеуметтік ортаның ерекшеліктері);

4. психологиялық факторлар (әйел тұлғасының ерекшеліктері, өзін әйел ретінде қабылдау, өзін ана ретінде қабылдау және т.б.) [5].

Сонымен, босанғаннан кейінгі невроздың дамуына әсер ететін факторлар ретінде мыналарды бөлуге болады:

1. Тұлғаның характерологиялық ерекшеліктері, темперамент акцентуациясы, мінез.

2. Ананың жасы.

3. Әйелдің жүктілік пен босануға психологиялық дайын болмауы, жүктілікті өткізудің конструктивті емес стильдері.

4. Отбасындағы қиын қарым-қатынастар (ерлі-зайыптылар арасындағы, туыстарымен), жалғыз басты ананың мәртебесі; әлеуметтік және тұрмыстық қиындықтар.

5. Ауыр акушерлік немесе соматикалық анамнездің болуы.

6. Босануға байланысты жағымсыз өткен тәжірибелердің болуы.
7. Балалық шақтағы психологиялық жарақаттан асқынған жүкті әйелдің анамнезі.
8. Физикалық немесе психикалық дамуында артта қалған нәрестелердің (көбінесе шала туылған балалар), «темпераменті қиын» нәрестелердің туылуы.
9. Аналар мен нәрестелердің босанғаннан кейін бөлек палаталарда болуы. Бақылау немесе балалар ауруханасына ауыстыру қажеттілігіне байланысты жаңа туған нәрестеден бөлінген науқастарда да көңіл-күйдің айтарлықтай нашарлауы байқалды.
10. Жедел стресстік жағдайдың болуы.
11. Маусымдық фактор. Бірқатар психологтардың бақылаулары бойынша көктем мен жазда аналарда күз бен қыс мезгіліне қарағанда босанғаннан кейінгі невроздың көріністері азырақ болады.
12. Әйел тұқымындағы жас ананың анамнезіндегі босанғаннан кейінгі депрессиялық жағдай.

Психологтың әйелдермен жұмысы жүктілік кезінде босанғаннан кейінгі күрделі эмоционалды жағдайлардың алдын алудан басталуы керек. Жүкті әйелдерді босанғаннан кейінгі ерте кезеңде, мысалы, «Жүкті әйелдер мектебінде» қысқа мерзімді көңіл-күйдің бұзылуының ықтималдығы туралы хабардар ету қажет; мұндай жағдайлардың себептері туралы айту. Мұндай түсіндіру пациенттердің эмоционалдық шиеленісі мен алаңдаушылығын төмендетеді, олардың сезімдерін түсінуге және құрметтеуге әкеледі. Баланың пайда болуына байланысты отбасында күйеуімен, туыстарымен келіспеушілік туралы хабарлау маңызды, осылайша жас ана олардың нормативтік сипатын түсінуі керек.

Қорытынды. Осылайша, бала туылғаннан кейін әйелдерде пайда болатын босанғаннан кейінгі депрессия - бұл әйелдер арасында психиатриялық асқынулардың ең көп таралған түрлерінің бірі және адам өмірінің әртүрлі салаларына әсер ететін физикалық және/немесе эмоциялық проблемалармен сипатталатын медициналық ауру. Әйелдің босанғаннан кейінгі депрессиясы баланың өмірінің кейінгі кезеңдерінде, сондай-ақ ең ерте кезеңдерінде әлеуметтік және психологиялық проблемалардың дамуына жол ашады. Зерттеулер сонымен қатар босанғаннан кейінгі депрессиямен ауыратын аналардан туылған нәрестелерде когнитивті дамудың кешігу қаупі жоғары болуы мүмкін екенін көрсетеді. Босанғаннан кейінгі депрессияны зерттеу проблеманы мұқият талдауды, диагностикалық әдістер мен әдістерді, іс-қимыл алгоритмін талдауды және профилактикалық шаралардың тиімділігін бағалауды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Психология и психоанализ беременности /Под ред. Д.Я. Райгородского.– М.: БАХРАХ-М, 2003.– 775 с.
2. Голубых А.И., Савенышева С.С. Эмоциональные особенности беременных женщин и отношение к будущему ребенку и супругу // Научные исследования выпускников факультета психологии СПбГУ. – 2014. – Т.2. – С. 72–78.
3. Кабакова М.П. Психология семьи и брака; учебное пособие. - Алматы: Қазақ университет, 2014. - 211 с.
4. Базалева, Л.А. Возможности исследования эмоционального выгорания у матерей в психологии личности // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. - 2010. №1. - С. 168-176.
5. Абрамова Г.С. Психология материнства: непосредственный. - М.: Академический Проект, Екатеринбург: Деловая книга, 2000. - 624 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Стыбаева А.Ш., Атыманова К.Ж.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан

Мақалада мектепке дейінгі жастағы ойын әрекеті мәселесі, балалардың тәрбиесі мен дамуындағы ойынның маңызы, сондай-ақ дидактикалық ойындарды әзірлеу және оны балабақшада пайдалану ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі жас, тәрбие, даму, ойын қызметі, дидактикалық ойын, дидактикалық ойын құрылымы.

В статье рассматривается игровая деятельность в дошкольном возрасте, значение игры в воспитании и развитии детей, а также особенности разработки и использования дидактических игр в детском саду.

Ключевые слова: дошкольный возраст, воспитание, развитие, игровая деятельность, дидактическая игра, структура дидактической игры.

The article deals with the problem of play activity in preschool age, the importance of play in the upbringing and development of children, as well as the features of the development and use of educational games in kindergarten.

Keywords: preschool age, upbringing, development, play activity, didactic game, didactic game structure.

Кіріспе. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оларды дамыту мәселесіне көптеп көңіл бөлінуде. Аталмыш мәселені шешуге бағытталған түрлі технологиялар, әдістер мен тәсілдер жеткілікті десек те, сол нұсқалардың тиістісін таңдау бала тәрбиесімен айналысып отырған адамдар үшін қиындықтар туғызады. Алайда, психолог мамандарымыз осы тұста бала өміріндегі ойынның алатын орны ерекше екендігін және оны асыра бағалаудың мүмкін еместігін бірауыздан ескертуде. Ойын баланың жеке басының қалыптасуы мен даму кезеңінде, оның өзін-өзі тануы мен әлеуметтенуінде шешуші рөл атқаратын бірден бір әрекет [1].

Баланың өміріндегі ойынның маңызы өте зор. Ойын арқылы нәресте әлемді таниды, онымен қарым-қатынас жасауды үйренеді, жақындарымен, кейінірек құрдастарымен және басқа ересектермен байланыста болады, шағын топтарда (командада) жұмыс істеуге бейімделеді, қиял мен тапқырлық танытады, логикалық ойларын дамыта отырып, ойлау процесін белсендіреді.

Авторлар ұсынатын негізгі қағида бұл - «Ойнау арқылы үйрену». Сондықтан, балаларға олардың балабақшадағы, мектептегі, ересек өмірлеріндегі қажет деп табылатын дағдыларын қалыптастыруда ойын әрекетін пайдаланудың маңызы зор. Өйткені бала ойын арқылы өзінің болашағына көз жүгіртіп, қиял әлеміне енеді, өзіне тән ерекшелігін таныта түседі, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Яғни, ойын барысында бала өзінің дамуына және ойыннан алған әсері арқылы қанағаттану сезіміне ие болуға қажеттінің бәрін ала алады. Сол себепті балалардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түрі ретінде ойынды жан-жақты қарастырамыз. Ойын барысында бала:

- сөйлеу дағдылары мен танымдық процестердің дамуын жеделдететін ұсақ моториканы (ұсақ заттармен ойнау, сурет салу, мүсіндеу, басқатырғыштар) дамытады;
- қиялды дамытады (ата-аналарды, ойыншықтарды тарту, нақты өмірден қандай да бір рөлді қолдану немесе таныс көркем шығармалар бойынша рөлдерді ойнау);
- әртүрлі әлеуметтік жағдайларға бейімделеді (дүкен, емхана, балабақша және т. б.);
- физикалық тұрғыдан дамиды (ойын алаңында немесе бөлмеде әртүрлі атрибуттары бар қимылды ойындар);
- жағымды эмоцияларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады (ойынға қанағаттану, төзімділік, эмпатия, ойыншықтармен бөлісуге, көмек көрсетуге және т.б.).

Демек, ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің міндеті - ойын кеңістігін дұрыс ұйымдастыру, балаға қиялын шыңдауға мүмкіндік беру, сонымен қатар

ойын арқылы мінез-құлықтың негізгі нормалары мен ережелерін түсіндіре отырып, оның белсенділігін дұрыс бағытқа бұру. Баланың бастамаларын қолдап, олар ұсынған іс-әрекеттерді орындауға қатысу аса маңызды. Өйткені ол өзін қоғам мен отбасының бір бөлігі ретінде санап, өзінің олар үшін қажет екенін сезінеді, олармен қажетті қарым-қатынасты орнатады.

Сондай-ақ, ойынды бала жас ерекшелігін ескере отырып және оның кезеңдерін ақылға қонымды дәйектілігімен таңдау керек екеніндігін де атай кеткен дұрыс. Яғни, жеңілден күрделіге қарай қағидасына сүйене отырып, ойын тапсырмаларын жүйелеу негізінде біртіндеп қиындату элементтерін енгізіп отырған дұрыс.

Негізгі бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балабақшадағы балаларда салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған әлемге ізгілікпен қарау, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейліктің, азаматтықтың, патриотизмнің негіздері қалыптастырылады [2, б б.].

Осыған байланысты және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, әр түрлі жас ерекшеліктік топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдарға [3-4] сәйкес біз дидактикалық ойындарды құрастырдық және жүйеледік.

Біз өз зерттеулеріміздің нәтижелерін үш, төрт және бес жастан жоғары балаларға арналған «Дамытушы ойындар жинағы», «Игровой и развивающий материал» жинақтарына топтастырдық. Жоғарыда айтылғандай, жинақтарға дидактикалық, қимылды, аз қимылды ойындар енгізілді. Олар тәрбиешілерге ұйымдастырылған іс-әрекетін және басқа да режимдік сәттерде ойын әрекеттерін жоспарлауға және өткізуге көмектеседі [5-7].

«Дамытушы ойындар жинақтарында» ойындар мазмұнына қарай дамытушы ойындар, сөздік ойындар, саусақ ойындары, үстел-үсті ойындары, желілі-рөлді ойындар және қимылды ойындар деп топтастырылды. Ал, «Игровой и развивающий материал» жинақтарында ойындарды дамыту бағыттары бойынша топтастырдық:

- «Сөйлеуді дамытуға ықпал ететін дидактикалық ойындар»;
- «Көркем әдебиет туындыларын таныстыруға және бекітуге бағытталған дидактикалық ойындар»;
- «Сыртқы әлеммен танысуға бағытталған дидактикалық ойындар»;
- «Математикалық негіздерін қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар»;
- «Конструктор бөлшектерінен құрастыруға қызығушылықты дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар»;
- «Жаратылыстану ғылымдары бойынша білімді дамытуға, табиғатты аялауға, қорғауға бағытталған дидактикалық ойындар»;
- «Қимылды және аз қимылды ойындар».

Дидактикалық ойынның құрылымы негізгі және қосымша компоненттерді құрайды. Негізгі компоненттерге мыналар жатады: дидактикалық тапсырма, ойын әрекеттері, ойын ережелері, нәтиже және дидактикалық материал. Қосымша компоненттерге сюжет және рөлдер кіреді [8, 15 б.].

Аталған құралдардағы әр бір ойын арқылы балалардың сөздік қоры кеңейіп, байланыстырып сөйлеу қабілеті дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіреді. Құрастырылған ойындарда педагог үшін алға қойған мақсаттар, дидактикалық материалдар мен оқу ресурстары көрсетілген, ойын барысы сипатталған, шамамен сөздер, сөйлемдер, сөз тіркестері және ойын нұсқалары берілген. Мысалы: 4-5 жасар балаларға арналған «Ұқсас суретті тап» ойыны.

Мақсаты. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарын кеңейту. Тілдерін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Қажетті құралдар: шырша, жапырақ, доп, т.б. тақырыпқа сай суреттер.

Ойын барысы: Тәрбиешінің алдында бірнеше жұп суреттер болады. Олар: екі шырша, екі қайық, екі жапырақ т.с.с. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп, осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін түр-түсін сипаттап әңгімелеп береді.

Ойынның басқа нұсқасы. Өртүсті заттар. Тәрбиеші балаларға белгілі бір түсті атайды. Балалар сол түске сәйкес заттың атын, оның пішінін (келесі ойында) атап беруге тиісті. Шеңбердегі отырған балалар кезекпен жауап беріп отырады. Мысалы: қызыл алма, сары балапан.

Дамытушы ойындар ұйымдастырылған іс-әрекетті қызықты етеді, мотивациялық жоспар мәселесін шешіп, баланың алған машық, дағды, білім мүддесіне қызығушылық пайда болады. Педагогикалық үрдістегі дамытушы ойындарды пайдалану білім беру қызметін қайта құруына мүмкіндік береді:

– үлкендер мен өздері ұйымдастырған, балалардың бастапқы сабағынан таным ойын қызметіне ауысуына;

– ересектермен бірге ойында жақсы қарым-қатынастағы эмоциялар, қызық ойын тапсырмаларын орындауына, көрнекті, ойын құралдарын бейнелілікпен безендірілуіне;

– ереже бойынша ойындар балалардың да, ересектердің де, көңілін қалдырмайды және шығармашылық мүмкіндіктерге күш береді.

Ұсынылған материал педагогті ойынның жаңа нұсқаларын таңдауда, жаңа мәтіндер мен ұсыныстар жасауда, атрибуттарды таңдауда шектемейді. Балалардың алған білімдерін, дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, бекіту және жалпылау үшін ойынды сауатты пайдалану көбінесе тәрбиешінің шығармашылық қабілеті мен педагогикалық шеберлігіне байланысты болады. Егер ол мектеп жасына дейінгі балалардың жеке ерекшеліктерін ескерсе, қызығушылықты сақтай білуді және ойындарды мазмұны бойынша дұрыс топтастыруды білсе, онда ойын материалын бағдарламалық талаптарды орындау және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін шебер қолдана алады.

Режимдік сәттер барысында балалар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алатын, өздерінің қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдай алатын, балалардың шамадан тыс шаршамауына жол бермейтін еркін ойын әрекеттері болуы керек екенін есте ұстаған жөн.

Ойын барысында пайдаланатын дидактикалық материал мен оқу ресурстарын таңдауға тәрбиеші аса назар аударуы керек. Слайдтар, плакаттар, ойыншықтар мен тақырыптық суреттер қауіпсіз және эстетикалық көрініске ие болуы керек, 3-6 жас аралығындағы балалардың қабылдауы мен түсінуіне қол жетімді болуы тиіс. Айта кететін тағы бір жайт, бірқатар ойындарды барысын сәл жеңілдету немесе қиындату арқылы балабақшаның барлық топтарында қолдануға болады. Балалар өздерінің қабылдауына қол жетімді кез-келген ойын әрекетіне қуана жауап береді.

Ойын барысында тәрбиеші балалардың ұйымдастырылуына назар аударады, командалардағы және жұптардағы міндеттерді бөледі, әр ойынның соңында қорытындылайды. Педагог ойын ережелерін сақтауға, құрдастарының жауаптарын тыңдауға және толықтыруға, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, жалпы нәтижеге жетуге үйретеді. Сонымен, ойын әрекеттерін бірлесіп орындау ұжымды біріктіруге, топ ішінде қолайлы психологиялық климатты орнатуға, коммуникативті дағдыларды, танымдық процестерді дамытуға, балаларды жұпта, топта жұмыс істеуге баулиды. Мысалы: 4-5 жасар балаларға арналған «Қай жануар неге бейім?» ойыны.

Мақсаты. Балаларды жануарлардың табиғат аясындағы өмірге бейімделу ерекшеліктерімен таныстыру.

Қажетті құралдар: жануарлар суреті.

Ойын барысы: Балалар сурет бөлшектерінің қай жануарға тиесілі екенін анықтайды да, карточка бөлшектерін біріктіреді (бүркіттің тұмсығы, бүркіттің тырнақтары, құндыздың құйрығы, құндыздың тістері және т. б.). Суреттер бойынша балалар жануарлардың дене мүшелерінің қайсысы неге бейімделгенін айтады. Карточканың екінші жағынан балалар әр

жануардың толық екі бейнесін табады. Егер жұптар дұрыс құрастырылса, бейне сәйкес келеді.

Тәрбиеші барлық жануарларды көрсетіп, атайды және дене мүшелерінің қай бөлігі неге бейімделгенін, табиғатта тіршілік ету үшін неге көмегі тиетінін әңгімелейді. Ойынға қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Әр топ жануардың жарты бөлігінің суретін алады. Олар екінші бөлікті табуы тиіс. Оны тауып құрастырғаннан кейін ғана карточканың екінші бетіндегі жануардың толық бейнесіне қарауға болады.

Жинақтарда толеранттылықты дамытуға, патриоттық сезімдерді қалыптастыруға, ұлттық мәдениетке баулуға ықпал ететін қазақтың ұлттық ойындары мен әлем халықтарының ойындары кеңінен ұсынылған. Мысалы: 5-6 жасар балаларға арналған «Алақан соқпақ» ойыны.

Мақсаты. Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түсетерін, көлемін ажырата білуге баулу.

Қажетті құралдар: сүлгі.

Ойын барысы: Ойынға қатысушылар үйге, не бір оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бір бастаушы белгілейді. Оған сүлгі беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айналып жүріп, біреуге «Алақаныңды тос!» – дейді. Ол тосады. Сол кезде, бастаушы оның алақанына ширатылған сүлгіні тигізеді де, тез тартып алады: «Сүлгі қайда?» – деп сұрайды. Сонда әлгі ойыншы «Анада», – деп біреудің атын атайды.

Аты аталған ойыншы орнынан тұрады да, алақанын тосады. Бастаушы оның да алақанына сүлгіні тигізіп: «Сүлгі қайда?» – деп сұрайды. Әлгі ойыншы бір ауыз өлең айтады. Сонан соң: «Сүлгі анада» – деп, екінші біреуді көрсетеді. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып, ән салғандарға ұпай жазылады. Кім көп ұпай жинаса, сол жеңімпаз аталады.

Қорытынды. Осылайша, ойында баланың жеке қасиеттері қалыптасады, ойынның көмегімен ол қарым-қатынасты, өз қабілеттерін көрсете білуді үйренеді, сәттілікке ұмтыла бастайды, өз бетінше білім алады және шешім таба алады. Сонымен қатар, бала кезінде әртүрлі ойындар ойнаған бала өзіне сенімді, оның қиялы мен қызығушылығы және белгілі бір ережелерді ұстану қабілеті жақсы дамыған болып келеді.

Әдебиеттер

1. Казахбаева Г.И., Момбиева Г.А., Акимбаев А.А. Мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуына ойын іс-әрекетінің ықпалы //Педагогика және психология. – 2019, № 2(39). – 64-70 бб.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша.
4. Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістемесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Балаларды ерте дамыту институты, 2022. - 40 б.
2. Атыманова К.Ж., Каримова Ж.К. Дамытушы ойындар жинағы. 3-4 жас. – Шымкент: Shuǵylakitap, 2019.
3. Атыманова К.Ж., Каримова Ж.К. Дамытушы ойындар жинағы. 4-5 жас. – Шымкент: Shuǵylakitap, 2020.
4. Атыманова К.Ж., Каримова Ж.К. Дамытушы ойындар жинағы. 5-6 жас. – Шымкент: Shuǵylakitap, 2020.
5. Стыбаева А.Ш., Мадалиева С.Л. Игровой и развивающий материал. Сборник игр для детей 3-4 лет. - Шымкент: Shuǵylakitap, 2020, 90 с.
6. Стыбаева А.Ш., Мадалиева С.Л. Игровой и развивающий материал. Сборник игр для детей 4-5 лет. - Шымкент: Shuǵylakitap, 2020, 92 с.
7. Стыбаева А.Ш., Мадалиева С.Л. Игровой и развивающий материал. Сборник игр для детей 5-6 лет. - Шымкент: Shuǵylakitap, 2021, 92 с.
8. Давидчук А.Н. Дидактическая игра - средство развития дошкольников 3-7 лет. Методическое пособие - М.: Сфера, 2015. - 798 с.

КРЕАТИВТІЛІК СТУДЕНТТЕРДЕ СТРЕССТІ ЖЕҢУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Садыкова Н.М., Ленес Д.А.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада студенттердің шығармашылық ойлау арқылы стресті жеңу мәселесі қарастырылған. Студенттік шақта біз ата-анадан тәуелсіз өмірге тап боламыз. Мақала шығармашылық пен стресске төзімділіктің теориялық негіздерін, сондай-ақ олардың арасындағы байланысты зерттеуге арналған. Мақалада шығармашылықтың ерекшеліктері және стресске төзімділіктің мәні қарастырылады. Стресске төзімділікті арттыру факторы ретінде шығармашылықты дамытуға басты назар аударылады.

Кілт сөздер: креативтілік, стресс, студент, шығармашылық ойлау, шығармашылық, стресске төзімділік.

В статье рассматривается проблема преодоления студентами стресса посредством творческого мышления. Исследуются теоретические основы креативности и стрессоустойчивости, а также взаимосвязь между ними. Изучены особенности творчества и его влияние на уровень стрессоустойчивости. Основное внимание уделяется развитию креативности как фактору повышения стрессоустойчивости.

Ключевые слова: креативность, стресс, студент, творческое мышление, креативность, стрессоустойчивость.

through creative thinking. During the student period, we are faced with a life independent of parents. The article explores the theoretical foundations of creativity and stress resistance, as well as the relationship between them. The article discusses the features of creativity and the importance of stress resistance. The main attention is paid to the development of creativity as a factor in increasing stress resistance.

Keywords: creativity, stress, student, creative thinking, stress tolerance.

Қазіргі адамның өміріндегі қиын жағдайлардың саны айтарлықтай өсті. Әлеуметтік және экономикалық сілкіністер кезеңі, бұрынғы өмір салтының бұзылуы адамдардың өмірінде бұрын кездеспеген көптеген шешілмейтін мәселелердің туындауына себеп болды.

Студенттер әсіресе созылмалы стресске бейім. Студенттік өмірдегі күйзелістердің ішінде оқу алдындағы үрей мен қорқыныш, үлкен оқу жүктемесі, студенттік топтағы қарым-қатынастар және интимдік қарым-қатынастар ерекше атап өтіледі. Жоғары курс студенттері үшін стресс факторларына жұмысқа орналасу, одан әрі қаржылық тәуелсіздік перспективалары кіреді. Әрбір дерлік адам өмірдің мәнін бұзатын, оның субъективті түрде басынан өткерген қиын жағдайларға тап болады. Мұндай жағдайлар адамның қоршаған әлемді қабылдауың да, ондағы өз орнын қабылдауды да өзгертеді. Қазіргі заманда стресс жағдайлары жиі балаларда да, жасөспірімдерде де, ересектерде де кездеседі. Стресс сезіп көрмеген адам бұл өмірде жоқ деп айтсақта болады.

Стресті жеңудің факторы ретінде креативтілікті алсақ болады. Қазіргі уақытта шығармашылық мағынасының біртұтас және нақты анықталған анықтамасының жоқтығына байланысты шығармашылықтың көптеген тәсілдері, бағыттары мен теориялары бар. Шығармашылық стереотиптік ойлауға толық қарама-қарсылық ретінде қарастырылады, ол қарапайым идеялар мен нәрселерге қызықсыз, таныс көзқарастан алшақтатады және түпнұсқа шешімдерді тудырады.

Қазіргі психологияда шығармашылық мәселесін зерттеуге шетелдік және ресейлік зерттеушілердің еңбектері арналған: Д.Гилфорд, Э.П. Торренс, С.А. Медник, Р.Дильтс, К.Роджерс, В.Н. Дружинин, В.С. Юркевич, А.М. Матюшкина, Я.А. Пономарев, А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Богоявленская, Т.А. Барышева, Л.С. Выготский, Б.М. Теплов, П.Эдвардс және т.б [1].

Шығармашылық іс-әрекет, Л.С.Выготский бойынша, қиялмен байланысы бар. Қиялдың шығармашылық іс-әрекетінің тиімділігі субъектінің бұрынғы тәжірибесінің байлығы мен алуан түрлілігімен анықталады. Бұл шығармашылықтың әртүрлі вариациядағы көрінісін анықтайтын адамға әлеуметтік ортаға әсер ететін факторлардың өте маңызды екенін білдіреді. Выготский адамның қиялы әлеуметтік тәжірибеге байланысты деп есептейді.

Креативтіліктің қазіргі зерттеушілері Т. Барышева мен Ю. Жигалова жүйелі білім ретінде шығармашылық құрылымының моделін жасады, ол жеті симптомдық кешендерді қамтиды: мотивациялық, эмоционалдық, интеллектуалдық, эстетикалық, экзистенциалды, коммуникативті, құзыретті. Олар шығармашылықты адам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістерде көрінетін анықтаушы ретінде анықтайды. Мысалы, белсенділікте, қарым-қатынаста, ойлауда, өзін-өзі тануда т.б. Авторлардың пікірінше, шығармашылық процесс және нәтиже ретінде әрекет етеді [2].

В.Н. Дружинин шығармашылықты адам әрекетіндегі өнімді қайта құруларға ықпал ететін психиканың интегративті сапасы ретінде анықтайды. Шығармашылық ситуациялық сипатқа ие, оның дамуына сыртқы орта ықпал ету керек дейді.

Н. Марш, Ф. Верной, С. Берт интеллект аспектілерінің бірі ретінде шығармашылықты, Д.Б. Богоявленская интеллектуалдық белсенділік туралы айтады. А. Маслоу бұл терминді жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы деп түсінеді. Т.В. Корнилова креативтілікті шығармашылық ойлаудың құрамдас бөлігі деп санайды (Корнилова, 2010). Н.Ф. Вишнякова: «Шығармашылық - бұл жеке тұлғаның жеке және интеллектуалдық қабілеттерінің синтезі, ол проблемаларды өз бетінше көрсетуге, типтік емес идеялардың үлкен көлемін құруға және насихаттауға және өзгеше шешуге ықпал етеді».

Студенттерге креативтілік қабілеті өте қажет. Ол стрестті жеңуге, оны оңай өтуге және стресске бейімділікті арттыру үшін өте қажет қасиет.

Дәстүрлі білім беру жүйесі ақпаратты есте сақтау мен фактілерді жинақтауға негізделгендіктен жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыта бермейді. Көбінесе күнделікті өмірде жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерінің төмендеуі байқалады. Сондықтан шығармашылықты дамыту тек арнайы ұйымдастырылған ортада ғана мүмкін болады, оқу процесіне шығармашылық ойлауды, шығармашылықты дамытуға және болашақта шығармашылық қабілеттерді пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы тапсырмаларды енгізу қажет.

Әр студенттің шығармашылық қабілетінің дамуы индивидуалды болып келеді. Бастапқыда шығармашылыққа бейімділік әр адамға тән деп саналады. Бірақ ол өскен, білім алған, тәрбиеленген ортаның әсері, көптеген тыйымдардың, әлеуметтік заңдылықтардың болуы шығармашылық қабілеттердің тежелуіне ықпал етеді. Сондықтан, әркімге шығармашылықты дамытуға оң серпін беру керек, адамды психологиялық «қысқыштардан» «босату» керек.

Шығармашылық тұлғалық қасиет ретінде төзімділік құрылымында адамның психикалық денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін ресурс, өміршеңдік қоры болып табылады. Ол қоршаған ортаның әсеріне қарсы тұруға, айналадағы шындыққа шығармашылық көзқарасқа және жасалған күш-жігердің саналылығы мен мақсаттылығына ықпал етеді.

Шығармашылық ойлауды дамыту - бұл ақыл-ой операцияларын қалыптастыру және жетілдіру: талдау, синтез, салыстыру және жалпылау, жіктеу, жоспарлау, абстракциялау және ойлаудың сыншылық, терендік, икемділік, кеңдік, жылдамдық, өзгермелілік, сондай-ақ ойлау ерекшеліктерін меңгеру, қиялын дамыту және әртүрлі мазмұндағы білімдерді меңгерумен сипатталады.

Ойлаудың жылдамдығын, икемділігін, өзіндік ерекшелігі мен дәлдігін дамытуға мүмкіндік беретін арнайы тапсырмаларды таңдаумен қатар, мұғалім шығармашылық белсенділікті ынталандыру және дамыту үшін бірқатар дәлелденген жалпы әдістерді қолдана алады:

- 1) қолайлы атмосфераны қамтамасыз ету;
- 2) білім беру ортасын алуан түрлі жаңа объектілермен байыту;
- 3) студенттің танымдық белсенділігін ынталандыру;
- 4) «мұғалім – студент» өзара әрекетінің шығармашылық сипаты, шығармашылық мінез-құлыққа еліктеу үшін жағдай жасау.

Сондай-ақ университет немесе мектеп мұғалімі өз арсеналына арнайы шығармашылық технологияларды енгізуі қажет.

Шығармашылық технологиялар – адам өмірінің барлық салаларында оперативті, тактикалық және стратегиялық мақсаттар контекстіндегі психикалық әрекеттің саналы, мақсатты, бақыланатын және тиімді процесі ретінде шығармашылық әрекетті дамытуға ықпал ететін әдістер жүйесі, оның ықтимал болжамы шығармашылық өнім болып табылады [4, б. 146].

Креативтілігі жоғары студенттер стрессті шешудің тиімді, әрі оңай жолдарын іздейді. Олар ешқандай шекараны қабылдамайды, яғни оларда шектеу жоқ. Шығармашылықты дамыту үшін ерекше психологиялық көзқарас қажет. Егер адам өзін сәтсіз деп санаса, ол жаңа идеялардың генераторы бола алмайды. Қорқыныш, күмән және теріс санадан тыс көзқарастар шығармашылықты басады. Кейбіреулер үшін бұл ақымақ болып көрінуден қорқу, басқалары үшін бұл өзіне күмәндану немесе сыннан қорқу. Мұндай ойлардың ең көп тараған көзі - біздің сеніміміз, олардың көпшілігі балалық шақта қалыптасады. Солардың кесірінен біз кез келген оқиғаны теріс мағынада түсіндіре бастаймыз.

Шығармашылық-құнды білім беру технологиялары кәсіптік білім берудің бастапқы және негізгі жағдайын өзгерту тәсілі болып табылады, өйткені оқыту мәселесіне шығармашылық көзқарас дайын дидактикалық тапсырмаларды шешуді емес, идеяларды және жобаларды тудыру, шығармашылықпен тұжырымдау және дамытуды қамтиды.

Оқу-тәрбие процесінде шығармашылықты дамыту студент пен мұғалімнің серіктестігімен мүмкін болады. Студент жобаны құрастыру негізінде өзіне қажетті ақпаратты таңдауға, оның қажеттілігін анықтауға құқылы. Бұл жағдайда мұғалім оған тек көмектесуі керек. Шығармашылық оқыту технологиясымен дәстүрлі түсінікті білім берудің негізгі шарты – игерілетін дайын, жүйеленген білімнің болуы.

Осылайша, студенттердегі стрессті жеңуге немесе оны қолға алуға креативтіліктің рөлі зор екенін түсіндік. Креативтілік күнделікті өмірдегі стрессті ғана емес, қарым-қатынастағы, жеке өмірдегі, жұмыстағы немесе оқу процессіндегі стрессті шешуге көмектеседі. Стресс кезіндегі жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті – бұл мүмкіндік, өмірлік маңызды қайнар түрі, өз әлеуетін жүзеге асыру құралы, өмірлік мәселелерді шешуге, мақсатқа жетуге көмектесетін әрекеттердің ресурсы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Мороз, В. В. Развитие креативности студентов : монография / В. В. Мороз. – Оренбург : ОГУ, 2011. – 183 с.
2. Вяткина,, И.В. Основные направления формирования творческой компетентности студентов в современном техническом вузе / И.В.Вяткина // Вестник казан. технол. ун-та, – 2008 – No 1. – С. 170 – 174.
3. Тырина, Л. Д., & Редина, Е. А. (2021). КРЕАТИВНОСТЬ КАК ФАКТОР СОВЛАДАНИЯ СО СТРЕССОМ. International Journal of Medicine and Psychology, 4(2), 88-91.
4. Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одаренности; 2009
5. Бегалиева С. Б. О креативности как об устойчивой характеристике личности. Педагогические науки No1, 2015

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ КӨМЕКШІ ЖОЛДАР

Асылхан А.Б., Тоқсанбаева Н.Қ.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада біз кәсіби түрде өзімізді тануға жоспар құруды және соңында саналы түрде мамандық таңдаудың нұсқаларын талдаймыз.

Кілт сөздер: мамандық, жасөспірімдер, мотив, мақсат, міндет.

В статье разобраны варианты составления плана профессионального самоопределения и грамотного выбора профессии.

Ключевые слова: профессия, подростки, мотив, цель, задачи.

In this article, we will analyze the options for drawing up a plan for professional self-determination and a competent choice of profession.

Keywords: profession, teenagers, motive, goal, tasks.

Мамандық таңдау- адам өміріндегі ең маңызды таңдаулардың бірі. Себебі бұл таңдау адамның ересек өмірінің көрінісін береді. Мамандық таңдауда адамның миына түрлі сұрақтар келеді. Мысалы, «Болашақта ләззат ала алатындай және жалақысы жоғары болатындай қандай мамандықты таңдауға болады?» «Болашақта сұранысқа ие болатын адам болу үшін қандай мамандықты таңдауға болады?» деген сияқты сұрақтар пайда болады. Бұл сұрақтарға жауап беру жасөспірім үшін өте қиын, себебі ол әлі кәсіптік саламен таныс емес және жұмыс істеп көрген емес. Адамдардың көбісі осы жасөспірімдік шақта жасалған таңдау арқылы жолын жалғастырады, тек шамалы бөлігі ғана ересек бола тұрып саласын өзгертуі мүмкін. Ересек шақта саланы ауыстыру жасөспірімдік шаққа қарағанда әлдеқайда қиын.

Мамандық таңдау психологиялық тұрғыдан екі жақты көрініс береді: бір жағынан кім таңдап тұрғаны (таңдау субъекті), екінші жағынан не таңдап тұрғаны (таңдау объектісі). Бұл жалғасуы сыртқы факторлардан және таңдау субъектісінің жеке қасиеттерінің ерекшелігіне тәуелді, бірнеше сатыдан тұратын процесс.

Мамандық таңдауға өмірінің шешуші сәттері ретінде қарау да, таңдау субъектісі үшін беленді болуға және оның өмірге деген талпынысын күшейтуге көмектеседі.

Бір мамандықтар адамнан күшті жіне икемділікті, ал екіншілері ақыл мен ұқыптылықты, үшіншілері ашықтық пен сабырлықты талап етеді. Бұл үлкен мамандықтар әлемін тану үшін оларды мамандар түрлі типтер мен класстарға бөлген болатын.

Еңбек пәні бойынша Е.А.Климов 5 түрлі кәсіби әрекетті бөліп көрсетеді.

Бірінші кәсіби әрекет түріне адамдарды жатқызады. Сол себепті оған «адам-адам» деген атау берген. Бұл мамандық жұмысшысына деген талаптар өте көп. Ол кәсіби қарым-қатынасты құра алуы және қолдай алуы керек, адамдардың хәлін түсіне алу керек, басқа адамдарға әсер ете алуы керек, жылышырайлылық пен сабырлық және шыдамдылық таныта алуы керек.

Екінші түрі, «техник-адам». Бұл мамандықтар, монтаж жасаумен және техникалық құрылғыларды жинау, жөндеумен байланысты. Бұл мамандық түрі адамнан сырттай бейнені көре алу қабілетін, кеңістіктік елестете алуды, жақсы қозғалғыш қабілеттерді және икемділікті талап етеді.

Үшінші түрі, «адам-белгі жүйесі» - бұл түрлі тексттер, сандар, формулалар, кестелер, карталар, схемалармен байланысты мамандықтарды қамтиды. Бұл түрдегі мамандықтар, адамнан тұрақтылықты, шет ойлануды, ұзақ және берік назарды талап етеді.

Төртінші түрі – «адам өнер бейнесі» - бұл мамандықтар өнер туындыларын құрумен, моделдеумен, қосумен, эскиз бойынша түрлі бұйымдарды дайындаумен байланысты. Бұл түр адамнан шығармашылық талғамды, жоғары эстетикалық сезімді, бай әрі жарық елестетуді талап етеді.

Соңғы түрі, «табиғат-адам», бұл тірі және тірі емес табиғатты зерттеумен, жануарлар мен өсімдіктерге деген қамқорлықпен, оларды емдеумен байланысты мамандықтарға жатады. Бұл мамандықтар тобы адамнан жақсы байқампаздықты, нәтиженің белгісіздігін біле тұра әрекет ете алу қабілетін, жағдайға байланысты мақсаттарды ауыстыра алуды, жайлылықтың тапшылығына деген төзімділікті талап етеді [1].

Мамандық таңдау жайында Е.А. Климов кәсіби таңдауды анықтайтын сегіз негізгі фактордарды бөліп көрсетеді:

1. Үйдің үлкендерінің позициясы;
2. Қатарластарының позициясы;
3. Педагогикалық коллектив позициясы;

4. Жеке кәсіби және өмірлік жоспары;
5. Қабілеттері және оларды көрсете алуы;
6. Қоршаған ортаның мойындауын күту;
7. Белгілі бір сала жайында хабардар болу;
8. Бейімділік.

Көптеген мотивтер арасында дұрыс жолды таба алу үшін, оларды ішкі және сыртқы деп бөліп қарастырсақ болады. Көптеген авторлардың зерттеулері бойынша, ең эффективтісі деп, еңбекпен және нәтижемен қанағаттану ішкі мотивінің оң сыртқы мотивациямен бірігуі болып табылады [2].

Мектеп оқушысы, студент немесе ересек адам үшін болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға профориентация көмектеседі.

Профориентация деген не?

Профориентация бұл- адамдарға мамандық таңдауда бағдар беретін түрлі әдістердің кешені. Ол тек тесттермен шектелмейді. Кәсіптік бағдар беру кешені кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға көмектесетін бірнеше қадамдарды қамтиды.

Мамандық таңдаудың алтын ережелері:

1. Мамандық таңдау уақытты талап етеді.
2. Тәуелсіз және саналы шешім көбінесе кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа әкеледі.

3. Жұмысымен адамдарға пайдасын тигізетін мамандық өкілдері бақыттырақ.

Мамандықты қалай таңдауға болады? Кәсіптік бағдар берудің 3 негізгі кезеңі:

1. Өзіңді тану. Бірінші кезеңде сіз өзіңіздің қызығушылықтарыңыз бен мүмкіндіктеріңізді түсінуіңіз керек. Ол үшін кәсіптік бағдар беру бойынша тестілеуден өтіп, психологтан (кәсіби ориентолог) кеңес алуға болады. Мамандық таңдаудағы дәлелді сынақтар адамның жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін объективті бағалауға және қазіргі еңбек нарығындағы мыңдаған мамандықтармен сәйкестендіруге көмектеседі. Психолог-кәсіби кеңесші олардың ең маңыздысын анықтауға көмектеседі және білім алу үшін қолайлы, колледж, университеттерді немесе курстарды ұсынады.

2. Мамандықтар мен білім туралы біліңіз. Мамандықтардың жалпы тізімі қалыптасқан екінші кезеңде кәсіп пен мамандандырылған білім туралы бәрін білу қажет. Ол үшін интернеттегі тізімнен әрбір мамандық туралы ақпаратты тауып, таңдаған салада жұмыс істейтін мамандар туралы бейнероликті көріп, мүмкіндігінше мамандық өкілдерімен жеке сөйлесу керек. Университеттер мен колледждер туралы ақпаратты интернеттен де алуға болады, бірақ ең жақсысы өзіңізге ұнайтын университеттердің білім көрмелері мен ашық есік күндеріне бару.

3. Бағыңызды кәсіпте сынап көріңіз. Зерттеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін тізімдегі мамандықтардың саны қысқарып, соңында бір-екі ең ұнамды мамандықтар қалады. Үшінші және ең қиын кезеңде мамандықтарды тәжірибеде сынап көру ұсынылады. Ол үшін мамандандырылған компанияны тауып, жұмысқа орналасу немесе тағылымдамадан өту қажет. Бұл жасөспірімдер үшін қиын болуы мүмкін. Егер бұл нұсқа болмаса, қарапайым қолайлы түрлерін өтуге болады: профлагерьге саяхат, мамандандырылған тренингтер, ішкі «ас үйді» елестету және өз мамандығыңызды сынап көру үшін таңдалған компанияларға экскурсиялар [3].

Профориентация, таңдауды саналы ғана емес, объективті түрде де жасауға көмектеседі. Жасөспірім немесе ересек адам барлық 3 кезеңнен өткеннен кейін мамандықтарға бейімділігін нақты анықтап, кәсіби даму бағытын таңдай алады.

Сіздің міндетіңіз мамандық таңдауда:

- Сіз үшін қызықты әрі ұнайтын;
- Сіздің қабілеттеріңізге сай келетін;
- Еңбек нарығында сұранысқа ие;

Өзбетінше жұмысқа бейімдеу – оқушыны өзін-өзі дамытатын белсенді тұлға ретінде өзін тануға, өзбетінше дамуға, өзін бақылап бағалауға қабілетті, мұғаліммен тең диалогтық қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға ретінде қалыптастырушы фактор.

Оқушыларды өзбетінше жұмысқа бейімдеу тиімді болу үшін мынадай шарттар керек:

- өзбетінше жұмыстың мәні мен қызметтері нақтыланып ашылуы;

- өзбетінше жұмысқа бейімдеуге арналған арнайы дидактикалық жүйенің жасалынуы;

- тиімді қызмет ететін және дамытуға қабілетті арнайы жүйе анықталып, тәжірибелік сынақтан өтілуі.

Өзбетінше жұмыстың түпкі мақсаты – оқушының оқу-когнитивтік тапсырмаларды өз бетінше орындауы арқылы өзінің оқу үрдісін жетілдіруі.


Өзбетінше жұмыс блогына мына компоненттер жатады:

- өзбетінше әрекет;
- өзбетінше басқару;
- өзбетінше бағалау.

Өзбетінше әрекет блогының мақсатына – өзбетінше жұмысқа бейімдеуді жүзеге асыратын әрекет қимылдарды оқушының өзінің таңдап алуы, оларды алдын-ала жоспарлауы жатады. Өзбетінше әрекет білім беру үрдісінің барлық кезеңдерін қамтуы тиіс, оның мақсатын айқындаудағы мұғалімнің миссиясы оқушының оқыту үрдісіндегі өзінің ролін мойындауына қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету [6].

Айталық, өзбетінше бақылау әрекеттері жүйесі десек, өзбетінше әрекет оның бір бөлігі ретінде бірнеше қимылдардан тұрады: өзбетінше білім алуды жоспарлау, алған білімін жүйелеу, қорытындылау және түзетіп отыру, білімін реттеу, түзету, өзінің когнитивтік әрекетін біліміне сай жоспарлау жатады. Аталған компоненттер өзара тығыз байланысты біртұтас жүйені құрайды.

Өзбетінше бағалау толыққанды үрдіс ретінде белгілі бір мақсатта оқушының өзбетінше басқаруы және өзбетінше әрекеті аясында іске асады. Өзбетінше әрекетті ұйымдастыруға арқау боларлық когнитивтік тапсырмаларды дидактикалық құрал ретінде қарастырылады. Оны 1-суреттен көруге болады.



1-сурет. Өзбетінше бақылау әрекетінің мазмұндық жүйесі

Осы айтылғандарды қорытындылай келіп, аталған әрбір қимылдың өзбетінше мазмұны – оқушыда бұрыннан бар білім мен дағдылар негізінде қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын нақты қимылдар жиынтықтарынан тұратындығын атап өткен жөн. Әрбір қимыл дамып қалыптасудың белгілі бір кезеңінде ғана болып, тек өзіне ғана тән рөлді атқарады. Өзбетінше әрекет когнитивтік белсенділікке жатады. Өзбетінше әрекет арқылы жүзеге асырылатын когнитивтік белсенділіктің түпкі мақсаты – тұлғаны қалыптастыру. Өзбетінше жұмысқа бейімделу өзбетінше когнитивтік белсенділікті қажетсінуді тудырады. Оның белгілеріне: білімді қажетсіну, білімді ғана емес оны игеру жолын тереңірек меңгеруге құштарлық, оқу материалына сын көзбен қарау, бір мәселе бойынша өз көзқарасының болуы, өз бетінше ойлау, өзінің тіршілік әрекеті және ары қарай білімін көтеру үшін жаңа білім алуға ұмтылуы жатады.

Өзбетінше жұмысқа бейімдеу негізінен оқушы тұлғасы арқылы жүзеге асырылып, оған бейімделу мұғалімнің қатысуымен жүретін үрдіс. Өзбетінше жұмысқа бейімдеу жүйесі толығымен субъектінің өзбетінше байланысты өзгерістерді байқауына мүмкіндік береді. Өзбетінше жұмыс және оның құрамдас бөлігінің біріне жататын өзбетінше басқару, тұтас бір дидактикалық жүйені құрайды. Осы тұрғыдан, өзбетінше басқару мен өзбетінше бақылау ұғымдарын ішкі үрдістері жағынан қарастыру оқушының оқу-когнитивтік белсенділігінің көкейкесті күйін талдауға, оның дамуын болжауға мүмкіндік береді. Енді осы мәселені теориялық түрде негіздейік. Бұл тұрғыдан бірінші ретте оқушының өзінің оқу-когнитивтік белсенділігін ұғынуы, оны реттеу және жетілдіруімен көрінетін өзбетінше бақылау негізделеді және оған өз тұлғасының дамуы жағдайында өзбетінше жұмысқа бейімделуге алғашқы сатысына баса назар аудару қажет. Өзбетінше бақылауға бейімдеудің алғашқы кезеңдерінде өзбетінше басқару әрекеті жеткілікті болмайды. Өзбетінше бақылауға бейімдеу мақсатын жүзеге асыратын өзбетінше басқару оқушылардың теориялық білімді терең игеруге, оның көмегімен өз білімін тұрақты түрде толықтырып және жаңартып отыруды қажетсінуді әдетке айналдыруды және ойлау әрекетін дамытып, өзбетінше бақылауға бейімдеудің тиімді әдіс-тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді. Оқушыны өзбетінше бақылауға бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты – баланың өзбетінше еркінің дамуына педагогтың кәсіби көмегі қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
2. Әбілқасымова А. Қазіргі заман сабақ. – Алматы, 2010.
3. Лозовая В.И. Познавательная активность учеников. – Харьков: Основа, 1990. - 89с.
4. Қожахметова К.Ж., Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.Қ. Педагогика тарихы. – Алматы, 2009.
5. Жұмасова Қ. Психология. – Алматы, 2006.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН РӨЛІ

Сыдықов М.Е., Жұман Б.Б., Алтыбай А.С., Мұрат А.С.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

Бұл мақалада мектеп оқушыларының жеке және танымдық қасиеттерін зерттеуде педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысының рөлі мен бағыттары қарастырылады.

Кілттік сөздер: қарым-қатынас, танымдық қасиет, педагог-психолог

В статье рассматривается роль и направления совместной работы педагога-психолога с классным руководителем в изучении личностных и познавательных качеств школьников.

Ключевые слова: общение, когнитивные качества, педагог-психолог.

This article discusses the role and directions of joint work of the teacher-psychologist with the class leader in studying the personal and cognitive qualities of schoolchildren.

Key words: communication, cognitive quality, teacher-psychologist

Бастауыш сыныптарда оқушылардың тұлғалық және танымдық қасиеттерін қалыптастыру – мектептегі тәрбие мазмұнын ұйымдастырудағы аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Осыған орай, бастауыш сынып кезеңінде оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттері, дүниеге деген көзқарасы, сенімі, талғамы, жауапкершілік және моральдық сезімдері, өзара қарым-қатынас үйлесімділігі, болашақ өмірге деген бағыт-бағдары дами бастады. Сондықтан, барлық уақытта мектеп өмірінде педагог-психологтар, сынып жетекшілері оқушыларды тұлға ретінде тәрбиелеу және қалыптастыру туралы ой-пікірлерді оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдаланып, ұдайы дамытуды қажет етеді.

Бастауыш сыныптарда педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысының негізгі мақсаты – оқушыларды қоғамның белсенді және саналы құрылысшылары етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау, сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуының, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан, оның жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының барлығы осы мақсатқа бағытталуы тиіс. Атап айтқанда, тәрбиенің негізгі салалары – ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық еңбек және дене тәрбиесін, елжандылық және т.б. тәрбие міндеттерін мектеп пен сыныптың нақтылы өмір жағдайларына байланысты қарастыруы тиіс[1].

Күнделікті қызметінде педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысының идеялық-адамгершілік ағарту ісін мектеп оқушылары қызметінің алуан түрімен олардың оқуын, еңбегін, қоғамдық-саяси жұмыстарын, дене тәрбиесі және спортпен айналысуын ұйымдастыруымен бос уақыты мен демалысын пайдалы өткізуі мен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Міне, осының бәрі – тәрбие үрдісінің үздіксіздігін, оны ұйымдастырудың алуан түрінің бірлігін, оқу және сабақтан тыс қызметінің өзара байланысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысы арқылы оқушыларға ықпал етуі:

Біріншіден, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Осыған орай, тәрбие – мұғалімнің мақсатты, күрделі, әрі жоспарлы үрдісі болып табылады. Тәрбие – ұзақ, әрі күрделі үрдіс. Жеке адамның қалыптасуы бүтіндей бір ұзақ дәуірді қажет етеді. Адам

баласы туғаннан бастап, есейіп ержеткенге дейін тәрбиенің ықпалында болса, кейінгі уақытта ол өзін-өзі тәрбиелеу үрдісімен жалғасып отырады.

Екіншіден, тәрбиелеу барысында қойылған мақсаттың нәтижесін көбінесе жуық арада байқауға болмайды. Өйткені, әрбір жеке тұлғаның мінез құлқында дара ерекшеліктері, қабілеттері, дүниетанымы бірыңғай қалыптасып дамымайды. Оған ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлардың да әсері мол [2].

Педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысы – қоғам мен бала арасындағы адамзат жинақтаған мәдениетті игеру, әрқилы тәрбиелік мәні бар шаралар арқылы сынып ұжымын ұйымдастырушы; әрбір оқушының өзін-өзі ашып көрсете білуіне және әрбір оқушының даралығын, қайталанбас қасиеттерін сақтай, дамыта отырып, оның әлеуетті мүмкіндіктерін ашуына жағдай жасаушы, балалық мүдделерін қорғаушы.

Педагог-психологтың сынып жетекшісімен бірлескен жұмысы – жоғары адамгершілікті, мәдениетті болуы, оқушыларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарай білуі, олардың болашағына шын жанашырлық танытуы, шығармашылық мақсаттылық, қайырымдылық және төзімділік – міне, тәрбиенің негізі осылар.

Сынып жетекшісі – мектептегі оқу-тәрбие жұмысын тікелей және негізгі ұйымдастырушы, сыныптағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін директор тағайындаған ресми тұлға.

Сынып жетекшісі және педагог-психологтың функциялары:

- тұтас тәрбие үрдісінің барысын, әрбір тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде дамуын, оның адамгершілік сапаларының қалыптасуына бақылау жасайды;

- балаға әсер ететін әсерлер сипатына талдау жасайды;

- әрбір тәрбиеленушінің және тұтас ұжымның оқу барысын, оқушының өзін-өзі көрсете білуін және өзін-өзі дамытуын, ұжымның қалыптасуын үйлестіреді;

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамытылуын, тәрбие үрдісінің басқа да қатысушыларымен қарым-қатынасын үйлестіреді.

- оқушының отбасымен, пән мұғалімдерімен, психолог педагогпен, кітапханашымен, медицина қызметкерімен де ынтымақтастық жұмысы [3].

Сынып жетекшісі мен педагог-психолог – оқушылардың түрлі жас деңгейінде дамуының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, бала ағзасының физиологиялық ауытқу белгілерін білуі, олардың денсаулығындағы ауытқу себептерін түсінуі тиіс.

Сынып жетекшісі мен педагог-психолог мектеп дәрігерімен және ата-аналармен бірге оқушыларды тамақтандыру, шынықтыру, физикалық және тыныс алу жаттығуларының жеке бағдарламасын құрастыруға көмектеседі, оған жұмыс жасау мен демалудың, ұйықтайтын уақытының жеке кестесін дайындауға көмектеседі; оқушыға өз тұрмыс кестесін жасауға көмектеседі.

Екінші бағыт – «Қарым-қатынас» бағыты. Бұл бағыттың мәні – бала тұлғасын дамытуға, ең алдымен көпшілікке таныс құндылықтар қалыптастыруға бағытталған этикалық тәрбиесіне барынша көңіл бөлу ескерілген ықпал.

Сынып жетекшісі мен педагог-психолог педагогикалық қарым-қатынастың маңыздылығын арттырады:

- «оқытушы – оқушы», «оқушы – оқушы», «оқытушы – оқушы – ата-ана» жүйелері жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында эмпатия көрсету біліктілігіне, қарым-қатынаста жақсы көңіл-күй ахуалын қалыптастыруға, өзара қарым-қатынаста талдамалы және рефлексивтік біліктілікке үйрету;

- өзара қарым-қатынас мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру және ағартушылық жұмыстар ұйымдастыру;

- қарым-қатынас тренингтерін, кездесулер, пікірталастар, қарым-қатынас сағаттарын пайдалана отырып, оқушылар мен ата-аналарды белсенді қарым-қатынас түрлеріне үйрету;

- әрбір оқушының ұжымдағы орнын және оның қарым-қатынас жасаудағы мәселелерін зерделеу;

- диагностика материалдары негізінде проблема бойынша түзету жұмыстарын ұйымдастыру және т.б. жұмыстарды жүргізеді [4].

Үшінші бағыт – «Адамгершілік» бағыты. Бұл бағытта – оқушылардың өз дене дамуының сапалары туралы білімді, қатынас жасау біліктілігін дамыта отырып, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге зор назар аудару қажет.

Сынып жетекшісі мен педагог-психологосы бағытта жұмыс жасай отырып, оқушылардың тұлғалық қасиетінің қалыптасуына ықпалын тигізеді:

- шынайы өмірлік жағдайлардан алынған адамгершілік тәрбиелеріне сәйкес білу, түсіну және әрекет ету тілегін дамыту;

- басқа адамдардың ұқсас жағдайларда аман қалған мысалдарын келтіре отырып, төтенше жағдайларда күресу және аман қалу біліктілігін тәрбиелеуі;

- оқушының өзіне деген қызығушылығын, өзін өзі жетілдіру тілегін тәрбиелеуі;

- өз халқының, өз отбасының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына оң көзқарас қалыптастыру, айтылғанды тыңдау, көру, түсіну және жауап қайтару, өзі туралы қорытынды жасау біліктілігін қалыптастыруы тиіс.

Төртінші бағыт – «Оқу» бағыты. Бұл бағыт – оқушылардың зияткерлік біліктіліктерін дамытудағы сынып жетекшісі жұмысындағы өте маңызды бағыт болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырғанда бірқатар жағдайлар анықталады:

- жалпы сыныптың оқу ерекшеліктерін зерделеу және әрбір оқушының оқу мүмкіндіктерін алдағы уақытта түзету үшін анықтау;

- педагогтармен бірлесе отырып, оқушылармен сабақ барысында және сабақтан тыс жүргізілетін жеке жұмыстың әдістерін, тәсілдерін және түрлерін анықтау;

- сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда зерделеу нәтижесін пайдалану;

- отбасымен бірлесе отырып, оқушының оқудағы біліктіліктерін, оның танымдық белсенділігін, болашағы мен кәсіптік анықталуын дамытудағы бірыңғай тәсілін дайындау;

- оқушының өз зияткерлігін дамытуына оң қарым-қатынас қалыптастыру қажет.

Сынып жетекшісі мен педагог-психолог– оқушылардың танымдық қызығушылықтары, қабілеттері, ойлау ерекшеліктері, ес, зейін, ерік, оқудағы қиындықтарын анықтауға бағытталған тесттер жүргізген тиімді. Сынып жетекшісі мен педагог-психологосымен жеке әңгімелесуде, оны сабақта және сабақтан тыс уақытта бақылау арқылы оқушы үлгерімінің төмендеу немесе жоғарылау себептерін анықтайды; оған ата-анасы, жолдастары, оқытушылар сабақ оқуға қалай көмектесетінін, оқушы үй тапсырмасын өз бетімен орындайтынын, болмаса оны сабақ оқуға мәжбүрлейтінін, мұғалімге қандай көмек қажет екенін, үйдегі немесе сабақтағы табысты оқу қалайша ынталандырылатынын анықтайды.

Бесінші бағыт – «Бос уақыт» бағыты. Бұл бағыт – сынып жетекшісі жұмысының маңызды құрамдас бөлігі оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру болып табылады. Бұл – демалыс, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту және адамдармен еркін қарым-қатынас жасау уақыты. Сынып жетекшісі мен педагог-психологосымен сабақтан тыс уақыттағы оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін анықтау; оқушылар үйірме, секция және т.б. таңдағанда оларға кеңес беру және түсіндіру; оқушылардың жеке өзінің және басқа адамдардың жетістіктері мен табыстарына қуану біліктілігіне және т.б. назар аударуы қажет [5].

Жоғарыда аталған ғалым педагог-психологтардың зерттеулеріне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық және танымдық қасиеттері – оқушының бойындағы барлық ұнамды қылықтар мен қасиеттердің жиынтығы болып табылатынын байқауға болады. Ол оқушының ойы, көзқарасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы арқылы көрініс табады.

Әдебиеттер

1. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. А.В.Петровскийдің редакциялығымен. Алматы, 1987. 68-90б.
2. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы, 2005. 126-132 б.

3. Қожахметова К. Сынып жетекшісі. – Алматы, 2005.
4. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – А., 2004.
5. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – А., 2001.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫ КӨЗҚАРАСТАРЫН ДАМУ

*Усипбекова А.С., Амангелді Г.М., Манабаева С.С., Зұлпыхан Ж.Ж.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада рухани жаңғыру жағдайында отбасылық әдет-ғұрыптар арқылы жастардың құндылық мәдениеттерін дамыту мәселелері қарастырылады.

Кілттік сөздер: әдет-ғұрып, қарым-қатынас, құндылық.

В статье рассматриваются вопросы развития ценностной культуры молодежи через семейные обычаи в условиях духовной модернизации.

Ключевые слова: обычай, отношение, ценность.

This article deals with the development of the value cultures of young people through family customs in conditions of spiritual modernization.

Key words: custom, relationship, value.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қаншалықты дұрыс айтылған: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» [1]. Міне осы бағытта заманауи жастарымыз ұлттық құндылықтарымызды сақтап, жаңа дәуірдегі заманауи құндылықтарға бейімделіп отбасы құндылықтары мен әдеп-ғұрыптарын жоғалтып аламауы тиіс. Оның негізі – сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан қалыптасқан, осының негізінде тарих аласапыранында біздің халқымыздың жойылып кетпей, өзінің қалпын сақтап, тәуелсіздігі мен мемлекеттігін алуға ықпалын тигізген ұлттық құндылықтар мен мәдениетті сақтауға итермеледі.

«Рухани жаңғыру» контекстінде отбасы тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі – отбасы құндылықтары мен әдеп-ғұрыптарын сақтап қалу, жастардың бойына сіңіру. Міне осы құндылықтарды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнында қарастырып көрейік.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деп бастады өз сөзін 12 сәуір 2017 жылышыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында.

Отбасындағы прагматизмді әдеп-ғұрыптарымен байластырып көрейік. Бірінші ретте, прагматизм дегеніміз не? Осыған тоқталайық. Жалпы «прагматизм» ұғымы ХХ ғасырдың басында кеңінен таралады. Прагматизмді дамыту философиясы АҚШ мемлекетінде тұжырымдалған. Оның негізін салушылар – Ч.Пирс, У.Джемс, Д.Дьюи [3,4]. Сонымен, осы бағыт американдық философияда жан-жақты зерттелінген. Прагматизм грек тілінен аударғанда «прагма», яғни іс, әрекет дегенді білдіреді. Яғни, осы философиялық бағыт бойынша, адамның шынайы мәні оның мақсатқа бағытталған іс-әрекетімен анықталады екен. Яғни, отбасыдағы прагматизм қойылған мақсатқа қол жеткізу ақиқатымен түсіндіріледі. Отбасыда материалдық және рухани жайлылық, әрбір отбасының материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі осы прагматизмнің көрінісі болып табылады.

Енді ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне назар аударайық. Н.Назарбаев ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін ұлттық жаңғырудың маңызын түсіндіреді. Оның пікірінше, «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту».

Ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін отбасыдағы әдеп-ғұрыптардың қандай ықпалы бар? Отбасыдағы әдеп-ғұрыптар, мысалы үлкендерді құрметтеу ұлттық генофондымызды сақтап қалуға мүмкіндік береді. Өйткені, үлкенді сыйлаған жастар өз ұлтында сыйлайды. Өз ұлтының тілін отбасыда дамытуға негіз жасайды. Ата-анамызға және үлкендерге сүйіспеншілік пен құрмет көрсету маңызды және адамның бақытты өмір сүруінің кепілі, әрбір адамның парызы болып табылады. Ата-ананы, әке мен ананы құрметтеу оларға деген сүйіспеншілікті, нәзік те қобалжу қарым-қатынасын білдіреді. Баласы, қызы ретіндегі парыздарын барлық қырынан атқарулары тиіс: оймен де, сөзбен де және әрекетімен де. Бұл деген, ата-анаң туралы ойлағанда, сенің ата-анаң қандай ерекше, ғажап және керемет адамдар екенін ойла, олардың жақсы қасиеттерін, әрекеттерін, адамгершіліктерін есіңе түсір. Ата-анаңмен олар жайында айтқанда үлкен құрметпен, сүйіспеншілікпен айт, әкеңмен және анаңмен бірінші болып амандасуға тырыс, жаңалықтарыңмен бөліс, кететініңді және келгеніңді хабарлау, олардағы жаңалықтарға және денсаулығына қызығушылық таныту керек. «Не ексең, соны орасың» дегендей. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас болған кезде ғана, құндылықтардың дұрыс жүйесінде ғана балаларда бақытты отбасын құруға және ата-ананың өміріне жағымды жағдай жасауға болады. Тағы да Владимир Мегренің кітабынан айтқандарын еске түсірейік: «Сүйіспеншілік Кеңістігін жасап алмай, балаларды дүниеге әкелу қылмыс» [5]. Балаға өзінде жоқ нәрсені бере алмайсың. Балалар бірін-бірі құрметтейтін және жақсы көретін, ұзақ та бақытты өмірдің үлгісін көрсеткен ата-аналарды шынайы құрметтейді және жақсы көреді.

Адамзат ұрпақтардан құрылады. Әлемде бір уақытта бірнеше ұрпақ өмір сүріп жатыр. Қарттық шақта ғана қол жеткізетін нәрселер бар, өйткені онда – талай ұрпақтың даналығы жатыр. міне осы даналықта отбасы жағдайында сіңіру ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалуға негіз болады. Қазақта көптеген данышпандар былай айтқан екен: «Құрметке ақ шаш емес, оның арғы жағындағы тәжірибесі құрметке ие болады, сондықтан жалпы құрмет пен қошеметке қарттар лайықты». Өйткені олар, бүкіл ұлтымыздың әдеп-ғұрыптарын сақтап, жастарға таратушы ретінде үлкен істі атқарады. Жастар ешқашан ата-аналары қандай еңбекпен тәрбиелегенін, қаншама қиындықтарды және қолайсыздықты олар бастан кешіргенін және қаншама күш, жан қуаты мен жүйкесі жұмсалғанын ұмытпауы керек. *Ата-анасына жақсы қарау қазақ ұлтының және бүкіл адамзаттың ең жақсы әдет-ғұрыптарының бірі.* Біздің ата-бабаларымыз тұлғаның негізі бала кезде қалыптасатынын түсініп, ерте жас кезден бастап балаларды қайырымдылыққа ұмтылуға, арамдықтан және екі жүзділіктен жиренуге, шындықты өтіріктен, қайырымдылықты зұлымдықтан айыра білуге тәрбиелеуге тырысқан, еңбекке және адал өмір сүруге үйреткен. Әр отбасы үлкен буынға деген сүйіспеншілік пен есте сақтаудан тұрады. Апалар мен аталар – отбасы ошағын сақтаушылар. Олар өз балаларына, немерелеріне өмірлік тәжірибелерін және көп жылдар даналығын қалдырады, отбасы тарихының онжылдықтарын бір үзілмейтін шынжырға біріктіреді.

Халық даналығында айтқандай: «егер балаларың сені қартайғанда құрметтесін десең, онда өзің де қарттарды құрметте». Сондықтан жастар адам түсінуі керек маңызды көзқарас: егер келешекте жастарымыз өзіне және өз балаларына жақсылық тілесе, онда жастар жақсы үлгі көрсетуі керек: үнемі адамгершілікті әрекет ету, өз ата-анасын бағалауға үйренуі, оларға қызмет ету және оларды құрмет пен сүйіспеншілікке бөлеуі қажет.

Отбасыда үлкендерді құрметтеу әдеп-ғұрыптарын орындаудағы жастардың көзқарастарын қалыптастыруда сол біз қарастырып отырған, ұлттық бірегейліктің бір қыры немесе өлшемі болады. Өйткені, ұлтымыздың дәстүрін сақтап қалу – бұл біздің өміріміздің жазылмаған заңы, екендігін түсінуіміз қажет.

«Үлкендерді құрметтеу ұлтымыздың бірегейлігін сақтап қалуға қалай көмектеседі?» дегенге заманауи жастардан жауаптары:

- «Біз үлкендерді сыйлауымыз керек. Осы әдеп-ғұрыпты түсінбейтін жастарға түсіндіру керек, неге ата-ананы және басқа таныс үлкендерді тыңдау керектігін іс-жүзінде дәлел деп отыру керек».

- «Бізден әлдеқайда үлкен адамдар, біздің ата-аналарымыз, көршілеріміз, таныс отбасылар және басқа үлкендер, бізден көбірек өмір сүрді, сондықтан көргендері де көп және бізден де көп біледі. Қателіктері мен жаңалықтарының нәтижесінде жинақталған олардың тәжірибелері – біз үшін бағасы жоқ дәулет».

Ата-анаға және үлкендерге қызмет ету мәдениеті заттарды бағалауды емес, даналықты, өмірлік тәжірибені және биік қасиеттерді бағалауға үйретеді. Сонымен қатар дұрыс әрекет жасауға және жан сұлулығына деген сүйіспеншілік дариды. Бұндай көзқарастар жастардың ішкі бай тәжірибелерінің жинақталуына ықпал жасайды. Шығыста айтады екен, отбасының үлкен жастағы мүшелеріне қызмет етуге ерекше көңіл бөлсең, сен олардың шынайы ризашылығын аласың, ал ата-аналар өз балаларына өз тақуалығының жемісін береді екен.

Ұлттық бірегейлік әйел мен ер азаматтың мәдениетінен құралуы мүмкін. Келер ұрпақ бүгінгі материямен қалыптасады. Өткен кезде, осы шақта немесе болашақта - барлық кезде әйел өркендеудің өзегі, ұлттың жүрегі, оның тынысы болып табылады. Әйелде сенімге және рухани ұмтылуға деген табиғи бейімділік бар. Адалдық, сенім және момындыққа ие әйел, ер адамдардан рухани жолда, адамгершілік тәжірибесінде басым түседі.

Әлем ізгілікті ойлардың және киелі әрекеттердің көмегімен өз балаларын дұрыс жолға салуға тырысқан көптеген аналарды көрді. Ганди *«Махатма»* есімін өзінің анасының *«Кокила вратха»* (көкекке тауап ету рәсімі) ұстанымына байланысты алды. Гандидің анасы Путлибай, күн сайын *«Кокила вратха»* рәсімін жасайды. Рәсімін жасап болғаннан кейін ол *кокиланың* дауысын күтеді (үнді көкегі), тек содан кейін ғана таңғы асын ішуге кіріскен. Бір күні бұны байқаған Ганди үйден шығып, көкектің дауысын салады да қайта келеді, анасына айтады: «Көкек шақырды, отыр анашым, тамағыңды іш!» Ренжіген анасы Гандиді бетінен ұрып жіберіп, жыламсырап: «Мен қандай күнә жасадым, менде осындай өтірікші туылатындай? Мен қандай үлкен күнәһармын, маған осындай адал емес, өтірікші ұл берілген, о Құдайым!» Осылай деп ол көз жасын тоқтата алмайды. Бұл Гандиға үлкен әсер қалдырады, ол анасына: «Осы сәттен бастап мен бір сөз де өтірік айтпаймын» деп уәде береді.

Сол кездерде аналар өз балаларының тәртібін қадағалаған және оларды дұрыс жолда ұстауға тырысқан. Ганди анасының қатал жазалауынан кейін *Махатма атанған*.

Ер азаматтың отбасыдағы ең басты міндеті – отбасының рухани тәрбиесін жүзеге асыру. Ер адамның қуаты Күннің қуатымен теңестіріледі. Күннің қуаты – адамды өмірде нығайта түсетін жасампаздыққа, белсенділікке, шаттануға бағыттайды. Сондықтан ер адамның ұстанатын бағыты – қызмет ету мен белсенділік [6].

Жақсы көре білсек және қуана алсақ, жақындарымызбен тату болсақ, қайырымды, мейірімді болсақ, өз көңіл-күйімізді басқара алсақ, қандай керемет болатынын біз білеміз. Алайда ешқандай өзіндік ерік-жігеріміз және ақылымыз осы қасиеттерге ие адамға айналуға көмектеспейді. Тек өзімізге рухымыздың өмірлік күшін қабылдаған кезде ғана, біз өмірдің жаңа қасиеттерін және ұлы даналықты таба бастаймыз. Бұған отбасында әке үйретеді.

Өсіп келе жастарға рухани саулықты бір-біріне деген құрмет пен қамқорлықты басты өмірлік бағыттарына айналдырған отбасылар ғана бере алады. Бұндай отбасыларында әдетте адамгершілік туралы пікірталастар жүргізілмейді. Бұл жерде бәрін қарапайым ақиқат анықтайды: адам еңбек етпесе немесе оған тапсырылған істі дұрыс орындамаса, адамгершіліксіздік. Отбасында әкеге жүктелген бірнеше негізгі міндеттер бар: біріншіден, ол – рухани көшбасшы, екіншіден, ол – сүйікті әке, үшіншіден, ол – мұралыққа алып қалатын – үлгі; ал содан кейін тағы – ол жетекші және сенімді тірек. Сонымен, әке

отбасыда мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді, сенімділік пен беделділіктің, тәртіптіліктің қайнар көзі болып табылады. Мамандардың пікірі бойынша, әке балаға ойлар әлемін, адамзаттың қолымен жасалған дүниелерді, заңдар мен тәртіпті көрсетеді.

Рухани жаңғырудың келесі компоненті болып табылатын білімнің салтанат құруы – отбасыдағы рухани білімнің көрінісі. Отбасы мүшелері өскелең ұрпаққа рухани білімді беруде өз уақыттарын қызықты кітаптарды оқумен көбірек өткізеді. Ұлттық жыр-дастандар, ертегілер мен заманауи әңгімелердегі кейіпкерлердің үлгісімен жастар өмірге үйренеді. Әсіресе отбасыда рухани білім беруде мақал-мәтелдердің рөлі де зор.

Өйткені, руханилықтың өзі – адам бойындағы ізгілік пен адамгершілікті, қайырымдылық пен мейірімділікті айқындаудың мөлшері, жеке болмыстың ұғым-түсінігінің көрінісі, яғни әр адамның өзіндік қалыптасуы, өсіп-жетілуі, дүниедегі алдына қойған мақсаты және өмір сүруінің тәсілі мен сара жолдары[7].

Ойымызды қорыта келе, айтатынымыз: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қарастырылған мәселелердің шешімі отбасыдан басталады. Өйткені, *отбасылық әдет-ғұрыптардың* «Рухани жаңғыру» жағдайында рөлі зор. Отбасында міндетті түрде бәсекеге қабілетті, өз өмірін прагматикалық көзқарас тұрғысынан ұйымдастыра алатын, өзінің ұлттық бірегейлігін сақтайтын, рухани білімді таратушы, қоғамның эволюциялық дамуына өз үлесін қосатын, сана-сезімі жоғары тұлға тәрбиеленеді. Егер оның, яғни отбасының негізін рухани жалпыадамзаттық құндылықтар мен заманауи отбасының дәстүрлері құрайтын болса, онда жастардың отбасылық әдеп-ғұрыптары туралы заманауи көзқарастарын дамытуда ең бастысы біз қарастырған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мәселелерімен байланысты болуы тиіс. Өйткені, отбасы әр кезде, қоғамның, мемлекеттің бір бөлшегі ретінде қарастырылған. Ал осы мемлекеттің тыныштығын сақтап, оның дамуына ықпал ету отбасыдан басталады. Осы орайда, мемлекетімізде болып жатқан реформалар осы отбасылардың қолдауымен болады. Ауызбіршілігі бар отбасыдан шыққан тұлға өзінің мамандық таңдауында ең бастысы риясыз қызмет етуден бастайды. Өз тілін біліп, құрметтейтін, табиғат пен адам арасындағы байланысты түсінетін, оның тұтастылығын сақтайтын болашақ маман әр кезде өз мемлекетінің бәсекеге қабілетті, патриоттық көзқарасы қалыптасқан, жалпыұлттық мүддені түсінетін маман ретінде қалыптасады.

Әдебиеттер

1. www.bobek.kz
2. Н.Назарбаев Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 13 апреля 2017 https://liter.kz/ru/articles/show/31347_vzglyad_v_budushee_modernizaciya_obshestvennogo_soznaniya
3. Дьюи Дж. Понятие рефлекторной дуги в психологии. //Интеракционизм в американской социологии и социальной психологии первой половины XX века: Сб. переводов. /РАН. ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и переводчик В.Г.Николаев. Отв. ред. Д.В.Ефременко.– М., 2010.– Сер.: Теория и история социологии) – с. 70-83.
4. Дьюи Дж. Обычай и привычка. //Интеракционизм в американской социологии и социальной психологии первой половины XX века: Сб. переводов. /РАН. ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и переводчик В.Г.Николаев. Отв. ред. Д.В.Ефременко.– М., 2010.– Сер.: Теория и история социологии) – с. 84-97.
5. В.Н.Мегре «Пространство Любви». Издательство: – Диля, 2013.
6. Отбасылық өмір әліпсесі (9-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. /Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И., Кошкеева Г.Ү./ – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 88с.
7. Абдрашева Б.Ж. Халық дәстүріндегі ұлттық құндылықтар //Халықаралық ғылыми конференция материалдары. А., 2007. – 127 б.
8. Флоренский, П.А. Избранные труды. –М.: Изобразительное искусство,1996. –285 с.

СЕКЦИЯ IV

**ИНКЛЮЗИЯДАҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

СЕКЦИЯ IV

**ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ В ИНКЛЮЗИИ
И В УЧРЕЖДЕНИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ**

SECTION I IV

**HEALTH-SAVING TECHNOLOGIES IN INCLUSION AND IN EDUCATIONAL
INSTITUTIONS**

АДАПТАЦИЯ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ К УСЛОВИЯМ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ (КЕЙС ШКОЛЫ-ЛИЦЕЯ № 131 ИМ Б.МОМЫШУЛЫ)

Дуйсенбаев А.К., Бектемирова Г.А.

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан*

Бұл мақала зерттеу нәтижелері бойынша мына сұрақтарға жауап іздеуге бағытталып дайындалды:

1) Жалпы білім беретін мектепте оқу баланың нақты өмірдегі жалпы дамуына қалай әсер етеді? 2) Мектепте педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу процесі қалай ұйымдастырылған? 3) Бейімделу, әлеуметтену және интеграция процесі қалай жүреді?

Кілт сөздер: бейімделу, инклюзия, ерекше білімді қажет ететін балалар, педагогикалық-психологиялық қолдау.

Статья подготовлена по результатам исследования, направленного на поиск ответов на следующие вопросы: 1) Как обучение в общеобразовательной школе влияет на общее развитие ребенка в реальной жизни? 2) Как организован процесс педагогико-психологического сопровождения в школе? 3) Как идет процесс адаптации, социализации и интеграции?

Ключевые слова: адаптация, инклюзия, дети с особыми образовательными потребностями, педагогико-психологическое сопровождение.

This article is written to find an answer the following questions:

1. How studying in regular general education school affects the development of a child in real life in case of real school and real children?
2. How is the process of pedagogical and psychological support is organized at school?
3. How does the process of integrating such children into society take place?

Key words:

Adaptation, inclusion, children with special needs, pedagogical and psychological support.

Введение. После распада СССР и получения независимости нашей Республики, появилась острая необходимость в создании своей нормативно-правовой базы во всех областях, в том числе в области образования. Так наша страна вступила на новый путь развития, был принят Закон Республики Казахстан «Об Образовании» 18 января 1992 г. За 31 год независимости нашей страны система образования прошла через несколько этапов: социально-экономический кризис 1991-1996гг. (постсоветский кризис), падение азиатского рынка 1997–1998 гг., глобальный экономический кризис 2007-2009гг, пандемия 2020г. - очень сильно повлияли на ход развития образования в мире. Сменилась парадигма, Казахстан вступил в Болонский процесс, что также повлияло определенным образом на политику нашего государства в области инклюзивного образования. Напомним, что Казахстан является активным членом многих международных организаций. Среди них: ООН, ОБСЕ, ЮНЕСКО и другие. В условиях процессов интернационализации, информатизации и глобализации, политика государства в области образования тоже должна соответствовать международным стандартам и требованиям. Но, к сожалению нормативная-правовая база казахстанского образования, касающаяся инклюзивного образования долгие годы, не соответствовала международному пониманию сути инклюзивного образования.

Начиная с 2021 года в казахстанской системе образования идет значительное совершенствование нормативной правовой базы для развития инклюзивного образования. Так, расширена категория детей с особыми образовательными потребностями, куда включены не только дети, испытывающие трудности в обучении из-за здоровья, но и дети с трудностями в обучении из-за экономических, социальных, лингвистических причин. [1,с.43].

Основная часть.Что обозначает термин «инклюзия»? «Инклюзия» — это относительно новое понятие в Казахстане, в советской школе его не было, хотя на деле

были коррекционные специальные учреждения, и дети обучались в определенных условиях.

В последние несколько лет все увереннее начинается внедряться инклюзивное образование в нашей стране. Термин «инклюзивное» в переводе с английского языка означает «включенное, вовлеченное». Инклюзия, это в первую очередь новый подход, а также это целая философия, при которой все ученики, включая детей с инвалидностью обучаются вместе. Конечно, не все дети могут обучаться с нормотипичными детьми, так как существуют очень много разных заболеваний и имеются разные особенности развития и при каждом случае требуется разный уровень подготовки специалистов. Но то, что уже какая-то часть людей может быть включена и интегрирована в общество, это уже показатель развития общества, так как изменяется общественное сознание по отношению к детям с особенностями развития.

Благодаря инклюзивной системе, у семей, воспитывающих особенных детей, появился выбор и шанс отдать своего ребенка в обычную школу, где вероятность адаптации к нормальной жизни и обществу в разы повышается.

Дети с особыми потребностями адаптируются к жизни в общеобразовательных школах лучше, чем в специализированных учреждениях. И это закономерный процесс, так как в коррекционных и спец школах, ребенок все равно находится в закрытых группах и в изоляции от социума. У особенных детей приобретается настоящий социальный опыт только в настоящем социуме в реальных условиях.

В статье Косиковой Л. В. рассказывается об эксперименте, который проводился более 10 лет в 11 регионах России. Исследования показывают, что между обычными детьми и детьми-инвалидами в инклюзивных классах складываются вполне прочные и длительные дружеские отношения. Ученики чувствуют себя комфортно и не боятся общаться с людьми, которые отличаются от них. [2, с.71].

О чем говорит результат эксперимента? О том, что осознанность и просвещение в обществе необходимо начинать с детского возраста, включая и интегрируя особенных детей в общество с самого малого возраста. Подготовка детей психологически и мягкое знакомство с инклюзией через сказкотерапию, через беседы, через мультфильмы, объясняя детям, что все мы разные и это нормально и что дети, у которых есть свои особенности, тоже хотят играть, общаться и хотят быть в обществе. Необходимо уделить внимание взрослому населению нашего общества, так как просвещение и воспитание начинается с семьи. Также участниками процесса развития инклюзивного образования являются в первую очередь педагоги, тьюторы, ассистенты педагогов, общество в лице родителей одноклассников, необходима комплексная работа всех участников. Только работая в тандеме можно добиться хороших результатов.

Хочется бы поделиться личным опытом, поскольку один из авторов является родителем особенного ребенка, и мы прошли через сложный путь, чтобы попасть в обычную школу: комиссии, консультации, сбор медицинских документов, заключение врачей и так далее. В результате нас зачислили в обычную школу. В школе есть 4 инклюзивных класса. В штате имеется 2 ассистента педагога (тьютора), которые осуществляют педагогическо-психологическое сопровождение детей с особыми потребностями, а также помогают быстрее адаптироваться в классе. Проводятся консультации дефектологом и психологом школы.

Наше исследование психолого-педагогического сопровождения процесса адаптации особенных детей к школе проходит на базе ГКП «Школа-лицей № 131 им Б.Момышулы» г.Алматы. Используются методы исследования: наблюдение, беседа с преподавательским составом, анализ документации и другие. Также планируется провести анкетирование, интервьюирование в фокус группах среди педагогов, а также родителей, с целью выяснения отношения и позиции респондентов к инклюзивному образованию. Исследование еще продолжается. Было взято 2 инклюзивных класса с количеством обучающихся 67 человек. В результате 4 месячного наблюдения в контрольной группе из

34 человек, было обнаружено, что дети разделились на несколько групп, появилось 3-4 человека из 34 человек, которые готовы прийти на помощь, идут на контакт с ребенком, оказывая физическую и психологическую защиту и выказывая истинную помощь и поддержку. Также обнаружилась вторая группа детей, которые хотят общаться за активными играми с данным ребенком, но ребенок в силу своих физических ограничений не может поддержать общение. Соответственно данные дети имеют другой круг общения со схожими спортивными интересами. Очень хорошо идет включение на уроках ИЗО, совместных работах и музыке. Также у ребенка имеются дефекты в речи и неясность в произношении некоторых звуков, в связи с гипотонусом мышц языка и всей глоточной системы.

Организация педагогико-психологического сопровождения ребенка с особыми потребностями в школе № 131 это в первую очередь оптимально выстроенное взаимодействие специалистов образовательного учреждения, которое обеспечивает системное сопровождение детей и всех других участников процесса образования.

О чем это говорит? Этот реальный кейс школы, показывает нам что инклюзивное образование на деле развивается. Теперь рассмотрим процесс адаптации. Адаптация – это естественное состояние человека, проявляющееся в приспособлении к новым условиям жизни, новой деятельности, новым социальным контактам, новым социальным ролям.

Если адаптация обычного нормотипичного ребенка происходит в течение 1-4 месяцев, то в случае детей с особыми образовательными потребностями процесс адаптации идет дольше, так как ребенок с ООП в контрольной группе часто пропускал занятия в связи с инфекционными заболеваниями и из 5 месяцев, ребенок 3 недели болел ветрянкой, 3 недели болел ОРВИ.

Результаты обучения: обретыны новые навыки чтения и письма. Уровень владения ручкой из за гипермобильности суставов остается на среднем уровне, но грамотность ребенка повысилась. Умеет складывать числа в пределах 20. Выполняет все домашние и классные работы по мере своих возможностей, критерий оценивания индивидуальный. Процент выполнения заданий- 90 % по основным и предметам и 80 % по остальным.

До поступления в школу ребенок не посещал детские учреждения в связи с основным заболеванием и в связи отказом детских учреждений принимать и брать на себя ответственность и риски, связанные со здоровьем ребенка. Поэтому раньше у ребенка не было социальных контактов, кроме семьи и близких родственников. Результат наблюдения изменений поведения ребенка родителями, а также, по результатам наблюдения тьютором обнаружено, что ребенок начал более легко вступать в контакт, определился более узкий круг общения, появилась одноклассники, которые конкурируют за место около ребенка.

Отношение ребенка, а также уровень адаптации можно оценить по рисункам ребенка о школе. Если в начале ребенок рисовал героев игры, на просьбу нарисовать школу, то теперь ребенок нарисовал саму школу. Был использован метод диагностики по рисунку. Также ребенок начал сам проситься осознанно в школу, перестал избегать ее. Если раньше со слов тьютора, приходил сонным, плакал и не мог оторваться от матери, при этом натягивал шапку на лицо, убегая от контактов со сверстниками, то теперь ребенок сам остается, даже какое-то время без тьютора. Такие показатели, как внимание к учителю, показывает сосредоточенность на учебном процессе. Межличностное общение тоже перешло на новый уровень, круг социальных стабильных контактов в классе увеличился до 5-7 человек. Педагоги отметили такие качества как «дисциплина» и «ответственность».

Поскольку ребенок является сыном одного из авторов статьи, то чтобы исследование было объективным, наблюдение также велось преподавателем, тьютором, психологом школы. Родителем тоже ведется дневник родителя, где описывается поведение ребенка не только в школе, но и дома. Мама так же часто присутствует в целях исследования на уроках и ведет наблюдение со стороны. А также собирает все необходимые видео и письменные доказательства о его результатах обучения в виде копий с тетрадей, записей стихов, а также видео с чтением и письмом, чтобы оценка была объективной. Ежедневно ведется беседа

с тьютором, а также анализ дневника тьютора, где тьютор записывает ежедневно успехи и результаты работы ученика.

Заключение. Исследование будет еще продолжаться 1.5 года, будут добавлены данные других детей, результаты опросов, тестов, интервью, рассмотрен более тщательно процесс организации педагогически-психологического сопровождения, в результате которого будут предложены рекомендации. Но на первоначальном этапе исследования, как результат, хотелось бы отметить положительный сдвиг развития инклюзивного образования в Казахстане, не только в части нормативно-правовой базы, но также в плане реализации данной программы в жизни, на примере школы № 131.

Организация педагогико-психологического сопровождения ребенка с особыми потребностями в школе № 131 - это в первую очередь оптимально выстроенное взаимодействие специалистов образовательного учреждения, которое обеспечивает системное сопровождение детей и всех других участников процесса образования.

Например, результат 5-месячного наблюдения показал, что адаптация ребенка с ООП в контрольной группе идет успешно. Приобретены следующие навыки:

- Чтение, письмо. Чтение на уровне 30 слов в минуту.
- Рисование, раскрашивание.
- Начальные коммуникативные навыки (вступление в диалог, ответы на вопросы, общение в мини группе).
- Внимательность (сосредоточенно слушает активно педагога).
- Общий уровень понимания (понимает суть предмета, показывает свою заинтересованность).
- Желание ходить в школу на высоком уровне (позитивное отношение к школе и учебному процессу).

Данные показатели показывают средний уровень адаптации на текущий период. Ребенок достиг текущих результатов, благодаря слаженному процессу взаимодействия сотрудников школы, поддержкой семьи ребенка, а также личными достижениями ученика

Литература

1. Кудеринова А.М. Государственная политика по реализации инклюзивного образования РК // диссертация, г. Нур-Султан, 2022, -56 с.

2. Косикова Л.В. Инклюзивное образование: отношение родителей и педагогов к инклюзивному образованию // Северо-Кавказский психологический вестник. – 2009. -С.70-73.

АТА-АНАНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ СТИЛІНІҢ БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Құрманқожа Е.Б., Тоқсанбаева Н.Қ.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада балалардың психологиялық денсаулығы проблемасы өзектендіріледі. Отбасылық қарым-қатынас стилі, балаларды отбасылық тәрбиелеу стилі талданады. Балалардың психологиялық денсаулығы отбасындағы психологиялық ахуалға байланысты екендігі талқыланады.

Түйін сөздер: бала, даму, отбасы, жеке тұлға, отбасылық қарым-қатынас стилі, тәрбие беру стилі, психологиялық денсаулық.

В статье актуализируется проблема психологического здоровья детей. Анализируются стили семейных отношений, стили семейного воспитания детей. Отмечается, что психологическое здоровье детей зависит от психологического климата в семье.

Ключевые слова: ребенок, развитие, семья, личность, стиль семейных отношений, стиль воспитания, психологическое здоровье.

This article updates the problem of psychological health of children. The styles of family relations, styles of family education of children are analyzed. It is noted that the psychological health of children depends on the psychological climate in the family.

Keywords: child, development, family, personality, style of family relations, style of upbringing, psychological health.

Кіріспе. Қазіргі қоғам өмір сүру қарқынының жоғары болуымен, стресстік жағдайлармен, шамадан тыс жүктемемен, эмоциялық шиеленіспен сипатталады, сондықтан адам өзінің психологиялық денсаулығына қамқорлық жасауы қажет. Тек психологиялық салауатты тұлға ғана қиындықтарды еңсеруге қабілетті, өйткені қазіргі заманғы адамның толыққанды өмірі оның психологиялық денсаулығына байланысты. Әлеуметтендірудің алғашқы институты ретінде отбасы жеке адамның психологиялық денсаулығына айтарлықтай әсер етеді. Қоршаған шындық туралы алғашқы түсініктерді, коммуникативтік дағдыларды, әлеуметтік өзара іс-қимыл тәжірибесін бала отбасында алады. Балалардың психологиялық денсаулығы отбасындағы климатқа және қарым-қатынас стиліне байланысты.

Негізді бөлім. Психологиялық сау тұлға туралы айтқанда, әдетте адамның әлеуметтік рөлінің барабарлығын, әлеуметтік контекстің, үйлесімді дамыған эмоциялық саласын, өз эмоцияларын қадағалай білуін, көрсете білуін, айналасындағылармен үйлесімді қарым-қатынас орната білуін, өзін түсіне білуін, өз әрекеттері мен іс-әрекеттерін сезіне білуін, олар үшін жауапты болуын көрсетеді [1, б.384] [2, б.378]. Психологиялық салауатты тұлға көптеген қиындықтарды, күйзелісті жағдайларды еңсеруге, оларды еңсеру үшін ішкі ресурстарды іздеуге қабілетті

Психологиялық ғылымда психологиялық денсаулық проблемаларымен З. Фрейд, К.Г. Юнг, А. Маслоу, К. Роджерс, Н.В. Мясичев, О.С. Васильева, И.В. Дубровина және т.б. айналысқан [3, б.279-283]. В. Смирнова, М.И. Чумакова психологиялық денсаулықты өзін-өзі іске асырудың, әлеуметтік бейімделудің алғышарты болып табылатын тұлғалық қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырады [4, б.110]. В.Э. Пахальян психологиялық денсаулықты қоғамдағы өзара іс-қимыл жағдайларындағы іс-әрекеттерді тиімді таңдауды қамтамасыз ететін баланың ішкі әл-ауқатының жай-күйі ретінде анықтайды [5, б.83-94]. Т. Ю. Артюхова психологиялық денсаулықты жеке адамның салмақты, барабар мінез-құлқы ретінде түсіндіреді [6, б.174]. Яғни, психологиялық денсаулық – адамның өмірлік қиын жағдайларды шешудің оңтайлы жолын табуға көмектесетін ішкі өзегі. Психологиялық денсаулық тұрақтылықта, өмірдің жаңа жағдайларында оңай бейімделу қабілетінде көрінеді.

Бала өмірінің алғашқы жылдарында қоршаған ортаға, оны тәрбиелеумен және дамытумен айналысатын адамдарға толық тәуелді, бұл, тиісінше, оның жеке басының қалыптасуына және оның психологиялық денсаулығының деңгейіне әсер етпеуі мүмкін емес. Психологиялық тұрғыдан дені сау адам тек сау адамдардың ортасында ғана өсуі мүмкін, ал бұл қазіргі күндері өте сирек кездеседі. Қазіргі заманғы ата-аналардың өздерінде эмоциялық шиеленіс тудыратын көптеген мәселелері бар. Адам өмірі шектен тыс жүктемемен, невротизациямен, көптеген жеке психологиялық мәселелердің пайда болуымен сипатталады. Ата-аналардың мұндай тұлғалық үйлесімсіздігі балалардың дамуында өз көрінісін табады және олардың психикасына теріс әсер етеді.

Выделяют такие виды чувств, как нравственные, интеллектуальные и эстетические. По классификации, предложенной К. Изардом, выделяются эмоции фундаментальные и производные. К фундаментальным относят: интерес – волнения, радость, удивление, горе-страдание, гнев, отвращение, презрение, страх, стыд, вину[4].

Эмоциональный интеллект активно изучается, как в зарубежной, так и в отечественной психологии, на данном этапе исследования имеется цель уточнить понимание этого феномена.

Эмоциональный интеллект является многоуровневой структурой, в которую входит интеллект:

- индивида (здесь эмоциональный интеллект представлен в виде способности);
- субъекта деятельности (компетентность в эмоциональной сфере);
- личности (способность творить в эмоциональном плане, креативность).

На основе теории способностей В.Д.Шадрикова формулирует собственную синтетическую концепцию эмоционального интеллекта, согласно которой эмоциональный интеллект является многоуровневой структурой, в которую входит интеллект:

- индивида (здесь эмоциональный интеллект представлен в виде способности);
- субъекта деятельности (компетентность в эмоциональной сфере);
- личности (способность творить в эмоциональном плане, креативность).

Человек с высоким эмоциональным интеллектом: понимает свои эмоции; знает, какую роль играют чувства и эмоции в общении с людьми; умеет выражать свои эмоции

так, чтобы устанавливать и поддерживать доброжелательные отношения с окружающими; стремится познавать и обогащать свой внутренний мир; умеет регулировать свои эмоции; умеет управлять внутренней мотивацией, поддерживать настрой на достижение цели. Не бывает плохих и хороших эмоций. Все эмоции нам нужны. Даже страх, печаль и гнев. Фазы управления эмоциями: Идентификация. Распознавание эмоции. Одно из наиболее ярких проявлений эмоционального неблагополучия- депрессивные состояния человека. Психологическое неблагополучие личности, в том числе и касающееся эмоциональной сферы, имеет далеко идущие последствия. Многие исследователи (А.М.Прихожан, В.Н.Синицкий) связывают некоторые типы нарушений поведения (побеги, школьные прогулы, бродяжничество, воровство, убийства) с различными формами психогенных расстройств, в частности с депрессивным состоянием.

Один из видов эмоциональных расстройств- страхи и тревога. Страхи и фобии могут встречаться у детей, находящихся на любой стадии развития, но их частота особенно велика среди подростков. Это может быть специфический страх определенных ситуаций или объектов, или же это может быть весьма генерализированное и расплывчатое состояние.

Человек взаимодействует с внешней средой и другими людьми определенным образом к ним относится и переживает то, что с ним происходит и им совершается. Переживание этого отношения и составляет сферу чувств и эмоций человека. По силе и длительности эмоциональных переживаний часто выделяют несколько видов эмоций, которые образуют в совокупности эмоциональную сферу личности. Эмоциональная сфера претерпевает значительное изменение в ходе взросления человека.

Особенность эмоций состоит в том, что они непосредственно отражают отношения между мотивами и реализацией, отвечающей этим мотивам деятельности. Эмоции рассматриваются рядом исследователей как внутренний регулятор деятельности. Выполняя мобилизационную, интегративно-защитную функцию, эмоции производят практически моментальную интеграцию всех функций организма, выступают абсолютным сигналом полезного или вредного воздействия на организм. Нарушения эмоциональной регуляции непосредственно ведут к расстройству адаптации, социально-психологической деформации личности.

Литературы

1. Батаршев А.В. Психология индивидуальных различий.- М.: Гуманит. изд. центр «ВЛАДОС», 2001
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2 т. Т. 2. М., 1998.
3. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект [Текст] : почему он может значить больше, чем IQ / Д. Гоулман; Пер. с англ. А.П.Исаевой. - 7-е изд. - М.: "Манн, Иванов и Фербер", 2019. - 544 с.
4. Изард К. Эмоции человека. М., 1999.
5. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии. Новополюцк, 2011.

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Оралымбетова Г.У., Кожамбердиева Н.А.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан*

Мақалада жеткіншектердің психологиялық даму ерекшеліктері мен тұлғалық қалыптасу теориясы жазылған. Білім беру кезінде жеткіншектер пайдаланатын әдістер мен тәсілдер ұсынылған.

Кілт сөздер. Тұлға, индивидуум, интербелсенді, конструктивизм, бағалау критерийлері.

В статье изложены особенности психологического развития и теория формирования личности подростков. Представлены методы и приемы, используемые подростками в образовании.

Ключевые слова. Личность, индивидуум, интерактивность, конструктивизм, критерии оценки.

The article describes the features of psychological development and the theory of personality formation of adolescents. The methods and techniques used by adolescents in education are presented.

Keywords. Personality, individual, interactivity, constructivism, evaluation criteria.

XXI ғасырдағы оқытудың ең өзекті мәні, ерекше мақсаты бүгінгі тәрбиеленіп отырған жастың «Өз елінің ұйтқысы, ел тағдырын шешуші ұлтының өкілі» екендігін жүрегімен сезіне білуге тәрбиелеу. Қазақстан егемендігін алып елеулі жаңа кезеңге иек артып отыр. Ел дербестігіне ие болған бүгінгі жағдайда кеше өз тағдыры басқанын қолында болған қазақ ұлты енді басқаның тағдыр тауқыметін мойнына алды. Олай болса Қазақстан Республикасының бет бейнесі, жеткен жері ең әуелі қазақ ұлтының жетістігімен өлшенеді [1].

Осы орайда Елбасымыздың өзі жастар мәселесіне елеулі көңіл бөліп, олардың дұрыс жолға түсіп, абыройлы да саналы азамат ретінде сапалы білім алуына мүмкіндік жасауда.

Тұлғаның дамуы эмоциялық жағдайының тұрақтылығы оның өмір сүретін ортасына, ғылыми техникалық жетістіктері мен экономикасына байланысты екені жайлы Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында жасөспірімге салауатты өмір салтын үйретіп, «әр оқушының қабілеті мен білім деңгейінің тиімділігін» арттыру қажет екендігін көрсеткен. Қазіргі таңда «Тұлға» термині әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Оны зерттеумен түрлі, тіпті кейде бір-біріне қарама-қарсы тұратын теориялық білімдердің кең ауқымды спектрін қамтитын, академиялық психология құрылымындағы ерекше бөлім айналысады.

Қазіргі заманғы түрлі зерттеу стратегияларын қолдану жолымен адамның даралығын жақсы түсінудің іргетасын қалауға ұмтылады. Тұлға түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде даралыққа қол жеткізетін сыртқы әлеуметтік бейнесі қосылған, ол айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпет ретінде саналған. Жеткіншек тұлға психологиясының тағы бір өзіндік ерекшелігі қандай да болмасын даралық жағдайын зерттеуді түсіндіру және болжау мен негізделген шешімдерді бағалаудағы әдістерінің мәнділігінде. Мұндай әдістерге сұхбаттасу, тестілеу, мінез-құлықты бақылау және тіркеу, физиологиялық реакцияларды өлшеу, өмірбаяндық және жеке құжаттарды талдаулар жатады.

Заманауи тұлға психологиясын патопсихология және клиникалық психологиямен теңестіруге болмайды. Нақ анықтыққа қол жеткізу үшін персонологтар қалыптан ауытқыған индивид мінез-құлқынан гөрі, индивидтің қалыпты мінез-құлқына жүгінуді жөн көреді. Адамдар арасындағы даралық айырмашылықтарға үлкен мән беретіндіктен, тұлға психологиясының басқа психологиялық пәндерден алшақтау екені көрінеді. Жеткіншектер дамуындағы эмоциялар, мотивация, ойлар, қайғырулар, қабылдау мен әрекеттер сияқты адамды сипаттайтын көптеген қырларды біріктіріп тұратын абстрактілі ұғымдар бар.

Психологиядағы тұлға ұғымының аса көп түрлілігін түсіну үшін осы саладағы кейбір көрнекті шетел теоретиктерінің көзқарастарына жүгінетін болсақ, Г. Олпорт тұлғаны – адамның әлеммен өзара әрекетінің сипатын үстемдей түсетін, ішкі «таңғажайып» индивидуумның шынайы бет-пердесі ретінде анықтаған. Ал, Э. Эриксонның түсінігінше, индивидуум бүкіл өмір бойында психологиялық әлеуметтік дағдарыстардан өтеді және оның тұлғалылығы осы дағдарыстардың нәтижесі болып табылады. Джордж Келли тұлғаны – әрбір индивидуумға тән өмірлік тәжірбиені ұғынуының бірегей тәсілі деп қарастырған. Рэймонд Кеттел «тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен құрылады», - деп мүлдем басқа тұжырымдаманы ұсынды. А.Г.Ковалев еңбектеріндегі тұлға психологиялық процесстер, психологиялық күйлер және психологиялық қасиеттердің интегралды құрылымы ретінде көрінеді. Психологиялық процесстер психикалық күйлерді қалыптастырыды. Күйлер баланың психикалық қасиеттері тұрақталғанға дейін (ерке бала, тыныш, аффектті, байсалды т.с.с.) оның дамуын толығымен сипаттайды [2].

Жеткіншек есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамдарды тұлға дейміз. Мінез, қабілеті бір сыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман-жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын адамды жеткіншек тұлға дейміз. Тұлғаның түрлері сан алуан болып келеді. Оның жақсы, озық, ерен, топ жарған түрлерімен қатар жауыз, керітартпа, бұзық, қасқай, т.б. толып жатқан өкілдері де

бар. Қазіргі кезде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім алу кеңістігіне бағытталуда.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Мектептегі оқыту білім беруді жалпы модернизациялау және оның орталық буыны ретіндегі оқушылар білімдерін жаңалауды табысты жүргізу оқушыларды Қазақстан азаматы ретінде тәрбиелеу және оқыту, яғни біздің қоғамның сатылап дамуымен тығыз байланысты. Ұлт болашағы бүгінгі жеткіншек жастарымыздың білімі мен біліктілігіне, санасы мен тәрбиелілігіне байланысты. Қазіргі берілетін білім теория мен тәжірибе арасында сабақтастық болып, екеуі ұштасқанда ғана нәтижелі болмақ. Сонымен бірге мұғалім өзі беретін пәнді жетік меңгеріп қана қоймай, әрбір тақырыпты қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып ғылыми тұрғыдан беруі қажет.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңа заман мұғалімі өз білімін қолданумен қатар, шәкірттерінде зерттеушілік, ізденушілік әрекетін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру керек. Жаңа технологияларды жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына, пәніне деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Сол себепті ең алдымен «Әдіс» және «Тәсіл» деген екі ұғымға тоқтала кеткенді жөн көрдік. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі.

Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту құралдары - білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері, зертханалар, ЭЕМ және ТВ, нақты объектілер, өндірістер.

Сабақ сапасын арттыру барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе. Бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақты өткізудің стандарты, көптеген мұғалімдердің сабақ үрдісін түгелдей дерлік жаулап алған дәстүрлі сабақтарды айтуға болады. Күн сайын өтетін, тіпті тамаша көрнекіліктер арқылы болса да, жаңа сабақты түсіндіру, үй тапсырмасын сұрау және қорытындылау сияқты жаттанды кезеңдерден тұратын классикалық немесе дәстүрлі сабақ білім алушыларды жалықтырады, білімге ынтасын төмендетері сөзсіз. Сондықтан, әр мұғалім өз жұмысында сабақты жандандырудың әдіс-тәсілдерін іздестіруді, бұған білім алушыларды тарта білуді, олардың белсенді шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыра білуі міндет.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде келесідей оқу формалары қалыптасқан: жеке-дара, топтық, толық сыныптық, ұжымдық, жұптастық, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сыныптық және сыныптан тыс, мектептік және мектептен тыс, әлбетте, мұндай топтастырудың (классификация) жетілген ғылыми негіздемесі қарастырылуда. Дегенмен, осы тұрғыдан оқу формаларының көптүрлілігін біршама ретке келтіру мүмкін болып отыр[3].

М.И.Махмутов пайымдауында оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістерін іріктеген. Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі ә) түсіндіру әдісі б) ынталандыру әдісі в) тәжірибелік әдіс. Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, міндеттер қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы,

жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы, т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға фактілер мен ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, фактілердің мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оны тәсілдердің арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ фактілерді талдау, салыстыру, хабарлау, т.б. басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл - ақпараттарды, фактілерді ұсынумен шектелсе, онда оқыту әдісі ақпараттық хабарлау, немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды.

Жаңа заман мұғалімі өз білімін қолданумен қатар, шәкірттері зерттеушілік, ізденушілік-әрекетін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі керек. Жаңа технологияларды жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына, пәніне деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Қазіргі таңда әдіс - тәсілдердің тиімді жолдарын мұғалім өз еркімен таңдайды.

Әлемдік озық идеялар негізінде жасалынған жобалардың бірі – американдық - педагог ғалымдар Чарльз Темпл, Куртис Мередит, Джинни Стилл ұсынған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы. Қолжетімді технологиялардың бірі – «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. «Сыни тұрғыдан оқу мен жазу» арқылы дамыту бағдарламасының дамыту жобасының идеяларын сабақ беру практикасында қолдану тиімділік беріп отыр. Мұнда «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы неден және қалай басталды? Қандай жағдай болса да тиімді аяқталып немесе әрі қарай жалғасын табу үшін не істеу қажет деген ойды туындатады. Зерттеу әдісін қолданғанда А.М.Смолкина мұғалім оқушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, қосымша ақпарат, фактілерді жинап оларды өз бетімен талдау және қортындылау, өз ойын дәлелдеуге керекті материалдарды жинау, т.б) береді. Оқушылар оларды өз бетімен орындайды, бірақ бұдан мұғалімнің басшылығы керек емес деген сөз туындамауы қажет. Осындай мазмұндардан шығатын қорытынды мұғалім білім алушыға бағыт бағдар беруші болуы керек[4].

А.Әлімов инновациялық технологияларға интербелсенді оқу, оқыту деген атау береді. Интербелсенді оқу дегеніміз – өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу мен оқыту, диалог арқылы үйрену, үйрету, мұнда үйретуші-үйренуші, үйренуші-үйренуші, үйренуші-өзімен-өзі форматтарында жасаған қарым-қатынас (әңгіме, сұхбат, пікірлесу, бірлескен әрекеттері). Өзара бірлескен әрекетке құрылған бұл оқыту технологиясының тиімділігі шәкірт өзі ғана үйреніп қоймай, оны басқаға түсіндіре білу деңгейіне жетеді. Құрастырылған білім (конструктивизм) іздену, тану және ой толғау секілді үйренушілердің өзіндік белсенді әрекеттері негізінде игеріледі. Білім игеруде олар дайын күйде берілген ақпаратты есте сақтау үшін қабылдамай, оларды игеру сөзінің шын мағынасы бойынша жан-жақты қарастырады, оларды әрекеттер арқылы зерттейді [5].

Қазіргі заманның мамандары дүние танымы, кең жан - жақты жетілген өмірлік белсенді ұстанымы бар азамат болуы тиіс. Жеткіншектердің шығармашылық қабілеті мен белсенді ой еңбегін дамытуды ұйымдастыру оқу үрдісінде жаңа құралдар мен әдістемелерді енгізу қажеттігімен байланысты. Оқудағы болатын мұндай өзгерістер психолог еңбегін жетілдіруді және әрдайым психологиялық – педагогикалық талдауды талап етіп отырады. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, психологиядағы белсенді әдістерді пайдалана отырып, білім алушылардың белсенділіктерін көтеруге болады. Қазір педагогика жаңалықтарын қолданылып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай пайдалана білу оқытудың мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Мұнда сабаққа деген өзіндік қызығушылығын арттыру, ынта-қабілетін жетілдіруге жағдай туғызу, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы білім алушылардың ой ұшқырлығын қалыптастыруға болады. Оқу жеткіншектің іс-әрекетінің түрі, оқыту (өзі оқу, бірін-бірі оқыту) жүргізіледі де, оқымыстылыққа жетелейді. Жеткіншектердің білім мазмұнын игеру іс-әрекеттері әрқилы формада жүзеге асырылады. Бұл әдісті қолдану жеткіншектердің жас

ерекшелігін, әр оқушының топта жұмыс жасай алу ерекшелігін білу сияқты психологиялық және метаологиялық білімнің болуын талап етеді. Демек, оқытудың белсенді оқыту әдістері – бұл оқу үрдісінде субъектінің жоғары белсенділігін қамтамасыз ететін әдістер жиынтығы. Оқытудың белсенді оқыту әдістерін пайдаланудың тиімді жақтары көпжақты деп тұжырым жасауға болады.

Ойымызды жинақтай келе, бізді қоршаған ортадағы дүниелер мен құбылыстарды жанама және сөздік түрінде бейнелеу, яғни санамыздағы ойды сөз арқылы жеткізу үрдісін байқауға болады. Біздің қабылдауымыз бен түйсіктеріміз арқылы танып-білуге болмайтын заттар мен жағдайлардың ішкі мәні мен заңдылықтарын тек қана ойлау арқылы білуге болады. Сондықтан да, орта буын сыныптарды оқыту барысында жеткіншектердің таным процестерін дамыту аса маңызды болып саналады. Осыған орай оқыту барысында балалардың ойлау қабілетін дамытуға арналған арнайы әдістерді қолдануға болады.

«Егер мен...» психологиялық тренингі

Мақсаты: жеткіншектердің ойлау процесін және логикалық ойлауын дамыту.

Міндеті: жеткіншектердің логикалық ойлау деңгейін анықтау.

Барысы:

- 1-оқушы: Егер мен мексикаға ұшып барсам, музыка тыңдаймын.
- 2-оқушы: Егер мен музыка тыңдасам, көңілді боламын.
- 3-оқушы: Егер мен көңілді болсам, көп балмұздақ сатып аламын т.с.с.

«Атаулар туралы үш сұрақ» тренингі

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз? Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

«Ашық және Жабық сұрақтар» тренингі

Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға септігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз?

Жұмыс үлгісі: оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі.

«Аяқталмаған сөйлем»

«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.

- қызықты болғаны.....
-қиындық тудырды.
- менің түсінгенім.....
- енді мен.....аламын.

Қорыта айтқанда, түрлі зерттеу әдістерімен адамның даралығын анықтайтын, оны жақсы түсінуге мүмкіндік беретін пән болып табылады. Негізі қандай да бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибиесі, білімі, икемі, сенімі мен мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады. Ал, тұлға бойындағы болмыстытануға мүмкіндік беретін, ол ойлау процесі болып табылады. Біздің қабылдауымыз бен түйсіктеріміз арқылы танып-білуге болмайтын құбылыстарды ойлау арқылы білуге болады. Сондықтан да, жеткіншектерді оқыту барысында таным процестерін дамыту аса маңызды болып саналады.

Жеткіншек дамуын қалыптастыру, дамыту-тәрбиелеу жеке басының психологиялық сапаларының қалыптасып дамытынын білдіреді. Бұл үшін алдымен жалпы оқытып-тәрбиелеу жұмысының жоғары мәдениеттілігін ұстану қажет. Оның құрамына мұғалімдердің кәсіби даярлығы, кәсіби шеберлігі болса, ал оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуы, оқытуда белсенді әдістердің қолданылуы, оқушыларда жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, өзінің іс-әрекетіне баға беру, есеп бере білу, сабаққа саналы қатынасы, білімнің қажеттілігін түсіну, білім алуының еркін тәрбиелеу және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2018
- 2 Әбеуова И.А. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2014.
- 3 Әмірова Б.А., Молдабаева Р.А. Психологияны оқыту әдістемесі. –Қарағанды, 2012.
- 4 Смолкина А.М. Методы активного обучения /А.М. Смолкина. - М.: - 2015. – 260с.
- 5 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – А.: –2013.

ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оралымбетова Г.У., Үсіпбек Ғ.А.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан*

Мақалада тұлғаралық қақтығыстардың түрлері мен пайда болу себептері қарастырылған. Қақтығыстарды алдын-алудың әдістер мен тәсілдер ұсынылған.

Кілт сөздер. Деструктивтілік, конструктивтілік, вертикаль, горизонталь, моно, поликаузальді.

В статье рассматриваются виды и причины возникновения межличностных конфликтов. Представлены методы и приемы профилактики конфликтов.

Ключевые слова. Деструктивность, конструктивность, вертикаль, горизонталь, моно, поликаузаль.

The article discusses the types and causes of interpersonal conflicts. Methods and techniques of conflict prevention are presented.

Keywords. Destructiveness, constructiveness, vertical, horizontal, it is possible, polycasuality.

Қазіргі кезеңде адамның жан дүниесімен сырласып, оның психологиясын зерттеуде психологтар мен педагог мамандар, ұстаздар мен басқару жөніндегі жетекшілердің жете зер салып, көңіл аударып отырған маңызды мәселесінің бірі адамдар арасындағы қарым-қатынас, олардың өзара тілдесуі, бір-бірімен қақтығысуының құпия сыры және орны деген мәселенің шешімін табу маңызды болып отыр. Олар қоғамдық талап пен қоғамдық қажеттіліктерден туындайды. Қоғамдық өмірден нарықтық экономикаға көшу барысында адамның әлеуметтік және кәсіби жүйедегі қақтығыс мөлшері бірден жоғалмайды. Осы себептен конфликтология саласында арнайы мамандардың қажеттілігі мен маңыздылығы артуда. Түрлі жағдайлар кезінде қақтығысты жағдайды шешу техникалары әлеуметтік-

психологиялық дайындықты қажет етеді.Тұлға дамуының ерекшелігі өмірде кездесетін түрлі қақтығысты жағдайлардың алдын-алу, шешу және болдырмау мәселелерін қарастырады.

Осыған орай, қақтығысты жағдайлардың туындауы, оның дамуы және шешу жолдары психологиялық заңдылықтармен сипатталады. Қақтығыстық жағдайды шешудің конструктивті жүесі және өзіндік ерекшеліктері бар. Қақтығыс типтері: жазық және көлденең болып келеді.

Қақтығыс түрлері:

- іскерлік өндірістік;
- топаралық;
- тұлғааралық;
- рольдік;
- тұлға ішіндегі;
- энтоұлттық;
- саяси;
- монокаузальды т.б.

Қақтығыстың пайда болу дәрежесіне қарай ашық, жабық, кездейсоқ және әдейі азғырушы болып бөлінеді. Қақтығыс нәтижесінің деструктивтілігі және конструктивтілігі әрекеттесудің процесінде оның қатысушылары әртүрлі ойларын айту мүмкіндігін иеленеді, шешім қабылдауда альтернативалардың көптігін көрсету, бұл қақтығыстың маңызды позитивті мәні болып табылады.

Топаралық және тұлғааралық қақтығыс бұл индивид пен топтың немес топтардың өздерінің арасындағы қақтығыс болып табылады. Қақтығыстарды түрлерге бөлу шартты ғана, оның түрлері арасында қатаң шекара жоқ және тәжірибеде мынадай қақтығыстар туындайды ұйымдастырушы, вертикалды, тұлғааралық, горизонталды, ашық, топ аралық және т.б.

Қарастырылған қақтығыстар әртүрлі қызметтер позитивті де, негативті де қызметтер атқаруы мүмкін. Қақтығысушы жақтар арасындағы қызуды төмендету. Қақтығысқа қатысу үшін, үлкен эмоционалды, материалдық шығындардың жұмсалуды. Оппонент туралы жаңа ақпарат алу. Қызметкерлерді жұмыстан шығару, тәртіптің төмендеуі, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың нашарлауы. Сыртқы жаумен күресте ұжым мүшелерінің бірігуі. Жеңген топтар туралы қастық түсінікте болу. Өзгеру мен дамуға деген стимулдеу. Қақтығысты әрекеттесу процесімен шектен тыс қызығып, жұмысқа зиян келтіру. Қоластындағылардың бас ию синдромын алып тастау. Қақтығыс аяқталғаннан кейін - әріптестердің бір бөлігі арасындағы бірлесе жұмыс істеу дәрежесінің төмендеуі. Оппоненттердің мүмкіндіктерін диагностикалау. Іскерлік қарым-қатынастарды қайта қалпына келтірудің қиындығы [1].

Отбасында кездесетін қақтығыстар ерлі-зайыптылар жүріс-тұрысына психологиялық талдау жасау. Ата-ана мен бала арасындағы қақтығыстар. Жас ерекшелік деңгейге байланысты пайда болатын қақтығыстар. Жас ерекшелік дағдарысы. Күнделікті өмірде жиі кездесетін қақтығыстар.

Өндіріс орындарында ұжымдар ішінде туындап отыратын талас тартысты, дау-дамайлы мәселелер негізінен жеке адамдардың мақсат мүдделерінің, көзқарастары мен қалыпты жағдайлардың өзгеруіне, олардың жеке бастарының мінез-құлқы ерекшеліктеріне қанағаттанбау сезімінің салдарынан туындап жатады. Ал қақтығыс ұжымдарда олардың іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра алмай іскерлік қасиеттерінің тоқырап қалуына әкеп соқтырады. Сөйтіп талас-тартыстың шығуы негізінен тоқырап қалуға қарсы күрес жүргізуге байланысты екенін аңғартады. Қақтығыс әсіресе жеке адамдардың өзара жалпы тіл тауып түсінісе алмау салдарынан шығады. Өйткені әрбір адамның даралық ерекшеліктері, көзқарастары мен өмір тәжірибесі түрліше. Сондай ақ дау-дамай әрбір адамның өзгелерден тәуелсіз өзіндік мінез-құлқына орай бостандықты қалауы деп те

түсінуіміз керек. Дегенімен қақтығыс жағымсыз, ұнамсыз жақтарымен бірге, пайдалы да ұнамды сипаттары болатынын атап айтуға тиіспіз.

Қақтығыстың шығу дәрежесіне қарай төрт қақтығысты жағдай және тәрт инцидент типтері анықталынды: әдейі-мақсаттылық, әділ-мақсатталмаған, субъективті(өз пікірінше, өздігіне) мақсаттылық, субъективті-мақсатталмаған. Қақтығыс жағдайлары мен инцидент парамаетрлеріне белгілей келе біз түрлі қақтығыстарды анықтаймыз. Ал адамның еңбек әрекеті кезінде болатын қақтығыстар іскерлікдеп аталады. Іскерлік қақтығыстардың нәтижесі эмоциональді-тұлғалық қақтығысқа ауысады.

Ұзаққа созылған іскерлік қақтығыстар:

1. Қақтығыс нысанын жоғалтып, тұлғалық қақтығыста өзгереді.
2. Оponentтердің бір-біріне негативті қатынас қалыптасады.

Эмоционалды-тұлғалық қақтығыстар оponentтердің жеке сапаларының ішкі психологиялық себептерінен негізделеді. Қақтығыс дәрежесіне қарай ашық және жабық, кездейсоқ және үнемі болып бөлінеді. Жасырын қақтығыс екі адам арасында болады, олар өздерінің қақтығысқа түсіп жүргенің көрсеткілері келмейді. Бірақ біреуінің жүйкесі шаршағанда қақтығыс ашық түрге ауысады. Қақтығыс кездейсоқ болады. Кездейсоқ қақтығыс күтпеген себептерден пайда болады. Ал үнемі қақтығысу, саналы түрде жүреді. Үнемі қақтығысу еңбек өнімділігіне әсер етеді, сапасы төмендейді. Сондықтан қақтығыстың себепін талдауда және бастапқыны анықтауда қозғаушының мотивін, мақсатын және кінәліні іздеу қажет.

Өндірістік қақтығыстың екі формасы бар:

- вертикаль – нақты өндірістік ұжымда жетекші мен бағынушы арасында
- горизонталь - өндіріс жұмысшылары, ұжым мүшелері арасында.

Қақтығыстың дамып - өршуі мынадай этаптардан өтеді: қақтығысқа қатысушылар арасындағы қысымның біртіндеп өршуі, проблемді жағдайлар санының көбеюі және бастапқы мәселенің тереңдеуі, қақтығысқа қатысушылар белсенділігінің жоғарлауы, қақтығысқа жаңа адамның енуі, эмоционалды қысымның өршуі, қақтығысқа қатысушының әрекетін қадағалау, ол кейде ұйымдастырылмауы қақтығысқа қатысушылар мінез – құлқына әсер етеді. Проблемді жағдайдың пайда болуы және қақтығысқа жалпы қатысушылардың қатынасуының өзгеруімен байланысты.

Еңбек ұжымының психологиялық климатына қақтығыстың әсер етуі деструктивтіге бөлінеді, мұнда өзара қарым – қатынас іштей бөлінеді және бұзушы қақтығысқа өтеді, дискомфорт және санасумен қорытындыланады. Ал конструктивті творчестволық ұжымдағы жағдайды реттейді. Кейде қақтығыс жағымды жағдайды тудырады, олар тәртіпке келтіру және еңбекті бұзушылықты жұмыстағы келіспеушіліктерді анықтайды, іскерлік қарым – қатынасты жақсартады. Барлық қақтығыстар, көлеміне қарамастан біртекті динамикалық схема түрінде дамиды. Деструктивті класикалық үштікбойынша тізіледі: белсенді, енжар, дәнекер.

Белсенді қақтығысқа түсуші – қақтығыс кезінде авторитарлы және этикаға жатпайтын жағдайларды қолданады: агрессия, қысым, қорқыту және т.б.

Енжар қақтығысқа түсуші – жалтақтап, үндемей және қақтығыстан күрессіз шығуға тырысады. Егер белсенді қақтығысқа түсуші соңында кейде кінәлі сезімінде болса, ал белсенді қақтығысқа түсуші – тек реніште болады.

Дәнекер үшінші рольге енеді, екеуіне қарағанда беделді. Ол қақтығысты шешуге көмектесетін конфликтолог – маман болуы мүмкін. Қақтығыста екі жағымсыз тактика көрінеді: күрес – қашу; ұтыс – ұтылыс.

Белсенді қақтығысушы өзінің үкімін, билігін жиі зиянды қолданады. Серігінің әлсіз жерлеріне қысым көрсетеді. Сондықтан жасырын жердегі реніш ішкі қақтығысқа немесе ашық түрдегі кек алуға өршуі мүмкін.

Қақтығысты жағдайдың ішкі және сыртқы себептерінің сипаттамасы. Сыртқы себептер: іскерлік және өзара тұлғааралық келіспеулер, жұмыстағы қателіктер, жұмыс тәртібі мен келісім негізін бұзу. Ішкі себептер: жағымсыз эмоционалды және өзара

қатынастың арасындағы байланыс. Қақтығыста эмоцияны басқару. Қақтығыстан шығудың психологиялық ерекшеліктері.

Қақтығысты басқару - болжау, ескерту, жою, реттеу. Қақтығыстың өзара қарым-қатынасты бұзуы және зардаптарының себептері бар. Қақтығысты жағдайды шешудің орталығы, ол қақтығыстың шығу себебін анықтау керек. Сыртқы себеп және қақтығыстың ішкі типтері болады. Сыртқы себеп-іскерлік түсініспеушілікпен байланысты, іс жүргізу түрінде қарастырылады. Ішкі себеп – жағымсыз эмоциялық қатынас. Қақтығыстың болуының басқа себептері – психологиялық және мағыналы барьер (мінездердің сәйкес келмеуі, талаптардың сәйкестенбеуі, өтініш пен өкілдердің келіспеуі), қарым-қатынаста серіктердің өзара түсінісушілігі мен алдағы біріккен әрекеттерінде кедергілердің болуы. Жеке тұлғалық қақтығыстардың себептері: өзінің қауыпсіздігіне деген қорқыныш, реніш сезімі, көреалмау және кек, өзіндік бағаның жоғарлығы. Қақтығыстың бастапқы жаралуы өкініштен басталады өзіндік баға мен қоршаған орта бағасының сәйкес келмеуі де әсер етеді:

- өзінің дәрежесін жоғары белгілеу, қоршағандарды тітіркендіреді;
- артық өкпелеу себебі, өзіндік бағаның жоғарлығы болуы мүмкін. Мұнда қоршаған ортаны кінәлау, олардың дөрекілігін ескертуге болмайды;
- барлық адамда өзіндік орнымыз бар, сондықтан оны сынмен, кемсітумен қарауға болмайды;
- барлық адамдар өзінің іс-әрекетін дұрыс бағалауын, сонымен қатар мақтауды қажет етеді, егер ол сәйкес болса.
- жүйке жүйесімен ауыратындарда ұрыс, қақтығыс жиі болады, өткір жүреді және қиын шешіледі. Ауру қатынаста қиын өтпелі болуы мүмкін, ал одан жеңіп шығу үшін дәрігер-психоневропатологтардың көмегі қажет.

Топаралық қақтығыс – тұлғааралық қақтығыстың бір түрі. Мұнда қақтығысқа түсуші жақ әлеуметтік топ, бір-бірінен іс-әрекеттері арқылы кедергі жасайды және мақсаттары әртүрлі:

- а) рөлдік қақтығыс – бір жағдайда адамдардан бірдей екі немесе сәйкес келмейтін бірнеше рөлдерін орындауды талап етеді және мінез-құлық типтері сәйкестігі болуы керек.
- б) моно және поликаузальді қақтығыс (латынша, causa-себеп), өзіндік ретінде бір немесе бірнеше себептер сәйкестенеді.

Тұлғааралық және өндірістік қақтығыстар бірнеше себептерден тұрады. Ішкі тұлғалық қақтығыс – ол бір адамда қызығу, қажеттілік және мотивтердің қарама-қарсы соқтығысуынан пайда болады. Олардың негізі тұлғаның негативті психологиялық жағдайы: ішкі уайым, реніш, көңілдің қалуынан.

Психолог К. Левин ішкі тұлғалық қақтығыстың бірнеше түрлерін анықтады:

- а) «Жақындасу-жақындасу» - ситуация, мұнда адамға екі шешімнен біреуін таңдау талап етіледі.
- б) «Жақындасу-жою» - ситуация, мұнда таңдауда жағымды және жағымсыз бірдей екі жақ байланысып қатысады.
- в) «Жойылу-жойылу» - жағымсыз субъективті қойылым.

Қақтығысты жеке тұлға – ол басқа жеке тұлғаға немесе ұжымға өзіндік пікірі жоғары, үнемі ырзалық білдірмейтін, шағымданушы адамдар. Ішкі тұлғалық қақтығыс жиі созылмалы және қиын шешілетін мінез-құлықты көрсетеді [2].

Күнделікті өмірде адамдардың өзара түсінісіп, бірлесе отырып қызмет атқаруы үшін олар біріне-бірі сенім артып, жұмыла іс атқаруы – ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал орнатуға тәуелді болып отыратындығы өмір тәжірибесінде дәлелденген жәйт. Осы тұрғыдан қалайда қарсыластардың өзара қарым-қатынасындағы ұнамсыз жәйттер кез-келген істің алға басуы үшін аяққа тұсау саларлық кедергі екені кімге болса да жақсы атақ әпермейтіні мәлім.

Психологтар, жетекшілер мен бағынушылар және адамдардың арасында кездесіп отыратын талас – тартысты мәселелердің мән жайына жете көңіл аударып, олады дер

кезінде шешіп отыру еңбек ұжымдағы қалыпты психологиялық ахуал орнатудың басты шарты болып саналады.

Мұндай жағдайда жетекші өзінің басшылық ісін мынадай ретпен жүзеге асыруды мақсат етеді:

- қақтығыс туғызған мәселе мен оның жағдайы. Бұл жәйтті анықтауда жетекші қызметкерлер болған оқиғаның себептерін, оның туындауы туралы қажетті мағлұматтарды толық білуі керек:

- сол қақтығыс мәселелердің түйінін шешіп, оны болдырмаудың тиімді амал – тәсілдерін белгілейді:

- сондай-ақ адамдар арасындағы талас-тартысты мәселенің одан әрі шиеленіспеуі үшін оны барынша қысқа мерзім ішінде шешуді қарастыру қажет;

- талас-тартысты топтардың арасында туған кикілжің мен мәселелер өршіп кетпеуін тоқтату үшін жанжалдасушы жақтардың мақсаттарын қанағаттандырарлық тиімді жолдарын бірлесе отырып шешкен жемісті болары күмәнсіз және ол топтардың мақсаттарын да жүзеге асырудың амал-тәсілдерін іздестіру керек[3].

Қақтығыс мәселелерді шешуде мынадай факторларды үнемі ескеріп отырған пайдалы болмақ:

- талас-тартысты мәселенің туындау себептері мен оған қатысушы адамдар мен топтардың пікірлерін екі жағының да ашық-айқын түрде айтып ортаға салынуы және оны шешудің тиімді жолдарын белгілеу;

- талас-тартысқа қатысушылардың өзара біріне-бірі сенімділік білдіріп, істің мән-жайын анықтауға ықыласты болуы.

Педагогтың оқушылармен қарым-қатынас стилі - әлеуметтік және адамгершілік жағынан байытылған сатысы. Педагог өзінің педагогикалық іс-әрекеті және үйренушілердің оқу іс-әрекеті негізінде қарым-қатынас қиындықтары пайда болады. Педагогикалық іс-әрекетте қиындықтар пәндік мазмұнның өзімен, педагогтың меңгерілуі оның іс-әрекетінің негізі болып табылатын білімдерге ие болу деңгейі және сипатынан да туындауы мүмкін, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық іскерліктерден, дидактикалық құзырлылықтан да, үйренушілерге педагогикалық әсер ету тәсілдері және құралдарынан да туындауы мүмкін. Осыдан, педагогикалық қиындықтардың негізгі бағыттары білім беру процесінің дамуы, мазмұны және формаларымен, мұнда оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі оқытушының ерекшеліктері және қарым-қатынас процесімен байланысты.

Педагогикалық іс-әрекет үрдісіндегі қарым-қатынасты төмендегідей жіктеуге болады:

- мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының жалпы жинақталған жүйесі;

- педагогикалық іс-әрекеттің нақты кезеңіне тәуелді қарым-қатынас жүйесі;

- нақты педагогикалық және коммуникативті тапсырманы шешуден туындаған ситуативті қарым-қатынас жүйесі.

Білім беру ортасындағы өзара әрекеттесуші тұлғаларды дамытудың, түрлі жағдайларда оқушылардың жетістікке жетуіне итермелейтін, сыныптық тапсырмаларды орындауда іскерлік пен тәсілдерді меңгеруде ықпал ететін мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен іс-әрекет неізінде болатын қарым-қатынас мәселесі. Мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің негізгі іс-әрекеті қарым-қатынас. Бірақ осы жастағы оқушылардың жас ерекшелік деңгейінде болатын психологиялық өзгерістерге байланысты қарым-қатынаста да бірнеше қиындықтар кездеседі. Осы мәселені шешудегі маңызды фактор бірлескен педагогикалық іс-әрекетке қатысушылардың субъект-субъекттік өзара үйлесімді психологиялық жағдаймен қаруландыру нәтижесінде оқытудың нәтижелілігін арттыру. Оқытудың нәтижелілігі педагогикалық әдістергеғана негізделмейді, оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың маңыздылығына да байланысты. Білім беруде оқыту үрдісінің тиімділігі немесе жекеленген оқушыларға психологиялық-педагогикалық ықпалдың тиімділігі мәселесінен артық мәселені табу қиын [4]. Осыдан, кез-келген

педагогикалық іс-әрекет, ол сабақ немесе тәрбиелік-дамытушылық іс-шаралар мұғалім мен оқушы әрекетінің түрлі формалары мен өзара әрекеттестігінде көрінеді.

Әдебиеттер

- 1 Вишнякова Н.Ф. Конфликтология - Минск, 2010
- 2 Ратников В.П. Конфликтология. – М, 2014
- 3 Дмитриев А.В. Конфликтология. – М, 2015
- 4 Турдалиева Ш.Т. Конфликтология [Электронды басылым]: электронды оқу құралы / Ш.Т. Турдалиева. - Тараз : ЖАТО, 2017. - 457 МБ : CD. - б/ж.

ЖАСЫРЫН АҚПАРАТТЫ ТАНУДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҒЫНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖЕКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

*Закарьянова Ш.Н., Баймолдина Л.О., Казиханов Б.М., Аймаганбетова О.Х.,
Адилова Э.Т., Садвакасова З.М.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясы
Алматы, Қазақстан*

Бұл мақалада полиграфологиялық зерттеу жүргізу барысында жасырын ақпаратты анықтаудағы психологиялық мағынаның маңыздылығы қарастырылған.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігінің «Полиграф көмегімен радикалистік көңіл күйге сезімталдықты психофизиологиялық зерттеу және студенттер радикализмінің алғашқы алдын-алу» жобасы аясында жазылған (ИРН- АРО 9261155).

Кілттік сөздер: Полиграф, эмпирикалық зерттеулер, радикализм

В данной статье рассматривается важность психологического смысла в выявлении скрытой информации при проведении полиграфологического исследования.

Статья написана в рамках Проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан: «Психофизиологическое исследование подверженности радикалистским настроениям с помощью полиграфа и первичная профилактика радикализации студентов» (ИРН- АРО 9261155).

Ключевые слова: Полиграф, эмпирические исследования, радикализм.

This article discusses the importance of psychological meaning in revealing hidden information during a polygraph examination.

This article was written within the framework of the Project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: "Psychophysiological Study of Exposure to Radicalism with the Polygraph and Primary Prevention of Radicalization of Students" (IRN-ARO 9261155).

Key words: polygraph, empirical studies, radicalism.

Қазіргі кезеңде еліміздегі ғылыми-техникалық жаңару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш-жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді [1]. Осы тұрғыда Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқан полиграф құралында жүргізілетін тексеру әдісі айқын мысал бола алады. Аталмыш құралды пайдалана отырып тексеру жасырын ақпараттарды анықтау әдісі ретінде, екі компоненттен тұрады, атап айтқанда, формалды-әдістемелік аспект және психологиялық мазмұн.

Жасырын ақпараттарды анықтау стратегиясының құрылуы екі компонентке негізделеді, нақтырақ:

- зерттелушіге қарастырылып жатқан оқиғаның қандай фактілері белгілі болуы мүмкін екенін болжамды түрде анықтау;
- нәтижені талдау үшін маңызды зерттелген эпизодтың қандай да бір белгілерін анықтау үшін тексеру кезінде маманның мінез-құлықтың негізгі сызығын анықтау.

Бүгінгі күнге дейін жасырын ақпаратты анықтауда нәтижелердің психологиялық мағынасын қалыптастыру, жеке психологиялық сипаттамалардың әсерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген танымал полиграф мамандар бұл мәселені атап көрсетеді. Бұл мәселені зерттеу үшін адамның жеке психологиялық сипаттамалары қандай екенін, психологиялық мағынаны қалыптастыруға және жасырын ақпаратты анықтауға қалай әсер ететіндігін анықтау қажет.

Жеке тұлғаның психологиялық қасиеттері іс жүзінде өзгермейтін, сонымен бірге субъект өмірінің өзгеріп отыратын сыртқы жағдайларына қарамастан, мінез-құлық деңгейінде айқын көрінетін және өзгермейтін тұлғаның тұрақты мінезімен түсіндіріледі [2-5].

Психологиялық мағынаны қалыптастыруға және жасырын ақпаратты анықтауға тұлғаның жеке психологиялық сипаттамаларының әсері қалай пайда болады? Көптеген ғалымдар өздеріне осындай мәселені қойды, бірақ индивидтің жеке-дара психологиялық ерекшеліктерінің алуан түрлілігіне байланысты нақты шешімге келу мүмкін болмады.

Полиграф маманының зерттелушінің айғақтарын сыни тұрғыдан бағалау, осы айғақтарға мұқият талдау жасау және осының негізінде қателіктерді, қасақана бұрмалаушылықтарды, тергеу жүргізіліп жатқан оқиғаның белгілі бір мән-жайлары туралы ақпаратты жасыруды анықтай алу қабілетін қалыптастыру үшін зерттелуші куәлігінің психосемантикасының психологиялық мағынасының маңызы зор.

Сондықтан, А.Ю.Молчанов пен С.И. Оглобина пікірі бойынша, респондентпен әңгімелесу тактикасын таңдағанда, полиграф маманы сол когнитивті процестердің және субъектінің айғағының негізінде жатқан семантиканың ерекшеліктерін ескеруі керек, яғни, сезу, қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау және мағыналарды қалыптастыру процестері. Сондай-ақ, маман субъектінің жеке психологиялық ерекшеліктерін, оның мінезін, темпераментін, сондай-ақ респонденттің интеллектуалды және білім деңгейін ескеруге міндетті. Моральдық тұрғыдан тәрбиеленген мінез адамды мінез-құлық тұғысынан да, оның айналасымен байланысы тұрғысынан да сипаттап отырады [6].

В.А.Варламовтың пікірінше, тексеріс нәтижелеріне полиграфтың психологиялық және психофизиологиялық мазмұнымен байланысты көптеген факторлар әсер етеді деп тұжырымдайды. Атап айтқанда, физиологиялық реакцияларды тіркеу нәтижелеріне организмнің биологиялық сағатымен байланысты организмнің физиологиялық процестерінің жүрісі әсер етеді. Күннің бірінші жартысында зерттелушінің маңызды тітіркендіргіштерге реакциясы өте айқын көрінеді, түскі уақытта сыналушының реакциясы тежеледі және әрдайым көрінбейді, ал кешке реакциялар толығымен жоғалады [7].

Сондай-ақ, В.А.Варламовтың айтуынша, тіркелген физиологиялық реакциялар мен полиграфологиялық тестілеудің нәтижелеріне жүйке процестерінің тепе-теңдігі, жүйке жүйесінің сарқылуы, эмоционалды лабильділік сияқты сипаттамалар әсер етеді. Барлық осы сипаттамалар зерттелушінің полиграф тестіне бейімделуіне әсер етеді, оның барысында реакцияның пайда болуына түрткі болатын факторға деген көзқарас өзгереді, маңызды реакция пайда болады және нәтижесінде реакцияның өшуіне әкеледі. Нәтижесінде маман сұхбаттасқан адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін, әсіресе қоршаған ортаға және оның мінез-құлқына, организмнің ішкі процестеріне реттелуі мен бейімделуіне жауаптыларды ескеруі керек.

Басқа А.П. Сошников пен А.Б. Пеленицын сияқты танымал полиграфологтардың пікірі бойынша полиграфолог міндетті түрде респонденттің, әсіресе, бейімделуге және қоғамдық өмірдегі мінез-құлықты реттеуге жауап беретін жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруі керек. Полиграфта тексерудің психологиялық компоненті тестке дейінгі сұхбат құруға негіз болады, себебі, бұл өз кезегінде полиграфта тексерудің 90% тиімділігін қамтамасыз етеді [8].

А.Ю. Молчанов, В.Н. Федоренко, А.Б. Пеленицын, Я.В. Комиссарова, В.А. Варламов, А.П. Сошников сияқты белгілі полиграф зерттеушілері жеке тұлғаның жеке

психологиялық сипаттамалары психологиялық мағынаның қалыптасуына және сәйкесінше сыналушы ағзаның жасырын ақпаратқа деген физиологиялық реакцияларының дұрыс тіркелуіне әсері туралы айтады, бұл құбылыс мұқият және жете зерттеуге лайықты [9].

Әлемдік тәжірибеде мұндай эмпирикалық зерттеулер өте аз екенін мойындау керек және полиграфта сауалнама жүргізу кезінде тұлғаның жеке психологиялық сипаттамаларының психологиялық мағынаны қалыптастыруға әсері саласындағы зерттеулер қазіргі кезде өзекті болып табылады.

Семантикалық және мақсаттық орнатылым тұжырымдамалары жасырын ақпаратты ашуда полиграфологиялық тестілерді өткізуде өте маңызды рөл атқарады. Полиграфологтар қолданатын негізгі әдіс – жалғандық детекторының көмегімен сыналу процесінде психологиялық қатынасты өзгерту болып табылады.

Бұл әдісті қолдану барысында психологиялық мағынаның 2 түрі қолданылады. Бұл мағыналық орнатылым және мақсатты орнатылым деп аталады. Семантикалық және мақсаттық орнатылымдардың арқасында жасырын ақпаратты ашуға арналған тесттер жасалды, олар жалғандық детекторының көмегімен жүргізілетін тексеру кезінде қарсылықты бейтараптандыруға қабілетті.

Енді орнатылымдардың бұл түрлері полиграфта тестілеу кезінде қалай қолданылатынын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Психологиялық көзқарасты өзгерту құбылысын қолдану әдістемесін ресей ғалымдары жасап шығарған. Бұл әдіс күдікті-мазасыз типті тұлғалармен жұмыс жасау кезінде полиграфологиялық тестілеудің айыптаушы қателігін бейтараптандыру мақсатында жасалған. Психологиялық орнатылымды өзгерту әдісі екі жолмен жүзеге асырылады. Біріншісі - мағыналық қатынастың өзгеруі, екіншісі - мақсатты қатынастың өзгеруі.

Бірінші әдісті, Холодныйдың мағыналық қатынасты өзгерту әдісі - жағдайлық маңызды тітіркендіргіштерді анықтау арқылы түсіндіруге болады. Бұл техника өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында жасалды. Көп жағдайда стимуляциялық-маңызды тітіркендіргіштерді анықтау әдістемесі зерттелетін оқиғаның жалпы белгілерін қолдануға негізделген, алайда кейбір жағдайларда маман жеке белгілерді де қолдана алады. Әдістеме біріктірілген диадты немесе біртекті тест қатарларының үштігін қамтиды. Бір тексеру қатары және бір немесе екі бақылау қатары. Қатарда барлық сұрақтар жалпыға бірдей, яғни ынталандырулар, соның ішінде зерттелетін оқиғаның барлық қатарларға ортақ бір шынайы белгісі бар.

Бақылау қатарлары мен тексеру қатарларын ұсыну міндетті түрде 12-15 минут уақыт аралығымен бөлінеді, яғни қатарлар аралық тест арқылы ұсынылады.

Негізгі логикалық ұстаным басқару қатарында жалпы кіріспе сұрақтың көмегімен зерттелетін оқиғаның белгілеріне жатпайтын семантикалық орнатылымның орын алатындығына негізделген.

Біріктірілген тексеру сериясында жалпы кіріспе сұрақты қолдана отырып, семантикалық орнатылым бақылау қатарының априорлық маңызды ынталандыруынан басқа, бақылау қатарының семантикалық орнатылымына сәйкес бұрын бейтарап болған ынталандыруға ауысады.

Жалпы кіріспе сұрақпен берілген біріктірілген тексеру сериясының семантикалық орнатылымы зерттелетін оқиғаның шынайы белгісін зерттелетін адам осы оқиғаға қатысқан жағдайда ғана ситуациялық маңызды ынталандыруға айналдырады.

The Head of State proposed the project Modern Kazakh culture in the global world. We are talking about getting the world to know Kazakhstan not only by its oil resources and major foreign policy initiatives, but also by our cultural achievements. For the first time in its thousand-year history, our culture will resound on all continents and in all the major languages of the world.[4,p. 55]. To help the teacher, Methodological recommendations for the education of the younger generation based on the spiritual and value orientations of the RukhaniZhangyru Program were developed.

When studying the article of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev Looking to the future: modernization of public consciousness in general education organizations, it is necessary to take into account the psychological and age characteristics of students, pay attention to the development of the individual both from the point of view of its spiritual culture, social and critical thinking, which allows to objectively perceive social information, and from the point of view of practical activity in social roles. When conducting class hours and other educational activities, it is recommended to use new technologies and active forms of education productively. As resources, you should use examples from literature, cinema, journalism, poetry, and students ' own writings about their life position.

In the formation of the personality of a modern young Kazakhs, a significant role is played by their creative self-expression in various directions: social and communicative, cognitive, speech, artistic and aesthetic, sports, and recreation. The involvement of children in creative activities is inextricably linked with both the educational process at school and the extracurricular activities of students [5, p. 9]. Here it is necessary to rationally use the opportunities of additional education: optional classes, clubs, sections, cultural and sports events, including on the sixth day of school. The pedagogical potential of excursions, tourist, and local history expeditions within the framework of the educational process in accordance with the conceptual approaches to the spiritual renewal of society contributes to the self-realization of the individual, acts as a means of forming a citizen, a patriot, expands the cultural and cognitive space of the child.

References

1. *Kozhakhmetova K. Zh.* Some scientific aspects of the study of folk pedagogy and theoretical problems. 2015, pp.92-111
2. Features of educational work in general educational institutions // Instructional-methodical letter, 2018-2019, pp. 54
3. Dildibekova G. A., Klimbey L. V., Bekmaganbetova G. K., Yadrova N. V., Sadykova A. K. Spiritual and moral education of adolescents: Essence, structure and functions // International Journal of Applied and Fundamental Research, 2017, - № 3-2. pp. 272-276
4. Chigir A. A. Moral education of adolescents in modern school // Student science as a factor of personal and future specialist development. M., 2006, pp. 55-56
5. Zharkovskaya T. G. Possible ways of organizing spiritual and moral education in modern conditions. / T. G. Zharkovskaya // Standards and monitoring in education, 2003, pp. 9-12

СТЕРЕОТИП: АСПЕКТЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Оспанова Ш. Т.

*Казахстанский Национальный Университет им. аль-Фараби
г. Алматы Казахстан*

Стереотиптеу құбылысы көп қырлы. Ол адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында көрінеді және әртүрлі функцияларды орындайды. Бұл мақала осы құбылысты зерттеудің аспектілері мен мүмкіндіктерін анықтау үшін стереотиптің мәнін түсіну тәсілдерін жүйелейді.

Кілттік сөздер: Стереотип, стереотиптік, стереотипизация, стереотиптің қызметі, ассоциациялар, әлеуметтік стереотип, теріс стереотип, имплицитті тұлға теориясы, сөйлеу стереотипі.

Явление стереотипности многопланово. Оно проявляет себя в различных сферах человеческой деятельности и выполняет различные функции. В данной статье предпринята попытка систематизации подходов к пониманию сущности стереотипа с целью выявления аспектов и возможностей исследования данного феномена.

Ключевые слова: Стереотип, стереотипность, стереотипизация, функция стереотипа, ассоциаций, социальный стереотип, негативный стереотип, имплицитная теория личности, речевой стереотип.

The phenomenon of stereotype is very diverse. It manifests itself in different spheres of human activity and performs various function. The present paper is aimed at giving a systematized picture of the views on the nature of the given phenomenon revealing aspects and perspectives in its research.

Key words: Stereotype, stereotype, stereotype, function of stereotype, associations, social stereotype, negative stereotype, implicit personality theory, speech stereotype.

Введение. Какую роль стереотип играет в жизни человека: положительную или отрицательную, отношение к стереотипу довольно неоднозначно, что же такое стереотип?

Когнитивная природа стереотипа по мнению Neisser [1, с.34], служит для сохранения когнитивного ресурса, автор предполагает повторяющаяся информация кодируется в памяти в виде схем, новая информация согласуется с ожидаемой информацией, которая уже хранится в памяти, тем самым позволяет ускорить усвоение и интеграцию новой информации в существующие структуры знаний и формированию мыслительного стереотипа. Мыслительные стереотипы отражают обобщенное представление о предметах, явлениях социальной и природной среды, они довольно устойчивы, так как основаны на регулярно повторяющихся связях и отношениях. Информация, несовместимая с ожиданиями, когда воспринимающие сталкиваются с несовместимой для стереотипного мышления информацией, предстоит выбор: осмысливать заново информацию и тем самым тратить когнитивный ресурс или видоизменить информацию для соотношения уже имеющейся информацией

Основная часть. По мнению, Blair and Banaji [2,с.89], стереотипы представляют собой особый класс смысловых ассоциаций, который хранятся в долгосрочной памяти, в связи стереотипными кластерами (ассоциативный ряд) происходят поведенческие, социальные ожидания, основанные на ассоциативных стереотипах, хотя такие стереотипы не всегда осознаются. Автор утверждает, «важной характеристикой стереотипа является то, что он начинает действовать до «включения» сознания, без участия фокусированного внимания на «бессознательном уровне» можно выработать временные связи, которые фокусируются в долгосрочной памяти». Определяющую роль в сохранении временных связей играют эмоциональное состояние и мотивация. Стереотип подвержен динамике в изменяющихся условиях среды, но в результате многократного функционирования он все более и более закрепляется и становится трудноизменяемым.

Nelson & Miller [3, с.124] считают, основной функцией стереотипа является представления об определенных группах. Так как с древних времен узнавание своих членов группы и отличать их от других групп являлось базовой потребностью в безопасности. Но откуда источник этих знаний? Есть два варианта. Первый представляют собой мысленные представления о реальных различиях между группами. То есть стереотипы иногда являются точными представлениями реальности или, по крайней мере, локальной реальности, которой подвергается воспринимающий. В этом случае стереотипы действуют так же, как схемы объектов, позволяющие проще и эффективнее обрабатывать информацию о других. Однако эти стереотипы носят избирательный характер. они локализованы вокруг главных групповых признаков, которые являются наиболее отличительными и обеспечивают наибольшую дифференциацию между группами, но демонстрируют наименьшие внутригрупповые сходства. Стереотипы могут не совпадать с характеристиками отдельного индивида в группе. Хотя стереотипы не обязательно негативны по своей природе, стереотипы о членах чужой группы с большей вероятностью будут иметь негативный характер, имеют негативно эмоциональную окраску, даже если

атрибуты, которые они включают, могут показаться объективно положительными. С точки зрения негативных стереотипов было показано, что они предсказывают межгрупповые отношения, а позитивные стереотипы этого не делают

Steele and Aronson [4, с. 56]., называли негативные стереотипы, стереотипами, которые вызывают угрозы и опасения. По их мнению, категории лиц, находящихся в группе негативных стереотипов испытывают при столкновении с личностно значимым стереотипом угрозу их социальной идентичности и самооценке. Стил и Аронсон предполагают, что этот феномен может помочь объяснить групповые различия в производительности и академической деятельности. Согласно теории, когда люди осознают, что они принадлежат к группе, согласно с негативными стереотипами об этой группе, они плохо работают и не справляются над решением конкретной задачи, они часто опасаются, что могут таким образом, показывать низкие результаты по сравнению с индивидуумами, к которым этот стереотип не относится. Это в значительной степени вызывает тревогу, бессознательный страх, снижение самооценки, и другие психологические реакции, которые мешают выполнению оценочной деятельности. Таким образом, психика человека в исследованиях по социальным стереотипам рассматривают вопросы адекватности содержания тех или иных стереотипов, их функций в обществе, источников их формирования, факторов их устойчивости и динамики.

Ashmore and Del Boca [5, с.173-177], утверждали, что стереотипы могут быть плодотворно осмыслены в терминах концепции имплицитной теории личности, подразумеваемая, не вполне осознаваемые концепции личности, которая хранится в опыте человека в виде системы связей между чертами, характеристиками личности. ИТЛ позволяет человеку на основе информации о наличии определенных черт у партнера по общению быстро выдвигать гипотезы о наличии у него других черт. Феномен ИТЛ в терминах психологии мышления должен быть квалифицирован как проявление обыденной (житейской, наивной) концепции личности, возникающей на доконцептуальном уровне обобщения субъективного опыта. Одним из способов моделирования ИТЛ в психосемантике является построение "личностных семантических смыслов". Рассматривая стереотипы как часть обычного социального познания. Стереотипы находятся в большом наборе структур знаний, которые люди используют для осмысливания поведение других людей. Более конкретно, имплицитные теории личности представляют собой гипотетические когнитивные структуры. первичными компонентами которых являются личностные атрибуты (например, черты личности) и логические отношения. Связь между такими имплицитными (неявными, скрытыми) в личности качеств и стереотипы о членах группы становятся очевидными, когда рассматривается членство в группе как одно из личных атрибутов, логически связанные с другими атрибутами в таком скрытом понятии. Фактически, логические отношения между принадлежностью к группе и другими личными качествами можно рассматривать как синоним самого стереотипа. Таким образом, перевод обычного определения стереотипа как набора убеждений о характеристиках членов группы на речевой оборот.

Имплицитная теория личности определили стереотип как «структурированный набор отношений, которые связывают социальную категорию с личными качествами» . Полезность этой концепции была продемонстрирована на гендерных стереотипах. Использование подхода имплицитной теории личности, Эшмор и его коллеги определили связывающие социальные категории мужчины и женщины с различными измерениями восприятия. В частности, различие между мужчиной и женщиной была тесно связана с физическим аспектом сильный-слабый. Также считалось, что мужчины обладают положительными интеллектуальными качествами, такие как умные, эрудированные, и отрицательные социальные качества, такие как суровость. Напротив, женщины ассоциировались с отрицательными интеллектуальными качествами, такими как наивность и положительные социальными качествами, как готовность помочь.

Исследование имплицитная теория личности продемонстрировала, что оценочное измерение может быть разделено воспринимаемыми на специфические типы оценочного значения. Поддержка этого разделения оценочного значения существует в исследованиях Розенберга и его коллег с использованием многомерного шкалирования. Согласно этому исследований, одно особенно важное различие между типами оценочного значения, по крайней мере для молодых людей, находится между социальной и интеллектуальной компетентностью было выделено содержательно-специфические оценочные категории зрелости; это- забота о других, добросовестность, психологическая стабильность и физическая привлекательность.

Cantor & Mischel [6, с.85]предлагает классификацию по прототипу на образцовую модель, то есть на личность, имеющие отношение к лицам как членам определенных социальных сообществ. Согласно, образцовой модели воспринимающие не хранят абстрактных представлений о группах. Вместо этого группы представлены через конкретные личностные примеры, события. Какой стереотип активизируется зависит от цели и контекста, в котором конкретный представитель группы встречается или находится.

Таким образом стереотипы формируются по различным направлениям, по прототипу, средне – абстрактная, обобщенная характеристика группы, причинно-следственные ожидания (если произошло какое-то событие, то последствия ожидают как было в предыдущим случае, обычно - обобщенно происходит); прототип модельные, где характеристики одного представителя определенной группы могут создать впечатление о всех представителях группы. Туда же можно отнести вещественные, событийные и т. д., объектом которых являются вещи, события, страны и т. д.; прагматические, связанные с отражением эмоций, оценок и т. п., и когнитивные, отражающие чисто вещественную, рациональную информацию; гетеростереотипы, т. е. представления о других, образы «чужого», и автостереотипы, т. е. представления о самом себе как члене некоторого этноса или носителя некоторой культуры, образы «себя»; интенциональные (целенаправленные) и спонтанные; позитивные и негативные; интенсивные и медиальные. Комбинация последних признаков необходима для разграничения между имиджем (позитивная окраска, конструируется интенционально), предрассудком (спонтанный, негативный заряд) и образом врага (интенциональное усиление предрассудка).

Заключение. Различные трактовки стереотипа отражают разные стороны одного явления: физиологический базис, социальную и психологическую обусловленность, сознательную и бессознательную поведенческую и вербальную реализацию. Для того чтобы привести все это многообразие в некую систему, требуется комплексное, многопараметрическое описание категории стереотипности, выявляющее наиболее полный ее состав, характер отношений между ее объектами, их интегративные и дистинктивные свойства. Категория стереотипности в речевой деятельности проявляет себя во всех указанных свойствах в контексте культуры, традиций, ценностей также нуждается в подробном изучении в Казахстане [9, с. 87]

Литературы

1. Neisser PT. Welfare queens: Policing by the numbers - Tales of the state (book), 1997
2. V Blair, MA Banaji. Automatic and controlled processes in stereotype priming - Journal of personality and social psychology, 1996
3. M Manis, J Paskewitz, S Cotler. Stereotypes and social judgment - Journal of Personality and Social ..., 1996
4. Steele, C. M., & Aronson, J. (1995). Stereotype threat and the intellectual test performance of African Americans. Journal of Personality and Social Psychology, 69, 797-811
5. Ashmore and Del Boca. Construction and Validation of the Gender Attitude Inventory, A Structured Inventory to Assess Multiple Dimensions of Gender Attitudes 1// Sex Roles, Vol. 32, Nos. 11/12.- 1995
6. Joshua Aronson, Carrie B. Fried, Catherine Good. Reducing the effects of stereotype threat // Journal of Experimental Social Psychology Vol: 38. Issue 2, March 2002, Pages 113-125
7. N Cantor, W Mischel. Prototypes in person perception - Advances in experimental social psychology, 1979 - Elsevier

8.Тажибаяев Т.Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева – Алма-Ата.: Казгосиздат, 1957. – 80 с.

9.Adilova, E., Aimagambetova, O., Kassymova, L., ...Ryskulova, M., Sagnayeva, T. Value orientations of modern Kazakhstanis // Open Psychology Journal, 2021, 14(1), pp. 150–162

ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ТӘН ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҮЙЛЕСПЕУШІЛІКТІ ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ КОРРЕКЦИЯЛАУ

*Джумагулова Г.Ш., Мунашова Ж.Б., Таңсықбаева И.Қ., Джумагулова Д.Қ.
Орталық Азия Инновациялық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада автор жасөспірім жасының дамуындағы эмоционалды мәртебені көрсеткісі келді. Биологиялық және әлеуметтік аспектілердің көрсеткіштерін ескере отырып, құбылмалылық себептерінің барлық факторларын бағалаңыз.

Кілттік сөздер: жеткіншек, эмоционалды үйлеспешілік, мазасыздану, эмоция, мінез-құлық, агрессия

В данной статье автор хотел показать эмоциональный статус в развитии подросткового возраста. Оцените все факторы причин непостоянства учитывая показатели биологических и социальных аспектов.

Ключевые слова: подросток, эмоциональная несовместимость, тревога, эмоция, поведение, агрессия.

In this article the author showed emotional status of the adults development. To be able to evaluate all factors of none constant behavior according biological and social aspects.

Key words: adolescent, emotional incompatibility, anxiety, emotion, behavior, aggression

Кіріспе. Жеткіншек жас кезеңінде орын алатын мінез ауытқуларын зерттеу және оның негізінде мінез типологиясын жасау ХІХ ғасырдың аяғында басталды. Бұл мәселені зерттеушілер мінез ерекшелерінің жеке тұлғаның қоршаған әлеуметтік ортаға икемделуіне және қарым-қатынас мәдениетіне үлкен әсер ететінін атай отырып, типология жасаудың қажеттілігін көрсеткен. Бірінші типологияны жасан неміс психиатры Э.Кречмер, кейінірек бұл проблеманы тереңірек зерттегендер У.Шелдон, Э.Фромм, К.Леонгард, А.Е.Личко т.б. ғалымдар. Мінез типологиясын жасаушылар келесі ортақ пікірлерге сүйенген:

Л.С.Выготский «Кризистік кезең» теориясы бойынша кризистік жас дегеніміз, бір жағынан балалардың қоғамдық қарым-қатынас жүйесіндегі өзгерулері жататын, екінші жағынан баланың «ішкі позициясынан» өзгеруі жататын дамудың әлеуметтік ситуациясының қайта құрылу нәтижесі. Осы ерекшеліктерге байланысты, жалпы АҚШ психологтарының жүргізген зерттеулері нәтижесінде, оқушылардың мінез-құлқының үйлеспеуі 80% осы жеткіншектік кезеңге тән екендігі белгілі болады, өйткені, мектеп оқушыларында, яғни, кіші және орта мектеп жасындағы балалардағы қабылдау өте жоғары болатындығы белгілі, сонымен қатар, оқушылардың дүниеге көзқарасы, жағымды қасиеттерінің қалыптасып келе жатқандығымен байланысты. Осы анықталған мәліметтерді негіз ете отырып, Г.Д.Пировтың басшылығымен бір топ Болгария психологтарының жүргізген зерттеулері нәтижесінде 5-17 жас аралығындағы балаларға «ашушандық» тән екендігі белгілі болды. Сонымен қатар, олардың психикалық нормаларының үлкендерден айқын ерекшеленіп тұратындығын 14-15 жастағы 15000 американдық жеткіншектеріне психодиагностика ретінде жүргізген «даралық минесоттық» тестімен дәлелдеуге болады. Өйткені, бұл тест нәтижесі бойынша, нормадағы балалардың өздері «псиопатия», «шизофрения», «гипомания»,

шкалалары бойынша көрсеткіштері үлкендерден жоғары. Бұдан үлкендер үшін ауру симптомы болып табылатын бұл көрсеткіштер жеткіншек немесе жасөспірімдер үшін норма болып табылады деген қорытындыға келеміз. Балалардың акцентуацияның түрлері мен оның көрініс беру деңгейін бағалау үшін Шмишек-Леонгард тестін пайдаландық.

Негізгі бөлім. Жеткіншектердің мінез акцентуациясының қыр-сырын жан-жақты зерттеген К.Леонгард жасаған теориялық қағидаларға сүйене отырып көптеген зерттеу әдістемелері жасалған. Бұл тестер арқылы жүргізілген диагностикалық бағдарлама баланың өмір жағдайы мен психологиялық дамуының түрлі жақтарын анықтауға бағытталған. Осы проблеманы зерттеу үшін 7 сынып оқушыларының дезадоптация, акцентуация, агрессия көрініс беруін және оның себептерін анықтауға арналған тестілерді жүргіздік. Жеткіншектердегі тек сол жасқа тән ерекше қасиеттерді анықтау үшін арнайы психодиагностикалық әдістер жүргізіледі.

Тест нәтижесін талдау. Балалардың тест тапсырмаларына берген жауаптарын талдау жоғарыда берілген акцентуация түрлерінің мінездемесі бойынша жүргізіледі. Осы тест нәтижесін талдау барысында балалардың басым көпшілігінде акцентуацияның бір түрінің, кейде одан көп түрлерінің белгісі бар екені анықталды. Зерттелініп отырған жетінші сынып оқушыларында орын алған акцентуация түрлерін олардың жас ерекшеліктері сипаттамамен салыстырып көргенде жағдай шектен шықпаған, норма көрсеткіштерінің дисперсиясында орналасқанын анықтадық. Тек қана 4 оқушының акцентуациясы нормадан шамалы асық болды.

Акцентуацияның түрін дәлірек бағалау үшін біз Кондаштың «Әлеуметтік – ситуациялы мазасыздану шкаласы» принципіне негізделіп жасалған И.Спилбергердің «Ситуативтік мазасыздану шкаласы» әдістемесін әдістемесін жүргіздік. Бұл шкала бойынша мазасызданудың негізгі көзі болып табылатын объектілерді анықтауға болады.

И.Спилбергер ұсынған «Әлеуметтік – ситуациялы мазасыздану шкаласы» әдістемесін пайдалана отырып жеткіншектердің мазасыздануы өзіндік, адамаралық, отбасы мүшелерімен тіл тбыса алмай жүргенімен байланысты немесе мектеппен байланысты екендігін анықтадық. Берілген шкала бойынша мазасызданудың мектепішілік, өзіндік және адамаралық деген үш түріге бөліп бағаланады. Мектепішілік мазасыздану баланың мұғалімдермен немесе басқа оқушылармен қарым-қатынасының қалыптасқанымен байланысты көрініс береді, өзіндік сипаты баланың алдында тұрған проблемаларды шешудегі жетекші мотивациясы табысты болу немесе сәтсіздіктен қашу болуымен байланысты, ал адамаралық – жалпы қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығына тәуелді болады. Олардың деңгейі келесі шкала бойынша бағаланады.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың мазасыздануын туғызатын себептердің ішіндегі жетекшісі сынып ішіндегі қарым-қатынасқа, ұялшақтыққа, өзіне және айналадағыларға деген бейадекватты қарым-қатынасына келіп тіреледі. Бұл жағдайлар тереңдеп кетпес үшін, мазасыздану деңгейі жоғары болған оқушыларға көбірек көңіл бөліп, жеке әңгімелесу жүргізілді. Сонымен қатар, сынып ішінде, топтық іс шаралар кезінде көбіек арластырып, сабақты әр уақытта сұрап, сұрақтарды көбірек қойып, топтық әңгімелер, баланың жеке мәселесін ұмыттыруға негіз болатын жеке әңгімелерді жүргізілді.

Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеуге арналған көптеген әдістемелер жасалған. Олардың көпшілігі мектеп психологиялық қызметінде сынып оқушыларының қарым-қатынас ерекшеліктерін, оқушының әлеуметтік статусын зерттеуге кеңінен пайдаланып жүрген түрлері социометрия және трансактілі талдау жүргізу. Сондықтан мектеп жасындағы балалардың қарым-қатынас мәдениетін бағалап, қажетті болған кезде коррекциялау, тәрбиелік мәні бар қосымша іс-шаралар ұйымдастыру үшін сынып ұжымы ыңғайлы. Баланың өзі оқитын сыныпта

жолдастары, достары, бірге ойнайтын, бос уақытты бірге өткізетін құрбылары бар. Осы ортада қалыптасқан сыныптағы ұжымшілік қатынас ерекшеліктерін зерттеу арқылы балардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік болады.

Жеткіншектерге тән мінез ерекшеліктерін зерттеу кіріс және шығыс диагностика арқылы ретке келтірілді. Кіріс диагностика барысында зерттелінген оқушылардың барлығында акцентуацияның көрінісі, олардың агрессиясының, эгоцентризмнің өте жоғары екеніні анықталды. Олар мектеп талаптарын бұзуға жиі барып, кей кезде ішімдік ішетіндігі де анықталады.

«М және Д» әдістемесі» (мазасыздану және депрессия)

Мақсаты: жүйке процестерінің ерекшеліктерімен байланысты көрініс беретін мазасыздану және депрессия жағдайларының орын алуын анықтау.

Орындау ережесі. Тапсырманы топпен немесе жеке-дара орындатуға болады. Зерттелінушілерге келесі нұсқау беріледі: «Сіздерге 20 сұрақтан тұратын сауалнама берілген. Бұл тест көмегімен өздеріңіздің күй-жағдайларыңыз бағаланады. Сұрақтарға тез және барынша дұрыс жауап беруге тырысыңыздар. Жауаптарыңыз бес вариантта болуы мүмкін: «еш уақытта», «өте сирек», «сирек», «жиі», «өте жиі» кездеседі. Жауап парақта сұрақ номерінің тұсында берілген осы варианттардың біреуін (+) плюс деп белгілеңіз. Жауаптарыңызды талдау арқылы Сіздердің эмоционалдық жағдайларыңыз баллдық жүйемен бағаланады. Тапсырмаға түсінбей қалсаңыз оны сұрап алуға болады». Зерттелінушілерге жауап парақ беріліп, оны толтыру ережесі түсіндіріледі.

Мектептік мазасыздану баланың жеке басының неврозын туғызады, оның жүйкесі мен психикасының бұзылуына алып келеді де олардың шамадан тыс зорлануымен сипаттауға болады. Оның себебі, мұғалім мен оқушы арасындағы қатынасының бұзылуы. Бұл педагогтың өзін дұрыс ұстамауынан немесе оқушыға байқамай ауыр сөз айтуынан т.б. сондай үлкендерге елеусіз себептерден басталады.

Балаларда эмоционалды үйлеспеу олардың сабаққа үлгермеушілігімен де сипатталады. Мысалы, балаларға көмектескенде егер де ол тапсырманы ұзақ түсінбесе кері эмоцияны ғана емес, сонымен бірге, тапсырманы нәтижелі орындаудың жолдарын қарастырмай мұндай әрекеттерден алдын-ала іштей бас тарта бастайды. Оқушыларды психологиялық «энергетиканың» жоғарылауы және төмендеуі болады, осының әсерінен балалар бір уақытта көңілсіз болып жүрсе, бір уақытта жеткілікті қарсылық көрсететіндігі және жақсы бейімделген қабілетте болады. Бұл жердегі бірінші жағдай екінші жағдайға қарағанда жиі көрінеді. Сондықтан да баланың өмір жағдайына көңіл бөлу керек. Мысалы, бала отбасындағы екінші баланың пайда болуына байланысты жат қылықтар көрсете бастайды, сондай-ақ мектеп ауыстыру дәрежесінде тәуелділік, мазасыздану сезімі пайда болады. Ата-аналарға негізгі көңіл бөлу керек нәрсе - көп балаларда мұндай стресс эмоционалды үйлеспеушілікті зерттеген зерттеушілер пікірін талдау нәтижесінде оқушылардың эмоционалды үйлеспеуіне әсер ететін негізгі факторларды анықтадык.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны психологияда өтпелі, бетбұрыс, қиын, сыналатын кезең атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму, процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарды сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің сана-сезімнің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынастың, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс-әрекетінің, мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

«Жеткіншек жасындағыларда кездесетін эмоционалдык үйлеспеушілікті диагностикалау және коррекциялау» қорытындысы:

1. Үйлесімсіз психоэмоционалдык жағдай бала өміріндегі күрделі мәселелермен байланысты пайда болады. Олар мінез-құлықта, қарым-қатынаста белгілі бір жағдайға байланысты түрлі ұзақтықпен көрініс береді және орта мен адам арасындағы симметрияның бұзылысы нәтижесінен пайда болатын күрделі функционалды құрылым болып табылады. Күнделікті өмірде үйлеспеушілік қарым-қатынастың үйреншікті жүйесінің бұзылуынан, шектен тыс белгілі бір жағдайлардан пайда болуы мүмкін.

2. Эмоционалдык үйлеспеушілік, «эмоция» және «мінез-құлық» бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, эмоцияның белгілі бір сипаттары үйлеспеушілікті (тіпті эмоция болып табылатын эмоцияның өзі де) тудырса, пайда болған үйлесімсіздік (немесе үйлесімділік) мінез-құлықтың белгілі бір көріністерін береді, яғни теріс немесе оң мінез-құлықты көрсетеді.

3. Эмоционалдык үйлеспеушілік күрделі құрылымнан, құрамнан тұрады. Үйлесімсіздік психикалық жағдайды құрушы эмоционалды компоненттер болып табылады. Күрделі өмір әрекетіндегі үйлесімсіз психикалық жағдайдың динамикалық өзгеруі синусоидалды типтің фазалық процестерімен, екі еселенудің өсуімен және жоғары информациялық жағдайлар кезіндегі сапалы жақындықпен, физиологиялық және психологиялық сипаттардың жоғарылығымен, сонымен қатар, психикалық процестердің бір бағытты динамикасының өрлеуімен сипатталады. Бұл жағдайлар психикалық процестердің пайда болу диапазонын кеңейтеді.

4. Эмоционалдык үйлеспеушіліктің жеткіншек жас кезеңінде жиі орын алатындығы және іс-әрекеттік ерекшеліктері анықталған. Эмоционалдык үйлеспеушіліктің күрделілігі және құрылымы мен ұзақтығы әртүрлі болып жүреді. Даралық даму барысында әрекеттік фактордың ролі күшейеді.

5. Зерттеу барысында жеткіншектердің эмоционалдык үйлеспеушілігінің көрініс беру түрлері акцентуация, мазасыздану, депрессияға ұшырау, агрессияның анық байқалуы, қырсық мінез көрсетуі, сабаққа, мектепке деген ынтасының төмендеуі, ашушаң, ызақор болуы және ден саулығына байланысты жағдайлар арқылы көрініс береді деп анықтадық. Эмоционалдык үйлеспеушілігі байқалған жеткіншектерге психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы келесі ұсыныстар жасадық.

1. Жеткіншектермен психокоррекция жүргізгенде оларды өздерінің мінез ерекшеліктерін, қарым-қатынас мәдениетін диагностикалауға үйретіп, өздерінің қарсықтығының кесірі тек өздеріне тиетінін түсіндіру арқылы эмоционалдык жағдайын үйлесімді етуге қызығушылығын тудырудан бастау керек.

2. Психокоррекция барысында келесі мәселерге ерекше көңіл аудару қажет:

- жеткіншекті әр түрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай білуге үйрету, дау-дамай жағдайында, қатынастың мүмкін болатын жағымды дұрыс жолдарын қарастыру;

- баланы қоршаған ересектерге әрдайым психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру;

- мұғалімдермен қарым-қатынасына кедергі болып отырған кейбір жеке қасиеттерін өңдеу қажет екенін түсіндіру және коррекциялау.

- жеткіншектің отбасы және қатарластары арасындағы қарым қатынасына кедергі болып отырған кейбір мінез көріністерін реттеуге арналған ойын коррекцияларын ұйымдастыру жұмыстарын арнайы психологиялық ойындарды іріктеп алып, оларды зерттелінушілердің оң қасиеттерін нығайту үшін қолдану;

- психокоррекция нәтижелерін пысықтап, бекіту үшін нормадан ауытқулары басқалардан оқушылардың ата-аналарымен психологиялық кеңес беру жұмысы жүргізу.

Қорытынды. Осы себептерге байланысты үйлеспеушіліктің феноменологиясы, құрылысы, құрылымы, детерминацияның ішкі және сыртқы факторлары белгілі бір

жағдайдың динамикалық өзгеруі және кезеңі, өзара өтулері, динамикасы әлі зерттелу болашақтың еншісінде.

Әдебиеттер

1. Ахтаева Н.А. Басқару психологиясы. –Алматы: Қазақ университеті. 2018 .
2. Н. Иргебаева. Басқару психологиясы. Оқулық. -Алматы: ҚазҰПУ. 2018.- 356 б.
3. А.Д. Умбеталиев, К.Б. Сатымбекова, Ғ.Е. Керімбек. Басқару психологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2017. - 464 б.
4. Р.Н. Бегайдарова. Ұйымдастыру теориясы. Оқу құралы. -Алматы : Book Plus, 2014. - 202 б.
5. Корпоративті басқару: қазақстандық мазмұн. Оқу құралы. С.А. Филиннің жалпы редакциясымен – Алматы, 2010ж., 302 б.

ӨМІРГЕ ШЕКСІЗ ҚҰШТАРЛЫҚ

Маденова Л. М.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал, Қазақстан

Бұл мақалада ерекше күтімді қажет ететін адамдардың, дені сау адамдарға деген беретін мотивациясы туралы терең ой қозғалған

Түйін сөздер: ерекше күтімді қажет ететін адамдар, ерік, өмір сүруге деген ұмтылыс

В этой статье подробно рассказывается о мотивации к здоровым людям от людей нуждающихся в особом уходе

Ключевые слова: люди с ограниченными возможностями, воля, желание жить

This article details the motivation for healthy people from people in need of special care

Keywords: people with disabilities, will, desire to live

Менің досым да, дұшпаным да –

Тауқымет: әзірге екеуіміз арбасумен келеміз.

(Бибігүл Қабиқызы)

Кіріспе. Бұл өмірде тағдырдың тәлкегіне ұшырап, айықпас дертке шалдыққан жандар көп-ақ. Әр пенде маңдайына не жазылады, соны көреді ғой. Кейбіреуі туғанынан кеміс болуы мүмкін. «Қате аяқ астында» демекші, кейбір жандар жол апатынан зардап шегіп, өкініш өртіне оранып жатады. Алайда, өкінгеннен не пайда? Болары болып, бояуы сіңгеннен кейін қолдан келер шара бар ма? «Әттең!» деп тізеңді соғып қала бересің. Ақиық ақын Мұқағали айтқандай,

«Қайтер едің өмірге келмегенде,

Көнесің де...

Қайтесің көнбегенде?

Көресің де...

Қайтесің көрмегенде?

Көлден тамшы бұйырмас шөлдегенде.»

Құдайға жаныңның аман қалғанына алғыс айтып, өз халіңнің ауыр екендігін түсініп, көз жасыңды сығып отырғанда, жаныңда жанашыр досың болғаны қандай жақсы... Біздің айналамызда сондай жағдайларға тап болған пенделер аз емес. Ал оларға көмек қолын созып, әркез жұбатып, сабырға шақыратын достары саусақпен санарлық десем, артық айттың деп мені ешкім сөге қоймас.

Кейбіреулер ерекше күтімді қажет ететін жандарды өзінен төмен санайды. Қазіргі таңда сондай ойдың жетегінде жүрген адамдар күн санап көбеюде. Ерекше күтімді қажет ететін жандардың көретін көзі, еститін құлағы болмаса да, сезетін жүрегі бар. Ал оларды он екі мүшем сау деп өзінен төмен санау – ақыл-ойдың таяздығы. Тәні сұлу емес деп, жан сұлулығын ұғынуға тырыспайтын пенделерге таңырқай қараймын.

Олар төзімді келеді. Басына түскен кайғы-қасіретті көтеріп, айналасындағыларға тек жақсы сөздер айтып, өзгелердің өмір сүруге деген құштарлығын ылғи оятып жүреді. Кей

кезде тілдесе қалсам, сыр ағытып, жаныңды тебіrentіп жібереді. Жанарыңнан жас ытқығанын байқамай да қаласың. Мен олармен жиі әңгімелесемін. Қашанда оларға жақын жүруді қалаймын. Себебі, олардың ойлары тұнық, ниеті түзу.

Осы тақырып төңірегінде ой толғағандакүндіз толыққанды сау адамдай күліп-ойнап жүргенімен, түнде сырқаттанып қалатын, денсаулығына байланысты мектепте оқи алмаған жандар еріксіз еске түседі. Қандай қиын десеңізші! Олар сабақты үйден оқуға мәжбүр. Қатарластарымен бірге бір партада отыра алмау, тақтаға шығып сабақ айтып, бормен шимайлап жаза алмау... тағысын тағы мектеп қабырғасындағы қызықтарды көре алмау, әрине, қиын... Соны ойласам өзегім өртенеді.

Бойжеткендердің бұрымын тартқылап ойнаған бозбалаларға қызыға қарап тұрған шақтарын елестетудің өзі ауыр. Бір сәт ойланып көріңізші, бір аяғы, бір қолы жұмыс жасауын тоқтатқан адамдарды қалайша кемсітуге болады? Кейбіреуі дүние есігін ашқалы бері анық сөйлей алмайды. Оған кім кәнілі? Оларға біреудің менсінбей қарағаны жаныма батады.

Олар мұндай тағдырды сұрап алған жоқ. Өттең, қолымнан келсе, аяқ астынан бойыма бір құдірет дарыса, ауруынан айықтырып алар едім. Көңілге мұң ұялататыны да сол. Біздің қолымыздан оларға демеу болудан басқа ештеңе келмейді. Мүмкін, іштей налитын шығар... Олардың алып армандарына қол жеткізуіне себепші болып, барынша көмектессек, нұр үстіне нұр болар еді.

«Қошемет те көрмесеніз несі бар,
Бар жағдайды ақылменен шешіп ал.
Жылы сөзді естімеген кезінде,
Керең болып туғандарды есіңе ал.
Бақыт мәңгі тұрсын десең басыңда,
Қанағат қыл, ашуланба, тасынба.

Көлігім жоқ деп ренжуің бекерлік,
Аяғы жоқ адамдардың қасында» деп ақын Мейіржан Әлібеков бекер жырламаса керек.

Негізгі бөлім. Адам баласына ең әуелі қанағат қажет екені әмбеге аян. Иә, өзінің туған жерінің қара топырағын көре алмай жүргендер бар. «Қайтер едік өмірге келмегенде...» деп «Сәт» триосы әндете жөнелгенде жүрегің езіледі. Небір жылы сөзді, мақтауды күніне бірнеше мәрте естіп жатамыз, алғысқа бөленеміз. Құлағы мүлде естімейтіндер де бар. Олардың құлағы естімесе де, жан-жүрегі бәрін естиді, сезеді.

Бүгінде болған үстіне бола берсін дейтін қанағатсыз адамдар бір нәрсеге ақшасы жетпей қалса, жақын адамынан айырылғандай күйзеліп кетеді. Шындығында туған жердің топырағын өз аяғыңмен басқанға не жетсін! «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» демекші, барымыздың бағасын білейік! Әрқашан жаны жаралы жандарға көмек қолын созайық! Оларды мейірімге бөлейік, қамқорлығымызды аямайық! Кезінде теледидардан «Аялы алақан», «Жан жылуы», «Балаларға өмір сыйла» бағдарламалары көрсетілуші еді ғой. Сол секілді тың, берері мол жобалар жалғасын тапса дейміз.

Белгілі жазушы Бибігүл Иманғазинаның «Тауқымет» атты романын оқуға кеңес беремін. Қаламгер бұл романды жазуға 40 жылға жуық уақыт бұрын кіріскен көрінеді. Роман үш бөлімнен тұрады. Кейіпкерлері де өмірден алынған. 17 жасында бір қаныпезердің кесірінен мүгедек болған, сұлу да өнерлі, қаракөз қазақ қызының ауыр тағдыры арқау етілген.

Шығарманың бас кейіпкері – автордың өзі. Өйткені, Бибігүл Қабиқызы мүгедек аналар бастан кешетін ауырпалықты көтерген жазушы. Ол «Бибі-ана» деген қоғамдық ұйым құрып, 25 жыл ішінде мыңдаған жанұяға көмек қолын созған. 500-ден астам мүгедек ананың балаларына қамқорлық жасап, жоғары білім алып, жұмысқа орналасуларына ықпал еткен. «Тауқыметті» оқығандардың түпсіз ойдың тереңіне сүңгітіні сөзсіз[1].

Негізі өзіңе көмектесу – өзгеге көмектесуден қиын нәрсе. Өзгеге кеңес беру, ақыл айту – өте оңай. Себебі, айтылған ойды жүзеге асыру өзгеге жүктеліп тұрады. Ал, өз-өзіңмен

күресу, өз ішіндегі ойларды ретке келтіру, бір сөзбен айтқанда, мына бес күн жалғанда өз-өзінді тәрбиелеу – қиынның қиыны.

Ақын Қадыр Мырза Әли «Мен өзімді өзім жеңген қазақпын» деп осы бағытта сөз қозғап тұр. Ерекше күтімді қажет ететін жандар сондай мықты адамдар. Себебі, олар – өз-өзін жеңудің, кертартпа ойларға тоқтау салып, алға қадам басудың жолын тапқандар. Ең ауыр нәрсе адам бойындағы жазылмайтын, я жазылатын дерт емес. Ең ауыр нәрсе – адамның өз-өзін жеңе алмауы. Нағыз ауру адамдар – солар.

Мүгедектіктің сол адамның жан дүниесін бізге көрсетпей қоятын кездері де бар. Көпшілігіміз үйсіз-күйсіз, аш-жалаңаш жүрген, басар тауы, барар жері қалмаған адамдардан барынша іргемізді аулақ салуға тырысамыз. Солай ғой?! Мүгедектік те сондай сипат алып бара жатқан сияқты. Кейбіреуіміз адамның мүгедек болғаны үшін одан алыс жүруге талпынамыз және сол бір жаннан ешқандай жаңалық күтпейміз. Меніңше, бұл дұрыс емес. Мәселен, қаңғыбас (бомж) сондай өмірді өзі таңдады. Ешкім оны қаңғыбасқа айналдырған жоқ. Ал ерекше күтімді қажет ететін адамдар мүгедек болуды қалаған жоқ. Тағдыр жазуымен сондай күйге түсті. Қаңғыбастардың жан әлемі күнгірттенді. Бір бұйығы, қараңғы әлемге еніп, өз өмірін өзі қорлады. Ал мүгедектердің жай мүлде бөлек. Олардың мүмкіндігі физикалық тұрғыдан шектеулі болғанымен, сана-сезімі жақсы қалыптасқан, дамыған. Олар да өмірге қалағанына қол жеткізгісі келеді, отбасын құрып, бала тәрбиелегісі келеді. Олардың жан дүниесі бай. Оларды жақсы өмірге, жарқын болашққа қарай сүйреп келе жатқан да сол нәрсе. Ерекше күтімді қажет ететін жандар өздерінің қолынан көп нәрсенің келетінін дәлелдеу үшін өз денесінен бөлініп өмір сүруі керек пе? Қызық...

Оларды жалғыздыққа ұрындыратын осындай ойлар. Қоршаған ортаның пікірі. Мұндай кездерде «Сен де адасып жүр ме екенсің өмірде, Қалың тұман арасынан шыға алмай...» деп келетін ән мәтіні еске түседі. Ерекше күтімді қажет ететін шектеулі жандарға сенім артпау, ертеңіне үмітпен қарамау оларды адастырып жіберуі әбден мүмкін. Сөйтіп олар өз-өзін көп ішінде жалғыз сезінеді. Өз-өзін таба алмай, налып, күйзеліске ұшырайды. Аталған ән адамның сондай бір психологиялық көңіл-күйін, моральдық хәл-ахуалын анық көрсетіп тұрғандай. Асфальт үстінде өскен гүл ме, шөп пе маңызды емес, маңыздысы оның тамырының өлмегендігі, тамыры жоққа айналса, түк те өсіп шықпас еді. Мәселен, әйел адамдарға арналған әшекей бұйымдарды жасайтын мүгедектердің жаны сұлу емес деп кім айтты?!

Біз ерекше күтімді қажет ететін жандарға аяушылық танытуымыз керек пе, әлде, оларды толыққанды адам ретінде қабылдап, жақсы көруіміз керек пе?! Осы мәселе қоғамда талқыға түсіп, шешімі табылуы қажет деп ойлаймын. О'Генридің «Соңғы жапырақ» атты новелласын бір парақтап шықсаңыз, мені оңай түсінесіз. Бұл туындыда қыз бала ауруға шалдығады. Өз өмірін терезеден көрініп тұрған талдағы соңғы жапырақпен таразылайды. Оны біліп қалған суретші досы дәл сол жапырақты картинаға түсіреді. Сол картинаны терезеге іліп қояды. Оған ұзақ қараған қыз жапырақ үзілмеген соңаяғынан тұрып кетеді. Бұл суретті суретші соңғы жапырақ үзілген түні салған екен. Жалпы новелла күрделі психологиялық сюжеттерге құрылған.

Адам кейде өзін бір адамның ұмытуы үшін оның жанын жаралауға тырысады. Ал енді өмірінің мәніне айналғысы келсе, көлеңкесіне айналуы тиіс.

Ерекше күтімді қажет ететіндерге әлеуметтік қатынасты зерттеу ағылшын тілді елдерде XX ғасырдың аяғында басталды. Содан кейін өркениетті қоғамда мәдени, гендерлік, этникалық, тілдік жетіспеушіліктер тек «тең» болуға ғана емес, сонымен бірге өздерінің «ерекшелігін» сақтауға құқылы деген идея алғаш рет салмақ алып, мойындала бастады. Бірақ XX ғасырдың аяғында ғана мүгедектер өздерінің мәдени және саяси мүдделері бар және оларды қорғауды қажет ететін ерекше санаттағы азаматтардың мәртебесін алды. Мәселен, соңғы онжылдықтарда Паралимпиада ойындарының өтуі осы идеяның қоғамда мақұлданғанының айқын бір көрінісі.

Орта ғасырлардағы еуропалық халықтың өміріндегі қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, дұрыс тамақтанбау немесе нашар тамақ, соғыстар, жазылмайтын аурулар және

ауыр еңбек сұлулықты сирек кездесетін дүниеге айналдырды. Сондықтан «сұлулық» нормасы мен дененің тұтастығы туралы идеялар қазіргі заманғы идеялардан айтарлықтай ерекшеленді.

Сол заманғы «ұсқынсыздық» пен «мүгедектікті» зұлымдықтың көзге көрінетін белгісі ретінде суреттеген негізгі туындылардың бірі – Виктор Гюгоның «Нотр-Дам соборы». Ондағы бас кейіпкерлер бүкір мен кедей, ашулы әрі ұсқынсыз адамдардың шеттетуіне ұшыраған сұлу сыған қызы. Гюгоның «Нотр-Дам соборы» романы көпшіліктің «ұсқынсыздық» нормасына айналған түсінігінің түбегейлі өзгеруіне, басқа қырынан сипат алуына жол ашты десек болады.

Гюго романын талдай отырып, сұлулық пен ұсқынсыздық халықтың көпшілігінің немесе билікке ие адамдардың физикалық параметрлеріне байланысты өзгеруі мүмкін екенін көруге болады. Шығармадағы сыған қызы сұлулығының кесірінен сиқыршы деген айыптауға ұшырайды. Ал, бүкір Квазимодо болса денесі бүтін, бірақ рухы кемшіндерге қарағанда адамгершілігі мол болып шығады.

Гюго шығармаларынан бастап, еуропалық әдебиетте ортағасырлық «ұсқынсыздыққа» қарсы бағыт күш алды: мүгедек адамдар жоғары руханилыққа ие, ал тәндік норманы тасымалдаушылар – репрессия және кәдуілгілік идеясын бейнелейді [2].

Дәстүрлі славян мәдениетінде «мүгедек» сөзінің синонимдері «кемтар», «қайыршы», «бұзық» болып табылады. Мағынаның жағымсыз реңктеріне қарамастан, физикалық немесе психикалық мүгедек адамның бейнесі – дәстүрлі қоғам алдында белгілі бір екі жақтылыққа ие болды: бір жағынан, ол тәндік нормалардың бұзылуы мен төмен әлеуметтік статусты бейнелесе, екінші жағынан, ол дәл өзінің осалдығы үшін жанашырлықты оятты.

Сондай-ақ үшінші аспект – денсаулығында кінәрат бар адам өзінің моральдық немесе интеллектуалдық қасиеттері тұрғысынан айналасындағылардан асып түсе алады. Өйткені жалғыздық пен айналасындағылардың шеттетуімен бетпе-бет келу үлкен жігерді қажет етеді.

Дәл осы «қалалық ақымақтың» рухани артықшылығына, ақымақтың болашақты білу және болжау қабілетіне деген сенімі оған дәстүрлі орыс мәдениетінде қорғануға ғана емес, сонымен бірге өз өмірі үшін қорықпай, билік басындағыларға шындықты айтуға мүмкіндік берді. Ақымақ-пайғамбардың бейнесі Александр Пушкиннің «Борис Годунов» драмасында және М. Мусоргскийдің осы аттас операсында қолданылған.

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мүгедектер құрастырған жалпы он этикет ережесі бар.

1. Ерекше күтімді қажет ететін адаммен сөйлескен кезде оның серігі, тәрбиешісі немесе сурдоаудармашымен емес, тікелей өзімен әңгімелесіңіз. Бұл ата-анасымен жиі бірге жүретін мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты. Мүгедектігі бар адам туралы үшінші жақта айтып, сұрақтарыңызды жанындағыларға қоймаңыз. Барлық сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз тікелей сол адамның өзіне арналуы керек.

2. Ерекше күтімді қажет ететін адаммен танысқанда, оның қолын алып амандасу табиғи нәрсе. Тіпті қолын қозғау қиынға соғатын немесе протезді қолданатындардың өзі жауап ретінде қол (оң немесе сол) алыса алады.

3. Нашар көретін немесе мүлде көрмейтін адамды кездестірсеңіз, міндетті түрде өзіңізді және сізбен бірге келген адамдардың кім екенін атаңыз. Егер сіз топ ішінде сөз бастаған болсаңыз, кімге қарата сөйлеп жатқаныңызды түсіндіріп, өзіңізді де атауды ұмытпаңыз. Бір жерге бара жатқаныңызды міндетті түрде ескертіңіз (тіпті аз уақытқа шықсаңыз да).

4. Егер сіз көмек ұсынсаңыз, оның қабылданғанын күтіңіз, содан кейін не және қалай істеу керектігін сұраңыз. Түсінбесеңіз, ұялмай қайтадан сұраңыз.

5. Ерекше күтімді қажет ететін балаларды аты-жөнімен атаңыз, ал жасөспірімдер мен одан үлкендерге ересек адамға қарағандай қараңыз.

6. Біреудің арбасына сүйену, сүйкену, асылып тұру – оның иесіне сүйену немесе асылумен пара-пар. Мүгедектер арбасы оны пайдаланатын адамның қол тигізбейтін кеңістігінің бір бөлігі болып табылады. Мектепте бірге оқитындар арасында «айдап

көрейінші» деп сұрайтын кездер болады. Мұндай жағдайда шешімді мүгедектер арбасының иесі шешеді.

7. Қарым-қатынас құруда қиналатын адаммен сөйлескенде, мұқият тыңдаңыз. Шыдамды болыңыз, оның сөйлемді өзі аяқтауын күтіңіз. Оның сөздерін түзетпеңіз және аяқтамаңыз. Өңгімелесушіні түсінбесеңіз, қайта сұраңыз.

8. Мүгедектер арбасын немесе балдақ пайдаланатын адаммен сөйлескен кезде, өзіңіздің көзіңіз бен оның көздері бір деңгейде болуын қадағалаңыз. Сізге сөйлесу оңайырақ болады, ал сіздің сұхбаттасыңызға басын шалқайтудың керегі болмайды.

9. Есту қабілеті нашар адамның назарын аудару үшін қолыңызды бұлғаңыз немесе иығынан қағып көріңіз. Оның көзіне тік қарап, анық сөйлеңіз, бірақ есту қабілеті нашар адамдардың бәрі де ерін арқылы оқи алмайтынын ескеріңіз. Еріннен оқи алатындармен сөйлескен кезде, жарық жерге тұруға тырысыңыз. Сізге кедергі болар заттың жоғын және ештеңе көлегейлемей қадағалаңыз.

10. Байқамай: «Кездескенше» немесе: «Бұл туралы естідіңіз бе...?» деп, көрмейтін, естімейтін жанға айтып қойсаңыз, қысылмаңыз. Алайда, соқыр адамның қолына бірдеңе беріп: «Мынаны ұстап көрші» деп ешқашан айтпаңыз. Кәдімгі күнделікті қолданатын сөздерді айтыңыз, мысалы, «Мынаны қарашы» деп.

«Сен құрметте оны!
Түсіндін, бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол

Қорытынды. Азаттық жолында аяғын!» [3] деген Әбу Сәрсенбаевтың өлеңін оқымаған қазақ жоқ шығар. Көрдіңіз бе, бұл өлеңнің түпкі мақсаты – адамдарды кішіпейілділікке, Абай айтпақшы, «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйеге...» шақыру. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, мүмкіндігі шектеулі жандар кемтарлықты, дертті сұрап алған жоқ. Мүгедек боп туғандар өзін не күтіп тұрғанын білмейтін де еді. Жүре келе мүгедектікке шалдыққандар да бұны сұрап алған жоқ. Тағдырдың жазуымен осындай хәлге душар болды. Сол себепті олардың өмір сүруге деген шексіз құштарлығына асқан құрметпен қарау керек. Оларды құрметтеу қажет. Мүмкіндігі шектеулі болғанымен, мына бес күн жалғанда олар да шексіз мүмкіндіктерге ие.

Әдебиеттер

1. Б.Иманғазина. Тауқымет. Алматы, 2011.
2. Собор Парижской Богоматери: роман В.Гюго [пер.с фр.Н.Коган]-Москва: Эскмо, 2022-544с
3. Ә.Сәрсенбаев.Өлеңдері. <https://kitap.kz/music/5/abu-s-rsenbaev-olengderi>.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Балажанова Ж.Б., Усипбекова А. С., Қалмаханбет Г. М.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

Бұл мақала денсаулықты нығайту мектебінің мақсаты – денсаулықты нығайтуға ықпалын тигізетін жағдайлар туғызу арқылы оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оған баулу. Сондай-ақ, мектеп қызметкерлерінің өз денсаулықтарына жауапкершілігін арттыру.

Кілттік сөздер: физикалық денсаулық, соматикалық денсаулық, психикалық денсаулық, рухани денсаулық

Цель данной статьи - формирование и приобщение к здоровому образу жизни учащихся путем создания условий, способствующих укреплению здоровья. Также повышение ответственности работников школы за свое здоровье.

Ключевые слова: физическое здоровье, соматическое здоровье, психическое здоровье, духовное здоровье

The purpose of this article is to form and introduce students to a healthy lifestyle by creating conditions conducive to health promotion. Also, increasing the responsibility of school employees for their health.

Keywords: physical health, somatic health, mental health, spiritual health

Кіріспе. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа «Қазақстан-2050» жолдауына сәйкес біздің елде де адам денсаулығының ең маңызды, ең басты екендігі жарияланып, жаппай салауатты өмір сүруге жағдайлар жасалуда. Осы игілікті істің айғағы – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін орта іздеу арқылы мектептегі адамдардың барлығын салауаттылыққа жеткізу жұмыстарының басталуы[1].

«Денсаулықты нығайту» мектебінің бағдарламасының жобасын 1999-2000 оқу жылынан бастап сынақтан өткізуші мектептер саны көбейді. Сонымен мектепте денсаулықты нығайтуға ықпалын тигізетін мәселелер жоспарланып, жүйелі түрде жүргізіле бастады.

Негізгі бөлім. *Денсаулықты нығайту мектебінің мақсаты* – денсаулықты нығайтуға ықпалын тигізетін жағдайлар туғызу арқылы оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оған баулу. Сондай-ақ, мектеп қызметкерлерінің өз денсаулықтарына жауапкершілігін арттыру. Шешетін мәселелер:

- денсаулық бағдарламасы мәселелерін шешуге кірісу;
- мектептегі сынып бөлмелерін дұрыс бөлу, оқушының бос уақытын өткізуге арналған алаңдарды жөндеу, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және дұрыс тамақтануды ұйымдастыру арқылы оқыту кезеңінде қоршаған орта саулығын сақтау;
- жекелеген адамдардың отбасында немесе жалпы қоғамда денсаулықты қорғауда жауапкершілігін туғызу;
- салауатты өмір салтын сүруге оқушылар мен қызметкерлеріне нақтылы жағдай және мүмкіндіктер жасау;
- барлық оқушыларға өз жаратылысының, психикасының, әлеуметтік жағдайының ең жоғары дәрежедегі мүмкіндіктерін көрсетуіне жағдай жасау;
- денсаулықты нығайту жолында және мектеп ұжымының денсаулығын қауіпсіздендіруде анық мақсат қоя білу;
- оқушылар мен мектеп мұғалімдерінің және оқушылардың өз арасында, сондай-ақ олардың үйімен, қоғамдастықтармен ара қатынасын нығайту;
- қолда бар ресурстарды денсаулықты нығайту жолында дұрыс қолдана білу;
- медициналық-санитарлық оқыту бағдарламасының жобасын дайындау;
- білім алуды және денсаулығына қатысты дұрыс шешім қабылдауға қажетті дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ету, қоршаған ортасын сақтауды үйрету;

- оқушылардың өз денсаулықтары туралы мәліметтер деңгейін арттыру және медициналық-санитарлық оқытуларды дұрыс жолға қою мақсатында мектептің медициналық-санитарлық жұмыстарына кеңінен жол ашу.

Педагогикалық салауаттанудың даму негіздеріне тоқталайық. 1980 жылы орыс ғалымы И.И.Брехман денсаулық жөніндегі жаңа ғылымның негізін жасау қажеттігін ұсына отырып, қолданысқа «валеология» терминін енгізді. «Валеология» (латын тілінен аударғанда valeo – денсаулық, «дені сау болу»), logos – ілім, қазақша салауаттану) – дені сау адамның денсаулығын сақтау жөніндегі ғылым[2].

Валеолог-ғалымдар «салауаттануды адам денсаулығы және салауатты өмір жөніндегі ғылым» деп атап көрсете отырып, бұл медициналық емес, педагогикалық ғылым деп тұжырымдады. Солардың бірі – Л.Г.Татарникова өз зерттеуінде салауаттануды салауатты өмір сүру салтына деген профилактикалық сананы қалыптастыруға, әрбір тұғаның денсаулығын және оның құндылықты көзқарасын дамытатын, тұрақты мінез-құлқын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институт – отбасының беделін қалпына келтіруге жетелейтін педагогикалық гуманистік білімнің маңызды бөлшектерінің бірі тұрғысынан қарастырды. В.П.Петленко салауаттануды адамның өз денсаулығын нығайтудағы өзіндік күш жігері мен жеке даралығының дамуына мүмкіндік жасайтын ғылым деп есептеді[3].

Салауаттану мәселесін талқылай отырып, ғалымдар салауаттану кешенді ғылым деп қарастыруда. И.И.Брехман өзінің еңбегінде, салауаттану денсаулыққа экологияның, биологияның, медицинаның, педагогиканың және басқа да ғылымдардың қосатын үлестерін «синтездеп», денсаулыққа тіке жол салуы керек деген тұжырым айтады.

В.Д.Санькин және В.В.Зайцев салауаттануды физиологияға, гигиенаға, психологияға, педагогикаға, антропологияға, сондай-ақ адамның физикалық және психологиялық қабілеттіліктерін, олардың даму заңдылықтарын, сонымен қатар физикалық, психологиялық және адамгершілік-рухани денсаулығын нығайту мақсатындағы оларды жетілдірудің тәсілдерін зерттейтін басқа да адам жөніндегі ғылымдарға негізделген, адам денсаулығы және дені сау адам жөніндегі кешенді ғылым деп түсінеді[4].

Салауаттанудың даму кезеңдері:

Бірінші кезең– классикалық кезең адам денсаулығының маңыздылығы, оны алдын ала сақтау қажеттілігі жөніндегі ой-пікірлердің дамуы. (Гиппократ, Әбу Әли Ибн-Сина және тағы басқа).

Екінші кезең– клиникалық медицина тәжірибелерінің қорытындысы – адам организмінің ауру түрлерінің, олардың себептері, емдеу жолдарының зерттелуі, сауықтыру мүмкіндігінің анықталуы.

Үшінші кезең – гигиеналық медицина тәжірибелерінің қорытындысы. Ауру түрлерінің алдын алу мүмкіндіктеріне байланысты әлеуметтік, гигиеналық, психологиялық деңгейде денсаулықты сақтау және нығайту іс-әрекеттері жүйесін жасау жөніндегі ғылыми түсініктер дамиды.

Төртінші кезең– саналогия ілімінің дамуы. Организмнің ауру түрлеріне қарсы күресудегі мүмкіндіктері мен күресу тәсілдері анықталады.

Бесінші кезең– салауаттану – дені сау адамның денсаулығын сақтаудың, нығайтудың заңдылықтарын, тәсілдері мен тетіктерін зерттеу жөніндегі ғылым. Кезінде Әбу Әли Ибн-Сина (980-1037ж.) өзінің «Дәрігерлік ғылымережелері» еңбегінде, ұзақ өмір сүрудің тиімді жолы, ауруды емдеу жолы емес, денсаулықты сақтау мен нығайту екенін атап көрсеткен болатын.

А.А.Семенов салауаттанудың басқа ғылымдардың бір саласы ретінде қаралуының себебін, оның өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді. Ол ерекшеліктерге:

- салауаттанудың бірнеше ғылымдардың түйіскен жерінде пайда болуын;
- салауаттанудың денсаулықты сақтау және нығайту аясындағы кез-келген ғылымның жетістіктерін губка секілді өзіне сіңіру қасиеттерін жатқызады.

Б.Махамбетованың пікірінше, салауаттану – қоғамның денсаулық жағдайын игере алмауына, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін денсаулықтың сақталуына және нығаюына қолданбауынан дүниеге келіп отыр[5].

Салауаттанудың негізгі сатысы – тұлғаның даму үрдісіндегі жеке денсаулығы мен денсаулық мәдениетін тәрбиелеуге қатысты. Сондықтан ғалымдар медициналық және педагогикалық салауаттану арасындағы стратегиялық және тактикалық айырмашылықтары негізінде түсіндіруге көбірек ден қояды. *Н.Мырзаханұлының пікірі бойынша*, педагогикалық салауаттанудың зерттеу нысаны – дені сау адам, дені сау рқым болса, медициналық салауаттануда болмысы – «үшінші жағдаяттағы» адамдар. Үшінші жағдаяттағы адамдар – бұл не ауру, не сау еместер[6].

«Салауаттану» ғылымының мазмұнына берілген түсініктемелерді талдай отырып, салауаттану – адам денсаулығын, орны сақтау мен нығайту жолдары жөніндегі ғылымаралық бағыт деп түсінеміз. Оның негізгі міндеті – салауатты өмір салтын қалыптастырудың мәнін ашу мен оны қалыптастырудың барлық заңдылықтарын зерттеу. *Т.Қ.Мұстафина сөзімен айтқанда*, «салауаттану – денсаулықты басқыру ғылымы». Салауаттану – медицина, экология, биология, әлеуметтану, педагогика, психология, физиология, гигиена ғылымдарының ортасынан шығатын денсаулықты қалай басқарудың заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін нұсқаушы ғылым[7].

Зияттылық түр дегеніміз – денсаулық туралы білімнің ақпараттық көзі.

Әлеуметтік түр – тұлғаны әлеуметтендіру, өзін қоғамға қажетті мүше екенін аңғару, белсенді өмір сүру.

Тұлғалық түр – өзін тұлға түрінде түсіну, тұлға ретінде анықтау. Өзін іс жүзінде анықтау.

Рухани түр – адам жеке басының біртұтастығын қамтамасыз ететін қоғамның рухани құндылығын көрсетеді.

Қазіргі кезде денсаулықтың бірнеше түрі бар екені белгілі. Олар:

1. *Физикалық денсаулық* – ағза жүйесі мен органдардың өсу деңгейі. Оның негізін морфологиялық және функциялық кезектер қалайды. Олар ағзаның бейімделу реакциясын қамтамасыз етеді.

2. *Соматикалық денсаулық* – ол адам ағзасы мен органдардың арасындағы биологиялық жағдайы. Оның негізін ағзаның жеке басы дамуының биологиялық бағдарламасы реттейді.

3. *Психикалық денсаулық* – ол адамның психикалық сферасының жағдайы. Ауруды болдырмау, адекватты реакцияларды жасау, адам өмірінің мақсатын болжау, мұның бәрі биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктен туындайды.

Ағзасында функциялардың өздігінен реттеуі, функциялық үрдістердің келісімді түрде өтуі, айналаны қоршаған сыртқы орта факторларының әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы.

4. *Рухани денсаулық* – ол адамның информацияны қабылдау қабілеттілігі мен мотивациялық іс-әрекетінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаттамасын көрсетеді[8].

Денсаулық туралы М.Монтель былай дейді: «Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не күш жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек:

Адамдардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, салауатты өмір сүру салты біркелкі болмайды. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан ұрпаққа «ген» арқылы беріліп отыруы мүмкін. Міне осыған байланысты «салауатты өмір сүру салтының» үш категориясы болады.

1. Салауатты өмір сүру деңгейі;

2. Салауатты өмір сүру сапасы;

3. Салауатты өмір сүру стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі дегеніміз – экономикалық категория.

1. Дене шынықтыру;

2. Жеке бас гигиенасы;

3. Жағымды эмоциялар.

Салауаттанудың негізгі мақсаты – әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету.

Бұдан мынандай міндеттер туындайды:

- оқушыларға салауатты өмір салтының әдістерін үйрету;
- өз денсаулығына қоғамдық игілік, қоғамның рухани құндылығы ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

- оқушыларды негізгі гинетикалық дағдыларға төселдіру;

- осы заманғы ауру түрлерімен және оларды алдын алу шараларымен таныстыру.

Салауатты өмір сүру салтының негізгі биологиялық және әлеуметтік принциптері:

1. Биологиялық принциптерге:

а) салауатты өмір сүру салты адамдардың жас ерекшелігі.

ә) салауатты өмір сүру салты энергетикалық принциптері;

б) салауатты өмір салты эстетикалық қызметке;

в) салауатты өмір салты ритмикалық үрдістер;

г) салауатты өмір салты денсаулықты арттыруға байланысты болу керек.

2. Әлеуметтік принциптерге

а) салауатты өмір сүру салты және эстетикалық қызмет.

ә) салауатты өмір сүру салты еріктігін дамыту.

б) салауатты өмір сүрудің рухани түрде жеткіліктілігі.

в) салауатты өмір сүруде адамның «үшінші жағдайда» болмауын қамтамасыз ету.

Қорытынды. Сонымен, жоғарыда көрсетілген принциптерді негізге ала отырып, олардың бір-бірімен өзара байланыстылығын байқауымызға болады және өзіміздің авторлық анықтамамызды беруге мүмкіндік береді. «Салауатты өмір сүру дағдысы» – дегеніміз өмір сүру қажетті іс-әрекетімен мінез-құлқын көрсететін нормалар мен өмір сүру тәсілінің жүйесі.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы». Егемен Қазақстан №194, 1994.

2. Дубровский В.И. Валеология. Здоровый образ жизни. –М., 1999.

3. Педагогика здоровья. –М., 1991.

4. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі. – А., 2014.

5. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелілік деңгейін бағалаудың өлшемдері. –А., 2016.

6. Каплиева А.Қ. Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Автореферат. – А., 2002.

7. Мектеп жүйесіне салауатты өмір салтын енгізу әдістемесі /Республикалық әдістемелік кеңес жинағы. – А., 2007.

8. Жатқанбаев Ж. Валеология. Оқулық. – А., 2014.

ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сманов І. С., Балажанова Ж. Б., Еден Г. Д.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан

Бұл мақалада оқушылардың патриоттық тәрбиесінің педагогикалық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, оқушыларға патриотизм сезімін тәрбиелеудің әртүрлі аспектілері және жеке анықтамалар берілген.

Кілттік сөздер: мінез-құлық, ашықтық, әділеттілік, жанашырлық, мейірімділік, бауырмашылдық, жауапкершілік пен ар-ұят.

В этой статье рассматриваются педагогические проблемы патриотического воспитания учащихся. Кроме того, приведены различные аспекты воспитания у учащихся чувства патриотизма и индивидуальные определения.

Ключевые слова: поведение, открытость, справедливость, сострадание, доброта, братство, ответственность и совесть.

This article discusses the pedagogical problems of patriotic education of students. In addition, various aspects of educating students with a sense of patriotism and individual definitions are given.

Keywords: behavior, openness, justice, compassion, kindness, brotherhood, responsibility and conscience.

Кіріспе. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің өркендеуіне негіз болатын басты міндеттердің бірі – жас ұрпақтың бойына парасатты да, зерделі, елжанды отаншыл сезімдерді қалыптастыру және дамыған өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің президенті Н.Назарбаевтың «Қалың елім – Қазағым» жинағында... «Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...» және біз «Қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүйю, халқының өнегесін, бостандығы мен құқын қорғау дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін көздеп, әр адамның күш жігерін ел бірлігін нығайтуға азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» деп жазылғаны мәлім [1]. Мемлекеттік «Білім» бағдарламасын «тәрбие жүйесін жетілдіру» бөлімінде «мақсаты – Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапа қасиетін қалыптастыру» айтылады. Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап міндеттер бүгінде жастарды отансүйгіштік, патриоттық тәрбие беру ісінің жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді.

Қоғам қайраткері, ғалым Қ.Жарықбаевтың «Отансүйгіштік – кісі бойындағы күшқуатын, білім мен тәрбиесін халық мүддесіне оның игілігіне яғни, адамның кір жуып кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім» дегені мәлім. Бастауыш сынып оқушыларының сезімдік тәжірибесінің орасан зор молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың адамға тән формаларын игеру, қиялдаудың күшті дамуы ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болып саналатын психологиялық дамуындағы жетістіктерді ескере отырып, осы жастағы балаларды бастапқы елжандылық сезімге баулудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып атап өткенді жөн санадық [2].

Негізгі бөлім. Бастапқы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық сезімді қалыптастыру тәрбиесі анаға туысқандар мен жақын адамдарға махаббат сезімінен, балада олардың жылуын, көңілін және қамқорлығын сезінуден басталады. Бұл тұрғыда ғалым Ө.Табылдыев былай деген: «Отбасының екі тірегі – әлпештеген әке мен аялаған ана. Әкешеше арқылы өрбіген туысқандық адамгершілік қатынастары жүйеленіп, әлеуметтік, қоғамдық құрылысқа байланысты болады... Отбасындағы міндет – күнделікті іс-әрекет арқылы имандылық пен қайырымдылық рәсімдерін орындау әрекетін іске асыру жолы. Парыз – міндетті іске асырудың қалыптасқан рәсімдері. Борыш-ата-анаға, үлкен адамдарға қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу үшін жүргізілетін салтқа айналған қайырым іс-әрекеттер және ол-«қарыз» деген сөздің баламасы.

«Отан-анаға деген сүйіспеншілік», «Отанға адалдық», «Туған өлке» және т.б. бейнелі анықтамалар патриоттық сезімнің жоғары адамдық эмоциялардың бастауы ретінде балалық шақта қалана бастайды.

Бастауыш сынып кезеңдеріндегі әрбір жас ерекшелік сатысында бастапқы патриоттық сезімді тәрбиелеудің құралы ретінде – баланың іс-әрекетіндегі жағымды мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Халықтың жоғары дәстүрлі ұлттық құндылықтарды ашықтық, әділеттілік, жанашырлық, мейірімділік, бауырмашылдық, жауапкершілік пен ар-ұят, ұждан-балалардың өміріне халық әндері мен ертегілері арқылы дарып, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, тыйым сөздер, ырымдар арқылы жеңіл қабылданады.

Бүгінде «Мен патриотпын» деген замандастарымыздың бойынан нағыз ұлтжандық сезімнен гөрі «Мендік» патриотизм өріс алғанын байқаймыз. Яғни олар өзінің бас мүддесін

бірінші орынға қояды, ұлттық, елдік мақсат келесі орынға қалады, әр адамның бойынан өзімшілдік, менмендік, тек өз пайдасын көздейтін пиғылдан арылту үшін ұлтжандылық тәрбиесіне баулу керек. Осы бағытта бастауыш сынып оқушылары үшін ата-бабаларымыздың ерлік істерінен, аңыз әңгімелерінен, батырлар жырларынан мысал келтіре отырып солардан үлгі беру және өздерін солардың ұрпағы екендігіне көз жеткізе отырып еліктеу арқылы іске асыруға болады. Бастауыш сынып оқушыларына ертегі, жыр, өлең, батырлар жыры, аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдерді патриоттық тәрбиемен байланыстыра отырып олардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн.

Қазақ елінің болашағын айқындайтын оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден бір құндылық, ол жасөспірімді отаншылдық рухта тәрбиелеу. Қазақстан қоғамындағы жасөспірімдер арасындағы «патриотизм» ұғымының мәселесіне тікелей қатысты басты-басты ойларға тұрарлық мына мәселелерді атап өтуге болады:

- прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне талғамсыз еліктеу;

- идеологиялық, ақпараттық экспанцияның зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық;

- ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы;

- мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей қосымша міндет деп қарау;

- тәрбие жүйесінің ғылыми әдіснамалық, педагогикалық психологиялық және рухани әлеуметтік негіздерінің осалдығы;

- тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі;

- өзімізде барды бағаламай еліктеп-солықтау т.б.

«Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;

- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;

- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;

- ата-бабалар өсиетін орындау;

- жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу [3].

Қазақстан ғаламдық гуманистік ойлау жүйесіне енді. Сондықтан, ондағы әрекеті адами гуманистік мақсат-мүддеге қайшы болмауы қажет. Бұл ретте, Қазақстанның көп ұлтты құрамы ескерілгені жөн. Аталған ерекшеліктерге байланысты, қазіргі тәрбие жұмысын төмендегі тәртіпте қарастыруға мүмкіндік бар:

1. Болашақ мамандардың халқының салт дәстүрін жетіле білуі патриоттық тәрбиенің нәтижесі бүгінгі өмір талабына сай болу.

2. Жастардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуін қамтамасыз ету, оларды құрметтеу сезімін қалыптастыру;

3. Қазақ халқының озық гуманистік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, жалпы қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

4. Болашақ мамандарды өз пікірлерін ашық айтуға, сөз бостандығына, басқалардың пікірін құрметтеуге тәрбиелеу.

Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл – туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттың тілі, дәстүрі, мәдени ескерткіштері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Ә.Қалмырзаев: «Бұл сезім әркімге әр кезеңде (яғни, әртүрлі жаста) оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен

қалыптасады» деп жазады. Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі әсер етеді.

Осыған орай мұғалім (тәрбиеші, сынып жетекшісі, ата-ана) қазақ жастарының келбетін қалыптастыруда мектеп, ЖОО тәрбие жұмысында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру керек:

- өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу;
- әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білуі керек;
- ұлттық санасы, азаматтылық отангерлік қасиеттері болып елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қоғамда сай орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынуы керек;
- заңды сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті болуы қажет, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы болуы керек;
- өзін объективті бағалайтын және өзін дамытатын қабілеті болып, өз потенциалын (қабілеті, мүмкіншілігін) сезініп, оны іске асыра білуі керек, өздігінен шешім қабылдап, оны шеше білуі керек, алдына мақсат қойып қажет және не нәрсенің алдын ала білуі қажет;
- өмірде бар жағынан жоғары әлеуметтік белсенді болуы керек, жаңаны іздеуге өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті болуы керек;
- жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға шыдамсыздық пен жаугершілік көрсетпейтін қабілеттері болуы керек;
- өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалау;
- Отансүйгіштікке баулудың тиімді ұстанымдарын, тәсілі мен әдістерін айқындау қажет. Патриотизм мен патриоттық тәрбие мәселелерін шешуде қоғамның әлеуметтік, экономикалық саяси, мәдени өмірін ескере отырып, жүзеге асыру қажет [4].

Қазақстан дегенде ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан үш бірлік, үш негіз: «Жер, Ел және Тіл» көңіліңе ұялайды. Бұл үш құндылық қазақтың барлық бірлігі мен байлығын көрсетеді. Ел ұлт үшін мақтан етер мәдениеті.

Ел – ұлттық дүниетанымдағы ұлы ұғымдардың бірі. Ел сөзі қазақ халқының арғы қазақтан бүгінгі қазаққа дейін «қағанат», «ел - жұрт», «отан», «мемлекет», мағынасында қолданылып келеді. Ел сөздің ұғымы – елдік мінез, елдік дәстүр, елдік мұрат, елдік намыс, елжандылық, отаншылдық тәрізді құндылықтар оның өзегі болады. Қазақ халқының тарихында Отан үшін еліне құт болған данагөйлік Әйтеке, Төле би, Қазыбек билер қалдырған өсиет сөздер Отанға сүйіспеншілік сезімдерін өздерінің іс-әрекеттері арқылы көрсетіп кеткен. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би былай деген: Біз- қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт-берекесі қашпасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз! Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, сен – Қабылан болсаң, біз- арыстан, алысқалы келгенбіз. Берсең-жөндеп бітіміңді айт, бермесең-дірілдемей жөніңді айт! Не тұрысатын жеріңді айт деген екен [5].

Оқушы жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесімен шұғылданып жүрген зерттеушілер С.Иманбаева мен Н.Мұхамединова қазақ патриотизмінің дамып қалыптасуын он кезеңге бөледі.

- Сақ дәуіріндегі патриотизм.
- Тайпалық кезеңдегі патриотизм.
- Түркі қоғамы тұсындағы патриотизм.
- Алтын Орда тұсындағы патриотизм.
- 16-18 ғасырлардағы қазақ халқының патриотизмі.
- 19 ғасырдағы патша саясатына қарсы ұлттық патриотизм.
- 20 ғасырдың басындағы патриотизм.
- Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі патриотизм.

- 1986 жылғы қазақ жастарының патриоттық рухы.

- 21-ші ғасырдағы әлемдік жаһандану үрдісі кезіндегі қазақстандық патриотизм.

«Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;

- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;

- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;

- ата-бабалар өсиетін орындау;

- жер байлығы мен табиғатты қастерлеу [6].

Қорыта айтқанда: атадан балаға мирас болып қалған тағылымы мол сөз жауһары арқылы, болашақ ел тұтқасын қолына алар жас ұрпақтың бойына Отансүйгіштік секілді қасиеттерді қалыптастыру. Өйткені Отансүйгіштік тәрбие-білім мен тәрбиенің ең басты қайнар көзі, кәусар бұлағы.

Патриотизмге тәрбиелеу алдымен жастардың сана-сезіміне одан соң іс-әрекетіне, ұйымдастыруға ықпал етуден басталатыны белгілі. Осы мәселе тарихи-педагогикалық ықпал етуді әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Патриоттық тәрбие білім бері жүйесіндегі негізгі мәселе негізгі талап. Бар тәрбиенің бастауы – мектеп, сондықтан біздің мақсатымыз Отаным, елім деген Қазақстандық патриотты тәрбиелеу. Ал оны орындау – бәріміздің қасиетті борышымыз. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын ұстаз қолында. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбие – көкейкесті мәселе.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995ж 312б.
2. Ғаббасов Совет-Хан. Ұлттық педагогика және психология негіздері. – Алматы. Рауан баспасы. 2010ж. 13-20б.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір онтологиясы. – Алматы: «Рауан» 1994ж. 131-132б.
4. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Ұлттық тәлім – тәрбие. Атамұра-Қазақстан Алматы, 1994 62-65, 91-123б.
5. Бабаев С.Б. Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы, 2005. 162-163б.
6. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. – Түркістан, 2005. 18-21б.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Сейдаева А. Н., Малик А.Б., Ермекбай Ә., Джулдас А.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің әлеуметтік интеллектісін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің негізгі мәселелері қарастырылады.

Кілттік сөздер: әлеуметтік зияттылық, әлеуметтік перцепция, әлеуметтік құбылыстар.

В данной статье рассматриваются основные проблемы психолого-педагогических особенностей развития социальной интеллекта будущих педагогов.

Ключевые слова: социальная интеллигентность, социальная перцепция, социальные явления.

This article discusses the main problems of psycho-pedagogical peculiarities of development of social intelligence of future teachers.

Keywords: social intelligence, social perception, social phenomena.

Кіріспе. Бүгінгі күнде Қазақстанда жаһандық мәселелерге жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мән мәтіндегі жұмыстар кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Жаңартулар жағдайында түзілген жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламалары ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар болашақ мамандардың білім сапасына қызмет атқаратындай жағдайды көздеп отыр. Сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді міндеттейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін дайындалып, ол өз кезегінде талап пен сұранысты қанағаттандыру жағдайында өзгертулермен толықтырылып келеді.

Әлеуметтік зияттылық дегеніміз – бұл қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделу табыстылығын анықтайтын интегралды интеллектуалдық қабілет, ол әлеуметтік объектілерді (қарым-қатынас серіктесі ретіндегі адамды немесе адамдардың тобын) бейнелеумен байланысты. Қажетті арнайы қабілеттермен, білімдермен және дағдылармен, сонымен қатар болымды мотивация және мінез қасиеттерімен қатар, әлеуметтік зияттылықты ойлауға, оқуға және кәсіби- практикалық және ғылыми әрекеттерге, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік икемдерге қабілетінің бір алғышарты ретінде қарастыруға болады[1].

Негізгі бөлім. Әлеуметтік зияттылықпен жиі негізде өмірлік даналылық зияткерлік дарындылық формасы ретінде сәйкестендіріледі. Даналық – бұл табиғи зияттылықтың бір жағы, өйткені оның күнделікті ақпаратты өңдеу мен бейімделу үдерісіне тікелей қатысы бар. Сонымен қатар даналық зияткерлік есеюдің ерекше күйі, ол күнделікті өмірде көрініс тауып және өмірлік тәжірибе негізінде жинақталады. Бұл тұста әлеуметтік зияттылық өмірлік тәжірибе негізінде жинақталған өзге адамдар іс-әрекетін болжай алу мүмкіндігімен байланысты алынған.

Ф.Диттмэн-Коли және Р.Балтес даналық мәселесін талқылай келе, зияткерлік өсу аспектісінде адамның егде шағында туындаушы «синтезделген зияттылық» түсінігін енгізген, ол түрлі тәжірибелердің жинақталуымен сипатталады. Бұл белгілі бір сала аясындағы құзыреттілік – әлеуметтік практикалық өмір аспектілерін түсіну, өзіне деген рефлексиялық қатынас.

Н.Кэнтордың тұжырымы бойынша, әлеуметтік зияттылықтың репертуары, оны пайдалану динамикасымен әлеуметтік зияттылық жинақталып, жетілетін үдерістері жеке тұлғаға өмірлік қоршаған ортасына бейімделуге мүмкіндік береді. Демек, әлеуметтік зияттылықтың негізгі мазмұндық құрамдас бөліктері ретінде практикалық міндеттерді шешуге қабілеттілігі, вербальды қабілеттері мен әлеуметтік құзыреттілігі шығады [2]. А.Р.Лурия кеңес ғалымы ретінде зияттылықты әлеуметтік-мәдени тұрғыда зерттеген. Ол салыстырмалы деңгей жасай отырып, мәдениетаралық зерттеулердің міндеттерінің бірі мәдениет өкілдерінің зияттылық іс-әрекет ерекшеліктерін ұсынды. Бұл өз кезегінде мәдени әсерде басымдық танытып, адамның зияттылығын байқауға мүмкіндік туғызады. Адамның тіл табыса алу икемділіктері мен дағдыларының жоғары деңгейде дамуы, әлеуметтік рөлдер мен тәсілдерді танып, оның қолданбалы тұсын меңгеруі қажет. Әлеуметтік зияттылықтың негізін салушылардың бірі – Д.В.Ушаков өз зерттеулері негізінде әлеуметтік зияттылық туралы білімдердің интеграциялануы жалпы зияттылық теориясына келесі ережелер бойынша енеді деп көрсетеді: әлеуметтік зияттылық – танымдық мүмкіндік, ол зияттылықтың бір түрі және жалпы заңдылықтарға бағынады. Осы тұста әлеуметтік зияттылық әлеуметтік объектілерді бейнелеуші танымдық үдерістерді реттейді және траекториясын біріктіреді (адамдар тобы, адамдық қарым-қатынас құралы ретінде т.б.). Олар:- әлеуметтік зияттылық қалыптасуының алғышарттарына көбіне адамдардың коммуникациялық (қарым-қатынас) ерекшеліктері кіреді. Мұндағы әлеуметтік зияттылық қасиеті, оның өзге зияттылық түрлері және тұлғалық ерекшеліктерімен байланысының дәлелі.

- «әлеуметтік зияттылыққа» тән ерекшеліктерді оған сәйкес ішкі жүйелер көрсетеді, олар оның негізін құрайды [3].

Заманның даму кезеңдеріне сәйкес психологиялық мектептердің жақтаушылары «әлеуметтік зияттылық» ұғымына:

- басқа адамдармен сыйысу қабілеті (Moss F., Hunt T., 1927);
- қоршаған адамдармен іс жүргізу қабілеті (Hunt T., 1928);
- адамдар туралы білімдер (Strang R., 1930);
- өзгелермен тіл табысу, олардың жағдайын түсіну, өзін өзгенің орнына қоя білу қабілеті (Vernon P.E., 1933)
- өзге адамдардың сезімдерін, көңіл-күйін және әрекетіндегі мотивациясын сыни және дұрыс көзқараспен бағалау қабілеті (Wedek J., 1947) сынды әртүрлі түсініктер беріп отырған.

Даму үдерісінің бастапқы кезеңінде әлеуметтік зияттылықтың тұжырымдамасы сынға алынған. Д.Векслердің ойынша, әлеуметтік зияттылық әлеуметтік ортада көрініс табушы жалпы зияттылыққа тең. Дегенмен, психология ғылымына әлеуметтік зияттылық ұғымын енгізген Э.Торндайктың пайымдауынша, ол жалпы зияттылықтан дербес түрде өмір сүреді. Ғалымның зерттеулері барысында индивидтің өмірдегі, қарым-қатынастағы табыстылығын «зияттылық» және «әлеуметтік» ұғымдарымен байланыста қарастырып, психология, педагогика ғылымдарында талай категориялар жаңа бір қырларынан зерттелді, кейбірі жаңадан түзілді деуге негіз бар [4].

М.Е.Форд пен М.С.Тисак әлеуметтік зияттылықты анықтау үшін әдеттегідей, төменде көрсетілген үш өлшемнің бірі қолданылатынын атаған:

- әлеуметтік ақпараттың декодтауына қабілеттілік – вербальдық емес түрткілерді дұрыс әлеуметтік пікірлерді шығаруға дейін тану қабілеті (негізінде мынадай иллюстративтік конструкцияда қолданылады: рөлді қабылдау, өзге адамды қабылдау, әлеуметтік инсайт, тұлғааралық қатынастардан хабардар болу және т.б.);
- әлеуметтік жүріс-тұрыстың тиімділігі мен бейімділігі (иллюстративтік конструкциялары – әлеуметтік-когнитивтік дағдылар қажетті болатын жүріс- тұрыс нәтижелері);

Стернберг жағдаяттық зияттылықтың екі жағын анықтайды: күнделікті мәселелерді шешуде немесе практика барысында көрініс беретін әлеуметтік зияттылық. Р.Стернберг «Креативтіліктің инвестициялық теориясы» атты еңбегінде әлеуметтік зияттылықты шығармашылықтың құрамдас бөлігі деп қарастырады.

Г.Оллпорт (1937) әлеуметтік зияттылықты адамдар туралы пікір білдіруге, олардың жүріс-тұрысына дұрыс болжам құрудың және тұлғааралық өзара әрекеттесуге бейімделуді қамтамасыз етудің ерекше бір қабілеті ретінде сипаттайды. Г.Оллпорт өз еңбектерінде өзге адамдарды жақсырақ түсінуді қамтамасыз ететін қасиеттердің жиыны деп көрсетеді. Осы қасиеттердің құрылымына әлеуметтік зияттылық жеке қабілет ретінде енген (Allport, 1937).

Кейбір әдебиет көздерінде, соның ішінде Ж.Годфруада әлеуметтік зияттылық көп негізді әлеуметтік перцепция немесе әлеуметтік ойлау танымдық үдерістерінің бірімен сәйкестендіріледі. Бұл аталған феномендердің тікелей әлеуметтік психология ғылымында дербес қарастырылуымен байланысты. Д.Майерс өз жұмысында әлеуметтік психология анықтамасын айта отырып, оны адамдардың бірін-бірі тануы туралы ғылым деп көрсеткен. Әлеуметтік ойлау әлеуметтік зияттылыққа жақын ұғым, ол өзіндік бағалау мүмкіндігі ретінде қарастырылып, әлеуметтік ұстанымдар мен наным сенімдерді қабылдауды шарттап отырады [4].

Т.Бьюзен әлеуметтік зияттылықты «біздің өзге адаммен қарым-қатынасқа түсу деңгейімізді анықтайды деп» және оны біліктіліктер мен дағдылар жиынтығы ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлеуметтік зияттылығы жоғары тұлға: түрлі қоғамдық жағдайларға байланысты әңгімелесу деңгейі, өзге адамдарды тыңдай алуы, өзге адамдар дәл осы сәтте қандай сезімде екенін көре алу, өзін және өз идеяларын өткізе алуы, өзіне және өзгеге деген жағымды психологиялық ұстаным болуы, қиын жағдайлардан дұрыс

шыға алуы, өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната алуы; топ ішінен ерекшелене білуі секілді қызметтерден тұрады. Әлеуметтік зияттылықты күрделі және көп өлшемді психологиялық құрылым деп қарастырып, біз оның келесі құрамдастарын, нақты мәселенің В.Н.Куницынаның еңбектерінде талдануына сүйеніп, атап көрсетеміз:

- коммуникативтік-тұлғалық әлеует, мейлінше жинақты және әлеуметтік зияттылықтың спецификалық құрылымы мен оның түрлі жас кезеңдеріндегі қызметі ерекшеліктерін түсінуге жақындауға мүмкіндік береді. Коммуникативті-тұлғалық әлеует (КТӘ), ол қарым-қатынасты жеңілдететін немесе қиындататын қасиеттер кешені, олардың негізінде психологиялық байланыс орнату және коммуникативті сыйымдылық сияқты интегралды коммуникативті сапалар қалыптасады; бұл әлеуметтік зияттылықтың негізі мен өзегі;

- өзіндік сананың сипаттары – өзін құрметтеу сезімі, қысымдағы импульстардан, теріс тұжырымдардан, сенімсіздіктен еркін болу, жаңа идеяларға ашық болу, Өзінің бейнесі мен Өзінің тұжырымдамасының ерекшеліктері;

- әлеуметтік перцепция, әлеуметтік құбылыстарды түсіну және модельдеуге, адамдар мен олардың мінез-құлық мотивтерін түсінуге қабілеттілік ретінде; тұлғааралық жағдаяттарды болжамдау икемдері [5].

«Әлеуметтік зияттылық» құрылымын нақтылай түсуде коммуникативті құзыреттілік туралы коммуникативті біліктілік және тұлғааралық қатынастар зияттылығы дегенмен де адамдардың бірлескен іс-әрекеті факторына қатысты екінші кезекте. Сол себепті де коммуникативті құзыреттілікті көтеруге тірек болушы әдістер: индивидке табиғи тұлғааралық қатынастар құру, әлеуметтік- психологиялық елестетуді дамыту жолы ретінде өзге адамдар көзімен әлемді тани білуге жағдай жасау.

Болашақ мамандарды даярлау жағдайында Т.С.Сабыров зерттеулерінде: «...студенттерде таным әрекетінің психологиялық сипаттары: білімге деген жағымды мотивтер, өзінің жасаған жұмысының барысын өзі бақылай білуге, осы бағытта алған білімін болашаққа жоспарлай білуге дағдылануы болмақ. Ол үшін студенттің алдына ғылыми проблеманың шығу тарихы жайлы қызықты материалдарды бере отырып, зияттылығын дамыту жолында әлі шешілмеген сұрақтар бойынша бір-бірімен айтысу пікірлеріне мүмкіндік жасау қажетпіз», – деп өз тұжырымын береді. Ғалымның пікірі бойынша, студенттің зияттылығын дамытуды оның алдына сәйкесінше проблема қоюмен байланыстырады [5].

Қорытынды. Қорыта келгенде, біздің қоғамда әлеуметтік процестердің үнемі күрделі болуы және тездетілуі, жаңа қоғамдық институттардың туындауы және жаңа әлеуметтік құбылыстардың болуына сәйкес мінез-құлық, ақпаратты өңдеу, тұлғаралық жағдайлар дамуын жоспарлауға қатысты адам мүмкіндіктеріне талап жоғарылауда. Адамдар жиі әлеуметтік өзара әрекеттестікке және қоғамдық шешімдер қабылдауға дайын емес болады. Әлеуметтік зияттылық мүмкіндіктер және әрекеттерді түсінуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар адамдар, адамдардың сөздік өнімі және оның вербалды емес реакцияларын қамтиды. Бұл мүмкіндік тиімді тұлғааралық өзара әрекеттестікке және тиімді әлеуметтік бейімделуге қажетті.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика, Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті. – 1998. – 378б.
3. Ыбыраймжанов Қ.Т. Қазақстандағы бастауыш білім берудің тарихы. Хрестоматия / Қ.Т. Ыбыраймжанов. – Алматы: «Эпиграф» баспасы, 2016. – 328 бет.
4. Жақыпов С.М. Психологияны оқыту әдістемесі [Текст] : оқу құралы / С. М. Жақыпов, Н. Қ. Токсанбаева. – Алматы : Қазақ университеті, 2013. – 191 б.
5. Кертаева Ғ.М. Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. – Павлодар: Кереку баспасы, 2011. – 224 б.

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Қойшиев Қ.Е., Ниязалиева М. Қ., Абдумуминова Ж. Ж., Максим Н. Б.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақала жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби және жеке қабілеттерін диагностикалаудың маңыздылығына арналған.

Кілттік сөздер: психопрофилактика, психодиагностика, психокоррекция, кеңес беру.

Данная статья посвящена значению диагностики профессиональных и личностных способностей будущих педагогов в условиях глобализации.

Ключевые слова: психопрофилактика, психодиагностика, психокоррекция, консультирование.

This article is devoted to the importance of diagnostics of professional and personal abilities of future teachers in the context of globalization.

Keywords: psychoprophylaxis, psychodiagnostics, psychocorrection, counseling.

Кіріспе. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог мамандардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Жаңа ғасырда көпшіліктің назарын адаммен байланысты ғылымдар қызықтыруда. Осының айғағы ретінде – адамның ішкі психикалық әлемі мен рухани дамуын зерттейтін психология ғылымы саласындағы мамандарды даярлау – өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортаның көптеген салаларында психолог мамандарына сұраныс мол болып отыр. Білім беру жүйесінде психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешудің психологиялық негіздерін анықтауға, балалардың жас және тұлғалық қасиеттерін анықтауға, отбасында және мектептерде балалармен тіл табыса алмай жүргендерге психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, түзету жұмыстарын ұйымдастыруға және ерекше қиын жағдайларда оқушыларды психологиялық дағдарысының оңтайландыру жолдарын қарастырады.

Негізгі бөлім. Жоғары оқу орнында болашақ педагог-психологтарды кәсіби және тұлғалық қабілеттерін диагностикалау мәселесін О.А.Абдуллина, В.И.Андреев, Э.Ф.Зеер, Н.В.Кухарев, Е.В.Ткаченко, А.В.Усова және т.б. шешкен. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін зерттеуге (И.Я.Зязюн, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, Н.Н.Тарасович, Г.И.Хозяинов және т.б.) және педагогикалық техниканы жетілдіруге ерекше көңіл бөлінген (Ю.П.Азаров, А.А.Кан-Калик, Л.И.Рувинский және т.б.) [1].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді сараптау кәсіби-педагогикалық дайындықтың жоғары оқу орны студенттерінде қалыптастыруға қажетті мынадай ең маңызды жақтарын бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі компоненттері (Ф.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин және т.б.);

- зерттеу біліктері мен дағдылары (О.А.Абдуллина, А.И.Щербаков, Н.М.Яковлева және т.б.);

- оқу үрдісінде тәрбие міндеттерін шешуге даярлық (Н.Ф.Белокур, С.Е.Матушкин, П.И.Чернецов және т.б.);

- шығармашылық педагогикалық іс-әрекетке даярлық (К.А.Абульханова-Славская, Ю.П.Азаров, А.А.Вербицкий, В.А.Кан-Калик, Ю.И.Кулюткин, Н.В.Кухарев, Г.С.Сухобская және т.б.);

- педагогикалық сараптама, өз педагогикалық іс-әрекетінің рефлексиясын жасау қабілеттілігі (Ю.А.Конаржевский, Г.Н.Сериков, В.А.Черкасов, Т.И.Шамова және т.б.) [2].

Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, соған байланысты жоғары оқу орындарында психологиялық-педагогикалық мамандарды даярлау үдерісі, бұл саланың қызмет дағдылары мен сапаларын меңгерген, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғары білім беру жүйесінде студенттерді сәйкес мамандықтарға даярлауда жаңашылықты талап етеді.

Заманауи педагог-психолог – бұл жоғары психологиялық-педагогикалық білім алған маман, ол білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық даму мен тиімді әлеуметтенуді қамсыздандыруға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғауға, олардың дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушы. Оның кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби қабілетініңшегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады.

Педагог-психологтың кәсіби қызметін О.Е. Пермяков «Индивидтің немесе топтың тиімділігін арттыру, өмірдің субъективті қанағаттандырылуы мақсатындағы қатынастарды өзгерту және қалыптастыру бойынша қызмет» ретінде, кәсіби білім беру жүйесіндегі жеке білім жетістіктерін бағалау мәселесі контекстінде анықтайды.

Н.О.Перепелкина өзінің еңбегінде, педагог-психологтың кәсіби даярлығындағы психодиагностиканың маңызды рөлін ерекше атап өтеді. Психодиагностика әдістері, нақты әдістемелер және тесттік процедуралар, психологиялық зерттеуді жүргізудің кәсіби-этикалық принциптері, психодиагностика әдістері мен әдістемелерін таңдауға, оларды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар, тұлға аралық және топ аралық өзара қатынастың психологиялық механизмдері педагог-психологтың диагностикалық қызметінде маңызды болып табылады.

В.И.Долгова педагог-психологтың кәсіби және тұлғалық қабілеттерін диагностикалау үдерісіндегі кәсіби қабілет терді қалыптастыру арқылы анықтайды. Кәсіби және тұлғалық қабілеттерін диагностикалау кезеңін қоса алғанда оның барлық кезеңдеріндегі, оның жағдайы, кәсіби қызмет, мамандықта тұлғаның дамуын анықтайды, нақтырақ айтқанда, тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді, біздің зерттеуімізде ерекше құнды және онда өзінің кескінін табады [3].

Зерттеуші А.Ж.Сапарғалиева педагог-психологты көмекші кәсіп маман ретінде қарастырды. Сонымен қатар, оның зерттеуінде педагог-психологтың көмекші кәсіп маманы ретіндегі кәсіби қызметінің келесідей түрлерін бөлген: психодиагностикалық, түзетуші-дамытушы, кеңес беруші, алдын алушы, бағалаушы, болжаушы, әдістемелік, басқарушы. Көріп отырғанымыздай, психодиагностикалық қызмет алғашқы, басқа қызмет түрлерін бастаушы ретінде көрсетілген. Оның жасаған педагог-психолог көмекші кәсіп маманы ретіндегі кәсіби даярлау моделінде процессуалдық компонент – технологиялық іскерліктермен ұсынылған. Олардың бірі – тұлғаны және білім беру үдерісін диагностикалау іскерлігі.

Зерттеушілер М.Р.Битянова, А.Г.Шмелев және т.б. педагог-психологтың және тұлғалық қабілеттеріндегі психодиагностикалық қызметті жүзеге асыруда бірінші орынға мынадай кәсіби маңызды сапаларды қояды:

- психодиагностика негіздерін білу,
- психодиагностикалық жұмыс біліктері мен дағдылары (психологиялық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу білігі мен дағдылары,
- психологиялық диагностика әдістері мен әдістемелерін меңгеру,
- мәліметтерді математикалық өңдеу,
- балаға, ұжымға психологиялық қорытынды жасау және т.б.),

- мәліметтерді баяндауда нақтылық, объективтілік, мәліметтерде өңдеу [3].

Г.О.Абдуллаева педагог-психологтың кәсіби және тұлғалық қабілеттерін диагностикалауды білім берудің түрлі салаларында – мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, арнайы түзету орталықтарында, колледждерде және т.б. жұмыс істейтін маман ретінде сипаттайды. Ол қызмет білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау мен тұлғалық дамуына бағытталған.

Оның көзқарасынша, педагог-психолог өзінің кәсіби қызметінде қатысушылардың тұлғалық даму үдерісінде пайда болған қиындықтарды психопрофилактикалық, психодиагностикалық, психокоррекциялық, кеңес беру және түзету жұмыстарының көмегімен анықтайды. Ол қатысушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға тұлғалық, кәсіби және басқа да мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық диагностика негізінде қатысушылардың белгілі бір жас категориясынан басқасына ауысуында оқуға дайындығын анықтайды және тұлғаның психологиялық даму деңгейіне сай оқытудың немесе білім беру бағдарламасының әдістерін, формаларын және құралдарын таңдайды. Ол барлық педагогикалық ұжыммен тығыз жұмыс жасайды, қатысушылардың тұлғалық жеке ерекшеліктерін, жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу қызметінің диагностикалық, түзетуші, дамытушы бағдарламаларын жоспарлайды және жасайды.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби және тұлғалық сапасын анықтайтын қабілеттер: аналитикалық қабілет, жобалық қабілет, зерттеушілік қабілет, диагностикалық қабілет, басқарушылық қабілет, жобалық қабілет.

Мұндағы болашақ педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі диагностикалық қабілет – педагог-психологтың негізгі қабілет тері жүйесіндегі құраушы және байланыстырушы болып саналады. Осыған сәйкес, біз диагностикалық қабілет ті бастапқы, маманның зерттеушілік қызметін қамтамасыз етуші ретінде анықтаймыз. Ол ары қарайғы басқарушылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, коммуникативтік, аналитикалық қабілет түрлерінің негізі болады. Яғни, болашақ педагог-психологтың кәсіби қызметінің құрылымында диагностикалық қабілет өзге қабілет түрлерін игеруші болады, себебі оның құраушылары қабілеттерге икемделе отырып, (ал тұлға қабілеттерін көптеген авторлар, негізінде, адамның біліміне, білігіне, дағдысына, тәжірибесіне, құндылықтары мен бейімділіктеріне негізделген мүмкіндіктер ретінде қарастырады) болашақ маманның кәсіби қабілетінің қалыптасуын қамтамасыз етеді [4].

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психолог – жалпы, орта және кәсіптік білім беретін мектептердің жұмыстарын көрсететін құжаттар мен материалдарды, педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы жайында арнайы әдебиеттерді, қазіргі психодиагностиканың және психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың, дидактиканың сабақ беру әдістемесінің, дефектологияның негіздерін білуге, мектептің психологиялық қызметі құжаттарының толтырылу тәртібін, мектеп құжаттары мен нормативті құжаттарды білуге тиісті.

Психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізін қалыптастыру және баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психолог қызметін келесі бағыттарда ұйымдастыруға болады: психодиагностикалық жұмыс, психопрофилактикалық жұмыс, психологиялық кеңес беру, психокоррекция жүргізу, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру және біліктілігін арттыру, психологиялық қызмет көрсету жүйесі қызметін насихаттау және әлеуметтік-диспетчерлік қызмет көрсету.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың негізгі міндеттері:

- Білім беру саласындағы Республика заңдарын орындау;
- Шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруда кәсіби шеңберден шықпау;
- Өзінің кәсіби білімін үнемі арттырып, отыру;
- Нақты кәсіптік білім жоқ адамдардың диагностикалық, коррекциялық зерттеулер жүргізуіне тыйым салу;

- Барлық мәселелерді шешуде балалардың психологиялық дамуын ескеру;
- Атқарылатын жұмыстардың міндеттері мен әдістері туралы нұсқауларды кәсіптік жағынан басқаратын адамдар бергенде оларды нақты орындау;
- Баланың психологиялық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмектерді көрсету;
- Кәсіптік құпияны жарияламау;
- Барлық психологиялық зерттеу нәтижелерін жазып, арнайы құжаттарға тіркеп отыру;
- Психологиялық көмек қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларды ұйымдастыру [5].

Қорытынды. Сонымен, педагог-психолог жұмысының табыстылығы – жоғары оқу орнында, теориялық және практикалық қызметтерден тұратын, кәсіби дайындығымен тікелей байланысты. Оқыту үдерісінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби қабілетінің мазмұнын кәсіби даярлығын диагностикалауға қажетті барлық алғышарттар қамтылған. Ол педагог-психологты даярлауда қалыптасқан қиындықтарды оңтайлы шешу әдістерін табуға мүмкіндік бере отырып, Қазақстан Республикасының заманауи білім беру ұйымдарындағы оның әлеуметтік кәсіби мәртебесі мен ролін арттырады.

Әдебиеттер

1. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды: «САНАТ -Полиграфия»- 2006. -170 с.
2. Лекерова Г.Ж. Психолого-педагогическая диагностика личности: учебное пособие. – Шымкент: Нурлыбейне, 2011. - 132 с.
3. Аубакирова Р.Ж, Турсунгожинова Г.С. и др. Диагностический инструментарий в помощь учителю школы. Учебно-методическое пособие. ГУ имени Шакарима. – Семей, 2014. – 96 с.
4. Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012.- 141б.
5. Жұбаназарова Н.С. Тұлғаны диагностикалау. – Алматы: Қазақ ЖОО, 2017.- 102 б.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

*Сейдаева А. Н., Давлатярова Д. Д., Досмурат Ж. Т., Жадигер А. К.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан*

Бұл мақалада мұғалімдердің кәсіби қызметтегі коммуникативті қабілеті қарастырылады.

Кілттік сөздер: мотивация, мақсат, пән, құралдар, тәсілдер, өнім мен нәтиже.

В данной статье рассматривается вопрос коммуникативной способности учителей в профессиональной деятельности.

Ключевые слова: мотивация, цель, дисциплина, инструменты, подходы, продукт и результат.

This article deals with the issue of communicative capacity of teachers in professional activity.

Keywords: motivation, goal, discipline, tools, approaches, product and result.

Кіріспе. Қазіргі таңда мұғалімнің коммуникациясы – мұғалім пен бала арасында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі нақты психологиялық жанасуды қамтамасыз етуге негізделген. Оларды коммуникация субъектісіне айналдыру, өзара әрекеттесу үрдісінде туындаған түрлі психологиялық кедергілерді жоюға көмектесу, балаларды үйреншікті ұстанымынан әріптестік ұстанымға ауыстыру және оларды мұғалімнің шығармашылық субъектісіне айналдыру керек. Бұндай жағдайда мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативтік қабілеттілік – кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық құрылымын

түзеді. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативтік қабілеттілік – оқыту мен тәрбие беруде білім алушының тұлғасына әсер ететін құрал ретінде қызмет етеді.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникация дегеніміз – оқушының тұлғалық, интеллектуалдық, іс-әрекетін дамытуға бағытталған және оның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруінің негізі болып табылатын мұғалімнің тәрбиелеушілік және оқытушылық ықпалы болып табылады.

Негізгі бөлім. Коммуникация – адамдар арасында ақпарат алмасудағы, сондай-ақ серіктесімен бірін-бірі ұғынудағы және түсінудегі әрекеттің күрделі үрдісі. Педагогикалық үрдістің ерекшелігі – түрлі әлеуметтік-рөлдік және оның субъектісінің функционалдық позициясына негізделген. Коммуникация стилі мен жетекшілік өмір сүру аясында оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігімен, сондай-ақ тұлғаны дамыту ерекшелігімен және сыныпта тұлғаралық қарым-қатынасты қалыптастырумен анықталады.

Мұғалім – қоғамдық тіршілік иесі, өмірінің көп бөлігін адамдар арасында өткізеді және соған байланысты оның адамдармен қарым-қатынасы, оның жетістігі, көңіл-күйі, денсаулығы қалыптасады.

Тәрбиеленушінің адамгершілік санасын, сезімдерін және мінез-құлықтарын қалыптастыру үрдісі ретінде, адамгершілік құндылықтарын сақтау, адамгершілік идеалдарын қайта мәнін түсіну қажеттіліктері пайда болған қазіргі таңда, оқушы-жастар тәрбиесінде оның маңызы оданда арта береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жастарда жоғары адамгершілік сипаттарын белсенді түрде қалыптастыруды талап етеді [1].

А.А.Бодалевтың зерттеуінде, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативтік қабілеттілік мұғалім пен тәрбиеленуші арасындағы шектеулі әлеуметтік-психологиялық жүйе ретінде көрсетіледі. Оның мазмұны ақпарат алмасу, тәрбиелік әрекет көрсету, коммуникативтік құралдар көмегімен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру болып табылады. В.А.Сухомлинский бұл туралы былай деп жазды: «Мектеп қабырғасында айтылған әрбір сөз ойланып айтылған, дана, толықтай салмағы бар сөз болуы тиіс, бұл нақты тірі адамға айтуда ерекше маңызды, сөз қадірін ұмытпауымыз керек, керісінше сөздің құны үнемі өсіп, артып отыруы тиіс».

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативтік қабілеттілікті дамыту үрдісінде мұғалім өзінің әлеуметтік-рөлдік және функционалдық міндетін оқу және тәрбие үрдісін басқаруда тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырады. Коммуникация стилі мен жетекшілік өмір сүру аясында оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігімен, сондай-ақ тұлғаны дамыту ерекшелігімен және оқу тобында тұлғаралық қарым-қатынасты қалыптастырумен анықталады. «Мектеп оқушыларының қарым-қатынасы пайдалы, әлеуметтік құнды болуы үшін мұғалім ең аз дегенде үш мәселені шешуі керек: ұжымда жеке мазмұнды қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызу; баланы сөйлесуге үйрету; мектеп оқушыларымен сенімді жанасуды орнату» [2].

Коммуникация аумағында құзіреттілік қазіргі мамандардың қай-қайсысының болмасын аса маңызды белгілерінің бірі болып саналады. ХХІ-ғасыр «коммуникативтік психология ғасыры» деп тегін айтылмаса керек.

Адамдармен жұмыс істейтін кез келген кәсіп иесі – мұғалімдер, дәрігерлер, менеджерлер, журналисттер, психологтар, әлеуметтік мұғалімдер т.б. қандай адам болмасын коммуникация орната алуы өз ісінде табысқа жетуінің бір жолы болып табылады.

Мұғалімдер үшін коммуникативтік кәсіпқойлығының басты белгісі. Өйткені, коммуникация құралдары, үлгісі, стилі, формасы мен әдістері – бүкіл педагогиканың әдіснамалық негізін қалайды. Себебі, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің үрдісі толығымен әр түрлі бағыттағы, мәндегі, сипаттағы қарым-қатынастардан құралады. Оқушы мен мұғалім арасында коммуникация орнамаса, онда мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің үрдісі жүзеге аспай қалады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникация – адамның өз сезімдері мен әсерлерін, жан дүниесіндегі қозғалыстарды басқара білуінің көрсеткіші. Ол тағы бір жақтан маманның мұғалім ретіндегі қаншалықты қалыптасқандығының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан, болашақ мұғалімнің теориялық білімді меңгеруімен қоса, қарым-қатынастың практикалық маңыздылығымен оны практикада жүзеге асыруына шарт түзетін дағдылармен қамтамасыз ету маңызды.

Қазақстан ұлттық энциклопедиялық сөздігінде: «коммуникация (латынша communicatio – ортақ етемін, байланыстырамын, сөйлесіп пікірлесемін) – 1) қатысым – 1) қатысым жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы; 2) сөйлесу, ақпарат беру. Коммуникация, негізінен, танымдық қызмет атқарып, тілдің көмегімен жүзеге асырылады» деген мағынаны білдіреді [3]. Философиялық сөздікте: коммуникация – біреумен кеңесу – «Мен»-нің өзін басқадан табуына көмектесетін, қарым-қатынасты білдіретін философияның категориясы- делінген [4].

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның теориялық негіздерін түсіндірген және коммуникацияны мұғалімнің іс-әрекетінің негізгі кәсіби құралы ретінде қарастырған ғалымдар: Н.В.Кузьмина, А.И.Щербаков, В.В.Богословский, А.Д.Боборыкин, В.А.Сластенин және т.б.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникация – бұл белгілі бір мұғалімнің кәсіби функциялары мен жағымды психологиялық ахуалды қамтитын сабақта және сабақтан тыс оқытушы мен оқушының кәсіби қарым-қатынасы.

Коммуникация – мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі маңызды кәсіби құрал болып табылады және А.А.Бодалева, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, А.Н.Леонтьев, А.Н.Мудрик, А.И.Щербаковтың, зерттеулерінің нәтижесіне сүйенсек, дұрыс орнатылған коммуникация мұғалім әрекетінің нәтижесіне байланысты болады. Шығыстың Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн сынды ғұлама ойшылдары коммуникация ұғымының біртұтастығына, адамдар арасындағы өзара әрекетке аса зор мән берген.

Техника мен технология, электронды құралдардың дамуына қарамастан қарым-қатынастың басты құралы сөз болып қала бермек. Өйткені, ол сөзді сөйлеу арқылы жанды мәмілеге жол ашады. Оны меңгеру әр ұстаз үшін аса маңызды. Техника құралдарын пайдалану адамдарды сөздегі «сараңдыққа» алып келуде. Осыдан барып мінез тұйықтығы, сөзге шорқақтық, қарым-қатынастағы икемсіздіктер туындайды. Ал бұл мұғалім қызметіне кедергі болатын жәйттер.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативті қабілеттілікті дамытуда мұғалім мен оқушы арасындағы және сынып ішінде оқушылар арасындағы өзара әрекеттесу үрдісіндегі қиындықтар оған әсер етуші, себеп тудырушы факторларды анықтау мақсатында елеулі екпінмен зерттелуде. Н.В.Кузьмина, А.Н.Леонтьев, А.К.Маркова, В.А.Кан-Калик, Е.В.Цуканова, В.В.Рыжов, Л.А.Поварницына және т.б. ғалымдар мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативті қабілеттілікті дамытудағы қиындықтардың оқу іс-әрекеті үшін мәні зор екендігін зерттеді.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның ерекшелігі – іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты, психологиялық (пәндік) мазмұнмен анықталады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның мазмұнына жатады:

- мотивация;
- мақсат;
- пән;
- құралдар;
- тәсілдер;
- өнім мен нәтиже.

Өзінің құрылымдық ұйымдасуында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникация іс-әрекет әрекеттердің (іскерліктер) жиынтығымен сипатталады, олар ары қарай қарастырылады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның пәні ретінде дамудың шарты мен негізі ретіндегі оқытушылардың пәндік әлеуметтік мәдени тәжірибені игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияда әлеуметтік мәдени тәжірибені беру тәсілдері ретінде түсіндіру, көрсету (иллюстрация) оқу міндетін шешу бойынша оқушымен бірігіп атқарылатын жұмыс, оқушының тәжірибесі (зерханалық, далалық), тренингтер болып келеді.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның нәтижесі – оқушының жеке дара тәжірибесіндегі құрастырушыларының жиынтығымен анықталады:

- Аксиологиялық;
- Мінез-құлықтық;
- Этикалық;
- Эмоционалдық-мағыналық;
- Заттық;
- Бағалаушы.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның нәтижесі емтихандарда, сынақтарда тапсырмаларды, оқу-бақылау жұмыстарын орындау критерийлері бойынша бағаланады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның нәтижесі – оның негізгі мақсатының орындалуы ретінде оқушының тұлғалық, интеллектуалдық дамуы, оның тұлға ретінде, іс-әрекет субъекті ретінде жетілуі, қалыптасуы болып табылады. Нәтиже, оқушының оқудың басындағы сапасы мен адамның жан-жақты дамуы тұрғысынан оның соңғы кезіндегі сапаларын салыстыру арқылы диагностикаланады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникацияның маңызды компоненттерінің бірі – оның мотивациясы болып табылады. Мұғалімнің іс-әрекетте де оқу іс-әрекетіндегі сияқты мотивациялық бағдарланулар ажыратылады: ішкі түрткілер, жетістік түрткісі және ішкі түрткілер.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникация белгілі бір мұғалімнің жағдайларда түрлі әрекеттердің жиынтығынан тұрады:

- перцептивтік;
- мнемикалық;
- коммуникативтік;
- заттық-қайта түрлендірші;
- зерттеушілік;
- бақылаушы (өзін-өзі бақылау);
- бағалаушы (өзін-өзі бағалау) және т.б. [5]

Қорытынды. Сонымен, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативті қабілеттілікті дамыту үрдісінің ерекшелігі – тәрбие үрдісін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету қызметінен келіп туындайды. Мұғалімнің тәрбиеленушімен өзара коммуникациясын ұйымдастыру функциясы оқу тапсырмасын шешу құралы ретінде қарастырылады. Мұғалім алдында тұратын неғұрлым күрделі тапсырма санына коммуникативтік біліктілікті дамытудың жоғары деңгейіне жататын өнімді коммуникацияны ұйымдастыру кіреді. Бұл қайталанбайтын үрдіс болуы үшін балалармен қарым-қатынасты ұйымдастыру қажет. Бұл жерде коммуникация стилі маңызды рөл атқарады. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті үрдісінің ерекшелігі түрлі әлеуметтік-рөлдік және оның субъектісінің функционалдық ұстанымына негізделеді деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – Астана, 2007.
- 2 Бодалев А.А. Личность и общение. – М., 1995. – 190 с.
- 3 Маркова А.К., Никонова А.Я. Психологические особенности индивидуального стиля деятельности учителя. – М., 1995.
- 4 Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы. – Алматы, 2002.
- 5 Жақыпов С. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2007.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қойшиев Қ. Е., Қайралла А. Б., Туменова Ж.
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарлануының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады.

Кілттік сөздер: кәсіптік оқу, кәсіптік бағдар, кәсіптік консультация

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические особенности профессиональной ориентации старшекласников.

Ключевые слова: профессиональное обучение, профориентация, профессиональная консультация.

This article deals with psycho-pedagogical peculiarities of professional orientation of high school students.

Keywords: vocational training, career guidance, professional advice

Кіріспе. Кәсіптік бағдардың мәні – әлеуметтік жағдайда және күтпеген жағдайларға адасқан адамдарды қалдырмау. Сондықтанда кәсіптік бағдар адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастарды тудырудың басты факторы болады.

Оқу бағдарламасы және кәсіптік бағдар тәрбие жұмыстары бағдарламаларының жалпы бір мақсаты бар, ол - тұлғаны тәрбиелеу оны жан-жақты дамыту.

Кәсіптік бағдардың тапсырмалары оқу пәндері және тәрбие жұмыстары бағдарламасында айқын көрініс табады:

- жалпы білім беретін оқу пәндерінің білім мазмұны, ғылыми теорияда өмір тәжірибесімен өндіріспен байланыста оқыту, тәрбие және кәсіптік бағдар бір мақсаты бар;
- оқушыларды еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- оқушының икемділіктері мен қызығушылықтарын дамыту;
- оқушыларға жалпы және политехникалық білім негіздерін оқыту;
- оқушылардың өздерінің білімін көтеруге қызықтыру;
- жан-жақты дамыған оқушыларды тәрбиелеу;
- бітіруші түлектерге жоғарғы оқу орны мен жұмыс саласын таңдауға көмектесу [1].

Негізгі бөлім. Кәсіптік бағдардың негізі – оның ішінде өндіріс үрдісінің барлық ғылыми негізі жатқан, еңбек дағдысын меңгеруге жағдай жасалатын, қарапайым еңбек күралын пайдаланудың іскерлігін, оқушыларды өнімді еңбекке тарту, яғни политехникалық оқу болып табылады. Оқушыларды мамандықты саналы таңдауға дайындауда жалпы білім беретін пәндердің үлкен мәні бар. Жалпы пәндерді оқу үрдісінде негізгі тапсырманы бөліп қарастырған жөн; оқу пәндеріне және осы пәндерге жақын кәсіптерге тұрақты қызығуды дамыту және осы кәсіптерге сай икемділіктерді дамытып, ұйымдастыру, кәсіптік қызығуларды, икемділіктерді дамытып, ұйымдастыру кәсіптік қызығуларды, икемділіктерді, мүмкіндіктерді дамытуды кластан тыс және мектептен тыс жұмыстарда мүмкіндіктер жоғары. Айрықша кәсіптік бағдар мүмкіндіктері арнайы мектептерде белгілі бір пәнді тереңдетіп оқыту мектептерде, оқу-өндірістік комбинаттарда жасалған.

Мектептегі кәсіптік бағдардың жақсы өңделген бағдарламасы барлық оқыту және тәрбие беру жүйесінде кәсіптік бағдардың басты ұтымды сілтемесі болып табылады.

Кәсіптік бағдар бағдарламасы Республикаға, ауданға (қала), әр мектепке бесжылдық сайын және әрбір оқу жылына құрылады (жасалады).

Кәсіптік бағдардың бағдарламасы мазмұнының негізгі элементтерін қарастырамыз:

- тұлғаны тәрбиелеуді және дамытуды, оқып үйрену (негізінде кәсіптік қызығулары және икемділіктерінің тәрбиесі және дамуы, темперамент және мінезі);
- ауыл шаруашылығы және мәдениеті, түрлі кәсіптер қоғам жұмыстары туралы ақпараттар;

- консультация – жұмысқа сұранысы бар мамандарға ұсыныстар және көрсетулер;
- мектеп бітірген соң оқу және жұмыс нәтижелерін бақылау;
- бағдарламаның оперативті бөлімінде, қалай оқушы тәрбиелеу және дамыту, кәсіптік консультацияны және кәсіптік ақпаратты қалай ұйымдастыру, мектеп бітірген соң оқу және жұмыс нәтижелерін тіркеу және талдау жолдары дәлелденіп нақтыланды [2].

Оқушылардың мүмкіндіктері оқу және кәсіптік қызығулықтары әр-түрлі факторлардың әсер ету нәтижесінде құралады. Егер оның бәрі оң болса, онда шешуші фактор болып оқу және тәрбие беру деңгейі, мұғалімнің жеке қасиеті, оқу материалдық базасы.

Әрбір пән мұғалімі:

- нақты кәсіптік бағдарды іске асырады;
- сыныпта оқушылар арасында жолдастық қатынастарды реттейді;
- оқушылардың дүниетанымын, сенімін, моралдық, психологиялық сапасын, дамытады және реттейді;
- оқушыларды оқытады және кәсіптік бағдар сұрақтары консультация береді, оқушылардың белгілі бір еңбек саласына және оқу пәніне қызығуын тудырады және осы қызығуларды одан әрі дамыту үшін ұсыныстар береді;
- қандай да бір тақырыпты өту барысында мұғалім тақырыбына сай ауыл шаруашылығы және мәдениеті саласына және оған байланысты мамандықтарды сипаттайды, белгілі мамандардың жұмысымен жетістіктері туралы әңгіме етеді;
- пәндік, көркемдік және техникалық үйірмелерде, курстарда дарынды икемділіктері, жоғары оқушыларды сабаққа одан әрі тарта түседі;
- оқушыларды толғандырып жүрген сұрақтар, мәселелер бойынша жеке әңгіме өткізу және ұсыныстармен көмектесу;
- оқушыларға оқу орнын және мамандық таңдауға көмектесу [3].

Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде басты рөлді сынып жетекшісі атқарады. Ол бірнеше жыл оқушылармен тығыз байланысқан ата-аналармен қарым-қатнаста. Ол оқушылардың әр қайсысының мінезін ерекшеліктерін, икемділіктерін өте жақсы біледі. Бұл сынып жетекшісінің ата-аналармен бірге оқушыларға кәсіптік бағдар беруіне, мамандықты саналы таңдауында ролі жоғары екенін көрсетеді.

Сынып жетекшісі сыныпта кешенді кәсіптік бағдарды жүргізеді:

- барлық пән мұғалімдерінің жұмыстарын бағыттайды және ұйымдастырады;
- түрлі әдістермен тұлғаның ерекшеліктерін, икемділіктерін, кәсіптік қызығуларын оқып үйренеді;
- алынған ақпараттарды жүйелендіріп арнайы бланкалар толтырады;
- оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстыруды ұйымдастырады;
- олардың қызығушылықтарына байланысты түрлі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырады;
- кәсіптік консультацияға жетекшілік жасайды;
- әр оқушының жанұялық жағдайын біліп және ата-ананың олардың баласы таңдаған мамандығы бойынша пікірін біледі;
- педагогикалық кеңес кезінде мінездеме – ұсыныс талқылауды ұйымдастырады [4].

Оқушылардың өміріне кәсіптік бағдарды енгізу үшін оны мектепте белгілі бір ұйым немесе оны жүйелі басқару керек. Оқушыны мамандықты саналы таңдауға дайындауды тек директор немесе оның оқу-тәрбие жұмыстары орынбасары ғана емес арнайы кәсіптік бағдар кеңесі, пән мұғалімдері, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар мүшелері, мектеп дәрігері басқарады. Мектепте кәсіптік бағдар қызметін бүкіл педагогикалық ұжым және кәсіптік бағдар кеңесі жүргізеді. Кәсіптік бағдар кеңесі кәсіпті бағдардың барлық жоспарын тексеріп, бағалайды, оны бір жүйеге келтіреді, кәсіптік ақпаратты ұйымдастырады, кәсіптік консультацияны басқарады, мектеп төңірегінде сабақта мен түрлі шараларды өткізуді жоспарлайды және т.б. жұмыстарды жүргізеді.

Оқушылардың еңбек және кәсіптік оқу мазмұны – оқушылардың кәсіптік бағдарының басты құралы. Мектепте кәсіптік бағдар жұмысын жүргізуде пәндер арасында еңбек сабағының мүмкіндігі жоғары. Еңбекке оқыту сабағының теориялық бөлімін оқушыларды материалдық өндірістегі кәсіптермен, ауыл-шаруашылығының салаларымен таныстыруға қолдануға болады. Бірақта бұл жұмыс егер кәсіптік бағдар материалы сабақ тақырыбымен тығыз байланысты болса ғана тиімді, ал информация кәсіптік өсу мүмкіндіктері, еңбек шарттары кәсіптік адамға қоятын талаптары оның таралуы туралы мазмұнды қамтыса, яғни кәсіптік бағдар материалы еңбек сабағы барысында сабақтың теориялық және практикалық бөлімінде елеулі орын алады.

Кәсіптік бағдар мақсаты мазмұнының үлкен мүмкіндіктері Х-ХІ сынып кәсіптік оқыту бағдарламалары бар. Мысалы, қазіргі кезде програмист, жас юрист, кіші медбике, және т.б. мамандықтар бар. Кәсіптік оқуды және кәсіптік жеке қызығушылығымен таңдай отырып оқушы таңдауын өзінің болашақ кәсіптік іс-әрекетімен байланыстырады.

Мұндай жағдайда еңбектік және кәсіптік оқу мазмұны оқу бағдарламалары мазмұны мен сай келуі І - ХІ сынып оқушыларының кәсіптік бағдарының басты шарттары болып саналады. Кәсіптік оқу – оқушылардың еңбек дайындығының соңғы (шешуші) этапы (кезеңі). Ол оқушылардың білімі, іскерлігі және дағдысын, политехникалық көзқарасын кеңейтіп, жалпы кәсіптермен таныстырады. Бұл жерде негізгі сабақ кәсіптік оқуда, кәсіп бойынша өткізілетін сабақ. Ол алғашқыда мектеп шеберханаларында және кабинеттерінде кейін, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарда, базалық шаруашылықтардың оқу цехтарында жүргізіледі [5].

Кәсіптік оқу үрдісі нәтижесінде, оқушылардың кәсіптік бағдарын тереңдете түсу қажет:

1. Берілген кәсіп бойынша, еңбек мазмұны және сабақ материалы арасында органикалық байланыстың болуы. Мұғалім кәсіптік оқу сабағы – кәсіптік бағдардың сабағы емес екенін білуі керек.

2. Берілген бір ауданның белгілі бір кәсіпке қажеттілігі. Еңбек және кәсіптік оқу сабақтарында оқушыларға біріншіден базалық шаруашылық, аудан, облыс, республика өте қажет етіп тұрған мамандықтар (кәсіптер) бойынша мәлімет беру [6].

Мамандықты оқушы қызығып, қоғамның сұранысына сай және белгілі бір білім көлемін (мамадыққа сай) меңгерсе ғана біз оны саналы таңдау деп айта аламыз.

Көптеген жұмысшы мамандығы ішінен оқушыларға тек біреуін өзінің икемділіктері мен қызығушылығы барын таңдап алу керек.

Қорытынды. Еліміздің бүгінгі мен ертеңі қолында тізгіні бар жастардардың қолында. Олар қандай адамдар, олардың білім деңгейі, ақыл-парасаты, азаматтық қыры, халыққа сіңіріп жатқан еңбегі қай дәрежеде? Көп жағдайда адам өзінің рухани негізін отбасынан, балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орнынан алады. Бірақ мұның бәрі бастама, адам өзін-өзі өмір бойы тәрбиелейді, білімін тереңдетіп одан әрі дамытып отырады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы, 2007.
2. Жолмұқан Түрікпенұлы. Кәсіптік бағдар. – Алматы: Санат, 1995-145 бет.
3. Мектеп және мамандық таңдау. Алматы: Мектеп баспасы, 1973-207 бет
4. Захаров Н.М. Профессиональная ориентация школьников. – М.: Просвещение, 1988-272 с.
5. Климов Е.А. Как выбрать профессию. – М.: Просвещение, 1990-160-с.
6. Сейтешов А.П. Пути профессионального воспитания учащихся молодежи. – Алматы: Мектеп, 1988-

189 с.

СЕРВИС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ШАРШАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

*Нурдан Д., Закарьянова Ш.Н., Адирбекова Ж.С.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы Гуманитарлық-экономикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

Мақалада халыққа қызмет көрсету саласындағы жұмыс көп эмоциялық жүктемені, жауапкершілікті қажет ететін және жетістіктің айқындалмаған өлшемшарттарына ие кәсіптерге жататындығы қарастырылады.

В статье рассмотрено, что работа в сфере государственной службы относится к профессиям, требующим большой эмоциональной нагрузки, ответственности и имеющим неопределенные критерии успешности.

In the article, it is considered that work in the field of public service refers to professions that require a lot of emotional load, responsibility and have uncertain success criteria.

Кәсіби қызмет түрі ретінде кез келген жұмыс маманнан ерекше білімді, ептілік пен дағдыларды, сондай-ақ тұлғалық қасиеттерді қажет етеді, олар болмаса, іс жүзінде қызметті жүзеге асыру мүмкін емес. Маңызды қасиеттердің ішінде тұлғаның гуманистік бағыттанушылығы, жеке және әлеуметтік жауапкершілік, жақсылық пен әділеттіліктің өткір сезімі, өз қадір-қасиетінді бағалау сезімі және басқа адамның қадір-қасиетін құрметтеу, төзімділік, сыпайылық, әдептілік, эмпатия, басқаларды түсінуге және оларға көмектесуге дайын болу, эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі және әлеуметтік бейімделу бойынша тұлғалық барабарлық.

Қызметкердің кәсіби қызметі, атқарылатын жұмыс түріне қарамастан, жеке адамдардың, халық топтарының және жалпы қоғамның денсаулығы мен өмірі үшін моральдық жауапкершілігі жоғары кәсіптер тобына жатады. Қызметкер ерекше контингентпен күрделі әлеуметтік өзара іс-қимыл процесінде кезігетін тұрақты күйзеліс жағдайлары, жұмыстағы өзекті мәселелердің мәніне үнемі дендеп ену, оларды шешу, жеке қорғалмаушылық және басқа моральдық-психологиялық факторлар сервистік қызмет қызметкерлерінің денсаулығына теріс әсер етеді.

Халыққа қызмет көрсету саласындағы жұмыс көп эмоциялық жүктемені, жауапкершілікті қажет ететін және жетістіктің айқындалмаған өлшемшарттарына ие кәсіптерге жатады.

Бүгінде біздің еліміз белсенді даму үстінде. Жас мамандар белсенді еңбек етіп жүрген ондаған жаңа компаниялар ашылуда. Жаңа ұялы байланыс операторлары пайда болуда, кинотеатрлар, мейрамханалар, сауда-ойын-сауық кешендері және басқа да көптеген сервистік қызметтер ашылуда. Қоғамда адамдармен жұмыс туралы еске алғанда еңбектің оң аспектілеріне жіті назар аударылады. Сонымен бірге, дәл осы адамдармен жұмыс ол қоятын жоғары талаптарға, ерекше жауапкершілік пен эмоциялық жүктемелерге байланысты ауыр эмоциялық күйзелістер қаупін қамтуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Экономикалық тұрақсыздық, еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік, әртүрлі күйзелісті факторлар жағдайында әртүрлі қолайсыз психикалық жай-күйлер туындайды. Жұмыста жұмысқа қабілеттілік ахуалын қолдау үшін қызметкерлердің эмоциялық шаршауына (ЭШ) жол бермеу және оның алдын-алу маңыздылығы артады.

Сондықтан қазіргі уақытта ғылым және кәсіби қызмет саласы ретінде белсенді дамып келе жатқан психологияның алдында қазіргі заманғы қоғамды жалпы психологиялық сауықтыру, оңалту және түзету міндеті тұр. Аталған жұмыстағы маңызды бағыттардың бірі – қызмет көрсету және әртүрлі қызмет түрлерін ұсыну саласында жұмыс істейтін азаматтарды психологиялық оңалту.

Кәсіби қызметтің өзара әсеріне және маманның тұлғалық ерекшеліктеріне қатысты мәселелер бірнеше онжылдықтар бойы ғылымның әртүрлі салалары өкілдерінің, соның

ішінде Б.Г. Ананьев; Е. А. Климов; А. К. Маркова; А. И. Папкин, К. К. Платонов; А. М. Столяренко және басқа психологтардың назарын аударды [1].

Эмоциялық шаршау феномені шетелдік психологияда (М. Anderson, M. Burisch, R. Burke, M. Leiter, C. Maslach, A. Pines, W. Schaufeli және т. б.) және отандық психологияда (М. А. Аминов, Л. М. Карамушка, В. В. Бойко, Н. В. Гришина, А. К. Маркова, Л. М. Митина, Н. В. Назарук, В. Е. Орел, Т. В. Форманюк) кеңінен ұсынылған.

Бұл синдромның дамуы альтруистік кәсіптерге тән, онда адамдарға қамқорлық (әлеуметтік жұмыскерлер, дәрігерлер, медбикелер, мұғалімдер және т.б.) басым [2]. Эмоциялық шаршау жөніндегі алғашқы еңбектер 70-ші жылдары АҚШ-та пайда болды. Эмоциялық шаршау идеясының негізін қалаушылардың бірі – Х. Фреденбергер, баламалы медициналық көмек қызметінде жұмыс істеген американдық психиатр. Ол 1974 жылы өзі және әріптестері (сарқылу, уәждемені мен жауапкершілікті жоғалту) байқаған феноменді сипаттап, оны есте қалатын метафора – эмоциялық шаршау деп атады. Эмоциялық шаршау идеясының тағы бір негізін қалаушы - әлеуметтік психолог Кристина Маслач өзін-өзі теріс бағалаудың дамуын, жұмысқа теріс көзқарасты, клиенттерге немесе пациенттерге деген түсіністік пен тілектестікті жоғалтуды қоса алғанда, бұл ұғымды физикалық және эмоциялық сарқылу синдромы ретінде айқындады.

Бастапқы кезеңдерде эмоциялық шаршау туралы ұғымдардың дамуы онымен байланысты сипаттамалық белгілердің жинақталуы арқылы жүрді. Эмоциялық шаршауға арналған шолудың авторлары, Т. Кокс және А. Гриффитс, зерттеушілер эмоциялық шаршауға жатқызатын 150-ге жуық белгілерді санамалайды. Олардың ішінде аффективті белгілер: жабырқаңқылық, жылауықтық, көңіл-күйдің түсуі және тұрақсыздығы, эмоциялық ресурстардың сарқылуы, когнитивті белгілер - үмітсіздік пен сенімсіздік сезімі, ойлаудың ебедейсіздігі, арсыздық, әріптестермен және клиенттермен қарым-қатынаста бөлектенушілік, стереотипті ойлау. Мұның бәрі бас ауруы, жүрек айну, бас айналу, мазасыздық және ұйқысыздық сияқты күйзеліске тән денсаулық жағдайына шағымдармен қатар жүреді. Уәждемелік белгілерге ыждағат, құлшыныс, қызығушылық және идеализм сияқты адамға тән уәждердің жоғалуы; керісінше, көңілі қалу, қанағаттанбаушылықтың пайда болуы, мүмкін лауазымнан бас тарту жатады [3].

Тұжырымдамалық тұрғыдан 1976 жылы зерттеушілер К. Маслак және С. Джексон ұсынған эмоциялық шаршау моделі барынша жақсы әзірленді. Қазіргі уақытта психикалық шаршаудың мәні мен оның құрылымы туралы бірыңғай көзқарас бар. Заманауи деректерге сәйкес, «психикалық сарқылу» деп әлеуметтік сала кәсіптерінде көрініс табатын физикалық, эмоциялық және ақыл-ой сарқылуының күйі түсініледі. Бұл синдром эмоциялық сарқылу, деперсонализация (арсыздық) және кәсіби жетістіктердің редукциясы деген үш негізгі құрауышты қамтиды [4].

Эмоциялық сарқылу дегеніміз – өзіндік жұмыстан туындаған эмоциялық құлазушылық пен шаршау сезімі.

Деперсонализация еңбекке және өзіндік жұмыс объектілеріне деген шімірікпеушілік қатынасты болжайды. Атап айтқанда, әлеуметтік салада деперсонализация емделу, консультация, білім алу және басқа да әлеуметтік қызметтер үшін келетін клиенттерге сезімсіз, ізгіліксіз қарым-қатынасты білдіреді. Клиенттер тірі адамдар ретінде қабылданбайды, бірақ олардың шешу үшін кәсіби маманға келетін барлық қиындықтары мен бақытсыздықтары, оның пікірінше, олар үшін ізгілік болып есептеледі.

Кәсіби жетістіктердің редукциясы - жұмыскерлерде өздерінің кәсіби салаларында құзыретсіздік сезімінің пайда болуы, ондағы сәтсіздікті ұғынуы.

Осы үш құрауыштың жиынтығы ғана эмоциялық шаршау синдромының мазмұнын құрайтындығын атап өту қажет. Олардың ешқайсысы жеке-жеке синдром болып табылмайды. Зерттеулердегі дәл осы белгілер тұрақты өзара корреляцияланған және шаршаудың үш құрауышты моделі MBI (Maslach Burnout Inventory) термесауалдауышының негізін құрады.

Эмоциялық шаршаудың үш құрауышы бұл феномен алғаш анықталған кәсіби саланың ерекшелігін көрсетеді. Бұл әсіресе эмоциялық шаршаудың екінші құрауышына, атап айтқанда, адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету және оларға көмек көрсету саласының жай-күйін көрсететін деперсонализацияға қатысты. Соңғы жылдардағы зерттеулер бұл құрылымның заңдылығын растап қана қоймай, әлеуметтік салаға қатысы жоқ мамандықтарды қоса алғанда, оның таралу аясын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. Бұл «шаршау» ұғымын және оның құрылымын түрлендіруге әкеп соқты. Психикалық шаршау тек оның процесіндегі тұлғааралық өзара қарым-қатынастармен ғана емес, жалпы жұмыспен байланысты кәсіби дағдарыс ретінде түсініледі. Мұндай ұғым эмоциялық сарқылу; кәсіби тиімділік сияқты оның негізгі құрауыштарын біршама өзгертті. Осы тұрғыдан деперсонализация ұғымы мейлінше кеңірек мағынаға ие және тек клиенттерге ғана емес, сонымен бірге еңбекке және оның жалпы нысанасына теріс көзқарасты білдіреді.

Көбінесе, шетел әдебиетіндегі эмоциялық шаршау ұзақ мерзімді кәсіби күйзеліс салдары ретінде қарастырылады және көбінесе «күйзеліс» және «шаршау» терминдері синоним ретінде пайдаланылады [5]. Эмоциялық шаршау феноменіне жататын белгілерде күйзеліс белгілері маңызды орынды иеленеді. Дегенмен, күйзеліс эмоциялық сарқылу симптомының диспрессиясының тек 30%-ын және деперсонализация және кәсіби жетістіктердің редуциясы деген басқа екі симптом бойынша диспрессияның шамалы бөлігін ғана түсіндіреді. Осылайша, күйзеліс тек эмоциялық сарқылу симптомын түсіндіреді және қалған екі симптомды түсіндірмейді. Демек, күйзеліс жалпы эмоциялық шаршау синдромын түсіндірмейді деген тұжырымға келуге болады.

Эмоциялық шаршау проблемасын қоюдың басынан психологияда синдромның депрессиямен байланысы жөнінде дау толастамай тұр. Көріністердің ұқсастығына қарамастан, зерттеушілер депрессия адамның тіршілік әрекетінің барлық салаларында көрінетінін, ал эмоциялық шаршау өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде тек жұмысқа қатысты болатынын, ал өмірдің басқа салаларында адам жеткілікті дәрежеде бақытты болуы мүмкін екенін атап өтті. Кейінгі кезеңдерде эмоциялық шаршау өмірдің барлық салаларын қамтып отыр [6]. Бұл ретте, эмоциялық шаршау психикалық сау адамдарда пайда болатындығы баса айтылады. Масlach көзқарасы тұрғысынан, эмоциялық шаршау синдромы адамның өзінен гөрі жұмысын көбірек сипаттайды.

Отандық психологияда шаршау синдромы көп жағдайда еңбек психологиясының проблемасы болып табылады. Соңғы кездері Санкт-Петербург зерттеушілері осы тақырып бойынша көбірек кітап басылымдарын шығарды. «Шаршау синдромы: диагностика және алдын алу» атты кітап шаршау проблемасына шолу жасауға арналған. Бұл шолу көбінесе шетелдік психологиядағы шаршау туралы түсініктерге негізделетінін, бүкіл кітаптағы шаршау синдромы кәсіби күйзелістің синонимі ретінде қолданылатынын айта кету керек. Бірақ жоғарыда айтылғандай, бұл тәсіл орынсыз және шаршау синдромы күйзелістен өзгешеленетін шындықты білдіретін дербес ұғым болып табылады.

Барлық әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың ішінде жас шаршаумен неғұрлым тығыз байланысты, бұл көптеген зерттеулермен расталады. Жас пен шаршаудың теріс корреляциялық байланысының болуы анықталды. С. Maslach еңбектерінде, мысалы, психиатриялық клиникалардың орташа медициналық жұмыскерлерінің жұмыс басталғаннан соң 1.5 жылдан кейін «шаршайтыны», ал әлеуметтік жұмыскерлер бұл симптомды 2-4 жылдан кейін сезіне бастайтыны туралы баяндалған [7].

Кейбір зерттеулерде жас үлкендігінің осы синдромға сезімталдығы расталады. Атап айтқанда, әскери медициналық мекемелердің орташа қызметкерлеріне жүргізілген зерттеуде жастар ғана емес (19-25 жас), сонымен қатар үлкендер [40-50 жас) шаршауға неғұрлым сезімтал екендігі атап өтілді [29].

Жастардың эмоциялық шаршауға бейімділігі олардың күткенінен өзгеше болып шығатын ақиқат шындыққа тап болған кездегі бастап кешетін эмоциялық күйзелісімен түсіндіріледі. Сервистік компаниялардың қызметкерлері көбінесе өздерінің эмоциялық жай-күйін елемейді, бұл синдромның басталуына әкеледі. Мұның ауыр зардаптар әкелу

қауі бар, эмоциялық шаршау синдромы жұмыстан басқа өмірдің басқа аспектілеріне де ауысуы мүмкін. Бұл ауыр депрессияға ұласуы мүмкін.

Эмоциялық шаршаудың эмоциялық зиятпен тікелей байланысты екендігі анықталды. Эмоциялық зият деңгейі неғұрлым жоғары болса, эмоциялық шаршау соғұрлым аз болады. Сондықтан эмоциялық шаршауға арналған еңбекте эмоциялық шаршаудың ғана емес, сонымен бірге эмоциялық зияттың да мәні қарастырылады. Эмоциялық шаршау - бейімсіздену құбылысы, ол адамның өз қызметінің нысанасы мен өніміне деген қызығушылығын жоғалтуымен, ішкі құлазу сезімімен, әлеуметтік жағдайлардың кең мәнмәтінінде тұлғааралық өзара іс-қимылдың бұзылуымен сипатталады. Бұл құбылыс кәсіби маман өзінің тұлғалық ресурстарының шегінде көптеген ұйымдастырушылық күйзелістерді жеңе алмайтын жағдайларда пайда болады. Эмоциялық шаршау кәсіби маманның невроздық реакциялар мен психосоматикалық бұзылыстардың даму тәуекелін болжайды, бұл оны «психикалық норма» мен «психикалық патология» шекарасындағы және норманың соңғы нұсқасы болып табылатын феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Ковалевски С. Руководитель и подчинённый / Пер. с польского; Общ. ред. и предисл. М.Д.Гвишиани. - М.: Просвещение, 1973. - 200 с.
2. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте. // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования. - М.: Изд-во «ИП РАН», 2004. - С. 29–39.
3. Thorndike E. L. Intelligence and its use / E. L. Thorndike // Harper's Magazine. – 1920. – P. 227–235.
4. Толегенова А.А. Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта. - Алматы: Казахский национальный университет, 2019. – 115 с.
5. Куницына В. Н. Социальная компетентность и социальный интеллект: структура, функции, взаимоотношение / В. Н. Куницына // Теоретические и прикладные вопросы психологии / Под ред. А. А. Крылова. – СПб. : 1995. – С. 48-59.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Әліпбек А. З., Әбдібек Н. М., Абдімомын Ж.

*Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан*

Бұл мақалада оқу процесінде оқу мотивациясын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Кілттік сөздер: *мотивация, «Мен» сезімі, өзіне-өзі баға беру.*

В данной статье рассматриваются проблемы формирования учебной мотивации в учебно-воспитательном процессе.

Ключевые слова: *мотивация, чувство «я», самооценка.*

This article discusses the problems of formation of educational motivation in the educational process.

Keywords: *motivation, sense of self, self-esteem.*

Кіріспе. Оқу мотивтерінің даму мәселесі үнемі психолог-ғалымдарды қатты толғандырып келген жайт. Атап айтсақ, А.Н.Леонтьев, М.И.Божович, Н.Г.Морозова, Л.С.Славиналар өз еңбектерінде оқу мотивтерінің дамуы туралы зерттеді. Мектеп оқушылары үшін мотив жәй ғана оқу, бірінші, екінші сынып оқушылары үшін бағаның рөлі жоғарылайды. Алтыншы, жетінші, сыныптарда оқушылар үшін басты мотив – болашаққа дайындық болады.

Негізгі бөлім. Оқу мотивациясы ағарту ісінде: ұйымдастырушы, дамытушы, ынталандырушы, бағыттаушы қызмет атқарады.

М.Лорф, Г.Розенфельд мына пікірді ұсынады: яғни білімді игеру тек қана қабілетті ғана дамытып қоймай, сонымен бірге мотивацияның да өсуіне әкеліп соғады. Мұндағы ескертетін жайт: оқушы меңгеретін оқу материалы олар үшін маңызды, қажетті, ұғынымды деп табылуы керек.

А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтар зерттеген оқу-танымдық мотивтері оқушылардың өз оқу әрекеттеріндегі нәтижесіне бағдарлануды ғана емес, сонымен бірге осы нәтижеге жетудің әдіс-тәсілдерін меңгеруді де қарастырады. Оқу мотивтерін осылай түсінген жағдайда ғана, бұл мотивтердің іс-әрекетпен тығыз байланысты екенін, іс-әрекеттің заттық-операциялық сипатымен байланыстылығын ұғынуға мүмкіндік береді. Біздің мотивацияны зерттеу ісіміз – мотивацияның логикада эксперименттік ауысуын тек іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асады (П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, В.В.Репкин, А.К.Дусавицкий, Н.Ф.Талызина, А.К.Маркова, Л.К.Золотых, Г.С.Абрамова т.б.). Біздер оқу әрекеті мотивациясын дамытушы бағалау типтерінің өзгеру көмегі арқылы генезисін зерттейміз.

Жалпы бағалау дегеніміз – бүкіл бағалаудың түрлерін, яғни оқу үрдісінде практикалық, іске асатын бағалау деп түсінеміз. Олар: сөз арқылы бейнеленген мұғалім бағасы, мұғалім бағасының балл арқылы бейнеленуі – баға арқылы, оқушының өз жұмысына өзін-өзі бақылау, өзіне-өзі баға беру арқылы бағалауы т.б. Қазіргі кезде қалыптасқан дамыту бағалауын шешу мәселесінде басты идеяның мазмұны мынадай: білімді игерудің бірінші кезеңінде балмен сипатталатын мұғалім бағасын қолдану тиімді және сол уақытта белгілі бір шамада мұғалім басқаруымен оқушылардың өзін-өзі бақылауын, өзіне-өзі баға беруін қосу керек (Ш.А.Амонашвили, Л.В.Занков, В.В.Шаталов және т.б.).

Біздің зерттеуімізде бағалаудың оқу үрдісінде орындайтын 3 қызметі талданады. Оның негізгісі – дамытушылық қызметі.

Дамытушы-бағалау ісі – оқытуда қажетті психологиялық жағдайдың бірі болып табылады. Біздер оны басқа 2 қызметтен айрықша бөліп аламыз: диагностикалық бағалау – процесс немесе әрекеттің бастапқы, түпкі деңгейін анықтайды. Ал, қорытынды түрі – әрекеттің соңғы деңгейін анықтайды. Дамытушы бағалаудың қызметі – оқу үрдісі кезінде ауыспалы жағдайларды басқарып отырудан, мақсатқа, жету әрекетін қамтамасыз етуден, бұл әрекетке бақылау жасаудан және қажет кезінде оқу үрдісін өзгертуден тұрады [2].

Сол себепті, осы айрықша мәселелерді тірек ете отырып, біз келесі қорытындыға келеміз: оқу-танымдық мотивтерін оқу әрекеті барысында, негізінен оның жеке құрылымының бірі, бағалау арқылы дамытамыз.

Білім берудің жалпы міндеті – оқу-танымдық мотивтерін түрлі бағалау түрлері арқылы дамыту мүмкіндігін айрықша ғылыми ерекшелігі. Оқыту үрдісінде түрлі бағалау түрлері арқылы оқушылардың білімін дамытуда мынадай міндеттер қойылады:

1. Мектепте бағалау тәжірибесіне бақылау және талдау жүргізілу одан шыққан мәліметтер әдебиеттердегі теориялық және бағалау әдістерінің түрлерімен салыстырылуы міндетті.

2. Бағдарламада қалыптастырушы эксперимент ұйымдастыра отыру, ол үшін соған лайықты, қажетті оқу бағдарламаларын, оқу мотивациясы дейгейін анықтайтын әдіс-тәсілдерді қолдану.

3. Тәжірибелік жағдайларды немесе кезеңдерді ойластырып, онда мотивтердің жемістілігін, қажеттілігін анықтайтын түрлі бағалау түрлері көрініс табатындай болуы тиіс.

4. Соңғы мәселе: осы зерттеу негізінде практикалық нұсқаулар, жоғары, орта оқу орындарының мұғалімдері үшін оқу-танымдық мотивтерін қалыптастыру туралы әдіснамалық нұсқаулар дайындауымыз қажет.

